

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘӨЖ 378.02:37.016

Қолжазба құқығында

**МЫНБАЕВА АҚБИЛЕК ПАЗЫЛХАНОВНА**

**Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы  
қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)**

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор Р.Ә.Шаханова

Шетелдік ғылыми кеңесшісі Phd доктор,  
Доцент Бекир Булуч

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2016

## МАЗМҰНЫ

### НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР АНЫҚТАМАЛАР БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

#### КІРІСПЕ

<b>1</b>	<b>ФИЛОЛОГ-МАМАНДАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН МӘТІН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	<b>МӘДЕНИ-ТІЛДІК</b>	<b>15</b>
1.1	Қазіргі ғылыми-педагогикалық парадигмадағы құзыреттіліктің қалыптасуы	мәдени-тілдік	15
1.2	Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың тіл мен мәдениет бірлігі		24
1.3	Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың лингвистикалық негізі		41
	<b>Бірінші бөлім бойынша тұжырым</b>		<b>59</b>
<b>2</b>	<b>ФИЛОЛОГ-МАМАНДАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН МӘТІН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	<b>МӘДЕНИ-ТІЛДІК</b>	<b>61</b>
2.1	Филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың философиялық негіздері		61
2.2	Магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың психологиялық негіздері		73
2.3	Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы дамытудың дидактикалық алғышарттары мен моделі		85
	<b>Екінші бөлім бойынша тұжырым</b>		<b>105</b>
<b>3</b>	<b>МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН МӘТІН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСЫ</b>	<b>МӘДЕНИ-ТІЛДІК</b>	<b>107</b>
3.1	Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудағы талдаудың түрлері мен мазмұны		107
3.2	Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін дамытудың әдістері мен тәсілдері		134
3.3	Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың эксперименттік-тәжірибелік жұмыстардың нәтижесі		148
	<b>Үшінші бөлім бойынша тұжырым</b>		<b>167</b>
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>		<b>169</b>
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>		<b>172</b>

**ҚОСЫМША А**  
**ҚОСЫМША Ә**  
**ҚОСЫМША Б**  
**ҚОСЫМША В**

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2015.21.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). Астана. Ақорда.

2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 01.03.16 ж., ҚР Президентінің №205 Жарлығы

3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012 ж).

4 Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты магистратура негізгі ережелер/16.04.2014.

5 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2009.

6 ҚР орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2012, 23 тамыз, №1080.

7 «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2014.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Ассоциация** – әлемді тануда адам санасында алғаш пайда болатын менталді сигналдар, білім арудың бір тәсілі

**Әдіснама** – (грек. methodos — зерттеу жолы, теория және logos — ілім) — әдістер туралы ілім, әдістер теориясы, зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және жаңалықтарды бірізге келтіру тәсілдерінің жүйесі.

**Концепт** – ұлттық дүниетанымның терең мағыналы құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік.

**Концептуалды талдау** – мәтіндегі тірек сөздердің құрамын анықтау, базалық концептілерді табу және оған тән өрісті сипаттау.

**Құзырет** – адамның іс-әрекеті саласындағы білімі мен іскерлігі.

**Құзыреттілік** – маман құзырлық сапаларын сапалы қолдана алуы.

**Магистрант** (лат. magister - ұстаз, тәлімгер) – жоғары кәсіби білімінің екінші сатысы. Ол негізгі білім беру бағдарламаларын толық меңгермеген жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде білім алушы тұлға.

**Мәдени құзыреттілік** – жалпыадамзаттық мәдениет пен ұлттық ерекшеліктер негізінде қоғамдағы этномәдени құбылыстар мен әдет-ғұрыптарды, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдени негізін игеруге мүмкіндік беретін таным және іс-әрекет тәжірибесін меңгеру.

**Мәдени-тілдік құзыреттілік** – лингвистикалық құзыреттіліктің мәдени құзыреттілікке ауысуында тілдік таңбалардың мәдени код категорияларының интерпретациясын игеру.

**Мәдени код** – ақпараттың таңбалар арқылы берілу, өңдеу, сақтау мен ұғыну сияқты кодталған түріндегі белгілі бір ережелер жүйесі мен таңбалардың жиынтығы.

**Мәтін** – қатысымдық тұлғалардың ішіндегі мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйе.

**Мобильділік** – кәсіби технологиялар туралы жаңа білім, жаңашыл ақпаратты алу және үздіксіз өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайға жылдам бейімделу.

**Педагог** – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман.

**Тілдік тұлға** – сөз жұмсау ерекшелігі арқылы көрінетін әлеуметтік, психологиялық және этикалық компоненттердің жиынтығынан тұратын адам.

**Тілдік код** – сөздің лексика-семантикалық ерекшелігін көрсетеді, яғни сөздің сөздіктерде берілетін түсіндірмесімен сәйкес келеді. Оның лексикалық мағынасы болады.

**Филологиялық талдау** – тіл мен әдебиет бірлігінде көркем мәтінді кешенді талдау.

**Фрейм** – концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым қалпы.

**Сценарий** – белгілі бір қарапайым формада туындайтын эпизод фрагменттері.

**Скрипт** – фреймнің күрделі қалпы. Көзбен көрген, нақты тәжірибеден өткен оқиғалар арқылы бұрыннан келе жатқан стереотиптік ақпараттар арқылы немесе басқа адамдардың әрекеттерін мұқият есте сақтау арқылы жинақталған ақпараттардан құралады (Ә.Әлметова).

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

*ҚР* – Қазақстан Республикасы

*ЖОО* – Жоғары оқу орны

*ҚР МЖМББС* – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

*ҚР БҒСБК* – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті

*ҒЗЖ* – Ғылыми-зерттеу жұмысы

*МТҚ* – Мәдени-тілдік құзыреттілік

*МҒЗЖ* – Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы

*МӨЖ* – Магистранттардың өзіндік жұмысы

*МОӨЖ* – Магистранттардың оқытушылармен өзіндік жұмысы

*ЭТ* – Эксперимент тобы

*БТ* – Бақылау тобы

*ОҚМУ* – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

*АИУ* – Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет

## КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Қазіргі таңда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі одан әрі жалғастырылып, мәдени-тілдік құзыреттілігі қалыптасқан маманды даярлау бүгінгі заман талабына сай қажеттіліктен туындап отыр. Ал сол филолоғ-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру білім беру жүйесінің жаңа қырынан оқытумен үйлесетін бірі ғана емес, соның ішінде филолог-маманның шеберлігіне, жалпы мәдениетіне, тілдік тұлғасының қалыптасуына, таным деңгейіне үлкен мән беру – өзекті мәселе. Ал, магистранттардың бұл сапалы жағын мәдени мұраларымыз орын алған мәтін арқылы жүзеге асыру жоғары оқу орны педагогикасы ғылымындағы маңызды жағдай. Магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру мәселесі ұлттық мәдениетімізді дамытуға, мәдени мұраларымыздың мәнін түсіну, тарихты зерделей отырып, жан-жақты дамыған, рухани мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеуде мәнінің аясы кең. Мәдени-тілдік құзыреттілік адамның өмірге деген көзқарасы мен белсенділігін арттырады, оның кәсіби қызметі мен әр алуан әлеуметтік салаларды бағдарлайтын қабілетін анықтайды, сонымен бірге оның әлеуметтік санасы мен ішкі әлемін үйлесімділікке жетелейді. Алдына белгілі бір мақсат қоя білетін, сол мақсаттарға қол жеткізу жолдарын қарастыруға, ерікті шешім қабылдауға, олардың орындалуын өз жауапкершілігіне алуға қабілетті, жігерлі, беделді мамандарға қоғамда қажеттілік туындап отырған сәтте осындай көп қырлы сапаның маңыздылығы арта түсуде. Бүгінгі таңда «мәдени құзыретті» тұлғаға бірыңғай көзқарастардың жоқтығын ғылыми жұмыстарға талдау жасау барысы көрсетті. Мәдени-тілдік құзыреттіліктің ғылыми түрде белгілі құрылымы жоқ, әрі оны белгілеп беретін анықтамалар да бір жүйеге түспеген. Мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда магистранттардың тұлғалық өсуіне және барлық оқу үдерістерінің тиімді болуына оң әсері әбден мүмкін. Сол себепті магистранттардың тұлғалық өсуін айқындайтын әрі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде оқу үдерістерін өркендетуге ықпал жасай алатын мәдени-тілдік құзыреттілігін көп қырлы тұлғалық сапасында қалыптастырудың мәні биік.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев халыққа Жолдауында болашақ ұрпақ үшін заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, білімге қолжетімділікті кеңейту, білім сапасын арттырумен қатар, ғылым саласын дамыту үшін кәсіби мамандарды даярлауды, оларға рухани мәдени құндылықтарды сіңіруді міндет етіп қойды [1]. Осы міндеттерді жүзеге асыру талаптары бүгінгі білім беру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби-интеллектуалдық әлеуетін жетілдіріп, мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігін туғызды. Сонымен қатар, Мәңгілік ел мұратын бағдар еткен отандық білім беру саласында ұлттық құндылықтардың бірі ғана емес, бірегейі – ана тілімізді өркендету мақсатында жоғарыдан кейінгі білім беру деңгейінде болашақ филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Магистранттардың мәтінмен концептуалды жұмыс жасау дағдылары мен шеберліктерін игеруі, оның әдістемелік трансформация мен өзіндік тілдік туындыларды талдай алу қабілеттеріне ие болуы мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың басты әрі маңызды шарты болып саналады. Мәтіннің айрықша белгілері – оның бейнелілігі мен ұлттық және мәдени реалийлерінің бірге қамтылуы. Тілдің бірліктері мен көркем мәтін дискурсы магистранттардың шығармашылыққа негізделген мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың интеграциялық үдерісін ұйымдастыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, көркем мәтін меңгеріліп отырған тілде лексиканың, грамматикалық тәсілдердің көп болуымен де ерекшеленеді. Магистранттардың, әсіресе, кәсіби білім берудегі жұмыстарының құндылығы – қай стильдегі мәтін болса да тығыз байланыстылығында. Көркем мәтін – көркем әдеби тілдің материалдары негізінде тілдік дағдылардың дамуына септігін тигізеді.

Мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесін лингвомәдениеттану қырынан шетелдік ғалымдардан А.В. Карасик [2], О.В. Матровская [3], А.Г. Минченков [4], Ю.Ю. Саксонова [5], Г.Г. Слышкин [6], Н.В. Тимко [7], В.Н. Телия [8], В.И. Хайруллин [9], С.А. Н.А.Чес [10], Д.Е. Эртнер [11], отандық ғалымдар қатысымдық тұрғысынан Ф. Оразбаева [12], тілдің танымдық қырларын лингвокогнитологиялық, лингвомәдениеттанымдық аспектіде Р. Сыздықова [13], Ж. Манкеева [14], Н. Уәли [15], Г.Қосымова [16], Г. Смағұлова [17], Г. Сагидоллақызы [18], С. Жапақов [19], А. Әмірбекова [20], Ә. Әлметова [21] қарастырса, көркем мәтіндегі тіл мен мәдениеттің концептілік аспектісін Б. Тілеубердиев [22], А. Ислам [23], С. Жиренов [24]; мәтін арқылы тіл мәдениетін оқу үдерісіне енгізуде дидактикалық аспектіде Ж. Даулетбекова [25], Р. Шаханова [26], Ж. Балтабаева [27], Р. Рахметова [28], Ж. Абилхаирова [29], М. Мұқамбетқалиева [30] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты.

Ғылыми-зерттеу еңбектеріне жасалған талдаулар білім алушылардың бойында мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесіне ерекше ден қойып, жаңа бағытта зерделеудің көкейкестілігін айқындай түсті. Өйткені білім нәтижесі құзыреттілік түрінде бағалана бастаған жаңа уақыт талабы оның әрбір компонентін тың бағыттарда зерттеу керектігін көрсетеді. Тіл мен мәдениет бірлігіндегі бұл құзыреттілік бойынша талас тудырып жүрген мәселелердің бір ізге түсіріліп, теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты талдауды қажет ететіні көрінеді.

Мазмұнында тарихи-мәдени феномен суреттелетін көркем мәтін негізінде алынып отырған мәдени-тілдік құзыреттілік компоненттері коннотация, символ, концепт, концептінің ішкі құрылымдары жекелеген ғалымдардың еңбектерінде ғылыми түрде түсініктеме берілгенімен, оны оқыту үдерісінде қалыптастыру жайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. Осының салдарынан ЖОО-дан кейінгі білім беру үдерісі кезеңінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігінің ауқымдылығы мен оны арнайы зерттеп, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеудің арасындағы; көркем мәтіннің мәдени-тілдік сипатын оқыту

үдерісінде білім алушының мәдени-тілдік құзыреттіліктерін өзара бірлікте сабақтастырудың қажеттілігі мен оны оқыту үдерісінде жүзеге асырудың арасындағы; мәдени-тілдік бірліктердің теориялық жағынан тұжырымдалуы мен оның түпкі нәтиже ретінде қалыптасуы арасындағы қайшылықтар пайда болып отыр. Осы қайшылықтар «Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде)» атты зерттеу тақырыбының өзектілігіне дәлел бола алады.

**Зерттеу нысаны:** жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде білім алушылардың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін дамыту үдерісі.

**Зерттеу пәні:** мәтін арқылы магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі.

**Зерттеу жұмысының мақсаты:** тұлғаның кәсіби-интеллектуалдық, кәсіби-мәдени деңгейінің көрсеткіші саналатын мәдени-тілдік құзыреттілікті жетілдірудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін зерделеп, тілді оқыту үдерісінде оны қалыптастырудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттен өткізу.

**Зерттеудің міндеттері:**

- зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, мәтін арқылы филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындау;

- мәтін арқылы магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін интерактивті әдістер мен инновациялық технологиялар негізінде қалыптастырудың әдістемесін жасау;

- филолог-мамандардың мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- ұсынылған оқыту әдістемесін тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** *Егер* жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық аспектілері айқындалып, қоғам мен ғылым интеграциясы негізінде магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктеріне мән берілсе, оқу-тәрбие процесіндегі шарттары айқындалса және әдістері жүйеленсе, *онда* филологиялық мамандықтар магистранттарының ұлттық сана-сезімі жоғары, адамгершілік мінез-құлық қасиеттерін бойына жинаған, тілдік мәдени құзыреті қалыптасқан тілдік тұлғаны дамыту мүмкіндігі арта түсер еді. *Өйткені* білім алушылардың тілдік тұлғасын теориялық біліммен сабақтастырылған ұлттық құндылықтарды суреттейтін көркем мәтіндер арқылы қалыптастырудың өмірлік маңызы ерекше, ол ғылыми-педагогикалық, ақпараттық-интеллектуалдық, ұйымдастырушылық іс-әрекеттерді өзара бірлікте жүзеге асыруға жол ашады.

**Зерттеудің жетекші идеясы** мәтін арқылы магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру – кәсіби-интеллектуалды маман даярлаудың аса маңызды бөлігі, сондықтан оны жоғары оқу орнынан кейінгі

білім беру жүйесінде мақсатты түрде жүзеге асыру жаңа тұрпатты маманның кәсіби-тілдік тұлғасын дайындауға бағыттайды.

**Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері** ретінде Философия, психология және педагогика ғылымдарының жеке адамды дамыту туралы ілімдері, ұлттық дәстүрлердің философиялық және психологиялық теориясы, оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды пайдаланудың жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі туралы психологиялық-педагогикалық тұжырым, этнопедагогиканың теориялық қағидалары, ұлттық тәлім-тәрбие, теория мен тәжірибе арасындағы байланыстар басшылыққа алынды.

**Зерттеу әдістері:** Зерттеу проблемасы бойынша лингвистикалық, философиялық, психологиялық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, озат педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтау, эксперимент жүргізу, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін бақылау, магистранттармен әңгіме жүргізу, сауалнамалық тест алу, эксперимент нәтижелерін өңдеу және қорытындылау.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:**

- жоғарыдан кейінгі білім беру үдерісінде магистранттың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері анықталып, мәдени-тілдік құзыреттілік компоненттері айқындалды;

- филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың дүниетанымдық, тұлғалық-әлеуеттік аспектілері нақтыланды;

- мәтін арқылы филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың моделі жасалды;

- филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда мәтіндерді пайдалану мүмкіндіктері мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде қолданудың тиімді әдістемесі ұсынылды;

- ұсынылған әдістеменің тиімділігі эксперимент арқылы дәйектелді.

**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы:** Диссертацияның басты тұжырымдары қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану, этнолингвистика, семантика, стилистика, тіл мәдениеті салаларын ғылыми тұрғыдан толықтырады. Зерттеу материалдары мен теориялық қорытындылары тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеудің өзара қарым-қатынасын терең түсінуге, мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың ЖОО-дан кейінгі білім беру үдерісінде жоғары дәрежеде үлес қосады.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:** Зерттеу жұмысының нәтижелерінің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында дәлелденді. Жоғары оқу орындарында магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі жасалып, практикаға енгізілді. «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» атты қосымша оқу пәнінің бағдарламасы жасалды. Зерттеу нәтижелерін болашақ мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде, сондай-ақ мамандардың біліктілігін жетілдіру институттарында қолдануға болады.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі:** Зерттеу жұмысының нәтижелері әдіснамалық тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу әдістерінің тиімділігімен, зерттеу еңбектеріне талдау жасалуымен, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетіндегі магистратураның «6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6M020500 – Филология» мамандықтарына «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» қосымша оқу пәнінің оқу үдерісіне енгізілуімен қамтамасыз етілді.

**Зерттеу жұмысының кезеңдері:** Зерттеу үш кезеңде жүзеге асырылды:

**Бірінші кезең (2013-2014 жылдар).** Эмприкалық материалдар жинақталды, бастапқы бақылаулар жүргізілді, 6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 6M020500 – «Филология» мамандықтары бойынша білім алып жатқан магистранттарды оқытудың тәжірибелері қарастырылды, сондай-ақ, зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалды. Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың оқу-әдістемелік жүйесі мен білім беру технологиялары сараланды.

**Екінші кезең (2014-2015 жылдар).** Педагогикалық эксперименттің анықтаушы кезеңінде магистранттардың көркем мәтінді филологиялық талдау барысында лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудың жайы талданды, оны жетілдірудің жолдары нақтыланды. Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты мен жүйесі анықталды, мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік болжамы жасалды. ЖОО-дан кейінгі білім беру үдерісінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған оқыту эксперименті материалдары сынақтан өткізілді. Тәжірибелік-эксперименталды кезеңде жұмыстың мазмұнына, тәсілдер мен формаларды таңдау ісіне, магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру технологиясын жүзеге асырудың құралдарына бірқатар түзетулер енгізілді.

**Үшінші кезең (2015-2016 жылдар).** Зерттеудің болжамына сәйкес білім алушылардың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған әдістеме бойынша эксперимент жұмыстарының нәтижелері талданды. Бұл кезеңде ұсынылып отырған зерттеу болжамы, құрастырылған технологияның тиімділігі эксперимент арқылы тексерілді, зерттеу барысында алынған нәтиже-қорытындылар жүйеленді. Осы кезең аралығында зерттеу тұжырымдары мен қорытындылары тұжырымдалып, диссертация түрінде рәсімделді.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

- мәдени-тілдік құзыреттілік – тілдік тұлғалардың тіл арқылы көрінетін бүкіл мәдени құндылықтар жүйесін білуі, ұлт тілінде қалыптасқан мәдениет туралы білім жүйесін иеленуі және осы білімді практикалық әрекет барысында тиімді қолданумен байланысты арнайы дағдылардың біртұтас жиынтығы. Оның құрауыштары ретінде мәтіндегі тірек бейнелерді анықтау қабілеті; сөздің коннотативті мағынасын анықтау қабілеті; мәтіннен мәдени-тілдік бірлікті анықтау дағдысы; ұлттық-маркерленген бірлікті ақиқаттың белгілі бір үзіндісінің толыққанды бейнесіне қатысты қалыптастыру үшін бос орын

құрылымын толтыру дағдылары саналады;

- филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін тілдік тұлға – мәтін – ұлттық тілдік тұлға үштігінде қалыптастыру, тіл мен мәдениетті өзара бірлікте зерделеу, оқыту үдерісінің ғылыми-практикалық құндылығын арттырады. Көркем мәтіндерді интегративті зерттеу мен талдау болашақ оқытушы-филологтың кәсіби дайындығының сапасын қамтамасыз етудің басты шарты болып саналады;

- жоғарыдан кейінгі білім беру жүйесінде магистранттың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі білім жүйесіндегі отандық озық тәжірибелер мен әлемдік жана бағыттардың бірлігін жүзеге асырудың аса маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Себебі заманауи білім беру үдерісінің ең басты міндеті – білім алушының ойлау, сөйлеу, еңбек мәдениетін, өзіндік қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін көтеруге, дамытуға, жетілдіруге мүмкіндік беру. Сондықтан білім беру нәтижелерін жаңа аспектіде қарастыру кәсіби-интеллектуалдық деңгейі жоғары мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін жетілдірудің кепілі болып табылады;

- болашақ филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру ғылыми-әдіснамалық қағидаларға сай жүргізілген жағдайда теориялық білім мен мәдени-тілдік дағдыларды өзара бірлікте жүзеге асыру мүмкіндіктері артады. Білім мен практикалық білікті ұштастыра отырып, тұлға бойына сіңіруде білім мазмұнын сабақтастық, жүйелілік, білім беруді гуманизациялау ұстанымдары негізінде тұлғаның тілдің бейнелі-ассоциативтік қызметін білу; тұлғаның эмоциясын тудырып, бағалауға түрткі болатын мәдени маңызды тілдік бірліктердің қажетті жинағын білу (фрейм, ойсурет, сценарий); синхронды және диахронды сипаттағы мәдени қондырғылар жүйесін білу білім беру жүйесінің концептуалды негізін құрайды;

- магистранттың мәдени-тілдік құзыреттілігін дамытуға бағытталған білім мазмұнын меңгерту оқытудың озық әдістерін инновациялық технологиялар тұрғысынан ұштауды қажет етеді. Ол үшін білім алушылардың кәсіби-интеллектуалды әлеуетін арттыруға, филолог-маманның мәдени-коммуникативті қабілеттерін дамытуға, аксиологиялық аспектіде шыңдауға ықпал ететін интерактивті әдістерді кеңінен қолдану шарт;

- ұлттық менталды характерлер жиынтығы болып табылатын көркем мәтіннің тілдік репрезентациясы әр алуан мәдени-тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады және концептілердің көркем мәтіндегі тілдік көріністері тілдік деңгейлерде байқалады. Бұл филолог-маманның тезаурустық қорын дамытуға, мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Зерттеу жұмысының апробациясы:** Зерттеу жұмысының мазмұнын құрайтын негізгі тұжырымдар мен нәтижелер 17 еңбекте жарияланды. Зерттеу барысында Scopus нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымдарда «Methods of forming lingua-cultural competence in postgraduate education system» («Mediterranean Journal of Social Sciences» (Италия), «Fundamentals of Cognitive Metaphor» (Asian Social Science), Innovative Methods in Education (Biosciences Biotechnology Research Asia (Индия), «Профессор

Қ.Қ.Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда, «Профессор Ә. Құрышжанұлы және түркі дүниесі. Тіл. Тарих. Руханият» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция, «Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция, «ҚР тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған ХІХ Аханов оқулары «Тіл-құрал – қуатты күш» халықаралық ғылыми-теориялық конференция, «Prospects of world science-2014 of XI international research and practice conference (Украина)» халықаралық конференция материалдарында және ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда жарияланды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны.** Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және 4 қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері, нысаны, пәні, болжамы, ғылыми жаңалығы, зерттеу кезеңдері, зерттеу базасы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар қамтылған.

**«Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері»** атты бірінші тарауда қазіргі ғылыми-педагогикалық парадигмадағы мәдени-тілдік құзыреттілік мәселесі, филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың тіл мен мәдениет бірлігі, лингвистикалық аспектісі қарастырылған.

**«Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың әдіснамалық жүйелері»** атты тарауда зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалынды. Осы талдау нәтижесінде жасалған тұжырымдамалар мен ұстанымдар негізінде ЖОО-дан кейінгі білім беру үдерісінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздемесі айқындалды.

**«Магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың эксперименттік-тәжірибе жұмысы»** атты тарауда филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыруда талдау түрлері мен білім беру мазмұны, әдістері мен тәсілдері жүйеленіп, олардың тиімділігі эксперименттік-тәжірибелік жұмыстардың қорытындылары арқылы дәлелденді.

**Қорытындыда** зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде тұжырымдар мен ұсыныстар берілген.

# 1 ФИЛОЛОГ-МАМАНДАРДЫҢ МӘДЕНИ-ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН МӘТІН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Қазіргі ғылыми-педагогикалық парадигмадағы мәдени-тілдік құзыреттіліктің қалыптасуы

XXI ғасырда Қазақстан Республикасының әлемдік өркениет пен галамдану үдерісіне ену болашақ педагог мамандарды сапалы дайындау ісімен де тығыз байланысты екенін қоғамдық-әлеуметтік өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қоғамдағы адам факторына басымдылық берілуі білім саласын жетілдірудің түпнегізі болып отыр. Тілді жетік білу мен дұрыс қолдану арқылы адам өз болмысын, ой-санасын, атқарар іс-әрекетін, пікір-көзқарасын білдіреді. Тілді жақсы игеру үшін оның ережелері мен заңдылықтарын, оны меңгерудің амал-тәсілдерін білу керек. Тілді меңгеру білім мен тәжірибені, қабілет пен дағдыны қажет етеді. Мұндай білім мен тәжірибе оқу орындарында жүргізілетін дәрістер мен пәндер арқылы іс жүзіне асырылып, оқу жүйесінің сапасын арттырады, болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін қалыптастырады [31, 12].

Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдаған «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді стратегиясындағы «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек», -деген пікірі ұлттық құндылықтарымызды жоғары бағалап, оларды қазіргі бірінші беру үдерісімен сабақтастырып, филолог-мамандарды дайындауда үнемі қолданып отыру керектігін алға тартты.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде кәсіби білім берудің негізгі мақсаттарының бірі – магистранттардың жоғары оқу орнында оқуы кезеңінде болашақ кәсіби қызметінің толықтай құрылымын қалыптастыру [32]. Бұл – маманның тұлғасын қалыптастыруда мақсатқа жету үшін әрекеттің бір түрінен: танымнан, талаптары мен мотивтері, мақсаты, құралы, пәні және нәтижесі өзгерген екінші түріне, яғни кәсібилікке көшуді қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастыру. Бүгінгі күні маманды кәсіби дайындау үдерісінде оқудың теориялық әрекеті мен кәсіби қызметінің арасында қайшылықты болдырмаудың негізгі бағыттарының бірі. Болашақ кәсіби мамандардың (қазақ тілі мен әдебиеті оқытушыларының) мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттіліктерін оқытудың белсенді әдістеріне жататын технологияларды қолдану арқылы қалыптастырудың маңызы ерекше.

Қазіргі зерттеулерде құзыреттіліктің бағыттары төмендегідей болып анықталды: кәсіби дайындықтың әдіснамалық бағыттылығы; психологиялық-педагогикалық дайындықтың бағыттылығы; кәсіби бағыттылығы; әдістемелік дайындықтың ғылыми-теориялық және практикалық бағыттылығы; мамандарды дайындауда тұлғалық-әрекеттік тұғырды жүзеге асыру; болашақ мамандарды қазіргі педагогикалық және ақпараттық технологиямен сауат аштыру.

Осы бағыттардың негізінде педагогтың іс-әрекеті жаңа қырларынан ашыла отырып, кәсіби педагогикалық сапалары мен қызметтері түбегейлі түрде жаңарады.

Ш. Таубаева өз зерттеулерінде «парадигма» түсінігінің философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыда саралануын зерделейді. Ғалым саралауының айрықша тұсы – «Мәдениет – білім - тарих» атты ұштағанды микропарадигма тұрғысынан қарастыруы және осы аралықта білім берудің жаңа парадигмасының негізгі бағыттары айқындалатынын көрсетуі [33]. Қазіргі ғылыми бірлестікте Т.Кунның парадигма ұғымына орай өзгеріске түскен. Парадигма себептерінің бірі – тарихи-ғылыми және әдіснамалық, аксиологиялық тәсілдердің қиысуынан айқындалады. Л.А.Микешина парадигма ұғымын былай түсіндіреді: «Парадигма бүгінгі таңда білімнің басты «көрсеткіштері» – философиялық-дүниетанымдық және құндылықтық, эпистемологиялық-әдіснамалық – белгілі бір тұтастығы мен нақты үйлесуінің белгісі ретінде кеңінен қолданылуда» [34, 121]. Сонымен бірге парадигма ұғымы теориялық білімді әдістеме ережелері негізінде ғылымның белгілі бір даму кезеңінде жаңа ұғымға ие болуы. Парадигма (гр. үлгі деген сөз) – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория; теориялық көз-қарастардың, әдістемелік ұстанымдардың, әдістемелік қабылдаудың және эмпиризмдік нәтижелердің бірігу жүйесі; ғылымның белгілі бір даму кезеңінде ғылыми қауымдастықпен қабылданған және болжамдарды ғылыми ұғыну үшін, ғылыми таным процесінде туатын міндеттерді шешу үшін үлгі, модель, стандарт ретінде пайдаланылатын теориялық және әдістемелік ережелер жиыны [35].

Дәстүрлі педагогикалық білім мазмұны негізінен танымдық сипатта беріліп келді. Оның дидактикалық-әдістемелік бөлігін құрайтын жаттығулар танымдық материалды меңгеруге қызмет ететін мақсатта құрылады. Қазіргі таңда ХХІ ғасыр педагогикасының философиясы басқаша парадигманы керек етуде. Бұл жерде тек білім емес, білім беру үдерісі жеке тұлғаға бағытталып, мынадай міндеттерді түзеді: интеллектуалдық-танымдық, психологиялық, философиялық, коммуникативтілік, әлеуметтенуге бейімділік, адамгершілік, тіл, сөз, мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту [35].

Тіл мен мәдениетті қалыптастыратын да, дамытатын да адамзат болғандықтан, оның маңызы жоғары. Заманауи ақпараттық-компьютерлік даму жағдайында техниканы игеруде гуманитарлық, оның ішінде тіл мен мәдениет мәселесі тұр. Ежелгі бір ойшылдың мына сөзі ойымызға оралады: «Өзіңді танысаң, әлемді танысың». Тіл мен мәдениетті тану – адам феноменін меңгеру деген сөз.

Қазіргі тіл білімі зерттеудің антропоцентристік парадигмасы тілді сол тіл қызмет ететін ортамен, тіл иесі – халықтың сан ғасырлық тарихымен, таным әлемімен, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан өмірлік тәжірибесімен, рухани болмыс-бітімімен, салт-дәстүр, тарихи-мәдени байланыстыра қарастыруды көздейтін тіл біліміндегі ауқымы кең зертеулерге жол ашып, нақты ғылыми жетістіктерге қол жеткізді. Соның нәтижесінде тіл мен халық, тіл мен мәдениет,

тіл мен таным арасындағы тығыз байланыс, өзара сабақтастық мәселесін жан-жақты зерттеуді мақсат ететін интеграциялық үрдістегі этнолингвистика, лингвомәдениеттану, этнопсихоллингвистика, когнитивтік лингвистика сияқты жаңа ғылыми бағыттар қалыптасып, қарқынды алға баса түсті.

Лингвист ғалымдар белгілі бір халық өкілдерінің мәдениеті мен тілінің тұтастығына мән бере отырып, «тіл мен мәдениетті қолданушылар» ұлттың мұндай маңызды көрсеткіштерін біріктіреді деп тұжырым жасайды. Тілді ата-бабамыздың мұра болып қалған мәдениеттің өнімі, мәдениеттің бөлігі, мәдениеттің шарты ретінде қарастырып келдік. Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, рухымыздың шынайы көрінісі, мәдениеттің бетпердесі, ол ұлттық ділдің өзіне тән ерекшеліктерін сол табиғи қалпында көрсетеді.

Тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы көбіне метафоралармен сипатталады: «тіл – мәдениеттің негізі, құрылыс материалы» (В.Н. Топоров), «мәдениет құралы, рухтың қуаты» (В. фон Гумбольдт) [36], «мәдениет феномені, мәдениеттің көрінісі» (В.А. Маслова) [37], даму факторы, тіршілік ету көзі (К.Леви-Стросс) [38], «мәдениетке басшылық» (Э. Сепир) [39]. Тілге мәдениет арқылы, мәдениетке тіл арқылы анықтама берген кезде олардың бір-біріне деген тәуелділігін байқауға болады. Екеуі ажырамас құбылыс. Тіл мен мәдениет генетикалық, материалдық және функциясы жағынан бірбүтін болып келеді.

Филология ғылымы философиядан бастау алып, сан салаға жіктеле дамып, адамзат мәдениетін зерттеуге үлес қосуда. Қазақ тіл білімі де бір кезде үнді, қытай, араб, грек грамматикаларынан бастау алып, кейін батыстық үлгіде қалыптасқан дәстүрлі грамматика ізімен жүріп келді.

Тіл мен жазу кез келген халықтың рухани мәдениетін айқындайтын құбылыс. Өркениет пен мәдениеттің негізі болған тілдің адамзат тарихындағы маңызы шектеусіз. Сондықтан да қазақтың ұлттық рухани мәдениетінің байлығын, өзіндік ерекшелігін тану үшін, мыңдаған ғасырлардан жеткен қазақ тілінің тарихына тереңдеуіміз де сол. Ғасырлар бойы құдыретті сый ретінде танылып келген тілдің адам санасының туындысы екенін қазір тіл ғылымы анықтап отыр. Тіл – адамның салыстыру, ұқсату, абстрактілі ой тую қабілеті негізінде қалыптасатын күрделі құбылыс болғандықтан, тіл бірліктерінің семантикасын зерттеуде дәстүрлі лингвистикалық тәсілдермен қатар, логикалық және семантикалық тәсілдер қолданылады. Зерттеу парадигмасы лингвистикалық, тарихи, мәдени, философиялық, семантикалық, грамматологиялық негізінде анықталған жағдайда ғана әр ұлт тілінің сыры мен қыры жан-жақты танылмақ.

Осы мәселенің алдын алу, яғни қай кезде де болмасын ұлттық мәдени мұраларымызды тұлға бойына сіңіру ешқашан кеш емес. Ұзақ мерзімді жолдауда және жалпыға бірдей білім беру стандартында көрсетілгендей, қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті, мәдени-танымды ұрпақ тәрбиелеу – оқытудың жаңа бағытталған әдістерін керек етеді. Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесіндегі тың өзгерістер мен жағдайлар жоғары кәсіби білікті маман дайындау жолындағы еңбектер деп білеміз.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандартында педагогикалық және гуманитарлық саласын аяқтаған маманның құзыретіне мынадай талаптар қойылған: әртүрлі пәннің аясында алған білімді интегралдауды жаңа белгісіз жағдайда зерттеу мәселесін шешу үшін қолдануды; кәсіби қарым-қатынас және мәдени байланысты орната білуі [40, 17] және осыған қоғамның мәдени және ғылыми құндылықтарын сақтай білуі тиіс дегенді қосар едік.

Ғылым мен мәдениет аумағын дамыту үшін ұлттық құндылықтарды сақтай білетін мәдени-тілдік құзыретті маманды даярлауды қажетсінеді. Осыған байланысты бүгінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр.

Мәдени-тілдік құзыреттілік өз алдына жеке құрылым бола ала ма әлде тіл мәдениетінің ажырамас бөлігі ме? Тіл мәдениеті жөнінде ғылыми-әдістемелік тұжырымдарды осы уақытқа дейін отандық зерттеушілеріміз А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Балақаев, К.Аханов, Т.Қордабаев, Ы.Маманов, Қ.Жұбанов, А.Ысқақов, Ә.Болғанбаев, С.Исаев, Р.Сыздықова, Н.Уәлиев, Р.Әміров, А.Жапбаров, т.б. ғалымдардың еңбектерінде анықтап «тіл» ұғымының сан қырлы жағына тоқталады. Тіл табиғатының қыр-сырына терең жан-жақты үңілу – ғалым А.Байтұрсынұлынан бастау алып, Қ.Жұбанов зерттеулерімен өз жалғасын тапқан [41, 141-142]. М.Балақаев мәдени тілдікке қатысты өз ойын былайша көрсетеді: «...тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» [42, 17]. Н.Уәлиев өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», – деп анықтама береді [43, 15]. Ал, тілші-ғалым Р.Сыздықова: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс киюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингво-стилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру» [13, 24-25], – дейді. «Тіл мәдениеті» негізінен «Сөз мәдениеті» «сөзді орынды қолдану, сөздің нормалануы, мәдениетті сөйлей алуы, сөз әдебі, сөз байлығы» деген ұғымдарды қамтитыны белгілі. Өйткені тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін объектісі — сөз болса, яғни сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, сол арқылы ойдың айқын, әсерлі жетуі, екі ұштылықтың күңгірттіктің болмауы. Кейбір мамандар тіл мәдениетін үлкен екі салаға: ауызша сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениеті деп бөліп қарайды. Осы салалардан мәдени-тілдік құзыреттілік бастау алғанмен, әр қалыптасушы тұлғаның тілдік қабаттарының даму деңгейіне қарай мәдени-тілдік құзыреттілігі қалыптасады.

Қазіргі антропоөзектілік бағытын бұрынғы гуманитаризация стратегиясында қарастырамыз. Осы орайда әдістемеші-ғалым Ж.Дәулетбекованың: «Қазіргі гуманитарлық ғылымдар жүйесінде

антропоцентристік парадигманың кең өрістенуіне орай тіл оқшау құбылыс емес, ең алдымен, субъективтік мәнге ие құрылым екендігі негізделген» [25, 69],-деген пікірі ойымызды нақтылай түседі. Тілдің антропоэктілік идеясы ежелден бар, бірақ жаңа парадигма зерттеудің нысаны, әдіс-тәсілдері, пәнді жаңа қырынан тану, негізді бірліктерін айқындау, ұстанымдарын жіктеу, ережелерін белгілеу, моделін жасау уақыт өзгерісіне қарай енді жүзеге асып келеді. Осы уақытқа дейін зерттеушілер тіл – мәдениет деп қарастырса, қазір тіл – тілдік тұлға – тарих – мәдениет айналасында жаңа қырынан тануда. Тілдік тұлға бар жерде қызмет атқарса, тарих, мәдениет те тілдік тұлға айналасында қалыптасады. Дәстүрлі парадигмада тіл мәдениетінің тірек сөзі тілдік норма болса, дәстүрлі емес парадигмада тілдік тұлға тірек сөзге айналады. Ал тілдік тұлға дегеніміз – мәтіндерді жасайтын, сол мәтіндерді қабылдау қабілетіне ие, мәдени кодтарды шеше алатын тұлға. Оның қабілеті мен біліктілігі құрылымдық-вербалды деңгейімен және нақты мақсатқа жете алуымен сипатталады. Оның бастапқы деңгейі жас ерекшелігіне, танымына, білім деңгейіне байланысты болса, екінші тезаурустық қорына қарай аялық біліміне байланысты.

Білім берудің жаңа парадигмасы жалаң білімділіктен құзырлылық үлгісіне құрылады. Бұл «Тіл мәдениеті» деген үлкен ғылыми саланың жаңа қырынан қаралатын маманның мәдени-тілдік құзыреттілігі – ұлттық мәдениетті игеруі, тілдік қатынаста пайдаланылатын ақпаратты өзі табуы мен қолдануы, тілдің әлеуметтілігіне қатыстыруын, өмірдің барлық саласында пайдалы өнімге айналдыруы. Қазіргі кезде тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасының мәңгілік проблемасы болып табылатын «қайта өрлеу» туралы үлкен мәселе тудыруда. Осы қайта өрлеу дәуірінде мәдени-тілдік құзыреттіліктің екінші шет тілін тануда лингвомәдениеттану аясында қарастырылып жүргені белгілі. Осы тіл білімінің лингвомәдениеттану бағыты өз құндылықтарын игеру мен тануда да үлкен мәнге ие ғылыми бағыт. Бұл бағыттың пайда болуы – жаңа мәдени-тілдік парадигманың пайда болуына алып келді.

Қазіргі ғылыми және әдістемелік еңбектерде бірнеше термин бір ғана феноменді қарастырады деп көрсетеді. Олар: мәдени, мәдениеттанымдық, лингвомәдениеттану, мәдени-тілдік құзыреттілік. Бірақ біздің көзқарасымыз бойынша, бұл терминдер әртүрлі құбылыстармен байланысты болып келеді, яғни әр терминнің атқаратын қызметі мен анықтайтын мәселесі өзінше жіктеледі.

Мәдени құзыреттілікте мәдениеттің вербалды емес мәтіндері қарастырылады: көркем сурет, мүсін өнері, архитектура өнерінің белгілерін анықтауды, сол дәуір идеологиясының арасындағы арақатынасын бөлуді игеру. Ал мәдени-тілдік құзыреттілікте мәдениет пен тілдің тығыз байланысты екені ескеріліп, сонымен қатар метатілді қолдана отырып, мәдени аясына сүйенеді. Сонымен мәдени-тілдік құзыреттіліктің құрылымын қалай көрсетуге болады? Оның құрылымында кемінде екі компонент көрсетеміз: 1) сөйлеу әрекетіндегі әлеуметтік-мәдени стереотиптерді қолдану, мәдени-тілдік түсінігінің болуы; 2) ұлттық таңбаланған тілдік бірліктерді дұрыс қолдану, ұлттық-мәдени

компоненттер мағынасы мен тілдік бірліктерді сөйлеу әрекетінде қолдану біліктілігі.

Жаңа парадигмадағы білім беру үдерісінде мәдени-тілдік құзыреттілікпен бірге танымдық құзыреттілікті де қалыптастыруға ерекше көңіл бөлініп жүр. Бүгінде ақпараттар ағымының көптігіне байланысты оқушының алған білімінің тереңдігіне емес, осы білімді өзіне қажетті жағдайда қолдана алу қабілетіне мән беріледі. Танымдық құзыреттілік күрделі құрылым мен үлкен мазмұнға ие. Ол филолог-маманнан жаңа білім мен дағдыны өңдей алатын қабілеті болуын, алатын білімін дұрыс ұйымдастыра білуді, өз ісіне жауапкершілікпен қарауды, жұмысын бағалай білуді міндет етеді.

Танымдық құзыреттілік – өз бетінше жаңа білімді игеруі, білім деңгейін үнемі жетілдіруге дайын болуы, өзін-өзі ұйымдастыра алуы және дамытуы, жеке, қоғамдық, кәсіби өмірде танымдық қызметті дамытатын қабілетінің болуы. Осы компоненттерді дұрыс байланыстыра білгенде ғана танымдық құзыреттілікті қалыптастыруға болады. Бүгінгі өркениет заманында – мәдениет пен өнердің, халықаралық қатынастың дамыған уақытында тілді мәдениет арқылы танып-білу өзекті де көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Өйткені тілді зерттеу арқылы ұлттық ерекшелігін, қайталанбас қасиетін, сол тілде сөйлейтін ұлттың таным-болмысы мен тұрмыс тіршілігін, *менталдық* айырмашылығын көрсететін салт-дәстүр ерекшеліктерін танып білуге мүмкіндік береді [43]. (Сурет 1).

Мәдени-тілдік қабілеттің болуы адамның тілді білгенмен, онымен байланысты мәдени кодты игермеуі әбден мүмкін екендігін көрсетті. Тілдік бірліктердің коннотацияларын, семантикалық ережелерін білмеу прагматикалық сәтсіздікке әкеп, тұлғаның тілдік мәртебесінің деңгейін төмендетеді. Біздіңше, мәдени-тілдік құзыреттілік лингвистикалық құзыреттілікке қарағанда, жекелік және өздігімен әрекет ететін құрылым болып табылады. Адам тілді қолдана алады, бірақ оны белгілі бір мәдени-тілдік қауымдастықтың индивиді ететін білімді игермеуі мүмкін. Айталық, адамның сөздік қоры мол болғанмен, тілдік символдар, эталондар мен стереотиптер және сөз мағынасының коннотациясын мәтіннен таба алу мен қолдану туралы ешқандай таным-түсінігі болмауы мүмкін.

Тілдік қабілеттерді арнайы зерттеу жұмысында Е.Н.Пузанкова «Тұлғаның тілдік қабілеттерін дамыту мәселесі...» [44] атты монографиялық еңбегінде психикалық қасиеттің мәні мен құрылымы туралы толыққанды ашады. Лингвистикалық құзыреттілікті зерттеуші күрделі құрылымдық білім деп қабылдайды. Оның негізгі құрамдас бөліктері – интеллектуалды, тілдік және сөйлеу компоненттері [44, 7].



Сурет 1 – Мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру

Интеллектуалды компонент бейнелік және логикалық ойлауды біріктіреді. Тілдік компоненттің құрамына тілдік ойлау енеді, бұл қабілет лингвистикалық семантикалық әрқилы типтерін қабылдауды дамытады. Сөйлеу компоненті тұлғаның коммуникативті дағдыларын белгілейді. Біздіңше, автор ұсынған сызба нақтылауды қажет етеді: интеллектуалды компонент тілдік қабілеттің құрамына енбейді, тұлғаның басқа да менталды (математикалық т.б.) қабілеттерінде негізгі компонент болып табылады. Сөйтін, интеллектуалды компонент пен тілдік қабілет бір-біріне тәуелді емес, аралас қатынаста. Е.Н.Пузанкова айтқандай, «тілдік және мәдени-тілдік қабілеттер қандай қатынаста екендігін көрсетпейді, тілдік тұлғаның қабілеті тілдік бірліктерді мәдениет актілерімен байланыстырып, мәдени мәтіндерді құрап, интерпретациялау және лингвомәдени мәліметтермен әрекет ете білуге үйретеді».

Тілдік компонентте тұлға өн бойында тілдік бірліктерді, мәдени-тілдік бірліктерді игеруді мақсат етеді. Оның компоненттері ретінде тілдік

кабаттардың лингвистикалық заңдылықтарын игеру мен тілдік нормаларды қалыптастыру жатады. Тілдік компонент пен сөйлеу компоненттері өзара сабақтасып жатады. Себебі тілдік компоненттерін игерген тұлға оны қолданыста пайдалауды көздейді. Яғни сөйлеу компоненттерін тілдік бірліктер құрайды.

Мәдени-тілдік құзыреттілік тілдік және мәдени құзыреттіліктермен тығыз байланысты, себебі мәдени кеңістіктегі өзіндік қолданыстарды, ойлаудың дамуындағы лингвистикалық-семантикаларды игеру, екінші жағынан, қарым-қатынас барысындағы мәдени мәтін арқылы жағдаяттан шығуы. Мұның нәтижесінде мәдени мағына мен ұғымдардың тілде сақталуы жүзеге асады; мәтіндегі мәдени ақпараттарды дұрыс кодтау мен декодтау, мәдени код пен құндылықтарды түсіну қабілеті орнығады.

Педагог-ғалым Ж. Дәулетбекова мәдени-танымды құзыреттілік қазіргі ғаламдану үдерісінде ұлттық бет-бейнені сақтау үшін ұлттық құндылықтарға негізделген ұлттық ділді қалыптастыруды мақсат ететіндігін нық айтады [45].

Ғалым-филолог Ж.И. Мұхамбетов: «Негізінен, осы уақытқа дейін жергілікті сөз қолданыстарының лексикалық, грамматикалық, фонетикалық ерекшеліктері қарастырылып, ондағы талдаулар көбінесе құрылымдық грамматика мәселелері тұрғысынан сөз болып келді. Ал соңғы жылдары антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің жалпы тіл білімінде қарқынды қолға алуына байланысты қарастырудың қажеттігі туындап отыр» [46, 3], – деген тұжырым жасағанындай, біздің зерттеу нысанымыз болып отырған мәдени-тілдік құзыреттілік мәселесі де осы адам мен тіл шеңберіндегі қарастырудың нәтижесінде туындап отыр.

Мәдени-тілдік құзыреттілік қазіргі заман талабына сай гуманитарлық ғылымдардың дамуында басты тетік болып отырған жаңа парадигмалардың өзара үндесімінен туындаған білім мен тәрбиенің нәтижесі болып саналады.

Мәдени-тілдік құзыреттілік мәселесі ХХ ғасырдың соңында антропоэкетілік парадигманың кең өріс алуымен байланысты болды.

В.Н.Телия [47, 38] тілді қарастырудың антропологиялық парадигмасы тілдік материалдың репрезентациясының басты формаларын беске жіктейді: тіл – узус – сөйлеу әрекеті – норма – сөйлеу. Осы жіктелген репрезентациялардың әрқайсысы тілдік тұлға құрылымында біліктіліктің ерекше түрі болатынын білдіреді.

Зерттеушінің еңбегіне сүйенсек, құзыреттіліктің түрлері мен тілдік материалды репрезентациялаудың формалары арасындағы сәйкесік төмендегідей сипатталады:

- Тіл – тілдік құзыреттілік;
- Узус – мәдени-тілдік құзыреттілік (семантикалық);
- Сөйлеу әрекеті – коммуникативті құзыреттілік;
- Норма – нормативті құзыреттілік;
- Сөйлеу – атқарушылық не орындаушылық құзыреттілік.

Н.В.Телияның көзқарасына сүйене отырып, мәдени-тілдік құзыреттілік ерекше феноменді болып келгенін байқаймыз.

Осы тұрғыдан біздің зерттеу нысанымыз болып отырған мәдени-тілдік құзыреттілік тілдің семантикалық жағын қарастырады. Ал, академик Р. Сыздықова тілдік жүйе – тілдік норма – узус ұштағанды категорияны бірлікте ала отырып, функционализм тұрғысынан тілдік норманың қалыптануында айырым белгілерін аша түседі [25].

Г.Ю. Богданович: «Мәдени құзыреттілік лингвистикалық құзыреттілікпен сәйкес келмейді» – деп түсіндіреді. «Лингвистикалық құзыреттіліктің мәдени құзыреттілікке ауысуы тілдік таңбалардың мәдени код категорияларының интерпретациясына негізделген. Осы тптегі интерпретацияны игеру мәдени-тілдік құзыреттілік деп аталады» [48, 5].

В.В. Красных [49, 138] құзыреттілік түрлері мен когнитивті құрылымдардың мынадай арақатынасын көрсетеді:

- Құзыреттілік;
- Когнитивті құрылымдар;
- Тілдік / сөйлеу біліктілігі;
- Лингвистикалық;
- Пәндік;
- Феноменологиялық;
- Мәдени (лингвистикалық және феноменологиялық);
- Коммуникативті (лингвистикалық және феноменологиялық).

Байқап отырғанымыздай, зерттеуші мәдени-тілдік құзыреттілікті өзіндік құзыреттілік ретінде қарайды. Сөйтін оны мәдени құзыреттілікке теңейді. Біздіңше, бұлар – әрқилы феномендер. Мәдени құзыреттілік ұғымына тұлғаның ұлттық және әлеуметтік белгілер бойынша идентификациялауға деген қабілеттері мен әрқилы жүріс-тұрыс тәжірибелері, сондай-ақ тұлғаның алдын ала болжау мен өз уәждерін түсіну қабілеттері де жатады.

Мәдени-тілдік құзыреттіліктің мазмұны негізгі білімнен құралады. Бұл білім әрекет пен қарым-қатынас жағдайларын семантикалық талдау нәтижесінде қалыптасады. Мәдени-тілдік құзыреттілікке коммуниканттардың ұлттық сана-сезімі туралы ой-түсінік кіреді. В.И. Карасик коммуникация үшін микросуппозицияның ғана емес, макросуппозицияның да, яғни коммуниканттардың қарым-қатынас жүзеге асатын тілді иемденген ұлттық-мәдени қауымдастықтың когнитивті қорының элементтерімен таныс болуы секілді талаптардың орындалуы қажет екенін көрсетеді» [50, 7].

Осылайша, мәдени-тілдік құзыреттілік менталды қасиеттердің жекелік түрі болып, белгілі бір деңгейде тілдік және коммуникативті құзыреттіліктерге тәуелді болып келді. Сөйтіп, XX-XXI ғасырлар тоғысында лингвистикада, әдебиеттануда және оларды оқыту әдістемесінде, Н.С. Болотнова айтқандай, антропоцентристік бағыт аясында «мәтінге деген толық қызығушылық» дамыды. Себебі «оқырманның сөйлеу-ойлау әрекетіне ену» және «мәтіннің мағынасын ашуға деген талпыныс» аясында қарастырылды [51, 11].

Құрылымдық парадигманың қазіргі лингвистикада антропоцентристік парадигмаға ауысуы кезінде Ю.М. Лотман айтқан «жаңа кодтардың ықпалымен мәтіннің құрылымындағы маңызды әрі маңызды емес элементтердің алмасуы

жүзеге асып жатыр» [52, 203] деген ойы өзекті мәселеге айналып отыр. Ғалым «орындау күрделігіне қарай өнер деңгейіне көтерілген мәтіндер константты ақпаратты пассивті сақтаушы бола алмайды. Себебі олар қойма емес, генератор болып табылады. Мәдениет ескерткіштерінің мазмұны» сақталмайды, керісінше, өсуде [53, 390]. Демек, антропоцентристік парадигма аясында ұлттық мәдени мәтіндеріндегі басты мәселелерді интерпретациялаудың жаңа тәсілдерін іздеуді жолға қоймақпыз. Осы тұрғыдан, мәтіннен мәдени маңызды дүниелерді қарастыру әдістемесі өте қажет болып отыр.

Сонымен, педагог-ғалым Ж.Даулетбекованың тұжырымдауынша, қазіргі ең басты «мәдениеттің түпқазығы тілдік тұлға болуға тиіс» парадигмасын сабақтастыра отырып, осы тілдік тұлғаның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру – гуманитарлық ғылымдардың эволюциясындағы оқытудың түпкі нәтижесі болып табылады.

## **1.2 Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың тіл мен мәдениет бірлігі**

Бүгінде Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті дамыған ел қатарында көріну үшін жастарымыздың экономикалық, құқықтық, рухани, мәдени жағынан құзыретті тұлға болып қалыптасуы күн тәртібінен түскен емес. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында Қазақстанның білім беру сапасына ерекше назар аударғаны бәрімізге аян. Өскелең ұрпақ үшін заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, білімге қолжетімділікті кеңейту, білім сапасын арттырумен қатар ғылым саласын дамыту үшін де кәсіби мамандарды даярлауды міндет етін қойды. Осы міндетті іске асыру үшін бүгінгі білім беру жүйесінде бір көрінісі филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі басты мәселелердің бірі болып отыр. Уақыт талабына сай шет тілін меңгеру қажеттілігі болса, еліміздің өркендеуіне, халқымыздың бейбіт өмір сүруіне бірден-бір кепіл – ана тіліміздің мәңгі болуында. Сол себепті ана тілімізде мәдени-тілдік құзыреттілік ұғымы өз мәнін жоймақ емес.

Құзыреттілікті қалыптастыру жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың аксиомасына жету, болашақ педагог маман ретінде кейінгіге білім берудің еркіндігі және тереңдігіне бағытталған нәтижелердің жемісі болмақ.

Болон үдерісінің үрдістеріне сәйкес, қазіргі уақытта отандық білім беру стандарттары жаңартылды, олар білім алушылардың кәсіби бейімділіктері мен қызығушылықтарына байланысты білім бағдарламаларын таңдауларына бағытталған модульдік сипатқа ие. Сондай-ақ ҚР МЖБМС бағдарламаның сәтті меңгерілуінің өлшемі болып табылатын соңғы нәтиженің бекітілуі де маңыздылыққа ие. Осы жағдайларда мамандар дайындаудың басты бағыттары – тиімді мәдениетаралық коммуникация және адекватты мәдени сезімталдылық салаларындағы құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту, тұлғаның өзге мәдени ортамен сәтті серіктестік байланысының лингвомәдени ерекшеліктерін

білумен тікелей байланыста қаралатын ыңғайға басымдық беріледі. Сондықтан да өз кезегінде ана тілдегі мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру алдыңғы орында болмақ.

Қазіргі білім беру парадигмасына және өзекті әлеуметтік тапсырысқа сәйкес жоғары педагогикалық білім беру филолог-мамандардың өзара байланысты коммуникативтік, әлеуметтік, мәдени және тұлғалық дамуы ретінде қарастырылады, оның түпкі мақсаты – коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту, сонымен қатар мәдениеттер диалогі аясында индивидуалдылықты дамыту.

Біздің зерттеуіміздің аясында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде тарихи, мәдени көрініс беретін мәтін арқылы адам санасында жоғары деңгейінде меңгеру функционалдылығының талабы қызықтырады, бұл кәсіби педагогикалық дайындықты лингвомәдени аспектілерге бағдарлауды болжайды, осы мәдени-тілдік құзыреттілікті мақсатты нормативті (педагогикалық) жобалаудың нәтижесі емес, білім алушының лингвомәдени тәжірибесі рефлексиясының нәтижесі ретінде қарастыруға басымдық беріледі.

Дегенмен филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңызы толыққанды ғылыми зерттеуді қажет етеді.

Аталмыш ұғымның табиғатын жан-жақты зерттеуді жүзеге асыру үшін біз мәдени-тілдік құзыреттілік ұғымы қалыптасуының негізгі сатыларын және оның дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік-тарихи алғышарттарды бөлін көрсете отырып, «**мәдени-тілдік**» және «**құзыреттілік**» орталық ұғымдарының мәртебелерін және кешенді ғылыми рефлексия негізінде **мәдени-тілдік құзыреттілік** мазмұнын анықтауды қажет деп есептейміз.

Мәдени-тілдік құзыреттіліктің пайда болуының және қалыптасуының **әлеуметтік-тарихи алғышарттары** ретінде құзыреттілік және лингвомәдениеттану туралы, олардың қоғам мәдениетімен, әлеуметтік институттармен, тілмен және оның тарихи кезеңдегі қызмет ету заңдылықтарымен өзара қатынасы туралы теориялық түсініктердің эволюциясын көрсететін объективті өмір сүрген (өмір сүретін) жағдаяттарды түсінеміз. Лингвомәдениеттану мен құзыреттіліктің негізгі даму кезеңдеріне сай әлеуметтік-тарихи алғышарттарды ғылыми білімнің және әр кезеңде *мәдени-тарихи, теориялық және практикалық алғышарттарды* бөлін көрсете отырып, филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыру туралы ғылыми түсініктің динамикасына сәйкес ғылыми саланың құрамдас бөліктері ретінде анықтаймыз.

Аталған мәселелер ХХІ ғасырдың басынан қазірге дейінгі кезеңде мәдени-тілдік құзыреттілік ұғымы қалыптасуының әлеуметтік-тарихи алғышарттарын атап көрсетуге мүмкіндік береді және олардың негізгілеріне мыналарды жатқызамыз:

- *мәдени-тарихи жағынан алсақ*, Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуі, кәсіби қызмет мәнмәтінінің өзгеруі және кәсіби білім беру сапасына қойылатын талаптың күшеюі, халықаралық стандарттарға сай болуы тиіс, онда біліммен, білікпен және тәжірибемен қатар құзыреттілік

құрылымында құндылықтық-мәндік бағдарлар, мотивация, тұлғаның кәсіби бағыттылығы, шығармашылық қабілеттері, қызметін өзіндік ұйымдастыру және реттеу механизмдері ұсынылады;

- *теориялық жағынан* мәдени-тілдік құзыреттіліктің күрделілігімен, пәнаралық, практикаға бағытталған, пайдалануға мотивацияланған сипаттарымен, әлеуетті және өзекті жағының болуымен ерекшеленетін құзыреттіліктің сипаттамалық белгілерінің өзгеруі анықталады. Теориялық құрылымын ЖОО болашақ түлегінің көп құрамды кәсіби-тұлғалық сипаты ретінде зерттеу және оның әр құрамдас бөлігінің мазмұнын білім беру үдерісіндегі қалыптасу пәні ретінде анықтау, педагогикалық ЖОО-да лингвомәдени құзыреттіліктерін қалыптастырудың үлгілерін дайындау үшін база құру қажеттілігі туындайды;

- *практикалық маңызы* ғылыми білімнің саласы ретінде лингвомәдениеттанудың бір термині ретінде жеке қызмет етуі, соның ішінде мәдениет пен тілдің өзара әрекеттестік мәселелерінің дамуы, оларды сипаттау және оны оқыту үдерістерінде лингводидактика аспектісінде қарастырылады.

Бұл көрсетілген әлеуметтік-тарихи алғышарттар зерттеудің орталық ұғымы – «мәдени-тілдік құзыреттілік» түсінігінің мазмұнын анықтауға, сондай-ақ филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру және оларды мәдени-тілдік тұрғыдан дайындау мәселелерін қарастыруға мүмкіндік береді.

Бізді қызықтырған «мәдени-тілдік» ұғымы ХХ ғасырдың соңында, ал «құзыреттілік» термині шетел ғылымында ХХ ғасырдың 60-70-жылдарында анықталған. 1907 жылы жарық көрген «Орыс тілінде қолданысқа енген шетел сөздерінің толық сөздігі» құзыреттілікті «белгілі саладағы мәселелерді шешіп, белгілі құбылыстар шеңбері туралы негізді пікірлер айтуға қажетті жеткілікті хабар» деп анықтайды, ал 1933 жылғы шет тілдер сөздігі құзыреттілікке «қандай да бір мекеменің немесе тұлғаның өкілеттілік шеңбері» деген түсініктеме береді. Дегенмен білім беру саласында «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдары ХХ ғасырдың 60-70-жылдары таралды. «Мәдени-тілдік құзыреттілік» ұғымының және педагогикалық жоғары оқу орындары білім алушыларына оны қалыптастыру мәселелерінің даму тарихын үш кезеңді бөліп көрсетеміз: бірінші – ХХ ғасырдың 60-жылдарынан, екінші – ХХ ғасырдың 90-жылдарынан, үшінші кезең – ХХІ ғасырдың басынан бүгінге дейін.

«Құзыреттілік» ұғымын ғылыми-теориялық жағынан талдай қарасақ, ғылыми әдебиеттерде 70-жылдары АҚШ-та және Европа елдерінде білім алуда жетістіктерге жету мәселелерінде қолданыла бастады. Бұл ұғымның жай ғана ұжымда қолданылу аясы тар еді. Құзыреттілік дамуының басты идеясы білім мен іскерліктің салмағына ғана емес, формалды білімнің ту сыртындағы білімнің өте кең спектрін, адами қасиеттерімен өлшенетін құзыреттілігі. Құзыреттілікті қалыптастыруға жалпы, орта, арнайы және кәсіби дайындықты жатқызамыз. Ал біздің зерттеу жұмысымызда ғылыми айналымға алғаш рет еніп отырған жоғары оқу орнынан кейінгі құзыреттілік болмақ. Әлеуметтік

психологияда бұл термин әртүрлі анықтамалар қатарына, яғни «қарым-қатынас құзыреттілігі», «коммуникативті құзыреттілік», «тұлғааралық құзыреттілік» адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау икемділік түсінігі болды.

«Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» «құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілсе [54], С.И.Ожегов сөздігінде «құзыреттілік – білгілі бір мәселені жан-жақты білу» деп түсінік беріледі [55].

Құзыреттіліктің теориялық аспектілерін жан-жақты қорытындылап, тұжырымдаған ғалым М.А. Абсатованың жұмысында «құзыреттілік» термині «құзыретті» сөзінен туындаған, яғни құзыретке ие болу, бір нәрсе туралы ой білдіріп, орынды, беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімге ие болу. ...құзырет білім беру нәтижесі болып табылады, ол субъектінің алға қойған мақсатқа жету үшін ішкі, сыртқы қорларды тиімді ұйымдастыра алуы арқылы көрінетіндігі анықталған [56, 28]. М.А. Абсатова О.Ю. Лебедеваның тұжырымын қолдай келе, мектепте білім алу үрдісі құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталу керек деген ойға келеді. Яғни құзыреттілік мәселесі мектепке дейінгі, мектеп жасындағы білім алушылардан басталып, қалыптасқан жеке тұлғаның дамуы толассыз болғандықтан, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде өз жалғасын табады. Қазіргі таңда білімін жетілдіру барысында және жылдан-жылға магистратура бөліміне қаншама білімгерлердің өтініш білдіруіне байланысты осы жүйеде мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың өзектілігі өсе бермек.

И.А. Зимняя «құзыреттілік» терминін педагогикалық тұрғыдан қарастырып, «адамның білімге негізделген әлеуметтік-кәсіби өмір салтының зияткерлік және жеке тұлғалық тұрғыдағы тәжірибесі» деп анықтама береді [57, 35].

Қазіргі таңда құзыреттілік ұғымының теориялық аспектілері қанша зерттелсе де, білім сапасын жақсартуда және оның мазмұнын ашуда бұл үлкен орын алады. Осы уақытқа дейін «Қазақ тілі» оқу бағдарламасында бұл терминнің үш түрі көрсетілген болатын [58, 68].

Бірінші құзыреттілік – білім алушы проблемаларды шешу құзыреттілігі бойынша: әртүрлі тілдік жағдаяттардағы проблемаларды анықтайды, өздігінен шешім қабылдайды, өз шешімінің нәтижесін бағалай алады; өзгермелі өмір жағдайларында туындаған жағдаяттарда міндеттерді шешетін технологияларды таңдай алады, өзгелермен тіл табысуға қажетті сөздерді талғай алады.

Екінші құзыреттілік – ақпараттық құзыреттілік бойынша: ақпараттарды сыни тұрғыдан талдайды, соның негізінде саналы шешім қабылдайды; тілдің танымдық қызметтерін өз мақсатына сай қолдана алады; логикалық операцияларды еркін қолдана отырып, ақпараттарды өз мүмкіндігіне сай өңдей алады; сөйлеу әрекетін жоспарлауда және жүзеге асыруда ақпараттарды талғап қолданады; мәтіннің көркемдеуші және мәнерлеу құралдарын анықтай алады.

Үшінші құзыреттілік – коммуникативтік құзыреттілік бойынша сөйлесімнің барлық компоненттеріне тән дағдыларды меңгереді, ауызша және жазбаша тілде сөзді құрау ережелерін, сөзді таңдау тәсілдерін және грамматикалық нормаларды ұстанады; оқу материалдары бойынша іскерлік

қарым-қатынасқа қажетті дағдыларды меңгереді, ауызша, жазбаша сөйлеу қажетті коммуникативтік сапаларды қолданады; ісқағаздары түрлеріне сәйкес тілдік құралдарды пайдаланып, өз ойын дәлелдей түседі [58].

1960 жылдардың соңы 1970 жылдардың басында «құзыреттілік» терминінің қалыптасуы батыс ғылымында зерттеудің ерекше бағыты – құзыреттілікті зерттеудің пайда болуымен байланысты. Зерттелген тарихи кезеңде біз қарастырған ұғымды өзгелерімен, мысалы, 1965 жылы америкалық лингвист Н. Хомский ұсынған трансформациялық грамматикаға қатысты «құзырет» ұғымымен теңестіріп қарастыру байқалады. Кезең басында екі ұғым арасындағы айырмашылық туралы айтылмады.

XX ғасырдың 60 және 90-жылдары арасында ғылыми аппаратқа «құзыреттілік» ұғымы енгізіліп, «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының аражігін ажырату бойынша қадамдар жасалды, кейінгі зерттеулер жан-жақтылығымен және белгілі жинақтылығымен ерекшеленеді. *Психологиялық зерттеулерде* [59, 48] құзыреттілік индивидтің тұлғааралық қарым-қатынастар жүйесіндегі қоршаған адамдармен тиімді байланыс орната алу қабілеті ретінде анықталса (Г.М. Андреева, С.Ю. Головин және т.б.), *педагогикалық жұмыстарда* [60, 163] – белгілі құндылықтардың және педагогикалық сананың иесі ретіндегі оқытушы тұлғасының, педагогикалық қатынастың және педагогикалық қызметтің қалыптасқандығын анықтайтын білімдердің, біліктердің және дағдылардың қажетті сомасына ие болу ретінде (А. Коджаспиров, Г.М. Коджаспирова) және белгілі қызмет саласында тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін пәндік-ерекше білімді ұйымдастырудың ерекше типі ретінде беріледі (М.А. Холодная). 1984 жылы Джон Равеннің «Компетентность в современном обществе» еңбегі пайда болады, ол құзыреттілікті әлеуметтік маңызды саладағы өмірлік табыс ретінде түсіндіре отырып, толық анықтама береді [33, 253], құзыреттіліктің табиғаты туралы өз түсініктерін жеткізіп, құзыреттіліктің түрлерін ажыратып, оларды жіктейді.

Кезеңнің соңында «кәсіби құзыреттілік» ұғымының жеке түсінігін берген зерттеулер пайда болады, оны енгізу мазмұнының кеңдігімен, «кәсібилік», «біліктілік», «кәсіби қабілеттер» және т.б. секілді кең қолданылатын ұғымдарды біріктіретін интегративтік сипаттамасымен байланысты болды. Сондықтан «құзыреттілік» ұғымының табиғаты осы кезеңде мақсаттық тұрғыдан қарастырылып, белгілі кәсіби қызметтің негізгі сипаттамаларын біріктіреді.

«Құзыреттілік» ұғымын классификациялауға арналған зерттеулер арқылы ана тілін үйретудің теориясы мен практикасында құзырет/құзыреттілік категориялары қолданылды, сондай-ақ олардың қалыптасуы оқыту үдерісінің соңғы нәтижесі ретінде қарастырыла отырып, оқыту әдістемесі қалыптасты (Р.Рахметова [28], Молдабаева К.Е., Дуйсенова М. [61]). Бұл еңбектерде құзыреттілікті «тұлғаның қабілеті» ретінде қарастырылды. Білім беру саласында да құзыреттілік белгілі бір деңгейдегі білім алуды аяқтаған тұлғаның қабілеті ретінде түсіндіріледі, ол құзыреттіліктің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, сәтті (өнімді, тиімді) қызметке дайындығы

(кабілеті) арқылы көрінеді, сонымен қатар қандай да бір мәселе туралы талқылауға, шешім шығаруға мүмкіндік беретін белгілі білімді, дағдыны, өмірлік тәжірибені меңгеру арқылы беріледі. Сонымен қатар қандай да бір салада қоршаған әлеммен тиімді әрекеттесу мүмкіндігін және осы үшін қажетті құзыретті қамтамасыз ететін кешенді тұлғалық ресурс ретінде қарастырылады, ал *кәсіби аспектіде* индивидтің кәсіби қызметін сапалы жүзеге асыруға ішкі мотивациясының болуы, білім, білік, тәжірибе, білімді пайдалануға теориялық-қолданбалы дайындықтың болуы, кәсіби сауатты пікір, баға, көзқарас білдіруге мүмкіндік беретін білім мен білікті меңгеруі, кәсіби білімдер мен біліктер жиынтығы кәсіби қызметті орындау тәсілдері тұлға қасиеттерінің шоғырландырылған сипаты, ЖОО түлегін белгілі саладағы (құзыреттегі) қызметті орындау үшін дайындаудың нәтижесі [62, 40] тұрғысынан анықталды. XX ғасырдың 90-жылдарының соңынан бастап ЮНЕСКО материалдарында, құжаттарында білім берудің күтілетін нәтижесі ретінде қарастырылуы тиіс құзыреттер мен құзыреттіліктер қатары беріледі.

Кейінгі кезеңде білім беру мақсатына қатысты өзгерістер адамның әлеуметтік әлемге енуін қамтамасыз ету міндетімен, оның сол әлемге сәтті бейімделуімен байланысты. Бұл өзгерістер білім беруді мейлінше толық, тұлғалық және әлеуметтік шоғырланған нәтижемен қамтамасыз ету мәселелерін қарастыруды қажет етті, сондықтан білім беру нәтижесі секілді шоғырланған әлеуметтік-тұлғалық әрекеттік феноменінің жалпы анықтамасы ретінде мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік құрамдас бөліктердің жиынтығы – «құзырет/құзыреттілік» ұғымы анықталды, бұл білім беру нәтижесінің жаңа парадигмасын қалыптастырды. Білім беру нарығындағы елдің бәсекеге қабілеттілігі мен білім беру сапасын арттыруға бағытталған отандық білім беруді дамытудың мемлекеттік стратегиясын жүзеге асыру Болон үдерісіне қосылып, құзыреттілік типтегі жаңа федералды мемлекеттік білім беру стандарттарын қабылдауға әкелді, міне, сондықтан құзырет/құзыреттілік ұғымдары білім берудің жаңа нәтижелі-мақсаттық негізі ретінде қарастырылуда.

Жиырма бірінші ғасырға дейінгі уақытта **құзыреттілік** адамның танымдық қызметі мен білімдік тәжірибесі нәтижесінде біліміне, зияткерлік және өмірлік тәжірибесіне, құндылықтары мен қызығушылықтарына негізделген, өз бетімен жүзеге асыратын қабілеті ретінде қарастырылды (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов). Осы түсінікті шындыққа мейлінше жақын деп қабылдап, зерттеу барысында ұстанамыз.

Жалпы алғанда, құзыретті қабілет (қасиет) ретінде, ал құзыреттілікті кәсіби қызметте көрініс беретін аталмыш қабілетті меңгеру ретінде анықтауға болады деп есептейміз. «Құзыреттілік» терминін кәсіби қызметтегі маманның сипаттамасы үшін, ал «құзырет» маманды «әлеуетті» құзыретті ететін базалық қабілетті (қасиетті) белгілеу үшін қолданылады.

Жоғары білімді маманның құзыреттілігі практикада көрсеткен ұмтылысы мен кәсіби және әлеуметтік салада маманның шығармашылық қызметінің әлеуметтік маңызы мен осы қызметтің нәтижесіне жеке жауапкершілігін ескере

отырып, кәсіби және әлеуметтік саладағы шығармашылық (өнімді) қызметті сәтті жүзеге асыру үшін өз әлеуетін (білімін, білігін, тәжірибесін, тұлғалық сипаттарын және т.б.) жүзеге асыру қабілеті (дайындығы), оны үнемі жетілдіру қажеттілігі ретінде қарастырылды.

Кейбір ғылыми зерттеулерде (В.И. Байденко, Л.К. Гейхман, А.Н. Гришанова және т.б.) Еуропа Кеңесінде ұсынылған құзыреттерден өзге қосымша құзыреттілік және коммуникативтік құзыреттілік көп құрамды феноменінің құрамына енетін құзыреттіліктер, соның ішінде: когнитивтік, мәдени-танымдық, мәдени-тілдік және т.б. құзыреттіліктер беріледі және құрылымдық-функционалды тұрғыдан талданады.

Әрі қарай «мәдени-тілдік құзыреттіліктің» маңызын қарастырамыз. Ғылыми ойдың қазіргі даму деңгейінде ол лингвистика, этнография, мәдениеттану, философия секілді көп ғылымдардың қосындысы деп есептеледі.

Л.А. Городецкаяның «Лингвокультурная компетентность личности как культурологическая проблема» еңбегінде халықтың лингвомәдени тұрғыдан көрінуінің бір формасы ретінде мәдени-тілдік құзыреттілік толық қарастырылады. Сонымен қатар Н.Уәли еңбегінде тіл мәдениеті ғылыми саласы мәдени-тілдік құзыреттіліктің бір тармағы ретінде қарастырылып, тілдің адам санасында көрініс беретін семантикалық, танымдық жағын көрсетеді. Ал тіл мәдениетін айтқанда, 90-жылдардағы кезеңге жатқызатын М.Балақаевтан бастау алатыны белгілі.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, қазіргі әлеуметтік мәдени үдерістер мәдениетаралық қатынастың ерекшеліктерін қалыптастырады, теориялық зерттеулердің жаңа бағыттарын туындатады, дәстүрлі зерттеу әдістері мен әдіснамалық ыңғайларды қайта ой елегінен өткізуге жол ашады. Бұл бағытта мәдениеттердің өзара әрекеттесуі барысында қалыптасқан білімдерді теориялық жинақтауға, мәдениеттердің ерекшеліктерін белгілеуге, өз халқымыздың мәдени құндылықтарын дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін факторларды анықтауға, сонымен қатар **болашақ филолог-мамандарды дайындауға сәйкес келетін үдерістерді жобалауға** басымдық беріледі.

Қазақ тілін оқыту барысында анықталған проблемаларды шешу (өзгермелі өмір жағдаятында өз шешімі, мәселені шешу технологиясын таңдай білу), ақпараттық (мәтін түрлерін құрау, ақпараттарды өз мүмкіндігінше қолдану, әр жанрға тілдік құралдарды пайдалану), коммуникативтік (ауызша және жазбаша тілде грамматикалық норманы ұстану, ұлттық-мәдени ұғымдарды ажырату, сөз дұрыстығы талаптарын меңгеру) құзыреттілік түрлеріне ғалым Н.Уәли мәдени-тілдік құзыреттілікті қосудың қажеттілігін тапты. Себебі «тілді тұтынушыда лингвистикалық, коммуникативтік, сондай-ақ мәдени-тілдік құзырет болады. Ал мәдени-тілдік құзыреттілік дегеніміз - тілдік тұлғаның сөйлеу (жазу) мен айтылған сөзді қабыдау кезінде тиісті мәдени семантиканы, мәнділікті қоса меңгеруі» болып табылады [15, 63].

Мәдени және мәдени-тілдік құзыреттілік ұғымдарының арасындағы семантикалық **айырмашылық** бөлшек пен бүтіннің айырмашылығы

форматында анықталады: Мәдени-тілдік құзыреттілік – мәдени құзыреттіліктің аталмыш тіл мен мәдениет арасындағы тұлғаның коммуникативтік әрекетіне жауап беретін бөлігі, ұлттық мәдениет аясындағы әртүрлі субмәдениеттердің (әлеуметтік, кәсіби, жас және т.б.) мүшелеріне тән болуы мүмкін. **Мәдени-тілдік** жеке тұлғаның санасында көрініс берген, өзара байланысқан тіл мен мәдениет құбылыстарының жиынтығын білдіретін халық мәдениетінің бөлігі ретінде ұғынылады. Аталған құзыреттілік лингвомәдениеттануда коммуникация үдерістеріндегі көрініс беру, сондай-ақ қалыптасу тұрғысынан қарастырылады.

«Мәдени-тілдік құзыреттілік» ұғымының табиғатын жинақтап, жүйелі түрде талдау негізгі зерттеу ұстанымдарын бірнеше ғылыми бағыт түрінде түсінуге мүмкіндік береді:

1) Мәдениеттанушылық, құзыретті-бағдарлы бағыт – мәдени-тілдік құзыреттілік тұлғаның мәдени құзыреттілігінің бір бөлігі ретінде анықтайды, ол қатынас барысында көрініс береді және белгілі мәдениет аясында вербалды және бейвербалды қатынастың жалпы нормаларын, ережелері мен дәстүрлері туралы өзара байланысты түсініктердің жиынтығын көрсетеді. Мәдени-тілдік құзыреттілік институционалды, конвенционалды, семиотикалық және лингвистикалық құрамдас бөліктерден тұрады;

2) Коммуникативті бағыт – мәдени құзыреттілік нақты коммуникативтік салада және жағдайда нақты сөйлеу, коммуникативтік әрекет формасында тұлға меңгерген мәдени-тілдік құзыреттіліктің бөлігімен шарттасқан процедуралық білім ретінде ұғынылады.

3) Лингводидактикалық бағыт – аталмыш бағыт аясында мәдени-тілдік құзыреттілік тұлғаның ұлттық тілде көрініс берген мәдениет туралы білімдеріне, белгілі лингвомәдениет аясында вербалды және бейвербалды қарым-қатынас барысында қолданылатын жалпы нормалар, ережелер және дәстүрлер туралы түсініктеріне, осы білімді практикалық қызметте қолдану бойынша арнайы біліктер жиынтығына, танымдық қызметі мен білім алу практикасының нәтижесінде дамыған зияткерлік және өмірлік тәжірибесіне, құндылықтары мен қызығушылықтарына негізделген, өз бетімен жүзеге асыратын қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Мәдени-тілдік құзыреттілік тіл бірліктері арқылы көрініс берін, коммуникацияның когнитивтік іргетасын құрайтын әлем туралы білімді меңгеру негізінде қоғам дамуында бәсекеге қабілетті тұлға ретінде анықталады.

Осылайша, «мәдени-тілдік құзыреттілік» ұғымының семантикасы мәдениет пен мәдени құндылықтардың кезкелген практикалық қызмет барысында қолдана алатын білімгерлік құрамдас бөлігімен қатынаста болады. Л.А. Шкатова мәдени-тілдік құзыреттілікті кешенді коммуникативтік-когнитивтік аспектіде қарастырады және әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі сөйлеу қызметінің түрлерін меңгеру, толерантты қарым-қатынас шарттары мен міндеттерін ескере отырып, дұрыс сөйлей алу деп анықтайды [109, 332].

Мәдени-тілдік құзыреттілікті мәдени-тілдік құзырет деп «Сөз мәдениетінің теориялық негіздерін» қарастырған ғалым Н. Уәли түсінік берін кеткен болатын.

Яғни жоғарыдағы мәселелер оқушы мен студенттің құзыреттілігін қалыптастыруға тән нысана ретінде қарастырылса, төртіншісі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде өз жалғасын табады деп айтар едік. Яғни, филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігі – ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің акмеологиясына жеткен, әртүрлі деңгейдегі жағдаяттардан мүдірмей шыға алатын, мәтін құрау, талдау дағдыларын меңгерген, ізденушілік біліктілігіне ие ғылым жолына бейім тұлға болып табылады.

Отандық және шетелдік ғылымда мәдени-тілдік бағыттың қалыптасуына теориялық платформа болып табылған «Тіл және мәдениет» мәселесін зерттеуге деген қызығушылық ХХ ғасырдың соңында ғана пайда болды. Аталмыш тарихи кезеңде мәдени-тілдік ғылымдардың орны, олардың мәртебелері, иерархиясы және лингвомәдениеттанудың ғылыми салмағы туралы түсініктер болмады, ал ғылымның арнайы саласы ретінде лингвомәдениеттану ХХ ғасырдың 90-жылдары пайда болды. Дегенмен ХХ ғасырдың 60-90-жылдары лингвомәдениеттанудың білім саласы мен ғылым ретінде (В. Гумбольдтің, А.А. Потебняның, Э. Сепирдің және т.б.) еңбектер пайда болды, сондай-ақ лингвомәдениеттануды зерттеудің жеке саласы ретінде қарастырудың алғышарттар жасалды.

Тілдің, мәдениеттің және халықтың бірлескен қызметінің ерекшеліктерін анықтаумен байланысты келелі мәселелер отандық және шетелдік ғылымда ХІХ ғасырдың басында қалыптаса бастады. Оның көрінісі ретінде А.Н. Афанасьевтің, Ф.И. Буслаеваның, В. Гумбольдтің еңбектерін айта аламыз. Ғылыми басымдықтар мәдениеттің шындығы болып табылатын тіл арқылы беріледі деген көзқарасқа бағытталды, өйткені «тіл ғана адамды мәдениетке енгізе алады» деген түсінік болды. Тіл мен мәдениеттің құрамдас бөліктерін қарастыру тіл біліміндегі мәдени-тілдік құзыреттіліктің дамуына вектор болып табылды. Ғалым Н.Уәли өзінің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты көлемді еңбегінде тіл мен мәдениеттің байланысын тілдік тұлғаның мәдени-тілдік құзыретін, оның мәдени семалардың тілдік білімде концептуалды түрде орнығатынын, тілдік емес бірліктердің мәтінде тілдік бірліктерге айналатынына тоқталады.

Осы кезең ғалымдарының еңбектерінде кәсіби педагогикалық дайындықты қарастыру барысында болашақ мұғалімнің индивидуалдылығы құрылымының құрамдас бөліктері (индивидтік, субъектілік, тұлғалық), оның кәсіби мәдениетіне қойылатын талаптар (шығармашылық, мәдениеттің репродукциясы, кәсіби білімдер және біліктер, рефлексия), кәсіби біліктердің кешені ескерілді.

ХХ ғасырдың соңында ғалымдар тіл білімінде тіл мен мәдениеттің бірлігін мәтін арқылы зерттеуді төмендегі ғылыми бағыттар бойынша жүргізді:

- мәдениетті тіл арқылы зерттеу (Н.Н.Толстой және Н.Уәли, Р.Сыздық, З.Ахметжанова т.б.). Аталмыш бағыт аясында мәдениет тілдік тұлғаның ойларын ұйымдастыру тәсілі және әртүрлі тілдік концептілер мен категорияларды қалыптастырудың жағдайы ретінде қарастырылды. Ғылыми ұстанымдардың негізіне келесі факт алынды: мәдениет лингвистикамен қатар

зерттелін қана қоймайды, тіл мен мәтінді толық талдау үшін қажетті құрал ретінде талданады;

- тіл мен мәдениетті жасау, дамыту және сақтау құралы, оның бөлігі ретінде қарастыру (С.А. Арутюнов, К. Леви-Стросс, М. Лотман, К. Манхейм және т.б.). Тілдің көмегімен материалды және рухани мәдениеттің шынайы, өмірде бар шығармалар жасалады деген ұстаным маңызды болып табылады.

Өткен ғасырдың соңында осы идеялардың негізінде лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысында жаңа ғылыми бағыт пайда болды. Осы лингвомәдениеттану бағытының зерттеу пәні ретінде халықтың тілінде көрініс беріп, мәдени бірліктердің мәтінде орын алуы сипатталады.

Лингвомәдениеттанудың ғылыми мәртебесін бекітуге алғаш болып Е.Д. Поливанов талпыныс жасап, оны тіл ескерткіштерінде сақталған мәдениет құбылыстарын зерттеу пәндерінің жиынтығы ретінде анықтады. «Лингвомәдениеттану» жаңа термині семантикалық тұрғыдан қиын болғандықтан (өйткені лингвистика және мәдениеттану атты екі құрамдас бөліктен құралды), оның алғашқы шоғырланған түсініктері терминнің мағыналық бөлігін тарылтып, лингвомәдениеттануды этнолингвистиканың бір бөлігі ретінде түсінуге жетеледі. Ғылымның лингвомәдени бағыты тіл бірліктерінің халықтың мәдени санасын көрсетіп, оны әртүрлі жанрдағы мәтіндерде пайдалану арқылы таныту қабілетін талдауға мүмкіндік береді. Лингвомәдениеттің бізді қызықтырған тағы бір аспектісі – субъектілердің мәдени-тілдік құзыреттілігін анықтау. Осы тұрғыда В.В.Воробьев мәдени-тілдік құзыреттілікті әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас шеңберінде тілдік әрекетті жүзеге асыру үшін, білімді гуманитарлық салаларда қолдану үшін қажетті құзыреттілік ретінде қарастырды [63, 18].

Мәдениет сөзінің этимологиясына шегінсек (лат.cultura-«тәрбие, білім, даму, өсу»), адамның тәрбиеленуі мен білім алуы деп қарастырылған. Ал Э. Сепирдің берген анықтамасы біздің ұстанымымызға сәйкес келеді, ол мәдениет ұғымына мынадай түсінік берген: «Культура направлена на то, чтобы охватить в едином термине те общие установки, взгляды на жизнь и специфические проявления цивилизации, которое позволяют конкретному народу определить свое место в мире» [39, 13]. Тіл ойды білдіру мен қарым-қатынастың маңызды құралы ғана емес, мәдени білімнің аккумуляциясы (жинағы). Мәдениет те тіл сияқты таңбалық жүйесіндегі ақпаратты тасымалдауға қабілетті, бірақ тілден ерекшелігі, өздігінен ұйымдастыру қабілетіне ие емес, күрделі семиотикалық жүйе, оның функциясы – ес, ал оның негізгі бөлігі – жалпыға бірдей абсолюттілікке ұмтылу мен жинақтау. Тұлға, мәдениет диалогынсыз, қарым-қатынасыз өзінің абсолютті кереметтілігіне ұмтылмайды.

Мәдениет тілсіз, тіл мәдениетсіз жасай алмайтынын көруге болады. Бұл байланыста тілдің «ішкі форма» екенін, мәдениет дамуы адам қоғамында жүзеге асырылатынын байқаймыз. Осы ретте бұған дейін зерттелген мәселе, тіл – тек адамға ғана тән құбылыс.

«Мәдениет» термині – қазіргі гуманитарлық білімде тамырын тереңге жайған, ұшы-қиыры жоқ, шешімін әлі де таппаған. Кеңістікте адамзат жаратылғалы мәдениет те өз сатысымен дамып келеді. Төмендегі келтірілген анықтамалардан мәдениет сөзінің көп мағыналылығын байқаймыз.

«Мәдениет» ұғымы материалды және рухани дамудың нәтижесінде қоғамның қол жеткізген пайдасы және үзіліссіз шығармашылық акт. Мәдениет – бұл эксплицитті, имплицитті, рационалды, иррационалды, адамға қызмет ететін белгілі бір тарихи кезеңде болатын тарихи жаратылыс [63, 97].

Мәдениет – бұл салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнер және белгілі бір кезеңдегі белгілі бір топтың біліктілігі. Сонымен қатар, мәдениет – адам мінезін басқаратын, оның өмір сүруіне ықпал ететін модельдер жүйесі. Бұл моделдерге: адам миымен әрекет етуші, адамдардың өзара әрекет етуші қабілеті, адамдардың қажеттіліктерін қанағат етуші, ішкі және сыртқы факторлардың әсеріне сәйкес өзгерістер, құрылымдарын орнықтыруға ұмтылу, ол ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады [64, 74]. Мәдениет тұтас бір халықтың психологиялық ерекшеліктерінің, дәстүрдің, көзқарастардың, құндылықтардың, тұрмыс-тіршіліктерінің, өмір сүру жағдайларының тарихи, әлеуметтік жиынтықтарын құрайды [65, 130]. Бұл анықтамалардан мәдениеттің тілмен бірге жасасып, мәтін құрау процесіне бірге қатысатындығы айқын көрінін тұр.

Қазіргі анықталған антропоэзектілік лингвистикада тіл мен мәдениетті игеру бірінші орынға шықты. Мәдениет сәулесінен кейін тілдің функциялары тіл білімі ғылымын негізге ала отырып, адам туралы басқа ғылым салаларында да қарастырылады. Мәдениет – адам жасаған және жасайтын материалды және рухани қажеттіліктер.

Е.И.Пассовтың «Мәдениет – тіл арқылы, тіл – мәдениет арқылы» деген концепциясы тілді мәдениетпен байланыстыра оқытудың тиімді, пайдалы екендігін қарастырады [66, 17-18]. Тіл – мәдениеттің бөлігі, оны меңгерту мен меңгерудің негізгі құралы. Тіл сол халықтың ұлттық менталін бейнелейді. Бір жағынан, мәтінде модельденгені сияқты, мәдениет тілге негізделген.

Мәдениет тілін меңгере отырып, кез келген адам сол аксиологиялық жүйенің ғана емес, этномәдени қоғамдастықтың да мүшесіне айналады, өйткені ғалым Ә.Қайдар атап өткендей: «Мәдениет – жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым» [67, 219]

Қазақ тіл білімінің қай саласында болсын өз ізін қалдырған тілші-ғалым А.Байтұрсынов сөзімен айтқанда: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың мензеуін мензегенінше, көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау» [69, 8]. Ендеше, тілдің маңызды міндеттерін атқару үшін халықтың өзіндік рухани тәжірибесінен туындайтын жетістіктер мен көркем мәтін тілін жан-жақты зерттеу қажет. А.Саади қазақ тілін: «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол – қазақ тілі және әдебиеті, ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек» деп бағалайды [70, 18]. Осындай таза да бай тіліміздің бойындағы

қасиеттері қаншалықты шұрайлы екендігін көрсету үшін тілдің тарихына жүгінеміз.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын Г. Исаеваның «Көшпелі елдің киіз үй есігіне байланысты тіркестер» мақаласында берген түсініктемесінен де көре аламыз: Мәдениет пен тілдің бір-бірімен байланысы күрделі, өте тығыз. Мәдениет адам қолымен жасалатын материалдық құндылық болғандықтан, ол таза табиғи үдеріс ретінде таныла алмайды. Ал, тіл адам баласына берген Аллаһтың сыйы, яғни ол рухани құндылық болып табылады. Бір қырынан алғанда, мәдениет пен тілдің байланысы мазмұн мен форманың байланысы секілді. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мазмұны. Сондықтан да, тіл мен мәдениетті бір-бірімен бөлін қарауға болмайтын құбылыс деуге болады» [68, 147]. Сондықтан тіл – мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тілдің бойында оның арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш ретінде анықталады. Ұлттық мәдениеттің тірегі тілде. Қазақ халқының этностың, ұлттық мәдениеті, негізінен тілде көрініс тапқан. Осы орайда тіл – ұлттық болмысымен қалыптасқан төл мәдениетіміз сақталған көздердің бірі [71, 4].

Әлеуметтік-тарихи бағыты жағынан «мәдениет – адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал». Бұл сөз мәдениетіне баулудағы ең басты тұжырым. Кең мағынада мәдениет бір ұрпақтың келесі бір ұрпаққа қалдырған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы сабақтастықты, мұрагерлікті ауыз, жазба әдебиеті арқылы келген көркем мәтіндерде көрініс табады.

Мәдени-тілдік құзыреттілікке берілген анықтамалар да бірізге түспей, бұл термин әзірге жалпылама қабылданып, нығайған ғылыми анықтамаға ие болған жоқ. Дегенмен өз зерттеуімізде мәдени-тілдік құзыреттілік мәселесін терең қарастырып, оған берілген анықтамаларды жинақтадық.

Мәдениеттаным арқылы үйретудің әдіс-тәсілдерін қарастырған А.К.Мырзаханова: «Әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, талғамы т.б. сол тілде таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, оның біздің санамызда тілдік шығармашылық үдеріс нәтижесінде туған бейнесі, «дүниенің тілдік бейнесі» [72, 24], – дей келе, А.Салқынбайдың тілдің мәдениет бөлігі ғана емес, бүкіл мәдениет пен танымның негізін салатын және санамен байланысын қарастырған пікіріне сүйенеді [73]. Г.Смағұлова «лингвомәдени рема» [74, 67], А.Алдашева «лингвокультурема» [75, 81] деп атаған компоненттер – қазақ сөздерінің ішіндегі қазақ мәдениетін білдіреді десек, оқыту үдерісінде қызмет етуін мүмкін етуге болады деп санаймыз.

Тіл мен мәдениеттің іс-әрекеттің формасы ретінде әлеуметтік және аксиологиялық қызметі болады. А.К.Мырзаханова тіл мен мәдениет бірілігінде тілдің әлеуметтілігін қарау керек дегенге келтіреді. Тілдің әлеуметтілігін тіл мен мәдениеттің, тіл мен қоғамның бірлігінде алып қарау керек. Бүкіл бір ұлттың әдетін, ғұрпын, рухын тек тіл арқылы ғана танып біле аламыз [72].

Мәдени-тілдік құзыреттілік филологтың кәсіби біліктілігінің компоненті

бола отырып, туындаған жағдайда ерекше өзектілікке ие болып, мәдениаралық қарым-қатынас үдерісінде өзара түсіністік пен өзара құрметтің туындауына және қазіргі заманғы мәдениеттердің өзара тепе-тең диалогының жүзеге асуына септігін тигізеді. «Лингвомәдениеттану» және «мәдени-тілдік құзыреттілік» ұғымыдары бір қатарда тұрғанмен, бір-біріне синоним емес. Себебі біріншісінде басты мән «білімдік» аспектіде қарастырылады, ал екінші ұғымда – дидактикалық құрылымдық бөлікке, яғни аталған құзыреттіліктің қалыптасу технологиясын тексеру мен сипаттау жолдарына аударылады.

Жоғарыда сөз еткеніміздей, магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігінің қалыптасуын ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде біз көркем мәтін – түпнұсқаны интегративті меңгеруді таңдадық. Мұндай меңгеру магистратураның оқу жоспарында көрсетілген негізгі және кәсіби пәндер бойынша сабақтар барысында, сондай-ақ қосымша оқу пәнін ұйымдастыру барысында жүзеге асырылады. Көркем мәтінді интерпретациялауды оқыту мәдени-тілдік аясында жүзеге асырылатындықтан, мұндай тәсіл әдебиеттанушылық сипаттағы мәліметтерді қолдануды талап етеді: жазушының көркемдік әлемі мәтіннен; оның қолданған көркемдік тәсілдерінен; «тілдік тұлға», «автор бейнесі», «кейіпкерлердің тілдік сипаттамасы», «мәдени-тілдік компоненттер» секілді ұғымдарды игеру бойынша жұмыстардан көрініс табады. Ал, осы зерттеулер барысында филолог-мамандардың тілдік тұлғасын қалыптастыру – қазіргі ғылым мен білімнің даму жолында «үздіксіз оқу» стратегиясымен байланысты мәдени-тілдік құзыреттіліктерді игерген маман қалыптастыру. «Тілдік тұлға» мәселесінде басты ерекшелік тұлғаның (личность) жай саналы адам (гомо сапиенс) аумағынан кең көлемге өзінің тілдік ерекшелігі арқылы шығып кетуінде жатыр. Кез келген жеке тұлға өзінің тілдік емес басқа қасиеттерімен жұртқа танылғанымен, тілдік тұлға бола алмайды. Оның басты себебі, жеке тұлғаның тіл қаруымен қаруланбауында жатыр.

Ғылыми қолданысқа алғашқы болып Ю.Н.Караулов ендірген «тілдік тұлға» термині мәдени-тілдік тезауруста белсенді түрде қолданылып, көптеген зерттеушілердің еңбектерінде жиі кездесіп отырады. Сонымен қатар, термин белгілі бір деңгейде көпшілікке танылып, бекітілсе де, лингвистикалық әдебиеттерде барлығы үшін бірыңғай анықтама әлі күнге жоқтың қасы. «Этникалық және тілдік өзіндік сана» атты конференцияда Ю.Н.Караулов жалпыламаның бірқатар нәтижелерін және қарастырылып отырған ұғымның әртүрлі түсініктемесін, бұл ұғымдық өрістің үш бөлімді құрылымын ұсынып, әрбір бөлімге толықтырма көрсетеді:

1) тілдік тұлға: пән (лингвистика) ішіндегі қуыс; субъект (әлемді таныған және оны өзінің тілінде бейнелей алған); жеке тұлға; мәтін авторы; тілді тасушы; информант; белсенді информант; пассивті информант; сөйлеуші; тілдік портрет;

2) филолог-маманның тілдік тұлғасы (филологиялық тұлға); кейіпкер (көркем шығарманың); нақтылы тарихи тұлға; ұлттық тілдік тұлға;

3) «адам және тіл» ғылыми парадигмасы; «тіл және адам» байланысы; антропологиялық лингвистика; ұлттық мәдениет, тілді білу; тіл туралы білім;

әлемнің тілдік бейнесі; әлем туралы білім; тілдік тұлға тезаурусы; тілдік сана; ұлттық өзіндік сана; халықтың менталитеті; менталды кеңістік (тілді тасушының); ассоциативті байланыстар; ассоциативті өріс; ішкі лексикон; жеке тұлғалық лексикон; тілдік тұлға лексиконы; психолингвистикалық эксперимент; үлгі-мәтін [76, 263-265].

Жоғарыдағы құрылымдық бөлшектердің сипаттамасы «лингвистика» және «әдебиеттану» ұғымдарын интеграциялауды, «филология» ұғымын 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M0205-Филология мамандықтары бойынша магистранттарды негізгі нысан етін алғандықтан, тілдік тұлға деп қарауымыз орынды.

Ю.Н.Караулов тілдік тұлғаның құрылымын ұсынып, үш деңгейді сипаттайды [76, 50]. Төменде осы деңгейлердің сипаттамасын төмендегі кесте бойынша көрсетеді (Кесте 1):

Кесте 1 – Тілдік тұлға құрылымы

Тілдік тұлға құрылымы деңгейлерінің атауы	Тілдік тұлға құрылымын деңгейлі сипаттамасы
1-деңгей – вербалды-семантикалық	Тасушылар үшін – табиғи тілді қалыпты меңгеру; зерттеуші үшін – белгілі бір мән-мағынаны бейнелеудің формалды құралдарын дәстүрлі сипаттау
2-деңгей – когнитивті	Бұл деңгейдің негізгі бірліктері – әрбір тілдік тұлғада қалыптасқан ұғым, идеялар, концептілер. Тілдік тұлға қондырғысының когнитивті деңгейі және оның талдауы мән-мағынаны кеңейту және білімге өту деңгенді білдіреді. Демек тұлғаның интеллектуалды өрісін қамтып, зерттеушіге тіл арқылы, сөйлеу мен түсіну үдерісі арқылы білімге, санаға, адам танымының үдерісіне шығуға мүмкіндік береді
3-деңгей – прагматикалық	Деңгей мақсат, уәждеме, қызығушылықтар, қондырғы мен интернационалдылықтан тұрады; ол тілдік тұлға талдауында оның тілдік әрекетін бағалаудан әлемдегі шынайы әрекетті саналы түрде түсінуге өтуіне негізделеді

Ю.Н.Карауловты тілдік тұлға құрылымындағы үш деңгейіне қосымша лингвистикалық дереккөздерді талдау негізінде, бірінші деңгейді зерттеушілер біраз уақыттан бері сәтті зерттеп келе жатқанын, ал соңғы екі деңгей соңғы онжылдықта ғана зерттеушілердің назарына іліккенін айта кеткіміз келеді. Бұл психолингвистиканың, тілдік коммуникация теориясының, тілдік актілер теориясының, когнитологияның және когнитивті лингвистиканың дамуымен байланысты. Бұндай жағдай әртүрлі ғылыми пәндердің (лингвистика,


психология, философия т.б.) өкілдері тілдің артында, сөйлеудің артында және тілдік әрекеттің артында не тұрғанына деген қызығушылықтың артуымен түсіндірілмек. Жалпы алғанда, бұл белгілі бір сананың тасушысы ретіндегі және белгілі бір әрекетті жүзеге асырушы адамның өзіне деген қызығушылық қана емес, әрекеттің басқа да түрлерін жүзеге асырушы тілдік сана тасушысы ретіндегі адамға деген қызығушылық деп түсіну керек. Егер тілді «адам жанының айнасы» (Г.В. Лейбниц) деп қабылдасақ, одан ең алдымен, адам тұлғасы көрінеді. Ал адам тұлғасының концептісі мәдениет кеңесшісінің қатарына енеді. Тілдік тұлға – тілді тасушы адам, яғни жеке тұлғаның психофизикалық қасиеттері кешенін ескеру негізінде, адамға тілдік шығармаларды қабылдап қоймай, оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қабілеттер. Тілдік тұлға – тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолданатын адамның вербалды іс-әрекеті ерекшеліктерінің жиынтығы. Тілдік тұлға деп – белгілі бір тілді тасушының лексикалық жүйеде бекітілген негізгі ұлттық-мәдени прототипін түсіну керек. Бұл прототип дүниетанымдық қондырғылар, құндылықты басымдықтар мен іс-әрекет реакциясынан құралады. Біз тілдік тұлғаны – мәдени-тілдік құзыреттіліктің заманауи және тиімді лингводидактикалық технологиялар негізінде қалыптасқан тасушысы деп қабылдаймыз.

Мәдени-тілдік құзыреттіліктің қалыптасу жолдары туралы қозғау сөз тілдік тұлға мәселесімен байланысты. Бұл тіл мен сөйлеудің арақатынасы туралы мәселені өзекті етеді. Бүгінгі таңда бұл мәселе бірқатар авторлар тарапынан тілдік тұлға призмасы арқылы қарастырылады, ал тілдік тұлға біз көрсеткен дихотомия аясында түсіндіріледі. Осындай ой-түсініктердің логикалық нәтижесі – тілдік тұлға феномені ғана емес, сөйлеу тұлғасы феноменінің болуы [76, 32]. «Тілдік тұлға» ұғымы лингводидактика саласында ғана емес, тілдік әрекет теориясының бір нысаны ретінде де релевантты болып табылады. Осылайша, егер «тілдік тұлға – тілдік тұлғалардың парадигмасы болса, керісінше, сөйлеуші тұлғасы – шынайы қарым-қатынас парадигмасындағы тілдік тұлға деп саналады» [76, 59].

Тілдік тұлғаның қуаты — сөз, ойы – оның қоғамдық ісінен көрінеді, ал психологиясы – ұлт перзенті ретінде халқын сүюі сезімімен өлшенеді. Осы үш қасиет бірлесіп келіп, адамның бойындағы игі, ізгі қасиеттердің оянуына, бас көтеруіне әкеліп, білім мен ғылымды дамыту жолында мәдени-тілдік құзыреттілігі қалыптасқан жеке-дара индивид қажеттілігі туындайды. Тілдік тұлға сипатына ену мақсатты түрде жүзеге аспайды. Оның дамуына қозғаушы күш, яғни ұлттық сезімнен немесе табиғи дарынның қабілетінен туған ішкі жағдайлар әсер етеді. Тілдік тұлғаның қалыптасуына мына алғышарттар пайда болуы тиіс деп ойлаймыз: 1. Ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие); 2. Ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар); 3. Мәдени ақпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып); 4. Рухани сана (дін қағидалары); 5. Үлгі тұтатын тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.); 6. Озық білім жүйесі; 7. Тектілік интеллектісі. Мәдени-тілдік құзыреттіліктің қалыптасуы тілдік интуицияға, тілдің сезімдеріне сүйене отырып жүзеге асады. Педагогикалық психологияда

интуиция сипатының саналығы мен санасыздығына қатысты бірыңғай пікір жоқ. Е.Н. Пузанкованың ізімен, тілдік интуиция логикалық ойлаудың құрылымын жоққа шығармай (десек те, ол толыққанды емес біліммен, санасыздықпен, сәйкессіздікпен сипатталады), екі формада көрініс береді: саналы және санасыз [44, 15]. Белгілі бір мәдени кодты бастапқы игеру тілді интуитивті игеру үдерісінде жүзеге асырылады. Интуицияға негізделе отырып, мәдени маңызды білімдер реттелін, тұлға санасында «мен» – «бөтен» ұғымдары арасында карама-қайшылық қалыптасады. Тілді игеру үшін берілген ақпаратты одан әрі саналы және ғылыми қабылдау үшін тірек қалыптастырылады. Оқыту үдерісінде тілді, оның саналы формаларын сезіну қабілеті дамиды.

Міне, осы қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Осы тұрғыда филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың тіл мен мәдениет бірлігінде тілдік тұлға аспектісіне назар аудару қажеттігі туындап отыр. Бұл жерде мәдениет феномені мен тілді тұтынушы арасындағы мығым байланыстың бар екенін байқаймыз.



Сурет 2 – Тілдік құзыреттіліктің концептуалды негізін құрайтын лингвистикалық бағыттар

Сонымен **мәдени-тілдік құзыреттілік** деп – мәдениет туралы ақпаратты таңдаумен, тасымалдаумен және практикалық қызметте пайдаланумен байланысты білім мен білікті қамтитын тұлғаның интегративті қасиетін, мәтіннен мәдени-тілдік бірліктерді ажыра алу және мәдени-тілдік құзыреттілік аясында сәтті коммуникация орнату үшін қажетті тілдік тұлға қасиеттерін айтамыз.

**Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін** өз мәдениетінен толыққанды хабардар болу және мәдени нормалары туралы білімді, мәдениет аясында тиімді сөйлеу қатынасын орнату білігін, мәдени коммуникативтік тәжірибені және кәсіби педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жеке-кәсіби қасиеттерді қамтитын құзыреттіліктің түрі ретінде ұғынамыз.

Тіл мен мәдениет байланысын зерттеген ғалымдардың мәдени-тілдік құзыреттілікке берген анықтамаларын төмендегідей жүйеледік. (Кесте 2)

Кесте 2 – Мәдени-тілдік құзыреттілікке берілген анықтамалар

№	Мәдени-тілдік құзыреттілікке берілген анықтамалар	Автор
1	Ерекше феноменалды тілдік бірліктердің узусы (семантикасы)	В.Н.Телия
2	Тілдік тұлғаның сөйлеу (жазу) мен айтылған сөзді қабыдау кезінде тиісті мәдени семантиканы, мәнділікті қоса меңгеруі	Н.Уәли
3	Әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас шеңберінде тілдік әрекетті жүзеге асыру үшін, білімді гуманитарлық салаларда қолдану үшін қажетті біліктілік	В.В.Воробьев
4	Коммуникативтік-когнитивтік аспектісін және әлеуметтік мәдени кеңістіктегі сөйлеу қызметінің түрлерін меңгеру, толерантты қарым-қатынас шарттары мен міндеттерін ескере отырып, дұрыс сөйлей алу	Л.А. Шкатова
5	Когнитивті эталондар мен стильдер, олардың негізінде тұлға өз санасында аксиологиялық жүйені, шындықтың жекелеген бөліктерінің біліктілігі	А.М.Шахнарович
6	Семантикалық талдау нәтижесінде қалыптасқан коммуниканттардың ұлттық сана-сезімі туралы ой-түсініктері	В.И.Карасик
7	Мәдениет туралы ақпаратты тандаумен, тасымалдаумен және практикалық қызметте пайдаланумен байланысты білім мен білікті қамтитын тұлғаның интегративті қасиетін, мәтіннен мәдени-тілдік бірліктерді ажырата алу	<b>Біздің түйініміз</b>

Сонымен, тіл мен мәдениет бірлігінде филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыруда мынадай қорытындыға келеміз:

1) педагогикалық тұрғыда тәрбиелік маңызы үлкен, адамгершілікке, ізгілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу;

2) өзара түсіністік, мәдени және саяси, психологиялық тұрғыдан дамыту;

3) мәдени-тілдік бірліктерді ажырата алатындай, мәдени коннотаттық, стереотиптерден хабардар болу, тілдің бейнесі мен поэтикалық білімін, сөз мәдениетін қалыптастыру;

4) мәтіннен мәдени-тілдік бірліктерді өздігінен таба білу барысында өзіндік тұлғалық-бағдарлы акмеологиялық қабілетін анықтау [77, 353].

Қорыта айтқанда, филолог-маманның тіл мен мәдениет бірлігінде мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру – қазіргі білім беру парадигмасын идеалдандырудың аса маңызды концептуалдылық негізі болып саналады. Осымен байланысты мәдени-тілдік құзыреттілік тіл мен мәдениеттің байланысы арқылы тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін жетілдіруді, оның қарым-қатынасқа түсу қабілеттерін дамытуды, құзыреттіліктің барлық компоненттерін тұтастықта қалыптастыруды, қалыптасқан білік пен дағдыны өмірлік тәжірибеде тиімді қолдануын, сөз мәдениетінің жоғарылауын, тілдік кеңістікте жеке тұлға ретінде өз орнын белгілей алуын қамтамасыз етеді.

### **1.3 Филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың лингвистикалық негізі**

Тіл мен мәдениет байланысын қарастырған зерттеуші Г. Смағұлова айтқандай, мәтінді танымдық және әлемнің тілдік бейнесі негізінде қарастыру қазіргі ғылыми парадигмада алдыңғы орынға шықты [78]. Қазіргі антропологиялық зерттеулерде адам тіл мен мәдениетті жалғастырып тұрғандықтан, осы екі ғылым саласын жақындастыруға мүмкіндік туды. Екі ғылым саласынан лингвомәдени және концепт мәселесін бөліп алып, оны тұлғаның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру құрауыштары ретінде қарастырамыз.

Осының негізінде тіл мен мәдениет бірлігіндегі дағдылар жүйесі ретінде төмендегі компоненттерін бөліп алдық:

- белгілі бір тілдің бірліктері арасындағы жүйелі қатынастар заңдарын игеру;

- тілдің бейнелі-ассоциативтік қызметін білу (концепт, символ, әлемнің тілдік бейнесі және т.б.);

- тұлғаның эмоциясын тудырып, бағалауға түрткі болатын мәдени маңызды тілдік бірліктердің қажетті жинағын білу (фрейм, ойсурет, сценарий);

- синхронды және диахронды сипаттағы мәдени қондырғылар жүйесін білу (коннотация);

- мәдени және тілдік кодты мәтіннен таба білу және ажырату;

- маңызды мәдени тілдік бірліктерді қолдану.

Бұл аталғандар мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың мәтін құрылымында көрініс табатын маңызды тетіктері болып табылады. Яғни Г. Смағұлованың «тіл мен мәдениеттің байланысы, сондай-ақ мәдениеттің

концептілік өрісіне тілдің енуі» [78, 40] деген пікірі біздің филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілік дағдыларын жүйелеуімізге септігін тигізіп тұр.

Мәдени-тілдік құзыреттілік тілдік және сөйлеу біліктіліктерімен тығыз байланысты: бір жағынан, лингвистикалық семантиканы игеру ойлаудың басқа да түрлерін сәтті дамытуға негізделіп, мәдени кеңістікке өзіндік «ену» болып табылады. Екінші жағынан, мәдени кеңістікке «ену» және қызмет ету тек мәдениеттің белгілі бір мәтіндерімен байланыс үдерісінде ғана мүмкін болмақ. Осы мән-мағыналардың өзара әрекетінің нәтижесі – мәдени мән-мағына, тәсіл және құралдарды тілде сақтау жүйесін қайта өңдеп, қалыптастыратын тілдік ойлау бөлігі; өзін және басқа тұлғаны түсіну және қабылдау қабілеті және мәтіндегі мәдени ақпаратты кодтау мен кодтамау жүйесі.

Мәдени-тілдік қабілеттердің өнімі когнитивті эталондар мен стильдер (А.М.Шахнарович), олардың негізінде тұлға өз санасында аксиологиялық жүйені, шындықтың жекелеген бөліктерінің біліктілігі критерийлерін құрастырады. Когнитивті эталондар коммуникативті стратегиялар мен тілдің таңбалары арқылы бекітіліп, бейнеледі.

Кез келген халық тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Тілді жаңа ғасыр кезеңінде теориялық-танымдық үрдісте зерттеудің қажеттігі туындайды. Бұл үрдіс тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді адам миының жемісі, күрделі ассоциативті-вербалды құрылым, болмысты рух пен ой бірлестігінде танытушы жүйе ретінде кешенді сипаттауға негізделеді. Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңірін, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өндейді, қорытады, елеспектейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады. Когнитивтік ғылымның басты назар аударатын негізгі ұғымдары – «*ғалам бейнесі*», «*ғаламның тілдік бейнесі*» және «*ғалам моделі*» немесе когнитивтік модель. Соңғы кезеңдерде семантикалық үшбұрыш мәселесіне тоқталудың негізгі тұжырымдары сөз мағынасын *таңба – сөз – ұғым (мағына)* аясында емес, кең ауқымда концептуалды білімді қамтитын құрылымды кескіндеуге ұмтылумен тығыз байланысты екені айтылып жүр. Когнитивтік семантика тілді түсіну және қолдану мәселесін негізгі назарға ала зерттеп, мағына санада кодталатын үдеріс, ғаламның тілдік бейнесін құрушы бірлік екені ескеріледі. Соның нәтижесінде пронестің «әрекет етуші, әрекет, мақсат, нәтиже» қатынасы негізінде ғана жүзеге асатыны мойындалады [79, 265].

Когнитивтік тәсілде *мағына* лингвистикадағы сөз мазмұны ретінде көрінбейді. Когнитивтік семантикада *мағына* – когнитивтік модельдеудің ерекше көрінісі. Мағына концепт құруға мүмкіндік береді, ол табиғи тілде ақпараттық құрылым арқылы ойда кодталған және санада бекітілген, мағына негізінде прототип, тілдік мазмұн жатады. Мағына екіжақты қасиетке ие: бір жағынан, жалпы адамзат білімі тіркелген қоғамдық сананы құрушы бірлік

ретінде көрініс алады, екінші жағынан – сананың нәтижесі. Адам сөз мағынасын білгенде нені біледі (түсінеді), мағынаның таңбалық, түсініктік жағы неге негізделеді, семантикалық жадтан, естен сөзді іздегенде қандай әрекеттер орындалады, қандай негіз-тіректер пайдаланылады деген мәселелер когнитивтік семантика мәселелері болып табылады. Семантикалық талдау мен когнитивтік семантикадағы концептуалды талдаудың да осымен байланысты ерекшелігі бар. Концептуалды талдауды да концептік талдаумен шатыстыруға болмайды. Концепт құру концептуалды білім құрудың бір ғана тәсілі. Бұдан басқа фрейм, сценарий, гештальт құрылымдары т.б. когнитивтік құрылымдар бар [79, 265].

Концепт ұғымы туралы әртүрлі пікірлер, анықтамалар бар. Ю.С.Степанов берген анықтамада: «Концепт – барлық мәдениеттер жиынтығы. Концепт – адамның менталды әлеміндегі мәдениеттің негізгі бөлігі», ал С.Г.Воркачев мәтіндегі концепт ұғымына «концепт – вербалданған мәдени мағына және тіл мәдениетінің семантикалық бірлігі – лингвомәдени концепт болып табылады», – деп «концепт» ұғымының екіжақты белгісін атап көрсетеді. Мәтіннен концептіні табу үшін адам өміріндегі заттық құндылықтар мен олардың объектімен арақатынасын, адам санасында ұлттық сипаты мен бағасы анықталуы керек. Көп өрісті идеалданған тілдік бірлік жасаушы ретінде концептіге берілген анықтамалар бойынша бірінші бейнелі, құнды компоненттер көрсетіледі. Жан-жақты өрісті мағынаға ие болу үшін белгілі бір ұлттың қолданысындағы сөздер сол ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетімен, дінімен, ділімен тығыз байланыста жасасып, ұлттық мәдени дәрежеге жетуі тиіс. Ғалымдардың пайымдауынша, кезкелген ұғым концепт бола бермейді, тек қана кейбір күрделі, нақты бір мәдениетті оларсыз елестету, танып-білу мүмкін емес маңызды ұғымдар ғана концепт ретінде танылады. В.И. Карасик концепті когнитивтік және мәдени деп ажыратып, когнитивтік концептілерді қоршаған ортадағы шындықты құрылымдап және оны қайта құратын индивидуалды мазмұнды болып келетін менталды құрылымдар ретінде анықтаса, ал мәдени концептілер сол мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін бекітетін ұжымдық мазмұнды болып келетін менталды құрылымдар деп түйген [50, 17].

Мысалы, ХХ ғасырдың басында қазақ жазушылары өз шығармаларына «әйел теңдігі» мәселесін арқау етті. Қазіргі ғылыми парадигмада біз мұны «әйел теңдігі» концептісі деп қарауымызға болады. Себебі, Ш. Елемесова айтқандай: «Концепт салт-дәстүр, ауыз әдебиеті үлгілері, дін мен идеология, адамның өмірлік жеке тәжірибесі мен мәдени маңызды құндылықтар жүйесінің өзара әрекетінің нәтижесінде қалыптасатын «әлем бейнесінің» ментальді құрылымын көрсетеді [80, 94]. Әйел теңдігі концептісі бұрын қазақ тілінде ғашықтар өмірі, мұны, сүйген адамдардың суреттеген лирикалық шығармаларынан көрінетін. Әйел теңдігі мәселесін қазақ әдебиетінде тұңғыш жазған адам – М.Дулатұлы, сондықтан бұл концептінің тезаурусын көптеген тірек сөздер құрайды. Зерттеуші Г.Е. Имашева «әйел теңдігі» концептісінің

құрылымын былай берген [81]. 1) Әйел – ана. 2) Әйел біреудің анасы. 3) Бүкіл халықтың тәрбиесі – әйелдің қолында. 4) Әйел – халықтың анасы.

Яғни концепт – денотат туралы алғашқы түсінік. Тілдік санада ойлаудан өтіп, соның негізінде сұрыптаудан өтіп, ұлттық-мәдени мағына пайда болады. Осы тұрғыдан концептіні мәдени таңба ретінде сипаттайтын анықтамалардың бірі ретінде отандық жас зерттеуші С. Жиреновтің: «Концепт – тіл мен таным бірлестігі арқылы дүниені жан-жақты тануға, сонымен қатар ұлттық-танымдық мәдениетті зерделеп ұғынуға ықпал ететін, адам санасында жинақталған аялық білімнің шоғыры, тілдік-танымдық бірлік» [24, 56], – деген анықтамасы ойымызды тереңдей түседі. Яғни концепт мәтінде ұғымдық емес, заттық ойбейне ретінде танылады. Мысалы «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген ұлттық ерекшелікке қарай мәтелдің афоризмге айналуы, ондағы абстрактілі ұғым емес, сөздің затпен (қолқа) байланысын алады. «Қолқа» сөзі адамтану ғылымында адамның мүшесіне байланысты тамақты айтады, ал көшпелі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне орай қолданылатын зат ретінде де қолданылады. Ал сөздің қолқаға тәуелділігі таным арқылы санада пайда болған мәдени сипат.

Тағы бір мысал ретінде төмендегі мәтінді алып қарайық:

*- Білмесеңіз, Қаз дауысты Қазыбектің аруағын шақырып баласы Бекболат: «Өсыдан, Абылайдың басын алмасам, қатынын ат көтіне салмасам, қара қазанын қақ жармасам, әкем Қазыбектің аруағы өзімді ұрсын», – деп қарғанып, атқа мінді. Ашулының алдында тұрма деген, көшіңіз, ақыры қазанды асулы бойында жұртқа қалдырыңыз. Өздері келер де, даяр асулы қазанға тамақ қылып ішер. Ішінен дәм таттық қой, не жазығы бар мұның деп, жаруға көзі қимас, батылы бармас. Сонан соң қара қазанын алдық қой деп, ашуы басылар да, көңілі тынар...[15]*

(«Абылай аспас Арканың сары белі» аңызы).

Мәтіндегі «қара қазанды қақ жару» тұрақты тіркесі берекесін қашыру, ұрыс-жанжал шығару деген мағынада жұмсалады. Бұл ақиқат өмірде ұлттық болмыста қара қазан киелі саналғандықтан, ұлттық санада фреймдік құрылым бар. Қазанын сындыру – отбасын ойрандаудың, қазанын төңкеру – аштықтың, масқаралаудың белгісі. Тәуке ханның «Жеті жарғысында» өлім жазасына бұйырылған адам жеті айып төлеп құтылса, оның біріншісі – «қара қазан төлеуі» деп аталған екен [15].

Н.Уәлидің ізімен тіл мен мәдениеттің байланысын және тілдік емес бейнелердің мәтінде берілуін талдауға Н.Ораздың «Долана» әңгімесіндегі мына мәтінді алып отырмыз. Бір қарағанда, бір деммен оқылатын, сюжеті қарапайым, шым-шытырық оқиғасы да жоқ шағын әңгіме секілді көрінеді. Алайда, негізінен кейіпкер аузымен баяндалған бұл әңгіме өзіндік мазмұнға бай. «Қоңырбөріктің баурайындағы бидайығы мен қымыздығы аралас шөбі шүйгінді жерді атам жыл сайын орып алатын. Басқа жерге барғысы келмейді. Тек сол – Қоңырбөріктің шөбін гана орады. Себебі ол жер біздің атамекеніміз ғой. Атамның атасы, бабаларының бабасы... бәрі де сонда көмілген, бәрінің де сүйектері сонда қалған... Ескі шаңырақ, атақоныс.

*Кішкентай ғана төбешік – Қоңырбөрік. Алыстан қарағанда алып дәу бөркін ұмыт қалдырып кеткен секілді... Биігінде біздің бабаларымыздың зираты. Төмпешік-төмпешік молалар, әйтеуір, бір замандарда пайда болған да, содан бері күтімсіз, қараусыз қалыпты» [82,16].* Кейіпкер-баяндаушының атынан айтылатын бұл жолдардан дала қазағы үшін қашанда қасиетті, қымбат саналатын атамекеннің кейіпкер үшін де орны ерекше екенін аңғарамыз. Мұнда мәдени ая *Қоңырбөрік, мола, зират* есімді мәдени бірліктер болса, *атақоныс, шаңырақ, бабалар қонысы* концептуалдық өріс туындататын тілдік бірліктер. Ал *Қоңырбөріктің* лингвомәдени сипатына келсек, жау шапқан заманда батырдың бөркі сол жерде қалып қойып, ол төмпешікке айналады. Бөрік – ұлттық баскиім. Сол төбешік – Қоңырбөрік деп аталады. Концептуалды жүйеде шаңырақ, атақоныс тек ұлтқа тән санадағы әлемдік бейне. Уақыт пен кеңістікте кезеңіне қарай ақиқат дүние туралы білім аясы болады. Мәтіндегі *ата, долана, шөп, ору* қандай да бір мағынаны білдіретін денотаттар белгілі. Н.Уәлише айтқанда, бұл – тілдік білім. Ал *«Қоңырбөріктің беткейінде, жол жиегіне таяу бір топ долана өсетін. Жылда көктемде, атам екеуміз шөп оруға келгенде, аппақ гүлдерін ашып құлпырып тұрар еді, бірақ биыл кәрі бұтаның тамыры құраған ба, гүлдемеіті... ..Іштей долананың гүлдемегені енді қайтін жеміс салмайтындығы екенін түсініп жабырқадым».* *«Долана құрағаны, енді гүл салмайтынында, гүл салмайтыны, жеміс бермейтіні»* тілдік емес ұғымдар. Тілдік бейне түріндегі концептуалды жүйе этностың заттық, мәдени тәжірибесіне тәуелді. Дүниенің концептуалды бейнесі логикалық-прагматикалық позитивтік танымға, әлеуметтік тәжірибеге негізделеді. Концептуалды бейне дүниенің тілдік бейнесінің бір бөлігі болып табылады.

Сонымен, концептілік талдауда тірек сөзді алып, соның негізінде өмірде болып жатқан оқиғалар мен іс-әрекеттер өрісінде қаралады және мәдени құбылыстың, оның қабаттары концептілерінің көмегі арқылы талданады. Яғни концептілік талдау – филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың бірден-бір тетігі болады. М.Т. Күштаева «концептілік талдау тәсілдері мен принциптерінің түрліше сипатта болу мүмкіндігін» ескерте отырып, «Тар мағынасында концептілік талдауды екі мағынада түсінуге болады: мәдени құбылыстың, ұғымның немесе мәдени қабаттың концептілердің көмегі арқылы талдануы; сөздерді мәдени құбылыс ретінде қарау арқылы олардың прагматикасы мен семантикалық құрылымының талдануы» деген тұжырымға келді. Ол «концептілік талдау деп тілді қолданушының әлем туралы түсінігінің ерекшеліктерін сөз арқылы ашатын тілдік талдауды» атады [83].

Сонымен қатар мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы құрауыштардың бірі ретінде символды алуымыз, оның кең мағынасында таңбалық бірлікте берілуінде. Себебі, символ әдебиетте де, тілде де бір қиылыста тоғысады. Бұлай дейтініміз, А.Байтұрсынов пен Қ.Жұмалиевтің пікірлерінің сәйкес келуінде. Екі ғалым да символдың өрісі кең (А.Байтұрсынов – ұлғайған, Қ.Жұмалиев – кеңейтілген) екенін айтады. Бұлай дейтініміз, символдың өрістік белдеуінде метафора да, теңеу де, аллегория да, метонимия

да, бір сөзбен айтқанда, тілдік бейнелеуіштік құралдары сыйып кетеді. Осы ретте символдың өзіне тән ерекшеліктерін санамалап кетсек:

- сөз символ болу үшін көркем мәтінде орын алады;
- символда көркем-образды тұлғаның болуы;
- символ нақты элемент болғанмен, нысаны – абстрактілі;
- уәжділігі.

Ғалым Б. Қасымның еңбектеріне сүйене отырып, сөздердің лексикалануы, семантикалық өрісі, когнитивтік табиғаты, символдану процесі нәтижесінде жеке номинацияға ұштасу заңдылығы, тұрақты тіркестердің сөзжасамдық мағынаға айналуы секілді тұжырымдар ұсынады. Ал символдың сол тілдегі мәдениетпен байланысын профессор Б.Қасым: «Символдардың әмбебап категория екендігі белгілі. Бұл көзқарас бойынша, *символ* – кезкелген мәдениетке тән әмбебап құбылыс. Адам қоршаған ортаны ой қабілеті арқылы танып біледі десек, тіл ой қызметін бейнеге, белгілі бір тілдік үлгіге түсіреді. Ол халықтық дүниені түйсінуінен хабар беретін қазына, яғни ғаламның тілдік бейнесі ретінде ұлттық эстетикалық таным-талғамын, кәсібін, мінез-құлық, ырым-нанымы, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухты тек тілде ғана жан-жақты танытады. Мұның негізінде “*әлемді тіл арқылы танудың*” әр ұлт тілінде түрлі сипатқа ие екендігі туралы шешімге символдың тілдік сипатын ашу арқылы және әр ұлттың болмысын таныту негізінде келуге болады» [84, 124], – деп көрсетеді. Тілші сол арқылы адам танымында зат не құбылыс туралы ұғымның жаңа бір сапасы, белгісі, қасиеті, реңі айқындалып, одан тілдің даму жүйесіндегі және ұтымдық даму кезіндегі туындайтын қажеттілікке сәйкес жаңа туынды мағыналар орбитінін дәлелдейді.

Жаңа ғылыми парадигманың және оның антропоцентристік бағыттың дамуымен мәтіннің қарым-қатынас қалпы ретінде ғана емес, мәдениет бірлігі ретінде тануға деген қызығушылық арта түсті. Д.С. Лихачев өзінің филология туралы ой-пікірлері мен тұжырымдарында: «Білім мен шығармашылық сөз арқылы көрініс береді және сөз арқылы мәдениет туындайды», – дейді [85, 206]. Мәдениет феномені ретінде мәтін, ең алдымен, әдебиеттануда қарастырылды. В.Е.Хализев мәтінді «уақыттың шеңберінен тыс әрі пайда болған жеріне тәуелсіз «жұмыс істеуге» арналған және қабілетті сәйкес сөйлеу әрекеті. Сондықтан ол – тыңғылықты ойланып, өңделіп жасалған дүние» деп есептейді. Бұл – сөйлеу-ойлау тәжірибесінің өте маңызды түйіскен орны, былайша айтқанда, бір замандары қалыптасқан ойдың көрініс беруі [86, 244]. Ғалым мәтінді анықтау критерийлерін мәдениеттің құбылысы деп таниды: жарыққа шығу, «мәдениеттер құрамында ұлы миссияны атқару қабілеті», «сөйлеуге қатысты», «тұрақтылық, өзіне тең келу» [86, 246]. Мәдениеттің құбылысы ретінде мәтін Ю.М. Лотман ұсынған лингвистика мен әдебиеттану түйсігіндегі семиотика тұрғысынан сараланған. Ғалым мәтінді «жаңа мағыналар генераторы ғана емес, мәдени жадының конденсаторы» деп атайды [52, 162]. Ю.М. Лотман бойынша, мәтін – мәдениетті түпнұсқалық сақтаушы. Мәтіндер – мәдениеттің тәні мен жаны. Мәтіндер, Ю.М. Лотман бойынша, мәдениеттің динамикасына түрткі болады. Бұл «мәтін – өзінің бойында

болашақта даму деген түсінік жинақтаған дән секілді, бір жерде тұрақталып қалған немесе өзгермейтін дүние. Оның құрылымын соңына дейін іштей айқындау жаңа контекстермен динамикасына қор болып табылады» деген ой-тұжырыммен байланысты [87].

Лингвистикалық тұрғыдан, Л.Н. Мурзин «көркем мәтіндер – адамның рухани әрекетінің таңбалық шығармалары формасында ғана өмір сүреді» деген анықтама жасайды [88, 161], мәдениет феноменін қарастырмаса, «тіл түбегейлі және толыққанды түсініле алмайды». Сөйтіп, ғалым мәтінге мәдениет бірлігі деген негіздеме жасайды: «Мәтіндер тұлғаны адам баласы жасаған рухани байлықтарға тәрбиелейді. Сондықтан да мәтінді мәдениет бірлігі деп атауға болады». Ғалым Бенвенисттің теориясының логикасына сүйене отырып, мәтін «сөз, сөйлем және тілдің басқа да бірліктері үшін полигон» болып табылатынын [87, 164], «мәтін жоғары деңгейде болуға мәжбүр» екендігін мәтінді анықтау «бір ғана мәдениет шеңберінде» өмір сүретінін дәлелдейді. Осының негізінде ғалым «мәтін тілдің ең жоғары деңгейі болып табылмайды», «мәдениет дәл осы жоғары мәдениетті құрастырады» [87, 165] деген қорытынды жасайды. Содан келін шығатын ой – мәтін мәдениеттің формалды бірлігі, мәдениет мәтінге «жіктеледі», мәдениет мәтіндерден тұрады. Концептуалды ой, Л.Н. Мурзиннің қорытындысына сүйенсек, «мәтін лингвистикалық зерттеудің объектісі ретінде... дәл мәдениет құрамында өзінің толыққанды аяқталған анықтамасына қол жеткізеді: белгілі бір мәтін енетін мәдениетті біліп қана қоймай, оны тереңрек түсіну мүмкіндігіне қол жеткіземіз» [88]. Көркем мәтінді зерттеуші заманауи ғалым Н.А. Левитская: «Мәтін адамның рухани өмірін суреттейді және мәдениетпен тікелей байланысты. Себебі көптеген мәдени кодтармен бейнеленін, мәдениеттің мазмұны туралы ақпаратты сақтайды. Өз кезегінде, мәтінді құрастыру ережесі мәдениеттің контекстіне тәуелді. Мәтін төменгі деңгейдегі тілдік бірліктерден құралады. Егер осы тілдік бірліктер сәйкес деңгейде таңдалса, мәдени сигналды күшейте алады», – деп тұжырымдайды [89, 117].

Қазақ тіл білімінде де бұл мәселеге қатысты қазақ тіл білімінің негізін салушылар А. Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов еңбектерінен мәтін туралы алғашқы ойларды кездестіреміз. Бұл жайлы қазірде қазақ тіл білімінде Б. Шалабай өз пікірлерін былайша білдіруде: «Біздің ойымызша, ғалым А. Байтұрсынұлы мәтінді «шығарма сөз» деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады. А. Байтұрсынұлы шығарманың тақырыптан, ал мәтін (шығарма) мазмұнының үш мүшеден, яғни аңдату, мазмұндау, қорытындыдан тұратынын көрсетеді. Сондай-ақ мәтіннің қатысымдық қызмет тудыруға негіз болатынын, айтушының ойының өзге үшін бағыттталатынын алғашқылардың бірі болып айтты» [90, 44]. Көркем мәтінді мәдениет бірлігі ретінде зерттеу мәселесі туралы ойлана келе, қазіргі заманғы зерттеуші Н.С. Болотнова мәтін мен мәдениетті біріктіріп, мәтінді мәдениеттің бірлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін ерекшеліктерді атайды: «*антропоцентристік* («адам – мәдениеттің жасаушысы және оның басты жасаған дүниесі»)), *диалогтық сипат* (мәдениеттер диалогы туралы қазіргі таңда көп айтып та, жазып та жүр

(М.М.Бахтин), *әрекеттік мағына* (мәдениетті әлемге деген әрекеттік реакция ретінде қарастырылады (В.А.Маслова), мұнда мәтін де алғашқы коммуникативті әрекет нәтижесі мен екіншілік коммуникативті әрекеттің объектісі болып табылады (Е.В.Сидоров), *таңбалылық* (мәтін де, мәдениет те әлеуметтік маңызды ақпаратты сақтауға қабілетті семиотикалық жүйелер), *символикалық* (Ю.М.Лотман мәдениетті «символикалық әлем» деп санайды, мәтін, әсіресе көркем мәтіннің символикалық сипаты бар, символика өмір сүру тәртібі мен мәдениеттің жалпылама формасы болып табылады (Л.В. Лебедева), *функционалды жалпылық* (мәдениет функцияларына ғалымдар ақпараттық, бейімді, коммуникативті, регулятивті, нормативті, бағалаушылық, интегративті, әлеуметтендіру т.б. функцияларды атқарады (В.А. Маслова, Е.В. Сидоров), *нормативтілік* (мәдениет – «адамдардың өмірін белгілейтін нормалар мен ережелер жиынтығы, өмір сүру бағдарламасы» (В.Н.Сагатовский), мәтін әртүрлі нормаларды ескере отырып құрылады: тілдік, мәтіндік, коммуникативті-прагматикалық (Е.Е. Анисимова) және т.б.) деп белгілейді. Ал кей ғалымдар мәдени мәтіннің категориалды жалпылық белгілері бірбүтін, оның жеке тұлғалық ерекшелігі, жалпы идеясы мен стилі бар, байланыстылық пен толыққандылықпен, идеялармен (концептуалдылықпен) сипатталады; стилистикалық маркерлігі (функционалды-стилистикалық реңкі мен жеке тұлғалық-стилистикалық ерекшелігі бар [91, 58-59] дегенді көрсетеді.

Көркем мәтін – мәдениеттің құбылысы ретінде оның ерекшеліктерін интерпретациялау барысында да қарастырылады. Мұнда мәселе мәтінге түсініктеме беруде шығарманы жазу барысындағы тарихи және саяси жағдайлар, жазушының дүниетанымын айқындайтын оқиғалар мен идеяларға негізделген, жазушының шығармашылығы, әдебиеттегі орны, дәуірдің жазушы тіліне деген ықпалы туралы мәтіннен тыс мәліметтер қолданылады. Авторлық ой, әдетте, жазылған көркем мәтіннің мағынасының көлемі мен тереңдігін ескермеуге болмайтынын дәлелдеп, сол арқылы оны интерпретациялау рөлін айрықша сөз ете отырып, И.В. Арнольд Альфред де Мюссенің мына ой-пікірін келтіреді: «Ақиық ақындардың кез келген тамаша өлеңдері ақынның өзі айтқан ойға қарағанда, екі-үш есе артық ойдан тұрады. Ал оқырманның міндеті – сол жетпеген ойды жеткізу, қажет болса, әрі мүмкіндік болса көркем ойлармен, талғамдармен толықтыру» [92, 126-127]. Сонымен қатар, мәтін интерпретациясы коннотацияның мәдени компонентімен анықталады. Демек, мәтінді қабылдау, түсіну және интерпретациялау, адресанттың мәтіннің мәдени мән-мағынаны қабылдау қабілеті ренипиенттің мәдени білімділігіне, мәдени коннотацияны түсіну қабілетіне тәуелді. Ал мәтіннен коннотациялық ерекшеліктерін табу да филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың бір компоненті ретінде сипатталады. Мәдени-тілдік құзыреттілікте тілдік бірлікті ассоциативті-бейнелі мотивацияланған мағыналық құрылымын, яғни мәдени коннотацияларды қарастыру жатыр.

Коннотация бұл «connotation» – қосымша мағына деген латын тілінен алынған термин. А.Хабиева көркем мәтін тілінен мәдени коннотацияларды мәдени-тілдік таным тұрғысынан қарастырады. Мысалы, М.Өтемісұлы

шығармаларында кездесетін билер мен жер-су аттары коннотаттық бірліктерге жатады. «Кет-Бұғадай билерден, Ақыл сұрар күн қайда?» – деген риторикалық сұрақ түрінде келетін өлеңінде Кет-Бұға биді айтып тұрғаны белгілі. Ал бидің өмір сүрген заманы туралы зерттеушілердің айтуына қарағанда, *Кет-Бұға* – XIII ғасырда ғұмыр кешкен тарихи адам, атақты би. «Көне түркі тілінде «Кед» (кет, келі, кез) – күшті, мықты. «Бұғы» - бұға, бұқа, бұке – батыр, күшті адам, бөгу – дана, данышпан деген ұғым береді» [93, 516]. Академик Р.Сыздықова «Сөздер сөйлейді» атты еңбегінде зерттеуші А.Сейдімбековтің сөзін келтіре отыра, бұндай сөзқолданыс Доспамбет жырау тілінен сақталып келгенін растайды. Біздің ойымызша, Доспамбет жырау мен Махамбет ақын өлең жолдарындағы бұл образды тіркес тек сыртқы формасы жағынан үндесіп жатыр. Ал осы қолданысқа салынған ой мен мән әр басқа. XV ғасырда жасаған Доспамбет жыраудың: «Кет-Бұғадай билерден, Кеңес сұрар күн қайда?» деп жырлауында өзіндік бір себеп бар шығар. Ал Махамбет ақынның араға үш ғасыр салып Кет-Бұғаны аузына алуына таза тілдік факторлармен қатар, тарихи-әлеуметтік жағдай, объективті шындық итермелеген болу керек. Ақын тілінде *Кет-Бұға* – бұл нақты адамның есімі емес. Ол типтік бейне. «*Кет-Бұғадай билер*» деп келген атаулы тенеу ол хандар замандарында өмір сүріп, өздерінің елдің әдет-ғұрпын жақсы білуімен, шешендігімен, даналығымен танылған адам. Нақтырақ «*Кет-Бұғадай билерден, Ақыл сұрар күн қайда?*» деген қайталаулардың келуі, біріншіден, мәтін шырайын берсе, екіншіден коннотаттық мағынаны береді.

Өз мәдениетін тілі арқылы терең және еркін игере алған жағдайда тұлға дамуының көрсеткіші болады, себебі адам өзінің тілі арқылы ұлттық мәдени құндылықтарын көрсете алады. Қазіргі таңда қазақ тілінің байлығын қажеттілікке біз жеткізбесек, кім жеткізеді? Қоғам дамуы үшін оның мәдениеті дамуы сөзсіз, ал мәдениетті жоғары деңгейге көтеретін – тіл, кейде мәдени код пен тілдік кодтың арасындағы түсініспеушілік ұлттың адамзаттық дамуына әсерін тигізеді. Қазіргі таңда көптеген ғалымдарды тіл мен мәдениеттің байлынысы, әрбір адамның қоғамдық және жеке өміріне қатты әсер ететіндігі туралы түсініктер, яғни мәдени-тілдік код мәселесі алаңдатуда.

Мәдени-тілдік кодты игеру тіл мен мәдениеттің құрылымы мен қызметі сияқты жалпы әлемдік қондырғының пайда болуына алып келеді. Біз ары қарай мәдени-тілдік кодты зерттеуді және оның ұлттық менталитетке әсерін байқап көрейік.

Біріншіден, тілді анықтап алайық. Біз тіл – таңбалар жүйесінің сақталуы, ақпарат алмасу мен өңдеу құралы деп санадық. Яғни, бұл тұрмыс-тіршілікке қажетті бір қыры еді. А.А. Волков мынадай анықтама береді: «Тіл – универсалды семиотикалық жүйе, себебі тілдік таңбалар сөз арқылы беріледі» [94, 68]. Ол тілді руханилықпен қатар, материалдық және физикалық мәдениет деп санайды. Семиотикалық тұрғысынан алғанда, мәдениет тілінің негізгі құрылымдық бірлігі таңбалық жүйелер болып табылады. Тіл адам үшін маңызды түсініктер мен оның соларға деген әсерін тіркеп отырады. Әлеуметтік ортада тіл – субъективті, жеке тәжірибеге интерсубъективті, мәдени мен

үстеуді, әлеуметтік маңызды мәселелерді жеткізуді, баршаға ортақ мән үстеуге жандай туғызатын жол көрсетуші, құрал ретінде көрініс алады. Яғни, ақпарат алмасу процесіндегі қажеттілік.

Мәдениеттің бастауы тілдің пайда болуымен тұспа-тұс келеді. Мәдени кодына байланысты анықтамалар да жетерлік. В.В. Красных соматикалық, кеңістіктік, уақытша, рухани, пәндік әртүрлі мәдени кодтарының бар екенін, олардың арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін айтады [49, 5-6].

Н. Уәлиев тілдік таңбада екі кодтың болатынын айтады. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет [17, 18]. Ал А.И. Кравченко: «Мәдени код – ақпараттың таңбалар арқылы берілу, өңдеу, сақтау мен ұғыну сияқты кодталған түріндегі белгілі бірі ережелер жүйесі мен таңбалардың жиынтығы» [95, 36], – деп көрсетеді. Р. Барттың айтуы бойынша, «код – өткеннің ізі». Ал, А.Ю. Лотманша «әлем – сөз, жаратылыс – таңбаның пайда болуы, мәдениет – күрделі құрылған мәтіндердің жиынтығы». Бұл жердегі «мәтін» сөзі мәдени ескерткіштердің конденсаторы іспетті, бұл жерден мәдениет – тіл – мәтін – өмір – мәтін – ескерткіш деген байланыс шығады [96, 391]. М.М. Бахтин «Мәтін тек қана жанды сөйлеу ғана емес, мәтін-тілдік таңба жүйесі, яғни мәдени қарым-қатынастың түрі, – дейді. Осы тұрғыда Н.Уәлиев мәтінді тілдік код деп көрсетеді. Тілдік кодты ашу үшін оның аялық білімі тілдік кодты аша алатындай болу керек. Біздің зерттеуіміздегі мәдени-тілдік құзыреттілік тілдік код пен мәдени код аясында жүргізіледі. Бірақ біздің тұжырымдауымыз бойынша, мәдени код бірінші пайда болады да, содан тілдік код қалыптасады. Себебі мәдени кодтар адам санасында өңделін, танымында тілдік кодқа айналып, мәтін пайда болады. Сонда мәдениет – сана – тіл – мәтін айналасында үдеріс жүреді.

Демек тілді анықтау, оның негізгі белгілерін көрсету шартты ұғымдар арқылы іске аспайды. Оның оймен, санамен байланысты қарастырылуының өзі тілдің ерекшелігін аңғартады.

Осы орайда айтқанда, тілдік процесінің негізінде белгілі бір энергетикалық күш жатыр, тіл үнемі даму үстінде болады (В. Гумбольдт, П.А. Флоренский). Осыны дәлелдейтін М.М. Маяковскийдің мына сөзін келтіре кетейік: «Тіл – өзін-өзі дамытатын, өзі-өзін басқаратын, өзін-өзі толықтыратын білім. Тілдік күш сол тілдің немесе басқа тілдің тілдік кеңістікке сәйкес тілдік үдерісін кодтайды. Барлық уақытта тілдік ретсіздіктердегі реттелу мен нормаға түскендегі үдерісі жүріп жатады. Бір уақытта жүретін тілдегі бұл екі үдеріс көрінісі – оның жаратылысының міндетті шарты. Тіл өмірі – тілдік өрістегі әртүрлі нүктедегі энергия саны мен энергетикалық спектрдегі оның сақталу сапасы барысындағы тілдік энергияның үздіксіз жаңғыруы мен басылуы» [97, 172].

Әрбір тілдің жиынтығы белгілі бір қатынас құралы – диалект, жаргон, тілдің стилистикалық өзгеріске ұшыраған түрлерімен қолданылады. Осындай қайсыбір құралдарды код деп атауға болады. Код жалпы мағынада – коммуникация құралы.

Мәдениет өз көрсетуінде аспектуализацияланады, яғни семиотикалық тәсіл бойынша қатар түзіп, мәдениет әртүрлі семиотикалық үлгіде танылады. Сәулет өнері, музыка, кино – әртүрлі мәдениеттің тілі – семиотикалық қатарда жалпы менталды мағынасында топтасуы мүмкін. Семиотикалық қатардың негізінде жатқан жалпы мағына мәдени кодпен ұйымдастырылады. Мәдениет семиотикасында мәдени код «лингвомәдени стереотиптермен қалыптасқан белгілер мен механизмдер жиынтығы» [98, 61–62]. Бұл механизмдер екі үдерісте жүреді: 1) мағыналардың ашылуында; 2) олардың репрезентациялануында (көрініс беруінде).

К. Рапай мәдени кодты ашудың белгілі бір алгоритмін ұсынады. Оны ашу үшін адам айтқанындай емес, танымына сүйенді. Ары қарай кодты ашуда оның эмоциясына үнілді. Эмоциядан мағынасына емес, құрылымына анализ жасады. Тағы бір кодты ашудың әдісі – тілдік шаблондарды меңгеру. Тілдік шаблон деп сөйлеу шаблонын көрсетіп тұр. Сөйлеу шаблонын меңгеру арқылы мәдени-тілдік кодтағы бұзылысты байқауға болады. Ю.М.Лотманша мәдени код – кемінде екі мәдени таңбалардың бір-бірімен қарым-қатынасын құрайтын жарылыс. Таңбалар бір-біріне екі жақта әсер етеді: семиотикалық кеңістікте бір-біріне бара-бар немесе жанаспайды. Мәдени код – ақпаратты тасымалдау, өңдеу және сақтау үшін таңбалардың жиынтығы мен белгілі бір ереже жүйесі. Мәдени код – мағынасы мәдени тіршілік феномендерімен байланысты әлемдегі белгілі бір фрагменттердің бейнесі мен мәдени бірліктердің жиынтығы. Ал код – нақты хабарламаларды қалыптастыру ережесі.

Код мәдениеттің мағыналық деңгейіне енуіне жол ашады, кодтық білім болмай мәтінді аша алмауымыз мүмкін. Мәдени код барлық мәдениеттің тілінде жатыр, бірінен кейін біріне мағыналық деңгейге көше беретіндіктен оларды ашу оңайға түспейді. Мәдени-тілдік код тілді қолданушылардың ұлттық менталитетімен тығыз байланысты және ақпаратты беруде оған әсерін тигізеді. Мысалы, Ә.Бөкейханов – тұлға – Алаш орда қозғалысының жетекшісі – Қазақ Республикасының алғашқы төрағасы – ұлт қамын ойлағаны үшін жазаланған. Бұл жерде Ә.Бөкейханов – тілдік код, оның қандай тұлға екені оның мәдени коды болып табылады. Әр ұлттың мәдени коды мен тілдік коды бар. Мәдени код пен тілдік код бір-бірімен тығыз байланысты. Мәдени код тілдік код арқылы шешіледі. Мәдени кодқа жинақтай келе мындай анықтамалар беріп көрейік:

1. Сол ұлттың мәдениет түрлерін (ауызша, жазба мәдениет) түсіну тетігі. Мәдени код берілген сөздің бейнеленген мағынасын түсінуге мүмкіндік береді.

2. Адамның материалдық және рухани іс-әрекетіне негізделген сөздің мағынасы мен белгілердің жиынтығы.

Э. Сепир тілдің мәдениетпен тығыз байланыста екенін айта келіп, мәдениет пен тілдің спецификасын жасады: «Мәдениетті анықтау үшін сол ортаның жасағаны мен ойлағанын білу керек, ал жасау мен ойлау тіл болып табылады». Сонымен, мәдениет тілсіз, тіл мәдениетсіз жасай алмайтынын көруге болады. Бұл байланыста тілдің «ішкі форма» екенін, мәдениет дамуы адам қоғамында жүзеге асырылатынын байқаймыз. Осы ретте бұған дейін

зерттелген мәселе, тіл – тек адамға ғана тән құбылыс. Қазіргі анықталған антропоэзектілік лингвистикада тіл мен мәдениетті игеру бірінші орынға шықты. Мәдениет сәулесінен кейін тілдің функциялары тіл білімі ғылымын негізге ала отырып, адам туралы басқа ғылым салаларында қарастырылады. Мәдениет – адам жасаған және жасайтын материалды және рухани қажеттіліктер (А.И.Арнольдov, Л.П.Ким).

Елбасы айтқандай, «дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Қазақстандық мәдениет еліміздің барлық азаматтары үшін патриоттықтың өзегі болуы қажет. Біз ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді әр алуандығын және айбындылығын сақтай отырып, оны қорғауымыз, мұрамызды түйірлеп жинастыруымыз керек» [99]. Ол қазақстандық мәдениет – елдің барлық азаматтары үшін патриоттық өзегі болуы тиіс екенін әлденеше рет атап өткен болатын. Қазақтарда әрқашан да жеті ұлы рухани құндылығы, яғни «Жеті қазынасы» болды. Сондай-ақ, «Қазақстан-2050» бағдарламасында ұлттың мәдени кодының жеті бөлігі: мұра, дәстүр, салт, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелер, мерекелер анықталған. Бұл – туылғаннан қалыптасатын, өмір бойы адамды сүйемелдейтін және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылықтар. Өзінің қалыптасуының бастауын білетін, тарихи түп тамырын құрметтейтін және дәстүрін сақтайтын халық – ол қуатты және табысты мемлекеттің негізі. Тілді ұлт коды ретінде қарастыру мәдени мұрамыздан сыр шертеді. Мәдени мұра – тарих. Әр халық өзінің ұлттық кодын білуі тиіс. Ұлттық кодқа жоғарыда атаған құндылықтарымызды жатқызар едік. Ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейту мақсатында қажеттілікті туындатуымыз керек. Осы арада ұлттық кодты сипаттайтын сол ұлттың мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдебиеті. Атадан балаға мирас болған тілді ұлттық код ретінде қарап, тарихымыз бен мәдениетімізден сыр шертеміз. Қай ұлттың болмасын басқа халықтан ерекшеленіп, дараланып тұратын сол елдің мәдениеті, салт-дәстүрі, әдебиеті. Осылайша өзінің мәдениеті арқылы басқа елдерге, дүниежүзіне танылады. Ертеден келе жатқан ата-бабалардың өлшеусіз рухани байлығы, қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан халықтығы, ізгілігі, тәрбиенің мәдениетке байланыстылығы, табиғатқа сәйкестілік, жүйелілік, тұлғалық принциптердің өткен ғасырлардағы тәрбиенің тұжырымдамалық идеяларының жалғасы екендігін көреміз. Ұлттық мәдениет тарихының қайта жаңғырып өркендеуі, әдебиеті мен дәстүрлерін қадірлеу – оның әлем алдындағы өзіндік ерекшелігі, даралығы. Ал осы ұлттық кодтың бәрі көркем мәтінде көрініс табады.

Сонымен, тілдік код – элеуметтік-лингвистикалық бағытта қарастырылатын, сол тілде қарым-қатынас жасаудағы диалект, жаргон, вербалды, бейвербалды әрекеттердегі термин. Мәдени кодқа сол елдің ұлттық құндылықтары және тарихи қойнауында өмір сүрген мәдени байлықтары жатады. Ұлттық кодтың көрінетін тұсы – көркем мәтіндерде. Мәтін – тілдік код, мәтін арқылы байланысқа түскен адресат пен адресанттың тілдік кодты аша алатындай аялық білімі болуы керек, болмаса, көркем мәтінді оқу барысында түсіне алатындай оқырманның тілдік білімі болуы қажет. Н.Уәлиевше айтсақ, тілдік білім дегеніміз сөзді, оның мағыналарын, сөйлемнің

мағыналары мен құрылымдарын білу дегенге саяды. “Оқырман-тілдік тұлға” мен “суреткер – тілдік тұлға” – нақты бір тілдің субъектісі. Тілдің дыбыстық, лексика-семантикалық, грамматикалық бірліктерінің мән-мағынасы мен қызметі, нормасы екеуіне де ортақ. Бірақ автор өз ойын көріктендіре жеткізу үшін, авторлық қолданысымен беру үшін тілдік білімін қолдануы мүмкін. Мысалы, қаламгер *қарғыс атсын* демейді, *ақ дәмім жібермесін* деп қолданады. Сонымен қатар, шығармаларда «Көзімді ашып, үйдің уығына, одан шаңыраққа қараймын. Ашулы түндіктен көкпенбек мөлдір аспанды көрін, кеудеме белгісіз бір қуаныш лықсығандай болды» [100, 75]. Мұнда қазақ халқының заттық мәдениетін танытатын лингвомәдениеттер. Осылар арқылы оқырманға ерте заманның “есігі” ашылады. Жоғарыда келтірілген семиотика *тілдік код* болса, екінші жағынан, *когнитивтік код* я болмаса тіл субъектісінің адам санасында бейнеленуі, ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы беріліп келе жатқан дәстүрлі білімдер жүйесі. Тілдік таңба стимул болса, оқырман санасындағы білімнің мән алуы (актуалдануы) – реакция. Бұл жайт мәтін арқылы “оқырман-тілдік тұлға” мен “суреткер-тілдік тұлға” арасында диалогтің басталғанын байқатады. Екі бірдей код – тілдік код пен мәдени код ашылғанда ғана екі тұлға арасында диалог өрбиді.

1) тілдік код - сөздің лексика-семантикалық ерекшелігін көрсетеді, яғни сөздің сөздіктерде берілетін түсіндірмесімен сәйкес келеді. Оның лексикалық мағынасы болады.

2) мәдени код – лексика-семантикалық ерекшелігімен қатар, сол халықтың тарихымен үндес адам санасында көрініс беретін семиотикалық жүйе [101, 75].

Бұл жоғарыда көрсеткен лингвомәдени көрсеткіштерді жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде кешенді түрде талдау жасауымыз қажет. Қазіргі таңда барлық ғылым саласында ең бірінші мәселе – адам болғандықтан, тіл мен мәдени кодты антропоэкетілік мәселесі ретінде қарап, ұлттың танымында қарастырамыз.

Сонымен, мәдени-тілдік құзыреттілік лингвистикалық және феноменологиялық құрылымға сүйенеді. Лингвистикалық құрылым бойынша бақылау және тану рөлін орындаса, феноменологиялық құрылым бойынша тұлғаның креативтілігін тудырады, барлық мәдени-тілдік танымын байытады [102, 176].

Көркем мәтіндердің (фольклорлық және көркем) екі типінің ерекшеліктері ондағы мәдени-тілдік әлеуеттің ерекшеліктерін де анықтайды. Бұл мәтіндердің мәдени-тілдік сипаттамасының үлгісін құрастыруға септігін тигізеді.

Әдеби көркем мәтіннің мәдени-тілдік сипаттамасы оқу әрекетіндегі күрделі түр ретінде саналады. Себебі авторлық мәтіннің толыққанды қабылдануына бағытталған. Демек, осы мәтінді жасаған ақын не жазушының тілдік бейнесін анықтауға және осы мәтінде жасырынған әлемнің тілдік бейнесінің элементтерін (ұлттық немесе жалпыадамзаттық) табуға бағытталған. Демек, авторлық көркем мәтіннің лингвомәдени сипаттамасы, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар мәтінімен жұмыс істеуге қарағанда, өн бойында лингвомәдени әлеует пен авторлық интенцияны анықтау мақсатында жинақтайды:

- көркем мәтіннің мәдени-тілдік әлеуетін көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарының көмегімен анықтау;
- микробейнелер арқылы сөйлеу пәнін бейнелі бөлшектеу;
- көркем шығарманың мазмұндамалық (нарративті) сипатымен байланысты динамика (етістікті сюжет немесе етістікті сөйлеу);
- дыбыс жазу немесе дыбысқа еліктеу;
- кешенді көркем-бейнелі тілдік конкретизациялау т.б. [103, 594].

Алғашқы тәсілді кең мағынасындағы метафоризация деп атайды. Зерттеушілер жасаған метафоралардың әрқилы түрлерінің типтеріне сүйене отырып, әдеби көркем мәтін тілдік және көркем метафораларды бейнелей алатынын айтқымыз келеді. Авторлық интерпретацияға көбінесе тілдік метафоралар түседі, соның нәтижесінде авторлық, көркем метафоралар туындайды: көп ойлану – «ойына көміліп отыра берер ме еді, сағат тілі түнгі бірге озыпты» (Д.Досжан); пана іздеуі, қорған болар жер іздеу – «Мен тұрымтайдың тобынан үркіп, қолтығыңызға келіп тығылған бір торғаймын ғой» (Қ.Жұмаділов).

Егер мәтінде троптық бейнелелік жоғары болса, оның бейнелеуіш құралдарымен жұмыс істеу, авторлық және тілдік метафораларды табу, мағынасын анықтау – лингвомәдени сипаттаманың міндетті элементі болар еді. Дыбыс жазу мен дыбысқа еліктеу – бейнеліліктің ерекше типі. Әдетте, ол есту арқылы сезінуге септігін тигізеді. Классикалық түрдегі бір мысал – Ш.Мұртазаның күннің батуын сипаттауына қарайық: «Ұясына қонақтаған күннің құдыретінен жалба-жұлба бұлттар басын өрт шалды» [Ш.Мұртаза]. Көркем мәтіннің, әдетте, поэтикалық мәтіннің дыбыстық символикасы – өте қызықты, мәтіннің бейнелілігінің музыкалды түрі деп атауға болады. Мәтінге осы ерекшеліктеріне қарай лингвомәдени сипаттама беру барысында оның мазмұнына назар аудару керек.

Біздің зерттеуіміздегі қосымша нысанның бірі – көркем мәтін. Біз жоғарыда айтқандай көркем мәтінді тарихи-мәдени бірліктердің астасып, лингвомәдени сипатта өрілуі жатқандықтан алып отырмыз. Мәтін – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланыстылығы негізінде жасалады. Мәтін туралы біршама пікірлер осы уақытқа дейін қалыптасқан. Ф. Оразбаева «Тілдік қатынаста өзіндік орны мен маңызы бар қатысымды тұлғалар: сөз, фразеологиялық тіркестер, сөйлем және мәтін. Мәтін, яғни текст – қатысымдық тұлғалардың ішіндегі мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйе», – деп тұжырымдайды [12, 28].

Барлық мәдени құндылықтар мәтіннен табылатындықтан филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың маңызы – қазіргі антропоэектілік бағыттағы зерттелетін ең күрделі мәселе.

Осы ретте мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда тірек болатын көркем мәтінді алуымыздың себебі – онда кездесетін ассоциациялар ұлттық сипатта болуында. Білім алушы мәтін мазмұнын түсінін қабылдап қана қоймай, сөз болып отырған оқиғаның бұл шығармадан басқа шығармаларда суреттелген фактілермен, жағдайлармен, сонымен қатар жеке және қоғамдық тәжірибе

нәтижесінде жинақталған дағдымен, ұлттық болмыспен байланысты болып келеді. Көркем мәтін тұтастығы, жүйелілігі, ақпараттылығы, коммуникативтілігімен қатар, бейнелілік, ұлттық-мәдени тілдік бірліктердің болуымен де сипатталады. Автор мәтін арқылы өзінің эстетикалық ұлттық құндылықтарын беруге тырысады. Сондықтан көркем мәтін оқырман көңіл-күйіне әсер ететіндей эстетикалық ақпараттан да тұрады. Эстетикалық мәтін тілінің ақпараттылығы оның бейнелілігімен де тығыз байланысты. Көркем мәтіннің эстетикалық бастауы ондағы бейнелер жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бейне жасауда, оқиға желісі арқылы ұлттық маркерленген тілдік бірліктер арқылы берілуін, тілдік емес білімдерді санада қорытып, әлемнің тілдік бейнесін жасауы, тілдік тұлға дүниетанымы арқылы өмірге көзқарасын білдіретін тұтас көркем дүниенің негізгі бөліктері мен тұтас бөлшектері болып табылады.

«Мәтін» түсінігі лингвистикада, психолінгвистикада, семиотикада, философияда, поэтикада және әртүрлі пәнаралық байланыстарда қолданылады. Қазіргі нақты ғылымда мәтін табиғи тілдің шектелген таңба құрылымы болып қана қарастырылмайды, мәдениет феномені ретінде түсіндіріледі. Қайсыбір өнершығармалары, қандай нәрселердің жиынтығы ақпараттар таратады, әсер қалдырады, яғни өз кезегінде өзіндік бейнелі мәтін болып табылады. Адам таңба құрамы ретінде табиғатты, қоршаған ортаны қабылдауы мүмкін. Осы кезде әлемді, табиғатты, өзін-өзі тануға ұмтылады. Мәтін сөзінің өз кезегінде күрделі этимологиясы бар (лат. *textum* – арқау, киім, байланыс, буын, стиль; *textus* – структура, байланысты мазмұндама). Сонымен қатар үш семантикалық компоненті кіреді: адам қолымен жасалған, табиғи емес; осы жасалғанның ішкі элементтер байланысы; жасалған нәрсенің жасандылығы [110].

Сөздің семантикалық мазмұнындағы ұлттық болмысын, дүниетаным ерекшелігін қарастырып, «тіл және мәдениет» бағытының семантикалық негіздерін ұлттың таным, түсінігімен ұштастырып зерттеген профессор Б.Қасым белгілі бір затты немесе құбылысты ассоциациялаушы сөз оларды таңбалап қана қоймайды, сонымен бірге санада сол затты ұғымдық қырын жан-жақты бейнелейді. Бұл қазіргі мәдениеттің, тілдің санада бейнелеуі, тілдің әлемдік бейнесін сөз етуі. Семантикалық-когнитивті талдау әдісі лингвистикалық-когнитивті зерттеу процесінде мазмұндаудың ерекше түрі – когнитивті интерпретациялау барысында мағынаның мазмұнынан концептілердің мазмұнына көшуімізді көздейді. Когнитивті интерпретациялау – онсыз зерттеу лингвистикалық семантика шеңберінде ғана болатын семантикалық-когнитивті зерттеудің әдісі. Тиісті концептілердің айқындалуы мен мазмұндалуын қамтамасыз ету арқылы семантикалық-когнитивті әдіс зерттеушілерге зерттеуге алынған деректерді пайдаланудың екі мүмкіндігін береді:

- *тілге қайтып оралу*: алынған когнитивті білімдерін тілдің семантикасындағы құбылыстар мен үдерістерді түсіндіру үшін, лексикалық және грамматикалық семантикасын тереңінен зерттеу үшін пайдалану; зерттеудің бұл бағыты *когнитивті семасиологияға* жатады;

- *санаға жақындау*: концептілерді ұлттық концептосфераның, ұлттық мәдениеттің бірлігі ретінде модельдеу;

- бұл бағыт *лингвистикалық концептологияға жатады* [79, 226].

Мәтінді құрудың жасандылығын поэтика қарастырады. Ол мәтіннің құрылуын, құрылысы мен композициясын зерттейді. Сонымен, мәтін құрастыруды, мәтінтану мәселелерін, мәтіннің құрылысын зерттеу әлі күнге дейін өз жалғасын тауып келеді.

XX ғасырдың екінші жартысында мәтін теориясына қатысты еңбектер орныға бастады. И.Р.Гальперин мәтінді лингвистикалық зерттеудің нысаны ретінде қарастырды. Т.М.Николаева мәтін лингвистикасының өзіндік ерекшеліктері арқылы қалыптасқан екі бағытты көрсетті: 1) мәтіндік құрылыстың дұрыстығын, сол арқылы коммуникацияның дұрыс жетуін білдіретін және талдайтын бағыт. 2) нақты бір мәтіннің терең мағыналық қырларын ашуға бағытталды. Яғни, мәтін талдауға қажетті құралдар мен принциптері ұсынылады.

Т.М. Дридзенің түсінігінше, «мәтін қатынас бірлігі, қатынас жасау мақсатында мағыналы ақпараттың құрылымы және мағына ұйымдастырудың анықталған әдісі, тұлғаның себепті және мақсатты бағытталған зерделі де ойшыл әрекетін іске асыру, басқа адамдармен материалды-практикалық әрекет алмасуға ұмтылу және лингвосомиотикалық қатардағы сала өнiмiне анализ жасауға келмейдi» [106, 31]. И.Р. Гальпериннің өзі мәтіннің негізгі белгісі аяқталғандығында және оның тақырыбы болуында деген-ді. Бірақ кейбір мәтіндерде (лирика, медиа мәтін) тақырып болмауы да мүмкін. Шетел ғалымдарының лингвистикалық құралдар туралы ойлары мен пікірлерін айта келіп, мәтіннің анықтамасын береді. И.Р. Гальперин: «Мәтін – бұл белгілі бір мақсатқа көзделген және прагматикалық құрылғылары бар, лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстардың әртүрлі типтері біріктірілген, құжатқа сәйкес әдеби байланысы және соған сәйкес тақырыбы бар, аяқталған ойға ие, сөйлеу шығармасы», – деп қарастырады [107, 18]. Біз бұл анықтамадан сөйлеу шығармасы деген параметрдің болатынын, яғни қағаз бетіндегі ауызша сөйлеуді қосып отырғанын түйдік. Ауызша сөйлеу – бұл қозғалыс екенін жақсы білеміз. Ал, мәтін дайындалмаған сөйленім емес, алдынала қағаз бетіне түсірілген, тілдік бірліктердің ережелерін сақтайтын тұрақты үдеріс. Сонымен қатар мәтіннің екіжақты табиғатын – қозғалыссыз және қозғалмалы жақтарын көрсетті. Мұны тарқатар болсақ, кезегімен әртүрлі бірліктің сипатталса, онда қозғалыссыз жағдайдың (имплицитті) белгілері болады. Егер мәтін өндірілсе (оқу), онда хабарлама қайта кодталады. Осы жағдайда жоғарыда айтылған нәрсе біріншісі болса, екіншісі – семантикалық код, мәтінді түсіну үшін кездесетін атауыштардың біріктірілуі, үшіншісі – мәдениет коды. Сол замандағы мәдениеттен керекті мәліметтер береді, төртіншісі – герменевтикалық код, хабарламадағы тапсырмалар мен жауаптардың тұжырымдалған жинағы, бесіншісі – таңбалық код, жабық түрдегі қорытындыланған хабарламалардың ішкі психологиялық себептері [108, 145]. Сонымен қатар А.А. Брудный мәтінді 5 қарым-қатынаста қарау керектігін

ұсынады: 1) мәтін – шындық болмыс; 2) мәтін – аудитория; 3) мәтін – автор; 4) мәтін – алдыңғы және соңғы мәтіндер; 5) мәтін – құрылған және қабылданған жағдай [108]. Бұл ретте тұжырымдасак, ойдың тіркелген, анықталған орны, мәтін – автор дегенде, автордың қарым-қатынас барысындағы көздеген және беру әдіс-тәсілдерін талқылауда мәтіннің туындайтынын айтамыз.

Кейбір кездері мәтін талдауды сөйлеу тілімен алмастырып аламыз. Ғ. Әнес өзінің докторлық диссертациясында бұл екі ұғымның аражігін аша түседі. Сөйлеу тілінде динамикалық басымырақ, бірліктерді синтагмалық қатынаста күй кешетін, ойдың сөйлеу кезіндегі белгілі бір бөлшегін ғана көрсете алатын, мәтіннен бөлек құбылыс екенін түсіндіреді [109, 45]. Ал, мәтін – тұрақты, естуге имплицитті (безговорный) түрде даяр, екіжақты категория. Мәтінді оқу барысында ой елегінен өткізе отырып, қайта кодталу (перекодировка) мен жеке сөздердің мәтін арқылы трансформациялануы өтеді. Осындай мәселелерді шетел ғалымдары да қарастырып, бірізді пікірге келмегендігін И.Р.Гальперин еңбегінде айтып өткен.

Тұжырымдай келе, негізінде мәтін қатысымдық сипатта, яғни сөйлеу нәтижесі ретінде қарастырылады. Мысалы, Т.М. Әбдікәрімова коммуникативті мақсаттағы мәтінді былайша жіктейді:

- жалпы қабылдаған мағынадағы қоғамдық үкім;
- коммуникативтік қызмет, яғни мәтіннің белгілі бір коммуникативтік қызметті орындау қажеттілігі;
- семантикалығы, яғни мәтіннің семантикалық жағынан біртұтас болуы;
- жағдаят шарттылығы немесе кез келген мәтін, сол мәтін мазмұнындағы жағдаятты нақты анықтайды; интекционалдылығы, яғни айтушы не жазушы қатысымды белгілі мақсаттылығы;
- грамматикалығы, грамматикалық норманың сақталуы [110].

Бұл пікірлерден мынандай мәселелер аңғаруға болады. Мәтін сөйлеу тілі шығармашылығы ретінде, сөйлеу құралы және негізгі бірлігі ретінде қарастырылады. Содан кейін, барлық зерттеушілер үшін талассыз нәрсе, бұл – мәтінді туғызу және ойша өрбіту коммуникациялық құбылыс немесе қарым-қатынас мақсатының жетістігінің ғана орындалатындығы. Жоғарыда талданған еңбектерінде зерттеушілердің пікірлері ұқсас келетіні аңғарылады. Мысалы, мәтін ауызша және жазбаша түрде жасалады, мәтін – бұл аяқталған шығарма және ең соңында, мәтін өзіндік ішкі құрылымнан және оның бөлімдерінің «шашырап кетуге» жол бермейтін байланыс құралдарының бар екеніне күмән туғызбайды.

Сөйлеу әрекетінің теориясы тұрғысынан алып қарағанда коммуникация тілдік емес тапсырманың пайда болуына арналып есептелінген, ынталандырылған және мақсатқа бағытталған іс-әрекет болып табылады және барлық іс-әрекеттің жалпы мақсаты құрылымына әрқайсысының мақсаты сәйкес келетін әрекеттердің қолданысына қарай коммуникативтік – сөйлеу әрекеті деп аталады.

Зерттеушілердің бағыты, біріншіден, мәтін – сөйлеу шығармашылығына әсер ететін іс-әрекеттің шынай шенбері және шын мәніндегі, құрылымы

ретіндегі нысанды уәжділік екенін (объективтік фактор) айтады, екіншіден уәжділік – мазмұн, (айтушы, жазушы) дайындық деңгейі және қабылдаушының хабарламасы, қарым-қатынастың материалдық құралдары. Осы уәжділікті (фактор) қабылдай отырып, жіберушінің аяқталған сөйлеу мазмұнына қатысты вакуумда болмайтынын, жеке адамдар барлық жоғарыда айтылған экстралингвистикалық уәжділіктің әсерінен қалыптасатынын ерекше айтуға болады. Осы уәждеме теориясына байланысты ғалым Б. Қасымның: «Уәждеме – сөздің дыбыстық таңбасы мен мағынасының арақатынасын саралауды талап ететін тілдік құбылыс» [79, 79], – деген анықтамасына келісе отырып, ұлттық болмыс тұрғысынан тіл мен ойлаудың саралауынан туындайтын тілдік құбылыс екенін қосқымыз келеді.

Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай сөйлемдердің жәй ғана тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық күрделі тұлға, белгілі-бір заңдылыққа ие өзіндік нормаларына сәйкес құрастырылған бірлік. Ол – логикалық, грамматикалық, мағыналық байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынас бірлігі. Сол себепті мәтіннің құрылысына оның түрлі деңгейлік қабаттарында түзіліп, мәнді де сипатты ерекшеліктерін ашу, белгілі бір кеңістік пен уақыт шеңберінде өмір сүру заңдылықтарын айқындау, сөйтіп мәтіннің ішкі бірлігінің сыр-сипатын ашу лингвистиканың негізгі нысандары болып табылады.

Мәтінді оқып-түсіну қай бағытта болмасын күрделі және маңызды. Қай стильдегі мәтін болмасын өзінің құрастыру заңдылықтары, мәтін талдау ұстанымдары бар. Сондықтан мәтінді әр қырынан зерттеу керек. Мәтін авторға емес, адресатқа арналады. Адресат білсін, көрсін, тоқысын, жинақтасын, мұра болсын және т.б. мақсатта жазылады. Мәтін – тілдік таңбалар арқылы әр ойдың белгілі бір жүйесі іріктеліп, сұрыпталып, өз ойын білдіре отырып жеткізілетін көлемді де шағын тілдер жүйесі.

Тұлғаның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда тарихи, әдеби мәдени, философиялық мәні бар мәтіндерді интерпретациялап, тұтастай бере білу қиын мәселе. Осы тұрғыда зерттеуші М. Мұқамбетқалиева өз еңбегінде мәтін туралы мынадай анықтама береді: «Мәтін – тілдік шығарма, оқушы оны оқу үстінде ақпараттарды қайта өңдейді, сондықтан мәтін – жекелеген фактілерді түсінуден, олардың арасындағы байланыстардан, сатылап дамудан тұрады. Қорыта келгенде, осылардың бірі мағыналық тұтастыққа бірігеді» [30, 47].

Тіл мәдениеті әдістемесінде тұлғаның түсініп оқу дағдысын ұштауда, байланыстырып сөйлеуге жаттықтыруда, лексикалық қорды жекелеген ұғымдармен байытуда, пікірлесуде, түрлі жағдаяттарда меңгерген ұғымдарын қолдана білуде, қатысымдық әрекетті жүзеге асыруда негізгі құралдың қызметін атқарады. Мәтін адам ойын өсіру арқылы тіл меңгертудің басты бірлігі болып саналады да, тұлғаның құзыреттіліктерінің қалыптасуына негіз болады.

Ғалымдардың тұжырымдауынша, мәтін деп тақырыптың, құрылымдық-мазмұндық едінанысы ретінде қабылданатын, монологтік сөйлеудің аяқталған

үзіндісі саналады. Байланыстырып сөйлеудің соңғы нәтижесі – мәтін, сондықтан ЖОО-дағы практикалық сабақтарда мәтінмен жұмыс жасау оқытушы қызметіндегі ең негізгі ядролық компонент есебінде қарастырылады. Мәтін қатынастың ерекше компонентін құрайды. Бұл ретте қаратпаның немесе кімге арналғандығы туралы қасиетке ие болады. Мәтін әлеуметтік функцияны орындайды, қоғамдық сананы қалыптастырады және адамның іс-әрекеттерін реттейді. Сондықтан филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың маңызы үздіксіз білім беру үдерісінде үнемі жоғары болмақ. Мәдени-тілдік құзыреттілік филолог- мамандардың тілдік қабілеттерін, оның терең лингвистикалық дайындығын, бір жағынан, сөйлеу әрекетінің рефлексивті-интерпретативті дайындығын қалыптастырады. Ал бұл жағдайда ұлтымыздың мәдени өмірін суреттейтін мәтіндер өз кезегінде стратегиялық ұстанымында қызмет етеді [111, 52].

### **Бірінші бөлім бойынша тұжырым**

1. Филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздеріне тоқталсақ, мәдени-тілдік құзыреттілікті игеру, маманның кәсібилігіне, кәсіби маманның интеллектуалды шеберлігі мен Ұлы дала елінің идеясын жүзеге асыратын тілдік тұлға ретінде сипатталады.

2. Қазіргі жаңа ғылыми парадигмада білім беру мазмұнының өзгермелі тұсына келуіне орай, ғалымдардың антропоэзектілік бағытында тіл мен мәдениет бірлігін қарастырған зерттеулерінен мәдени-тілдік құзыреттіліктің негізгі құрауыштары тілдің бейнелі-ассоциативті қызметі, тұлғаның эмоциясын тудырып, бағалауға түрткі болатын мәдени маңызды тілдік бірліктер, синхронды және диахронды сипаттағы мәдени мағыналар, дүниелік бейнелерді ұлттық семалармен маркерленген мәдени-тілдік бірліктер болып табылады.

3. Тіл мен мәдениет екі түрлі семиотикалық жүйеде болғанымен, өзара жақын әрі бір-бірін толықтырып тұратын феномен. Мәдениетті әдебиет деп қарастырсақ, қазіргі зерттеулерде тіл мен әдебиеттің мәдени бірлігі ретінде мәтін ғасырлар бойы сипаттаулардан өтсе де, әлі де күн тәртібінде. Мәдениет – қоғамдық фактор. Мәдениеттің жоғары көтерілуі, өшпес із қалдыруы тіл арқылы әдебиеттен орын алуы болып табылады. Өйткені бір этностың мәдениеті екінші этносқа оның тілдік таңбалары арқылы баяндалып түсіндіріледі.

4. Көркем мәтін – сол ұлттық бітім-болмысын, ұлттық психологиясын, ұлттың дүниетанымы мен оның өмір сүру тәжірибесін, ұлттық салт-санасы мен наным-сенімін көрсететін біртұтас дүние. Көркем мәтін – ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі, айнасы. Көркем мәтін қарапайым жұмысшыдан қолбасшыға дейін тәрбиелейтіндіктен, мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-теориялық негізі зерттелді.

5. Тіл мен мәдениеттің бірлігі арқылы болашақты жалғастырушы филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыру -

педагогикалық тұрғыда тәрбиелік маңызы үлкен, адамгершілікке, ізгілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу, өзара түсіністік, мәдени және саяси, психологиялық тұрғыдан дамыту, мәтіннен мәдени-тілдік бірліктерді ажырата алу, тілдің бейнесі мен поэтикалық білімі арқылы танытудың концептуалды негізі болып саналады.

6. Мәдени-тілдік құзыреттілік – мәдениет туралы ақпаратты таңдаумен, тасымалдаумен және практикалық қызметте пайдаланумен байланысты білім мен білікті қамтитын тұлғаның интегративті қасиетін, мәтіннің лингвомәдени сипатын тани алуы.

Сонымен, бірінші тарауда мәдени-тілдік құзыреттілік мәселесін қазіргі ғылыми парадигмада қарастыруымыз – білім беру мазмұнының уақыт өзгеруіне орай жаңаша бағытта оқытумен байланысты. Себебі, филолог-маман – оқушыны да, студентті де оқытатын тілдік тұлға. Ал тілдік тұлғаның кезкелген мәтіннен мәдени-тілдік құзыреттілік компоненттерін таба білудің, өмір құбылыстары суреттелетін көркем мәтіннің табиғатын ашудың маңызды компоненттерін жүйеледік.

## 2 ФИЛОЛОГ-МАМАНДАРДЫҢ МӘДЕНИ-ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН МӘТІН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### 2.1 Филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың философиялық негіздері

Еліміздің ішкі өміріне үңілсек, мемлекеттік, әлеуметтік, қоғамдық салаларда ауыл-ел тұрмысын түзеуде жетістік-кемшілік қатар көрінгенімен, ілгерілеушіліктің, ертеңгі күнге үміт-сенімнің жоғарылығы айқын байқалып, білім-ғылым, руханият әлемінде де оң өзгерістер қалыптасты. Тәуелсіздіктің туын биік ұстайтын, еліміздің болашағын сеніп тапсыратын – білімді де жаңашыл ұрпақтың өсіп-есейіп келе жатуы да бүгін мен болашақ туралы берік сенім ұялатады [112, 2-4]. Өзіңдік құзыреттілігі қалыптасқан, рухани байыған тұлғаға қай кезде де елдің туын берік ұстайтынына сенім артылады. Білім – уақыт пен кеңістікте заман ағымына қарай философиялық ойлар мен оны жүйелеудегі жеке тұлғалардың көзқарастарын қамтиды. Ойшыл әл-Фараби білімнің маңыздылығына тоқталады. Барлық адами құндылықтарды игеру мен ізгілік, бақыт жолында өмір сүруді білімге тірейді. Өмір қажеттілігіне қарай жақсы өмір сүру үшін заманауи білім алу ұғымы мен тұлға өмірінің байланысын философиялық аспектіде қарастырғанда ашылмақ.

Философиялық тұрғыдан алғанда, адам бар жерде тіршілік бар, оның тілі мен ділі бар. Қай ұлттың я халықтың тілі ұзақ өмір сүру үшін ғасырлар бойы соның жолында күресіп, білім мен ғылым жолында аянбай еңбек етіп келеді. Б.Момышұлы айтқандай, «Тіл тазалығы үшін күрес, әрқашан толастамақ емес». Осы ретте Елбасы Жолдауында ғасырымыздың он сын-қатерінің бірі ретінде – «өркениетіміз құндылықтарының дағдарысы. Әлем ауыр дүниетанымдық және құндылық дағдарысты бастан кешіріп отыр. Өркениеттер қақтығысы, тарихтың ақыры, мультимәдениеттің күйреуін жариялайтын үндер жиі естіледі. Жылдар бойы сыннан өткен құндылықтарымызды қорғай отырып, біз үшін осынау кертартпа көзқарастан тартынуымыздың қағидатты маңызы бар», - дейді [113].

Осы мәселенің алдын алу, яғни қай кезде де болмасын ұлттық мәдени мұраларымызды тұлға бойына сіңіру ешқашан кеш емес. Ұзақ мерзімді жолдауда және жалпыға бірдей білім беру стандартында көрсетілгендей, қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті, мәдени-танымды ұрпақ тәрбиелеу – оқытудың жаңа бағытталған әдістерін керек етеді. Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесіндегі тың өзгерістер мен жағдайлар жоғары кәсіби білікті маман дайындау жолындағы еңбектер деп білеміз.

Мәдени-тілдік құзыреттілікті игеру адамның ең жоғарғы мәдениетінің қалыптасқандығы, қабілеттерінің бірлігінің беки түсетіндігі деп білеміз. Себебі сана мен тіл, таным мен мәдениет, сөз бен ойлау ажырамас егіз ұғымдар. Осы орайда А.В. Птушенконың: «Культура речи: норма и выразительность ее компоненты: мировоззрение (эрудиция) логическая культура, психологическая культура, коммуникационная культура, лексика, стилистика, грамматика,

фонетика и художественные средства (тропы, фигуры, юмор, мифология) языка», - деп сөз мәдениетінің компоненттерін көрсетеді [114, 29].

Білім алудың алғышартын сөз еткенде әл-Фарабидің философиялық ойына тоқталсақ: «Ғылым-білім үйренемін деген жас адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты, тек ақиқат пен шындық жолына ғана бағытталуы тиіс, онда ғылымнан жай ләззат іздеу болмайды. Адам көздеген мақсатына жету үшін, бұған жетудің тәсілін, жолын жақсы білуі қажет. Парасаттылық адамға білім нәрімен сусындаған кісіге келеді» [115, 96], – деп білім-ғылымының түпқазығы сапалы білім алуда жатқандығын айтады. Бұл филолог-маманның, оның ішінде магистранттың жастық болмысына сай келеді. Біздің зерттеу жұмысымыздың аясында танымал шығыс ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің гуманистік бағыттағы идеяларымен терең танысу мүмкіндігі туды. Ғылыми тәсіл ұстанымын қатаң сақтай отырып, ғалым Аристотель, Птоломей, Евклид, Порфирий секілді көне заман ғалымдарының еңбектері мен логикалық туындылығына талдау жасаймыз. Ғалым антикалық мәтіндерге қарапайым түсінік беріп қана қоймай, олардың мазмұнын өзіндік көзқарас-қорытындылар арқылы дәлелдеп көрсетуге тырысады. Әл-Фараби мұрасының ішінде метафизика, тұрмыс-тіршілік заңдары мен категориялары, адам баласының таным әрекеті, ой-сананың мән-мағынасы, физикалық әлем қасиеттерін зерттеу мәселелеріне арналған еңбектерінің рөлі ерекше. Әсіресе, әл-Фарабидің білімді жіктеуі ерекше назар аударуды қажет етеді: бүгінгі таңда бұл жіктеліс ортағасырлық ғылыми ой-сананың маңызды жетістіктерінің бірі саналады. «Бақытқа жету жолдары» атты трактатының гуманистік бағыты туралы шығарма талас тудырмайды. Аталған шығармада ғалым білім салаларын теориялық және практикалық деп жіктейді. Ғылыми салалардың типологиялық сипаттамасы туралы мәселеге әл-Фараби «Ғылымды жіктеу мен анықтау туралы кітап» атты туындысын арнайды. Бұл еңбекте алдыңғы орынға ғалым тіл туралы ғылымды жіктеп, сөз, сөз тіркесі секілді бірліктердің маңыздылығын ерекше анықтап, жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарын құрастырады. Оның ілімінде логика өнер ретінде сипатталап, бүкіл ғылым атаулының ең алдыңғы қатарына жіктелген. Ойшыл математикаға да ерекше назар аударады, оған арифметика мен геометрияны ғана емес, механика, астрономия және ең қызығы – музыканы да жатқызады. Құқықтану мен догматикалық дін ілімін адамзаттық ғылым деген топқа жіктейді. Ғалымның трактаттарында ілімнің ғылыми салаларын осылайша жіктеуіне толық әрі сенімді түсініктеме де берілген.

Әл-Фарабидің «Ғылымдардың пайда болуы туралы» атты трактатын оқи отырып, біз білім ілімдердің ғылыми салаларын айрықша жіктеуге тап боламыз: арифметика, геометрия, астрономия және музыканы педагогикалық ғылымдар деп бөледі. Осы пәндердің тәрбиелік құндылығына ерекше назар аудара отырып, әл-Фараби оларды меңгеру «артынан ерген ғылымдарды тануға апаратын тіке жол» деп сипаттайды [115, 96].

Шығыстың танымал ойшылының зерттеулеріндегі гуманистік сипат пәндер мен олардың мақсат-міндеттерін анықтауға ғана емес, ғылымның олардың өзара байланысын көрсетуге деген талпынысынан да көрінеді. Әл-

Фараби Аристотельдің логика, диалектика, риторика, поэтика бойынша шығармаларына түсініктеме мен өзінің басқа да трактаттарында философиялық білімнің басқа ғылымдардан оқ бойы биік тұратыны туралы ой тастаған алғашқы шығыс ойшылы болып саналады. Философия ұтымды дәлелдерге, логикаға сүйене отырып, ақиқатты, өмірдің мәнін тануға ең жақын тұрған пән саналып, саналы әрі ойлы адамға бақытқа апаратын жолды көрсетіп, оның рухын өлместей етеді. Бұған қоғам не мемлекетті, әл-Фарабидің ойынша, тек қана философ-билеуші ғана басқаруы тиістілігі туралы пікірін қосамыз.

Философия мен әлеуметтану мәселелері, музыка мен математика, медицина мен астрономия, теология мен саясаттану теориясын ғалым логика тұрғысынан зерттейді. Әл-Фараби бұл ғылымның маңыздылығын айрықша бағалайды: тілді грамматикасыз елестету мүмкін емес болса, логикасыз ойлау да мүмкін емес. Қазіргі заман тұрғысынан алсақ, тұлғаның коммуникативті қасиеттерін қалыптастыруға қатысты сөз етіліп отыр, оның негізінде қарым-қатынас мақсатын түсіну, грамматикалық заңдылықтарды білу, өзінің ой-тұжырымдарының құрылымын анықтау қабілеті жатыр. Ал таңдалып алынған құралдардың ситуациямен, уәждемелер мен дәлелдердің орынды болуы логикада қарастырылатын заңдарға негізделген. Ғалымның «Логика бойынша кіріспе тараулар» атты трактатында логика мен грамматиканың, логикалық ойлау мен сөйлемнің грамматикалық құрылымы арасындағы өзара байланыс туралы тұжырым жасалған. Әл-Фарабидің риторика – бүкіл ғылым атаулыға қатысты ілім саласы – туралы ойлары ерекше көңіл қоюды талап етеді. Риторика сенім үдерісінде бүкіл өнер үшін жалпы тәсілдерді қолданады. Себебі ол «заттардың барлық түрлерінде сенімге қол жеткізеді... оның кез келген мәселе бойынша адамдарды сендіру күші бар» [116].

Біздің зерттеу нысанымызға алынып отырған филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігі үздіксіз білім алу мен оған жетудің жолдарымен сабақтасып жатыр. Қазіргі жаңа парадигмада «үздіксіз білімін жетілдіру», «өмір бойы білім алу», ұлттық құндылықтарға негізделген «мәдени кодты игеру», «тұлғаға аксиология арқылы білім беруді бағыттау» тірек сөздерді қамтиды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» – деп көрсетілген [117]. Біздің зерттеу субъектіміз болып отырған филолог-мамандар – өмір бойы оқу, үнемі ізденісте жүретін, үздіксіз білімін жетілдіруші тұлғалар. Ал филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру – оқыту үдерісінде тілдік тұлға санасымен байланысты мәтін бойынан концептуалды талдау жасауы жатыр. Өйткені мұндай тұжырымдауда тіл мен мәдениет бірлігін сабақтастырған философиялық ой-тұжырымдар, әлемнің тілдік бейнесі, концептуалды талдаулар, тілдік тұлға мәселесі. Мәдени-тілдік компоненттер филолог-маманның бүкіл өмір-тіршілігіне жететін білім мен ғылымды игеруге мүмкіндік туғызады.

Бұл кезеңдегі тұлға болмысы білім алудың жоғары деңгейіне жету үстінде қарастырылады. Себебі маманның, яғни қалыптасқан тұлғалық шақтан өткен

білім алушы тұлғаның бағыттылығы, айқындылығы, кәсіби даярлағының деңгейіндегі үдемелі өзгерістер болмыстың акмеологиялық амалының жүзеге асырылуымен қамтамасыз етіледі. Бұл адам өміріндегі есейген жастық шақты белгілейтін, өз кезеңінде ол білім алудың жоғары шыңына жету үдерісінде және гүлденген кезі болып саналады. Ал философиялық зерттеулерде бұл кезеңдегі тұлға болмысының философиялық шарты адамзат ойының шыңына жетуімен сипатталатын ерекше тиянақталғандық және жүйелілік сипатқа ие болады. Философияда филолог-маман дәрежесіне жеткен тілдік болмыстың «білімнің жоғары синтезі», «білімге деген құштарлық – меннің білімге деген ұмтылысы» таза ақиқатқа жетуін білдіреді.

Неміс философы Гегельдің айтуы бойынша, бұл кезеңдегі адамның жетілуі ақыл-оймен және логикамен, Шопенгауэр, ерік-жігер арқылы жүзеге асады. Зерттеу объектіміз болып отырған мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда филолог-маманның мәтінге ассоциативті-бейнелі талдау жасай алуы, автордың тілдік тұлғасын тани алуы Гегельдің айтуындағы ой мен логиканың қатысы арқылы танитынын айтуға болады.

Қазақ философиясында тіл мен таным, тіл мен сана, тіл мен ойлау, тіл-құрал, тіл мен мәдениетті жастық символымен байланыстыра ашу арқылы мәдени-тілдік құзыреттілікке жетудің маңызы туралы тұжырымдар бар.

Алғаш рет адамды тілдің мәдени феномені ретінде Вильгельм фон Гумбольдт қарастырған. Оның ойынша, әрбір тілдің ішкі мазмұны болды және тіл арқылы сол халықтың әлемдік бейнесін таныды. Одан соң Э.Кассирердің философиялық концепциясы мәдениетті адам іс-әрекетінің азығы дегенге сай келді. Оның «Мәдениет философиясына кіріспе» еңбегінде «адам табиғатының кілті – таңба» дегенді айтты. Яғни адамның басқа тірі ағзалардан ерекшелігі таңба жүйесін көрсетті [118, 147]. Бірақ әрбір философтың дәстүрлі қарама-қайшылықтары болды. Э.Кассирердің көзқарасы бойынша, адамның физиологиялық өсуімен қатар таңбалық универсиумы болатынын, алайда адамның өмір сүру мәдениетін тек формамен қалыптастырды.

Сократ: «Дүниені тану, әлемді білу қажет-ақ. Дегенмен, адам өзін-өзі, өзінің ішкі дүниесін білуге ұмтылуы керек», – дейді. Бұдан Сократтың бірінші принципі «өзіңді таны» деп адам өмірін философияның негізгі мәселесі етіп қараумен шектелмей, ұлтты таны, артта қалған тарихты біл, өмірді таны деп өзіндік сана ретінде қарап отыр. Тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру – қазақ тілінің сан ғасырлық қалыптасқан әдеби нормаларын, мәдени-танымдық құзыреттілігін игеруі болып табылады.

Филолог-маманның дүниетанымын қалыптастыру әдіснамасы философиялық теориямен байланысып жатыр. Танымның философиялық теориясы дүниені ақиқатпен тануды сезімдік және рационалды (логикалық) таным арқылы іске асырып, практикада тексереді. Рационалды таным тіл арқылы жүзеге асса, ұлттың жинақтаған ақпараттық байлығы тілдік бірліктер арқылы сақталады және тіл бірліктері – сөз, сөйлем, мәтін арқылы қалыптасады. Тілді игеру – ғасырлар бойы жалғасын тапқан, ата-бабадан қалған рухани-мәдени байлықты игеру болып табылады. Осы арқылы магистранттың

лингвистикалық дүниетанымы қалыптасады, әлеуметтік ортада өз орнын таба біледі. Осы ретте Т.Жүргеновтің мына пікірі ойымызды дәлелдей түседі: «Тіл адамның дүниетанымы дәрежесін көрсетіп қоймай, соның адам болып қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Дүниежүзілік мәдениетке ана тілі арқылы ғана барамыз». Тіл арқылы танымның дамуы оның биіктігін, адам санасында тілдік ұғымның бейнеленуі мәдени-тілдік құзыреттіліктің қалыптасуын аңғартады. Рационалды таным тілдік формаларда көрініс табатындықтан, сол сезімдік танымға сүйеніп, өмір шындығымен байланыста болғандықтан, маманның мәдени-тілдік құзыреттілікті игеруі де анық, дәл, нақты фактілерге негізделген, тарихи, көркем шығармалармен байланыста болады.

Философия заңдылығы бойынша, таным үрдісі практикада тексерілуден өтсе, сол сияқты тілдік бірліктер тұлғаның жеке және қоғамдық практикасында қолданылып, танымдық, іскерлік, шығармашылық т.б. қызметінде іске асады. Теория мен практиканың байланысы тіл мәдениетінде көрініс береді, маман тіл – қазынаның ең дұрысы, анық, әсерлі, таза, бай құралдарын талдап-таңдап пайдаланып, өз ойын ауызша да, жазбаша да дәл еркін жеткізеді [119, 46]. Таным философиялық ұғым екені белгілі. Тұлға дамуының қалыптасуында танымның маңызы ерекше. Қазақ халқының бай ауыз әдебиетінен бастап, бүгінге дейінгі көркем мәтіндер дара тұлғалық ой-өрісінің, басты дүниетанымының артуына көмектеседі. Ал адамның бір қасиеті – дүниетанымы өмір бар жерде адаммен бірге өсіп, өшеді.

Тіл мен сана байланысында концепт ұғымы пайда болады. Жалпы, концепт философиялық тұрғыда екі бағытта түсініледі: біріншісі – рухани мәдениеттің өзекті сөзі, екіншісі – сөздің пайда болуына дәнекер алғашқы түсінік. Концептінің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкте болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады [23, 55-56].

Магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігі ұлттық құндылықтарды, болмысты, танымды көрсететін, дүниетанымды ерекшелейтін мәдени кодта көрініс табады.

Ата-бабаларымыздың келешек ұрпақ жолында еңбек-әрекеттері, ұлттық салт-сана, дәстүр, тіл тұрғысындағы ақыл-парасатты, пайымды ой-сөздері мәнін ешқашан жоймақ емес. Қаз дауысты Қазыбек бидің: «Біз қазақ мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Басымыздан құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз, достықты сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз» [120, 100], – деген даналық ойлары мен ұстанған қағидаларынан ұлтымыздың бай тарихы, өмір-тұрмысы мен кәсібі, әдет-ғұрпы терең танылады. «Басынан құт-береке қашпауы», «жердің шетін жау шаппауы», «бастан сөз асырмауы», «достықты сақтауы», «дәм-тұзды ақтауы» – абстрактілі ұғымдар. Оның ешқайсысын қолмен ұстап, дәмін сезе алмаймыз. Құт-береке өздігінен қашпайды, жердің ұшы-қиыры жоқ, сөз аспайды – бұлар ұлттың танымы, ойлаудың танымдық көрінісі. Бұл мәдени-тілдік семалардан шығатын концепт – тыныштық, достық, байлық. Абстрактілі

мән арқылы жететін тілдік танымдағы когнитивті метафоралар бейнелі компонент құрайды. Бұл философиялық ойлар мен концептуалды бағыттар білім беру кеңістігінде филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптасрудың бірден-бір тетігі болып табылады.

Қазақ халқының тарихында ұлттық мақсат-мұраты жолына саналы өмірі мен еңбегін арнаған, ақыл-парасатын, асыл сөздерін қалдырған Қорқыт, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Бұқар жырау, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің, Ыбырай, Абай, Шәкәрім т.б. ұлы ғұламалардың философиялық ой салғаны анық.

Адамдардың рухани мәдениетінің қалыптасуы – аумалы-төкпелі заманымыздың ең маңызды мәселесі. Өйткені қоғамның рухани жадаулығы – қауіпті дерт. Ол адамдардың саяси-моральдық азып-тозуына, елдің әлеуметтік-экономикалық құлдырауына әкеледі.

Құндылықтарды бағалаудағы қателіктер көбіне өтпелі кезеңдерге тап келеді. Бір қоғамдық жүйе екіншісімен ауысқанда мұндай асыра сілтеушіліктер жиі кездеседі. Қазіргі уақытта етек жайып, белең алып бара жатқан тағылыққа, жан жадаулығына қарсы қоятын бірден-бір әлеуметтік күш – руханилық болып табылады. Рухани мәдениет және өркениет бір-біріне сай бола бермеуі де мүмкін. Ғылыми-техникалық жетістіктердің адамға ізгілік әкелуімен қатар бақытсыздық әкелуі де өмірде орын алып отырған шындық. Бүгінгі тіршілік етіп отырған қоғамымыздағы халықтың әлеуметтік тұрмысы, күнкөріс қамы, олардың ел болашағы, ұлттық мүдде, азаматтық парыз бен қарыз деген келелі ұғымдар жайлы ойлауға, оған өз үлесін қосуға, ниет білдіруге, талап қылуға мүмкіндік беріп отырған жоқ. Адам баласы терең ойлап, кең пішетін санадан, адами және рухани құндылықтардан күннен-күнге жатсынып бара жатқаны ғасыр трагедиясы. Адамзат баласының әлеуметтік жағдайының қиындығы оның бойына өзгерістер әкеледі. Ішкі жан-дүниесінен бастап, сыртқы бет-бейнесі, іс-әрекеті, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына дейін белгілі бір өзгерістерге, құбылуларға ұшырайды. Бұның бәрі оның дүниетанымына да әсер етеді [121].

Данышпан ғалым әл-Фараби адам жан-дүниесінің қыр-сырларын зерттеп, тұлғаның ерекшеліктерін көрсетуін, зерделеуі «Ізгі қала тұрғындары», «Азаматтық саясат» еңбектерінен байқаймыз. «Азаматтық саясат» кітабында: «Ақылы бар және потенциялды қабілеті бар есті жануарлар бір-бірімен біріккенде, «саяси» немесе «азаматтық жануар» болып шығады. Тек ақыл парасатты қабілет қана адамдарды басқа жануарлардан ерекшелеп шығады» [121, 381-392]. Әл-Фараби бұл түйіндерінен адамның басқалардан айырмашылығы ақыл-парасатында, адамның ойлауы мен пайымдауында деп тұжырымдауынан адам туралы философиялық ойды нақтылаймыз.

Егемендік алған еліміздің ғылым мен техниканың дамыған заманында нарықтық экономикаға көшуі – жалқаулықты, білімсіздікті көтермейді. Бізге керегі халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан салт-дәстүр мен рухани құндылықтарымызға ие болу, берік болу. Рухани құндылықтарды әлемді философиялық тұрғыдан зерттеген отандық ғалымдар І.Ерғалиев [122], А.Ғ.Косиченко: «Руханилық – Адам болмысының ерекше бір белгісі» [123], –

деп тұжырымдаса, Ж.Р.Бәшірова: «Руханилық – тек адамдарға ғана тән маңызды қасиет. Адам өзін тану барысында руханилық қасиетін дамытады, адам өз күшіне сеніп, өз ақылына жүгінгенде ғана үйлесімдікте өмір сүре алады», – деп пайымдайды [124, 58]. Елбасы «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «Әрбір халық өз тарихын, философиясын білмейінше, оған белгілі бір көзқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес» дегені мәдениеттің, салт-дәстүрдің, әдебиеттің дамып өзгеруі қоғамның дамып өзгеруімен тығыз байланыста екенін атап көрсеткені [126].

«Ғылым, өнер, тіл және мәдениет, жалпы алғанда, рухани дүние тұтастанған ғаламды» құрамай, әлеуметте өзіндік мақсат қойылмаса, адами рух тек ойнаумен, өзін-өзі алдаумен айналысады» [125, 141] Әрі танымдық негізі берік, әрі қазақ үшін барлық өнердің алды саналатын, әрі қоғамның да, жеке тұлғаның да мәдениетінің өлшемі болып табылатын, әрі рухани дамудың бірден-бір тетігі саналатын тіл – бүкіл құндылықтың бастау көзі. Қазіргі ғаламдану үдерісінде ұлттық құндылықтарды сақтау жолындағы күрес – ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну қиын емес. Ал мұның бәрі мәдениет, таным, тіл деген негізгі құндылықтардың беріктігіне келіп тіреледі. Әрине, бұлар – халықтың рухани дамуының түпқазығы. Осы мәдениет, таным, тіл сақталған жағдайда ғана, оны барлық кері ықпалдарға төтеп бере алатындай деңгейге жеткізу ғана халықтың болашақ тағдырын оң шешеді. Ғалымдардың тұжырымдауынша, ана тілінің құзыреттіліктерін тұлға бойында қалыптастыруда дүниетанымдық аспектілермен байланыстырып, мынадай ұстанымдарды ұстанады:

*Оқытудың белсенділік ұстанымы* – тұлға бойында құлшыныс пен өз бетімен жұмыс жасауды, білімді берік, терең игеруді, білікті, дағдыны жүйелі қалыптастыратын байқампаздық, ойлау, сөйлеу белсенділігі, шығармашылық және есте сақтау қабілеттерін дамытатындай етіп құруды талап ететін қағида.

*Білімнің беріктігі* – санада білімнің сақталып қана қоймай, өмір дағдылары мен мінездерінде, түрлі тілдік-қатысымдық жағдаяттарында да қолдануын жүзеге асырады. Білімнің беріктігі танымдық қызығушылық танытқанда ғана жүзеге асады. Сөз мәдениеті сабағында дүниетанымдық материалдарды қайталау, орындалатын жаттығулардың, берілетін түсініктердің жиілігін жүйелеу, сөз мәдениетінің басты түсініктерін, олардың логикалық байланысын нақтылағанда қалыптасады. Білімнің беріктігі жадта білім, білік, дағдыны жаңғыртумен қатар, тұтас дүниетанымдық көзқарасқа айналады.

*Түсініктілік* – бір нәрсенің анықтығына көз жеткізу.

Түсініктілік – шындықты игерудің санаға тән формасы, оны мазмұнын ашып, қайта жаңғырту. Тілдік материалды меңгеруі, игеруі, өзі тұжырымдауы және тілдесім, жазылым түрінде пайдалануы шарт. Бұған мәтінтануды, танымдық материалдарды енгізуге болады [118, 56-57].

Осы ұстанымдарға сүйене отырып, мынадай лингводидактикалық қағидалар нақтылана түседі:

1. Ана тілі дүниежүзілік мәдениетке жетелейді. Ана тілін терең игерумен, дамыған ел тілін, мәдениетін меңгеруге жол ашылады.

1. Ана тілі арқылы ұлттық сананы қалыптастыру. Тіл – ұлттық сананың көрінісі, ұлттық сана – мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың басты кепілі.

Сонымен қатар дүниетанымды қалыптастыруда оқытудың ғылымилығы, саналылық пен белсенділік, теория мен практиканың бірлігі, оқу мен тәрбиенің бірлігі принциптерін мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда ұстанады.

Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, сол ұлттың бүкіл таным-болмысы мен тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін мәдени-тілдік бірліктер менталды айырмашылығын көрсететін халықтың өмірлік көрінісі болып табылады. Халықтың мәдениетімен, дүниетанымымен байланысты тілдік бірліктер жайында А.Алдашева: «Халық тілінде сақталған тілдік бірліктерде ұлттық мәдениеттен, дүниетанымнан ақпарат беретін нышандар болады. Басқаша айтқанда, кейбір тілдік тұлғалардың өзі «ұлттық бітімді» байқатып тұрады» [127]. Тіл мен мәдениеттің арақатынасы таным арқылы сипатталады. Адам санасында дүние туралы ақпараттар жинақталып, ол ақпараттар тілдік таңбалар арқылы кодталады.

Мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың дүниетанымдық әдіснамасы – қазақ тілінің сан ғасырлар бойы қалыптасқан әдеби нормаларын, мәдени бірліктерін, мәдени тілін игеруі.

Қазақтың ұлттық әдеби, мәдени тілінің даму тарихында Абайдың орны да, еңбегі де орасан. Абай ана тілін болашақ үлкен әдеби тілге айналдыруға бүкіл ойымен, барлық жан-тәнімен кірісіп, оған баға жетпес еңбек етті. Оның «Мақсатым – тіл ұстартып, үлгі шашпақ», «Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» дейтін көкірегінен шын шыққан сөздері дәлел.

Қай халықтың болмасын сөз өнері ұлттық көркем тіл нормасында ең басты көрсеткіші болып танылады. Академик Р.Сыздықова қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілері мыналар деп көрсетеді:

- аса бай ауыз әдебиеті (ауызша туып, ауызша тараған поэзия мен прозалық үлгілер) тілінен алған ұзақ дәстүрлі тарихы бар тіл екендігі;

- аса бейнелі тіл екендігі, яғни бейнелі фразеологизмдердің молдығы, теңеулердің активтігі;

- лексикалы бай тіл екендігі, яғни синонимдердің көптігі, халықтық терминологияның, жарыспалы қатарлардың молдығы;

- лексикалық, грамматикалық мүмкіндігі зор тіл екендігі, яғни сөз жасау тәсілдерінің икемділігі, өзге тілдерден сөз қабылдау қабілетінің күштілігі, семантикалық құбылымға бейімділігі;

- қазақ халқы мекендеген барлық аймаққа ортақтық қасиетінің күштілігі, яғни диалектілік ерекшеліктердің аз көрінуі [128, 112].

Қазақ тілінің өзге тілдер сияқты өзінің ішкі заңдылықтары бар. Ол заңдылықтар сөздерді дұрыс қолдану, өз орнымен жұмсау, бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөйлемдерді дұрыс құрастыра білу [128, 83].

Мемлекетіміз алға дамыған сайын оқыту үдерістерінің де мазмұны жаңарып, әдістері жетілдіріліп келеді. Білім беру үдерісінде кездесетін

себептілікті, байланыстылықты, бір-біріне тәуелділікті, даму жолдарын нақты ажырату үшін таным заңдылықтарын терең меңгерудің маңызы зор.

Таным – адам өміріндегі ең басты мазмұн. Бұл жерде мәтін ішінде танымдық мәселелерді негіз ете отырып, тұлғаның танымдық белсенділігін жетілдіру әдістері орын алмақ.

Ал филолог-мамандардың жастық болмысында танымдық құштарлық ерекше дамиды. Ғалым А.К.Маркова танымдық құштарлықтың себептерін бірнеше деңгейге бөледі:

1. Кең танымдық құштарлықтың себебі – жаңа білім алуға бағытталу – факт, құбылыс, заңдылықты білу.

2. Оқу-танымдық құштарлықтың себебі – өз бетінше білім алу, білім алу жолдарын іздеуге бағытталу.

3. Өздігінен білім алуға құштарлық себебі – қосымша білім алуға бағытталу, өзі-өзі дамыту бағдарламасын құру [129, 150].

А.К. Маркованың ойын тұжырымдасақ, үздіксіз білім алу нәтижесі – ұлттық мәдениетпен байланыстыра отырып, өзін-өзі дамыту, білуге де құштарлық, дүниені тануға деген ынтызарлық.

Біздіңше, біз құрастырған таңдау пәнін ендіру мына мәселелерге сеп болады және тұлғаның ұлттық құндылықтар негізінде дүниетанымы артып, «рухани күші» (М.Мамардашвили) нығая түседі:

– филолог-мамандарда заманауи қоғамда жоғары сұранысқа ие кәсіби-интеллектуалды тұлға қалыптастыру;

– дүниені тануда санамен байланысты туындаған мәдени-тілдік бірліктерді тұжырымдай алу қабілетін дамыту;

– кәсіби қызмет пен қоғамдық өмірде маңызды болып табылатын ауызша және жазбаша қарым-қатынасты игеруді айқындайтын ғылыми тіректі қалыптастыру.

Тіл білімінің көрнекті өкілі А.Байтұрсынов адамға тән ғаламның екі сабақтастығын дәлелдеу мақсатында оның психологиялық-философиялық эмоционалды көңіл-күйін қияли танымның, ойлы сезімнің өзегіне айналдыра сипаттайды. «Ішкі ғаламның» субъективті мүмкіндіктерін, өзіндік даму жүйесін анықтауда «тысқы ғаламның» элементтерін ұтымды пайдалана білген ғалым тілдік құралдарды, адамның сөйлеу әрекетін оның ойының жемісі ретінде қарастыра отырып, «жүрек лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі» сынды ұғымдар байланысын жан-жақты аша түсті.

Яғни, тіл мен ойлау байланысынан туындайтын философиялық реңктер тілтанымдық фактілердің қабылдану өзгешелігін дәйектейтін болғандықтан, адам дүниеге әкелген сөз үлгілері де, олардың функционалды-семантикалық өзгешеліктері де танымдық үдерістің нәтижесін құрайды. А.Байтұрсынұлы: «Адам дүниедегі көрген-білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңлаулап қана қоймайды. Ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білгенін нәрсенің я ісінің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғаламмен, сезін тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келін түйіскен жерде

жыртылып айырылғысыз болып бірігеді» – деп атап көрсетті. Осыған орай адам санасына ерекше анықтама береді: «Адамның санасы суретке түсірмейді, нәрсенің тұрпатын ғана түсіріп қоятын нәрсенің саңлауы келіп адамның санасына түскенде, адамның ойын да, көңілін де бірдей оятады...» [130, 226], – деген маңызды тұжырым жасады, оның арқасында тіл ғылымында адам психикасын танымдық негізде дәйектеген алғашқы көзқарастар дүниеге келіп, когнитивті зерттеулердің құнды ұстанымдары өзектеле бастады.

Қоғам жаратылғаннан бастап қазірге дейінгі уақытта жеке тұлға белгілі бір нысанда және дәрежеде қоғамға тиесілі және оны өндіру мен дамыту құралы ретінде қарастырылады. Яғни, «қоғам – адам үшін» принципі емес, «адам – қоғам үшін» принципі әрекет етті. Әртүрлі әлеуметтік жүйелерде бұл ұстанымның айқындылық дәрежесі де бірдей емес. Сондықтан да қоғамның жас стратификациясы алғашқы кезекте, жеке тұлға үшін емес, бүтіндей бір қоғам үшін маңызды болды. Сонымен қатар жеке адамның жаралуының және қалыптасуының белгілі бір сатыларының ауқымы мен бағалау эталоны ересек тұлға болған және бүгінгі күні де осындай дәрежеде. Осы ұстанымдарға негізделген әлеуметтік идеал тұрғысынан алғанда, адамның бірден ересек, сонымен қатар осы қоғамға қажетті қасиеттерінің және қабілеттерінің жиынтығымен туылғандығы тиімді болар еді. Тұлға толыққанды болу үшін белгілі бір кезеңдерден өтетіні белгілі. Сондықтан жас стратификациясының мәні – биологиялық және әлеуметтік мәдени дамудың әртүрлі деңгейлеріндегі жеке адамдар қандай да бір әлеуметтік міндеттерді орындау қабілеті мен дайындығы, зейіні жағынан ерекшеленеді.

Адамның жаратылысы жер бетінде бірдей екені белгілі. Барлық адамдар мен мәдениеттер өзіндік болмыс-бітімін қалыптастыратын индивидтік, қоғамдық мақсаттарды айқындайтын қажеттіліктер, дәстүрлер мен стимулдарды дамытты. Адамзаттың даму табиғаты бірдей. Бірақ әртүрлі ортаға тән шарттар негізінде ұлт, қоғам болып бөлінеді және өзіне тән мәдениеті мен тілі болады. Бұл әртүрлі өлкелерде әрқилы дамиды. Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланыста, бірлікте өмір сүретіндіктен, мәдениеті – әдебиеті, әдебиеті – көркем мәтін арқылы сол ұлт санасының жоғары болуымен ерекшеленеді.

Жаһандану заманында ақпараттандыру легі жайлаған уақытта сананың роботқа айналуын болдырмауы, еліміздің бүгінгі дербес дамуы адамның танымдық мәдениетке басым көңіл бөлуі, ал танымдық мәдениет халқымыздың өне бойы мұра болған тарихи шындықтың көркем шындыққа жанасуында жатыр.

Білім философиясында қазіргі даму бағыттарына қарай әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері тұлғаның санасында әлемнің тілдік бейнесін құрайды. Ұлы Дала Елінің имиджі болып саналатын филолог-маманның үздіксіз білім алуында, жүйелі де тиянақты білім беру үдерісінде мәдени-тілдік құзыреттілікке жетудің жолы – әлем туралы көзқарас. «Әлемнің ұлттық бейнесін» қарастырған В.А.Маслованың айтуынша, «белгілі бір ұлттың қоғамдық саяси-тарихи тәжірибесі жинақтала келе оның тілінің ерекшеліктері, шындығында, сол тілде


сөйлеушілерге объективті дүниеден өзге қайталанбас дүние бейнесін жасамайды, тек заттар мен құбылыстардың уақыт пен кеңістікте ұлттық болмыспен ерекшелінетін, өзіне тән сипаты бар әлемді құрайды» [37]. Ғалым «Әлемнің тілдік бейнесін» тілдік метафора деп алмастырған. Метафора адам алыс заттар мен дерексізденген ұғымдар арасындағы ұқсастықты табу үшін қолданатын аналогияға негізделеді. Метафора қарапайым, формалды логикаға емес, бір-біріне кереғар және динамикалық сипаттағы көптеген байланыстарды біріктіруге мүмкіндік беретін қиялдау логикасына негізделеді.

Біздің зерттеу жұмысымызда метафораларды жіктеудің Ш.Балли ұсынған екі классификациясын қолдануды жөн әрі маңызды деп есептейміз. Метафораларды *тілдік* (күнделікті сөйлеу тілінде жалпыға бірдей, ауыс мағынасы уақыт өте келе жойылған тіркестер) және *көркемдік* (автор осы көркем мәтін үшін өзі ойлап тапқан жеке тұлғалық-авторлық тіркестер) деп бөлеміз [131]. Тілдік метафора – лексиканың дайын элементі, оны әр қолданыс сайын жаңадан ойлап табудың қажеті жоқ, оны дайын күйінде алып, сөйлеу барысында қолдана алады... (темір тәртіп, ұсыныстар лек-легімен келді, ұжым идеямен жанданды, оның ішкі ойын бірден түсінді т.б.) [132, 34]. Тілдік метафора әдетте, сөйлеу тілінде штамп түрінде, яғни автоматты түрде, көбінесе ішкі мағынасын ескерместен қолданыла береді. Көркем метафора – затты қабылдаудың автоматтылығынан шығарып алады (В.Школовский) [132, 35]. Тілдік метафораны әлемнің тілдік бейнесі деген ұғыммен, көркем метафораны – көркем шығарма авторының әлемді тілдік тануы ұғымымен сәйкестендіреді. Демек, метафораның әрбір түрі белгілі деңгейде мәдени мән-мағынаны бейнелейді. Ғаламның тілдік бейнесінде болмыс құбылыстарының дәл суреттелетіні, ал дүниенің тілдік бейнесінде кеңістіктегі шындық боямасыз өмірден туындаған көзқарастар қарастырылатыны белгілі. Дүниенің тілдік бейнесінің екі функциясы бар: дүниенің ғылыми бейнесінің негізгі элементтерін білдіреді; тілдік тәсілдердің көмегімен әлемнің ғылыми бейнесін түсіндіреді.

Біздің ойымызша, тілдік метафоралар көркем мәтіндерге тән. Себебі көркем мәтіндер тілдік метафоралар секілді ұжымның әлемге деген көзқарасын білдіріп, ақиқат ақпараттан құралады да, көбінесе анонимді сипатта болады. Коммуникативті функция оның эстетикалық функциясын басып тастайды. Себебі олар халық арасында жиі қолданылып, дәстүрлер нәтижесінде қалыптасқан.

Мұндай мәтіндерге көркем авторлық туындылар қарсы қойылады. Көркем авторлық туындылар анонимді сипатта болмайды, оның нақты авторы бар, шындыққа деген субъективті көзқарас бейнеленген. Мұндай мәтіндердің басты функциясы – эстетикалық. Олар үнемі жаңаша сипатта болғандықтан, ешқашан қайталанбайды. Тұлға санасындағы көркем мәтін (фольклорлық, поэтикалық) қайтадан жасалынбайтын дүние болып саналады.

Көркем мәтіндегі әлемнің тілдік бейнесін тілдік тұлғаның санасында өңделуін төмендегі суреттен көрсетеміз (Сурет 3):



Сурет 3 – Көркем мәтіндегі әлемнің тілдік бейнесін тілдік тұлғаның санасында өңделуі

Мұндағы: 1 – ұлттың әлемдегі тілдік бейнесі; 2 – автордың әлемдегі тілдік бейнесі; 3 – ұлттың әлемдегі тілдік бейнесіне әсер ететін автордың әлемдегі тілдік бейнесінің бөлігі; 4 – жеке ерекшеліктеріне қатысты автордың әлемдік тілдік бейнесінің бөлігі; 5 – көркем мәтіндердің әлемдегі тілдік бейнесі.

Көркем мәтіндер авторлық қатысудан аулақ, олар әлемнің ұлттық тілдік бейнесінің контекстінде жасалған, онда ұлттық сипат байқалады. Авторлық көркем мәтіндер әлемнің жеке тұлғалық-авторлық тілдік бейнесін көрсетеді. Әлемнің авторлық тілдік бейнесі айқын болған сайын оқырманға автор мен оның шығармасы қызықты бола түседі.

Тілдегі ғалам бейнесі, біріншіден, адамның әлемге көзқарасымен сипатталатын болса, екіншіден, әрбір жеке тілдегі әлем моделіне қоғамдағы ұлттық әлем бейнесіне ұласады. Бұл жеке тілдің өзінше сипатқа ие болуына ықпал етеді. Себебі әр тілдің өзіне ғана тән концептуалдық әдістері бар. Яғни әрбір жеке тіл ғаламды өзінше таниды, әрбір концептуалды тілдің негізінде ғалам бейнесі көрінеді. Ал осы концепт ұғымы – «когнитивтік лингвистикадағы негізгі ұғым. Семантикалық бағытта концепт сөзге сәйкес келсе, логикалық бағытта ұғыммен сәйкес келеді. Демек, әлемнің пәк бейнесі (наивная картина мира) когнитивтік модельде айқындалады. Ол өз кезегінде ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады» [133, 17]. Ғаламның тілдік бейнесі санамен тікелей байланысты. Ал фольклорлық сана жекелеген ұлтқа ғана тән екені белгілі. Сондықтан оның ішкі мазмұнын тіл арқылы ғана танып-білеміз [134, 144].

Мұндай тәсілде бағалау мен біліктілік туралы түсініктер басқаша өзгеріске түседі. Жеке тұлғаның бойындағы ішкі әлемінің ерекшелігі маңызды емес, керісінше, өзінде барын басқаға көрсете білу, қолдана білу қабілеті маңызды. Біліктілікті тәсіл аясында білім алушыға алдын ала әрекетке «енуі» үшін әртүрлі жағдайларды көрсету керек. Жеке тұлғаның қасиеті емес, осы айтылған – білім беру нәтижесінің нормасы саналады [135, 5].

Бұдан шығатын қорытынды: мәдени-тілдік құзыреттілік – сөйлеуші-тыңдаушылардың тілде көрініс тапқан мәдени құндылықтар жүйесін

толыққанды білуі. Мұндай жалпылама білім жалпы және салалық энциклопедияларда, тіл мен мәдениет бойынша зерттеулерде т.б. көрініс табады. Бұл осы саладағы білімнің қорытынды нәтижесі болып табылады. Біздің жұмысымызда, оқытудың әдіснамалық бағыттылығын ескере отырып, мәдени-тілдік құзыреттілік деп – белгілі бір тілде көрініс тапқан мәдениет туралы білімдер жүйесі және осы білімді тәжірибелік іс-әрекетте қолданудың арнайы шеберліктерінің жиынтығын айтамыз.

Жаһандану заманында келешек ұрпаққа жинақы да жүйелі білім беру, олардың тіл туралы дүниетанымдарын дамыту мен ұлттық құндылықтарын санасына сіңірудің, мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың жолы – санада әлем туралы бейнесін жетілдіретін интеграциялық білім беру. Интеграциялық білім беру тұжырымдары филолог-маманның даналығын «білімге деген құштарлығын», тұлғалық-бағдарлы акмеологиясын қалыптастыратындықтан, білім философиясының маңызды нысаны болып ерекшеленеді.

## **2.2 Мәтін арқылы магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық негіздері**

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кезеңі – адам өміріндегі дамушы қабілеттерінің негізі қаланған, дүниетанымы қалыптасқан, акмеологиялық кезең. Бұл сатыда тұлғаның санасында жиналған ақпараттардың күрделі кодталу үдерісі жүреді. Бұл білім беру үдерісі кезеңінде жас символы деп қарайды.

Әрбір мәдениетте жас символизмі тіршілік ететіндігін және онымен байланысты элементтерін И.С.Кон төмендегідей сипаттайды. «Жас символизмі мәдениеттің ішкі жүйесі ретінде келесі өзара байланысты элементтерден тұрады:

1. Нормативті жас критерийлері, яғни мәдениеттің қабылдаған жастық терминологиясы, негізгі кезеңдердің ұзақтығы мен міндеттері көрсетілген өмірлік цикл кезеңділігі;

2. Аскриптивті жастық қасиеттер, немесе жастық стереотиптер – мәдениеттің белгілі бір жастағы тұлғаларға тіркейтін және оларға тұспалдау нормасы ретінде белгілейтін белгілері мен қасиеттері;

3. Жас үрдістерін символдау – жеке адамның бір жастық кезеңнен екінші жастық кезеңге өсуінің, дамуының және ауысуының қалай болғандығын немесе қалай болуы тиіс екендігін көрсетеді;

4. Жастық салт – салт-жоралар, мәдениет олар арқылы өмірлік циклді құрылымдайды және жас қабаттарының, сыныптарының және топтарының өзара қарым-қатынасын рәсімдейді;

5. Жастық субмәдениет – белгілер мен құндылықтардың ерекше жиынтығы, олар бойынша осы жастық қабаттың, сыныптың немесе топтың өкілдері өздерін басқа барлық жастық қауымдастықтан ерекшеленіп тұратын «біз» ретінде түсініп, пайымдайды» [136].

И.С.Конның топшылауындағы жастық кезең, Бұхар жырау жырлағандай адамның жан-дүниесінің кемелденуінің сыртқы бейнесімен астарласып барып дамып жетілген ең бір көркем кез, мәдени толықсыған символымен сипатталады.

Адам есеюінің жаңа баспалдағында оның ойлау жүйесі мен сөзінде ғана өзгеріс болмайды, басқа да психикалық-танымдық қызметінде де өзгерістер пайда болады. Бұл жаста өзіне керекті ақпараттарға назар аударады. Ынта мен ықыластағы мұндай өзгеріс тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Осы жөнінде Ш. Сарыбаев: «Қай пәннің методикасы болмасын, оқушылардың ұғым дәрежесіне, білім дәрежесіне сәйкес баяндалады. Оқушылардың ұғым дәрежесі олардың бұрын-соңды көрген-білгендеріне, жасына, алған мағлұматтарының аясына қарай болады», – деп білім беру мазмұнын білім алушының психологиялық ерекшеліктеріне қарай құрастыруды мақсат тұтты [137, 4].

Жоғары мектеп психологиясының басты міндеті – қоғамға қажетті жоғары білімді мамандар даярлау, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру, кәсіби маман иесін қоғамға бейімдеу.

Осы ретте магистрант іс-әрекетінің психологиялық мазмұны мен құрылымының өзіндік айрықша ерекшелігі бар және әлеуметтік статусқа ие. Сондықтан магистрант іс-әрекетінің ерекшеліктері қатарына мыналар жатқызылады:

- мақсаттың және нәтиженің жоғарылығы (білім, дағды, іскерлікті меңгеру, жеке тұлғалық қасиеттердің дамуы);
- оқу нысанындағы ерекше өзгешеліктер (ғылыми білім, болашақ еңбек туралы)
- маңызды іс-әрекет құралдары (әдебиеттер, ақпараттық технология)
- ортаға бейімділігі, рухани дүниетанымының толығы.

Психологиялық жағынан алғанда, магистранттың жеке тұлға болып қалыптасып, дамуына биологиялық, психологиялық, әлеуметтік факторлар әсер етеді. Жаһандану заманында қоғамға ілесе отырып, саяси, экономикалық, мәдени, ғылыми дамулардың ықпалымен ере отырып қозғалады. Бұл кезеңде әлеуметтендірудің барлық механизмдері қолданылады. Психолог А.Н. Леонтьевтің пікіріне сүйенсек: «Адам қай іс-әрекет ортасында жұмыс істесе, сол жерде адам», яғни маманның жеке психологиялық-педагогикалық сипаттамасы оның жүрген ортасының, тобының ықпалына байланысты болады.

Психологиялық зерттеулерге қарағанда жоғары оқу орнынан кейінгі мамандар белгілі бір әлеуметтік рөлді атқаратын тұлға ретінде білімділігі, дағдысы, біліктілігі, құзыреттілігі, қабілеті, ерік-күші, эмоциялық орнықтылығы, өзін-өзі басқаларға таныту қажеттігі алға қойылады.

Тұлға болып қалыптасқан филолог-мамандарға дұрыс ұсынылмаған оқу материалы оларды психологиялық дағдарысқа әкеп соғуы мүмкін. Оқылым, айтылым, жазылым мәтіндерін тапсырмалар мен жаттығулар жүйесінде таңдап алынса, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырады деп қателескен

болар едік. Ол кездегі жас шама 20-дан асқан жастар. Бұл жастағы жастардың психологиялық ерекшеліктерін көптеген психолог-ғалымдар (Зимняя А.И., Жұмабаев М., Леонтьев А.А., Реан А.А., Аймауытов Ж., Жарықбаев Қ.) өз еңбектерінде қарастырған болатын. Психологтардың зерттеуінше, бұл жастағы адамдардың есту, көру, қозғалу сезімі дамудың ең жоғарғы нүктесіне жеткенін байқайды. Сонымен де ең жоғарғы нүктеге жеткенде, сырттан қабылданған сигналға жауабы да тез дайын тұрады. Есейген шақтағы адамның ой жүйесіндегі айрықша белгі – оның кез келген нәрсеге бейімделгіштігі, икемделгіштігі. Осы тұрғыдан қарастырған психолог Ж.Аймауытов: «Ой жүйесі мұғалімді ойлау өнеріне үйретеді, шәкіртті ой дағдысына үйретеді, жаттықтырады», – деп жазды [138, 13]. Ойлау жүйесімен қатар сөйлеу де дамиды. Сөздің өзгеруі, тіл мәдениетінің дамуы – адамның есеюінің маңызды да сапалы белгісі. Жиырма жастан кейін адамның сөз, сөз құрылымында, сөз саптауында қайта құрылу жүреді, адамның лексикалық, грамматикалық құрамы өзгеріске ұшырайды, ілгерілеушілік пайда болады [135, 407].

Ал тұлғаның нәтижеге жету құзыреттілігіне келсек, бұл ұғым ең алғаш рет психология ғылымында көрініс тапты. Біліктілікті бейімді білім берудің тірек ұғымдары туралы қарастыратын болсақ, «кәсіби құзыреттілік» (латынның *competens* – сәйкес келу, қол жеткізу, жақындау) кең мағынасында мамандықтың салаларының критерийлері мен стандарттарында көрсетілген және белгілі бір типтегі міндеттерді шешуге қойылатын талаптарға сәйкестігі, белгілі бір белсенді білім жүйесін меңгеру, жағдайды қолға алу мен нәтижеге сенімді түрде қол жеткізу қабілеті болып саналады [139, 32]. Психолог Б.Д.Эльконин құзыреттілікті адамның әртүрлі әрекеттерге қатысу шамасы деп сипаттайды. Құзыреттілік – білім мен жағдайлар арасындағы байланысты орнатуға, мәселені шешу тәртібін қалыптастыруға жалпы дайындық [140, 71]. К.Хиттен «құзыреттілік» ұғымын білім нәтижелерін сипаттау үшін қолданады [140, 18]. С.Е.Шишов құзыреттілікті білім, құндылық, қабілетке негізделген, білім мен жағдай арасындағы байланысты орнату мен мәселе үшін сай келетін рәсімін анықтауға мүмкіндік беретін жалпы қабілет деп түсіндіреді [141, 15]. Л.М.Долгованың ойынша, құзыреттілік – алған білім негізінде әрекет ету қабілеті. Біліктілік әмбебап білімдер негізінде өздігімен әрекет ету тәжірибесі дегенді білдіреді [142, 38]. А.И. Зимняяның тұжырымдауынша, құзыреттілік – адамның білімге негізделген интеллектуалды және тұлғалық-негізделген әлеуметтік-кәсіби тіршілік қарекеті [139, 13]. Г.Б. Голубтың ойынша, «құзыреттілік» ұғымы интегративті: ол жүйенің элементтерін сипаттап қоймай, оның арасындағы байланысты да сипаттайды. Бұл ұғымды нақты толықтыру жағдайдың типтеріне байланысты. Сондықтан негізгі біліктіліктер – жалпы білім нәтижелері ғана емес, адамның жалпы білімдік тәжірибесі. Қазіргі таңда интеллект өзіндік мақсат ретінде емес, өздігімен әрекет етудің жалғыз әрі жалпы құралы ретінде бағалы [142, 16].

Негізгі біліктіліктер, өз кезегінде, интеграциялы оқу жоспарының мазмұнына енетін нақты құрамдас бөліктер екендігі туралы қорытындының маңызы зор.

Еуропа Кеңесі кез келген маманға қажетті бес негізгі құзыреттілікті атап көрсетеді:

1. Мойнына жауапкершілік алу, шешімді бірлесіп қабылдауға қатысу, демократиялық институттардың қалыптасуы мен дамуына қатысумен байланысты саяси және әлеуметтік біліктіліктер;

2. Полимәдени қоғамдағы өмірге қатысты, ксенофобияның туындауына, шыдамсыздық климатын таратуға кедергі келтіретін және әртүрлі мәдениет, тіл және дін өкілдерімен бірлесіп өмір сүруге дайындықпен байланысты біліктіліктер;

3. Адамның қоғамдық өмірі мен жұмысында соншалықты маңызды, егер оны иемденбесе, қоғамнан алшақтауы мүмкін болған ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауды айқындайтын біліктіліктер. Осы топқа бүгінгі өскелең ұрпақ үшін маңызы артып отырған бірнеше тілді қатар меңгеруді де жатқызамыз;

4. Ақпараттар қоғамының туындауымен байланысты біліктіліктер. Жаңа технологияларды игеру, олардың күшті және әлсіз жақтарын түсіну, БАҚ пен ғаламтор каналдары бойынша таралатын ақпараттар мен жарнамаларға сыни қарым-қатынас жасау қабілетімен байланысты біліктіліктер;

5. Бүкіл өмір бойы кәсіби шеңберде ғана емес, тұлғалық және қоғамдық өмір деңгейінде оқуға талпынысы мен қабілеттілігін жүзеге асыратын біліктіліктер [141, 85-86].

АҚШ мамандары құзыреттілікті-бейімді білім берудегі үш негізгі компоненттерін сипаттайды: білім, шеберлік және құндылықтар. Иллиной университетінің профессоры Дж. Стретч білімнің мынадай категорияларын көрсетеді:

- білім-сипаттама;
- білім-түсініктеме;
- синтезді (немесе жүйелі) білім;
- білім-сәуегейлік;
- білім-intervention;
- бақылаушы білім.

Бұл функциялар ойлау үдерісіне қызмет етеді. Білімнің бірінші категориясы қоршаған орта мен адамның ішкі әлемін сипаттайды. Ол әмбебап, бірақ белгілі бір контексте өзекті болып табылады. Білім-түсіндірме теориялық деңгейге шығуға мүмкіндік береді. Білімнің үшінші категориясы білімді синтездейді. Білім-сәуегейлік білім-intervention-ның бастапқы сатысы болып, позитивті нәтижеге әкелетін үдеріске белсенді араласу дегенді білдіреді. Бақылаушы білім таным үдерісін бақылауға септігін тигізеді [143, 4].

Құзыреттілікті-бейімді білімнің екінші компоненті – дағды. Дж.Стретчтің жіктеуінше, дағды 9 топқа бөлінген (Кесте 3).

Кесте 3 – Дағды түрлері (Дж. Стретч бойынша)

Шеберлік топтары	Шеберліктің сипаттары
Бірінші топ	Сыни ойлау шеберлігі
Екінші топ	Кооперативті шеберліктер, яғни топта жұмыс істеу шеберлігі
Үшінші топ	Саналы әрі дұрыс таңдау жасау шеберлігі
Төртінші топ	Әрқилылықты бағалау шеберлігі
Бесінші топ	Басқалардың әлеуетін ашу шеберлігі
Алтыншы топ	Жүйелі ойлау шеберлігі
Жетінші топ	Шығармашылық жұмыс жасау, жаңалықты көре білу, алғашқы ойын жаңалау шеберлігі
Сегізінші топ	Фасилитаторлық шеберліктер (ағылшын тілінен: facilitate – жеңілдету, қабілеттендіру)
Тоғызыншы топ	Көшбасшылық шеберліктер

Біліктілікті-бейімді білім беру оқытушының қызметтік сипаттамасын белгілейді: мұндай жаңа құрылымдар көрініс беріп, оқытушының біліктілік деңгейі көп жағдайда білім беру инновацияларының табыстарымен айқындалады. «Қазіргі заман педагогының біліктілік үлгісі негізгі элементтер ретінде тұлғалық-гуманисттік бейімділіктен; педагогикалық шындықты жүйелі түрде көру қабілеті мен оқыту үдерісін ұйымдастырудағы жүйелі әрекеттерден; кәсіби ортадағы шеберліктен құралады. Бұлар пәндік білімді терең игеру, педагогикалық әдістемені және жоғары педагогикалық технологияларды игеру; рефлексивті мәдениеттің болуымен қамтамасыз етіледі» [144, 3].

Осы ретте біз филология мамандығы магистранттарының белгілі бір біліктіліктерін қалыптастырудың жүйелік-құрылымдық факторы туралы идеяға тап келдік. Бұл фактор – көркем мәтінді концептуалды талдау бойынша қосымша оқу пәні болуы керек. Қосымша пән мәдени-тілдік құзыреттіліктің қалыптасуына тікелей бейімделген. Демек, оны меңгерту үшін *мәдени-тілдік* – мәдениеттің тілдегі көрінісін, қызметін зерттейтін пәннің мәліметтерін қолдануды талап етеді. Аталған пән әлемнің ұлттық бейнесін меңгеру, тілдік сана, менталды-лингвалдық кешен ерекшеліктерін қарастыру мәселесімен тығыз байланысты. Мәдени-тілдік құзыреттіліктің нысаны – тіл – мәдениеттің көрінісі мен қызмет ету құралы ретінде тілдің көлеңкесі арқылы, В.Н.Телия айтқандай, «мәдениет категорияларын концептуалды саралау табиғи тілдерде өзіндік көрініс табады». Мәдениеттің тілдің құрамына «енуі» – талас тудырмайтын факт, себебі тіл коммуникация құралы ретінде тілді тасушылардың мәдени-дәстүрлі біліктіліктерімен байланысты (энциклопедиялық, концептуалды-эпистемиялық мазмұнды таңбалар немесе менталды фреймдері бар ассоциация формасындағы номинативті бірліктер). Тіл лексикон бірліктерінің мазмұнында бұрынғы алған білім туралы мәліметтер жинақталып, сақталу қабілетіне ие [8, 51].

ҚР нормативті құжаттарында білім алушының құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туындап және ол жеке тұлғаға бағытталған қазіргі білім беру концепциясы болып отыр. Тұлғаның мәтінді түсіну мен интерпретациялау дағдысы жетілмей, әсіресе көркем шығарманы, оның көпқырлы мағынасын түсінбей, мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан адам болып жаратылғалы рухани құндылықтарды лингвомәдени сипатын ашу, адамның әлеуметтендіру мәселесін шешу маңыздырақ. Осы тұрғыда филологиялық герменевтиканы қарастырушы Г.И.Богин: «Әлеуметтік іс-әрекетте адамнан мәтінді түсінуді талап етеді. «Адамның мәтінмен қатынасы» үдерісі мағына мен ойға бағытталғанның көрінісі. Әлеуметтік өтілі жетілген адам, яғни әлеуметтік ортасы бар адам көркем шығарманы жан-жақты талдап, түсіне білуі керек», – дейді. Психологтар мәтінді түсіну мен интерпретациялауды ойлаудың нәтижесі ретінде қарастырды. Олар түсінуді жеке және жалпы психикалық ойлау әрекетінің аналитикалық-синтетикалық тәсілінің бірі деп қарастырды. Кең мағынада түсіну – бұл әр психикалық үдерісте адамның интеллектуалды әрекетінің қай деңгейде болсын қабылдау мен қарым-қатынас жасау атрибуты болатын универсалды мінездемесі болып табылады. Психологтардың айтуынша, қалыптасқан тұлға педагогикалық жағынан табысты оқуды қамтамасыз ететін интеллектуалды меңгеруі жоғары болады. Субъективті шығармашылық элементтерімен репродуктивті процеске түсінудің қатысы қазіргі көзқарас бойынша келелі мәселе болып тұр. Сонымен қатар түсінуді меңгерілген және жаңа білімді игерудегі күрделі үдеріс сияқты қарастыру қажет болды.

Филолог-мамандардың мәтінді тануда түсіну үдерісі дамиды. Түсіну әдісі – ұлттық құндылықтар бейнеленген, рухани мәдениетімізді ұғыну деп білеміз. Н.В. Якимовичтің айтуы бойынша, «мәтінді түсіну – мәнмәтіндегі мағыналар мен онда берілген оқушы ойымен сәйкес келе бермейтін танымды санада бейнелейтін интеллектуалды әрекет» [147, 5]. Яғни мәтінді түсіну интеллектуалды әрекетте тіл мен ойлауда негізгі инвариантта арқылы түсіндіріледі: тірек мағыларды таңдау, предикатты байланысты анықтау, сөздің мағынасына аса назар аудару. Қай кезеңдегі тұлға болмасын оның мәтінді қабылдауы әртүрлі деңгейде дамиды.

Психология ғылымында адам санасында мәтін құрылысын бейнелеудің төрт тәсілі бар: семантикалық, логика-структуралық, денотативті және категориялық. Семантикалық тәсіл бойынша мәтін мағыналық құрылым арқылы ойда топшыланады. Екінші – логика-структуралық тәсіл бойынша мәтін адам санасында структуралық объект арқылы бейнеленеді. Үшінші – денотативті тәсіл мәтінде пәндік қатынастырдың бейнелі сипатталуымен анықталады. Төртінші – категориялық тәсіл мәтінде берілген ақпараттардың категориясына қарай түсінуге бағытталған.

Біздің зерттеуіміздегі көркем мәтіннің лингвомәдени сипаты бірінші тәсіл арқылы, яғни әртүрлі талдау жүргізу арқылы анықталады.

Тіл (тілдік біліктілік) формалды лингвистикалық ережелер мен

категориялар жүйесі қатарына жатпайды. Тіл – әлеуметтік жадының бір бөлігі, әрекеттің бейімділікті негіздерінен құралатын мән-мағынаның (тілдік емес) жиынтығы. Себебі тіл табиғатына қарай мәдени функция болып саналады. Яғни мәдени-тілдік құзыреттіліктің нысаны – *мәдени-маңызды толықтыруларға ие. Менталды-лингвалды кешеннің мәдени-тарихи бөлшегіне енуге мүмкіндік беретін «канал» болып табылатын тіл мен дискурс бірліктері.*

Тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени семантикасын сол тіл мен мәдениетті тасушылардың таным-түсінігіне барынша жақын мазмұны мен бүкіл ерекшеліктерін түсіну мақсатында қарастыра отырып, лингвомәдениеттану мәдени-тілдік біліктіліктің қалыптасуына септігін тигізеді. В.В. Воробьев мәдени-тілдік құзыреттілікті әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас шеңберінде тілдік әрекетті жүзеге асыру үшін, білімді гуманитарлық салаларда қолдану үшін және ұлттық әдебиеттермен және басқа да өнер түрлерімен танысу үшін қажетті білім, дағды мен шеберлік ретінде қабылдайды [63, 18]. «Білім», «білік», «дағды» ұғымдарына психологиялық әдебиеттерде әртүрлі түсініктер берілген. Бір ескеретін жай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бекіткен бағдарламаларында әр пәннің қамтитын материалдары белгіленгенімен, оларды іс жүзінде пайдалану тәжірибесін қамтамасыз ететін білік, білім, дағдылар жүйелі шешімін таппаған.

Психолог Қ. Жарықбаев дағды іс-әрекеттеріне мынадай анықтама береді:

1. Дағдыландыру – соқыр сезімдермен және басқа нәсіл арқылы пайда болған биологиялық әрекетпен салыстырғанда адамның жеке басында пайда болатын қылықтар.

2. Дағдыландыру үйренумен, жаттығумен бір әрекетті бірнеше рет қайталанумен, дәл қазіргі әрекетті басынан өткізген адамның бұрынғы тәжірибесіндегі әрекеттермен байланысып, жүзеге асады.

3. Дағдыландыру бір қалыпта өзгермей тұратын әрекет емес. Егер адам өзінің әрекетін де, жүріс-тұрысын да, ақыл-ойын да жаттығу, қайталау арқылы атқаратын болса, сол әрекетін басқа әрекеттерге де көшіре алады [146, 271].

Демек, филолог-мамандардың дағдыларының қалыптасуы олардың теориялық білімдерінің іс жүзінде пайдалануы деп түсінеміз. Сонда алған білімін, яғни тарихты, әдебиетті, тілді оқу барысында тұлға бойында құзыреттілікті қалыптастыруда пайдаланып, оны талдауға дағдылана бастайды.

Филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігінің өз кезегінде, негізгі әрі арнайы креативті құрылымы болады. Бұл құрылымдар негізгі шеберліктер мен дағдыларды қалыптастыруға өзек болып табылады.

Психологтардың (Ю.М. Лотман, А.Н. Леонтьев, А.М. Шахнарович және т.б.) еңбектерінде мәдени-тілдік құзыреттіліктің функционалды мәртебесіне ерекше назар аударылады: ол тілді игеру мен оны қолдану болып табылатын жұмыс жасап отыратын механизм ретінде түсіндіріледі. Бұл механизмнің нақты жұмысы туралы Ю.М. Лотман былай дейді: «...өзінің дамуы барысында бала жеке сөздерді емес, тілді толығымен қабылдап алады. Бұл оның санасына еніп үлгерген сөздердің көп бөлігі ол үшін белгілі бір шындықпен байланыспаған. «Мәдениетке оқытудың» одан арғы үдерісі осы байланыстарды ашу мен

«бөтен» сөздерді «өзінің» мазмұнымен толықтыру арқылы жүзеге асырылады» [87, 600].

Осылайша, мәдени-тілдік құзыреттіліктің дамуы интеллектуалды, сөйлеу (шығармашылық) және тілдік құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейіне тікелей байланысты. Бұл құзыреттіліктердің қалыптасуы олардың жеке-жеке қалыптасуымен параллель жүргізіледі.

Біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны мәдени-тілдік құзыреттілік филолог-маман тұлғасының ажырамас бөлігі ретінде қалыптасуы жолдарын зерттеу болып табылатындықтан, алға қойылған мақсатқа қол жеткізу тәсілі ретінде біз «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» таңдау курсына ұсынамыз. Латын тілінен тілімізге енген «элективті» ұғымы (*elektus* – таңдалған) маманды жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейде дайындау жағдайында оның ажырамас бөлігіне айналып, лекциялық, семинар және практикалық сабақтарды жүргізу мен ұйымдастырудың жаңашыл тәсілін айқындады. Таңдау пәндері оқу жоспарына және МЖББС талаптарына сәйкес магистранттың таңдауы бойынша пәндер тобына енеді. Таңдау пәндері болашақ маманның кәсіби біліктілігінің қалыптасуына септігін тигізіп, оқытушының шығармашылық ерекшеліктерін көрсетуге бейімделген. Себебі бұл пәндерде оқытушы өзінің ғылыми қызығушылықтары мен талап-талғамына сай материал ұсына алады. Таңдау пәндер магистранттардың ғылыми өсуіне қолайлы жағдай жасайды. Егер жалпы курстар магистранттарға лингвистикалық және әдебиеттану салаларының заңдылықтары, проблемалары, идеялары мен фактілері туралы қысқаша мәлімет берсе, элективті курстар олардың тереңдеп оқытылуы мен нақты жалғасы саналады. Таңдау пәннің міндеті – тілдік тұлғаның таным үдерісін ашу, мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру, зерттеу тәсілдері мен құралдарын көрсету болып табылады. Егер жалпы пәндер, әдетте ғылымның қорытынды нәтижесі болып табылса, таңдау пәндер белгілі бір мәселені танудың жолдарын көрсетуге міндетті. Осылайша, біз «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» таңдау курсына оқу-әдістемелік және мазмұндық қамтамасыз етуді айқындайтын тезисті құрастырамыз. Біздің зерттеу жұмысымыздың бірінші негізі мәтіннің лингвомәдени сипатын талдау әдістемесіне бағытталғандықтан, мәтін талдаудың әртүрлі түрімен байланысты. Бұл үдерісте көркем мәтіндегі кілт сөздер мен олардың мәнмағыналарын, бейнелі сөздерін анықтау болып табылады.

Сонымен қатар біз дайындаған концепциямызда психологтардың мәтінді мағыналық қабылдаудың функционалдық схемасына сүйендік. Олар: жігерлендіретін, қалыптастыратын, іске асыратын кезеңдер. Жігерлендіретін кезеңде мотивациялық сфера мен жағдаяттық-контекстуалды ақпаратты біріктіреді. Қалыптастырушы кезеңде мағыналық болжам, вербалды салыстырулар, мән мен сөздің арасындағы мағыналық байланыстарды орнату және мағынаны қалыптастырушы фазалар орнығады. Іске асырушы кезеңде осы қалыптасқан жалпы мағыналар негізінде сөйлеу әрекетінде жүзеге асырылады. Бұл берілген функционалды тізбек жеке тұлғаның мәтінді лингвомәдени

сипатта талдаудағы технологиясын көрсетеді.

Көркем мәтінді лингвомәдени және концептуалды талдауда басты назарға алынуы тиіс тағы бір мәселе – мәтіннен тыс – мәтінде – мәтін астары арқылы көрінетін психолингвистикалық модель (В.П. Белянин, Н.И. Жинкин, А.И. Новиков). Мәтінді сыртқа шығаруда шындық өмір туралы объективтік ақпараттар орын алады да, ол мәтіннен тыс қалыптасатын объективтік құбылыстарға жатады. Бірақ, көркем мәтінде шындық өмір сол қалпында баяндалмайды, автордың мәтін жасау шеберлігі, дүниетанымы, көзқарасы тұрғысынан жазушылық кредосы шеңберінде өрнектеледі. Ақиқат өмір мәтіннен тыс қызметтің көрінісі болып саналады. Көркем мәтіннің жасалуына ең алдымен автордың қиялы әсерін тигізеді. Кейде мәтін сол қалпында баяндалса, көркем мәтінде астарлы ой, мағына жасырын болуы мүмкін. Мәтінді қабылдау мен түсіну тұлғаның түйсігіне қарай іске асырылады.

Тұлғаға мәтін берілуінің нейропсихологиялық тұсы – оның мидағы көрінісі болып табылады, себебі сөйлеу әрекеті мида жүзеге асады. Бүгінгі психология ғылымында сөйлеу әрекеті – қарым-қатынас құралы ретінде адамға ғана тән саналы құбылыс деп қарайды. Сөйлеуге тән басты ерекшелік – экспрессивтілік. Оған себеп негіз болып, ішкі сөйлеу алқабы арқылы сөйлеу схемаларында кодталатын ойдан тұрады. Ол «генеративті» грамматика арқылы толық сөйлеуге айналады [145]. Сонымен қатар, импрессивті сөйлеу бөгде адамның сөзін қабылдау және оны талдап түсіну арқылы декодталуы, мәнді-маңызды жақтарын аршып алу және оны ішкі сөйлеу алқабы арқылы астарлы мән қоса отырып сөйлесімге айналдырудан тұрады. Сөйлеудің бұлай жүзеге асуы сөйлесім арқылы мотивтің декодталуымен аяқталады. Мәтін сөз және сөйлемнен тұратындықтан, берілген мәнмәтінді талдау және топтастыру арқылы нақты дәйектемелер мен шешімдер қалыптасады. Сондықтан сөйлеу қарым-қатынас құралы бола тұра, бір мезгілде дерексіздендіру және топтастыру үдерістерін жасауға тірек болатын әрі ақыл-ой қызметін, әрі саналы ойлаудың бірден-бір тетігі болады. Яғни, кез келген аяқталған мәтін сөйлеу бірлігі ретінде тілдік бірліктен құралған қарым-қатынас құралы ғана емес, реципиенттің ойлау жүйесін жүзеге асырушы құралы да болып табылады. Жазба тілде мәтін таңбаланғанға дейін санада ұйымдасу процесі жүзеге асырылып, тіл арқылы хатқа түскен бейнесі ғана емес, санада сұрыпталған жеке индивидтің уақыт пен кеңістікте санасатын таным көресткіші. Осы мәселе қазақ тіл білімінің психолингвистикалық, нейролингвистикалық жағынан зерттейтін мәтін лингвистикасының күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелері болып саналады.

Көптеген ғалымдардың талдаған еңбектеріне сүйене отырып, тұлғаның танымдық белсенділігінің компоненттерін сараладық: мотивациялық (мақсаттық), мазмұндық, бағалау-нәйжелік.

Мотивациялық компонент – мәтін арқылы оқытуда оны қажетсіну, өмір тіршілігінде пайдалану, жаңа білім алуға бағыттылығы, танымдық қызығушылығын құрайды. Мақсат – адам іс-әрекетінің мәнділігі мен баяны. Ол қажеттіліктен туындайды. Америкалық педагог-ғалым Дж. Кьюменс танымдық қажетсінуді ынталандырудың негізгі тірегі ретінде санап, оның зертханалық

сабақтың мәнін сипаттайтын оқу материалының мазмұны білім алушының сезімін оятатын, берілген тапсырмаға жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік беретіндей болу керек деп есептейді [143].

Мотивация болғанда ғана танымдық белсенділік артады. Ғылымда мотивтерді екіге бөліп қарастырады:

1. Танымдық мотивтер: жаңа білімді игеруге және ұғу тәсілдеріне бағыттау мотивтері, өз бетімен білім алу, оны іс-әрекетте қолдана білу мотивтері.

2. Әлеуметтік мотивтер: кең мағынадағы әлеуметтік мотивтер (оқуда белсенділік, ынталылық, жауапкершілік), тар мағынадағы әлеуметтік мотивтер [147, 208].

Мазмұндық компонент білім алушы мен білім берушінің арасында ұйымдастырылған білім мен әрекет тәсілдерінің жүйесін қамтиды. Мәтінді оқу үдерісінде пайдалануда білім алушының бұрын меңгерген аялық біліміне сүйене отырып, ғылым негіздерін игеруі, танымдық тәжірибелік тапсырмаларды өздігінен шешуі, шығармашылық әрекеті қалыптасады. Көркем шығарма арқылы теориялық білімді практикада қолдана білу магистранттардың құзыреттілігін қалыптастырады.

Н.Ф. Талызина өз еңбегінде болашақ кәсіби маман үшін құзыреттіліктің қаншалықты маңызды екенін атап көрсетеді. Құзыреттілік болмай, білім қалыптаспайды, яғни құзыреттіліктің өзі белгілі деңгейдегі білім жүйесіне ене отырып қалыптасады. Кәсіби маман өмірде кездесетін шындық жағдайларды шеше алу үшін білім беру мақсатының мазмұнына енгізілетін нақты білім жүйесінің принциптерін анықтай алу керек [148].

Маманның білімді іс-тәжірибеде қолдана білу құзыреттілігін қарастырғанда А.Е. Әбілқасымова жетекші білімдер жүйесінің игерілуін сипаттайтын төмендегідей деңгейлерді анықтайды:

- теориялық білімдерді оларды жаңғыртылу деңгейінде игеру;
- білімдерді белгілі алгоритмге сәйкес қолданылуы деңгейінде игеру.

Жоғары кезеңдерде шығармашылық қызметке ұласатын оқу-танымдық қызметтің өзгеріп отыратын жағдайында білімдерді қолдана білу біліктілігі деңгейінде игеру [149, 26-27]. Осы орайда Е.К. Нұрланбекова көркем мәтінді талдай білу шеберлігіне, ізденімпаздыққа, шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға итермелейтінін түсіндіреді [150].

Бағалау-нәтижелік компонент. Оқыту үрдісінде болашақ маманның білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның құрамдас бөлігі болып есептеледі. Бағалауда білім алушы қандай дәрежеде өз бойына сіңіре алды, дайындық деңгейін, аялық білімнің нәтижесін, өмірде қолдана білу қабілеті анықталады. Мәтінмен жұмыс кезінде қарастырылатын әдістері – маңызды нәрсені ажырата білу, материалды іріктеу, ондағы мәдени бейнелерді табу, ұлттық кодтарды аша білу, эталондарды анықтай алу, тезис құрап, тәжірибеде қолдана алу – филолог-маманның проблемалық жағдаяттарды шешін, мәтінді ұғыну кезінде пайдаланатын ақыл-ой әдістері мен тәсілдерінен тұрады.

Филолог-мамандардың психологиялық ерекшеліктерінің бірі ретінде инновациялық технологияларды қолдана отырып, магистранттардың өзіндік жұмыстарын жеке, топтық, жұптық түрде орындатуда олардың теориялық білімдерімен ұштастыра отырып, білімнің саналы берілуі арта түседі. Ал өзіндік жұмыстардың негізгі мақсаты – магистранттардың акмеологиялық қабілетін арттыру, шығармашылық дамуын жетілдіру. Түрлі белсенді әдістерді қолдану барысында оқытушы мен магистрант арасында педагогикалық қарым-қатынастың психологиялық даярлығы болады. Осы орайда субъект-субъект арасында ортақ мақсатқа жете алу дағдылары дамытылады. Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру барысында берілетін өзіндік жұмыстардың тапсырмалары магистранттың тез ойлау жүйесінің жүйелілігіне, ақпаратты дұрыс таңдай білу мен түсінуге бағытталады. А.А. Деркач шығармашылық еңбекке психологиялық даярлықты қалыптастырудың төмендегідей жағдайларын көрсетеді:

- өзбеттілік пен мәдениетті сыни тұрғыдан меңгеру;
- қоғамдық-мәнді мәселелерді шешуде белсенділік таныту;
- шығармашылық әлеуеті бар тұлғаның психикалық процестерін арнайы дамыту [151, 118].

Бұл көзқарас тұлғаның психологиялық дайындығын кең түрде қарастыруды көздейді. Сондай-ақ тұлғаның психологиялық әзірлік ретінде кез келген жағдаятта өзекті ете алатын көп мақсатты сипаты бар әлеуетті мүмкіндіктері, интуицияға негізделген өзіндік лексикалық қорының дамытылу дағдысы да мәдени-тілдік құзыреттіліктің қалыптасуымен туындайды.

Біздің филолог-мамандарға ұсынатын білім мазмұнымыз, негізінен көркем мәтіндерге негізделгендіктен, сол білімді магистранттарға сай қажеттігіне қарай оқытуды қажет етеді. Дүниетануы қалыптасқан бұл жастық болмыстың қабылдауы түйсігіне де байланысты екені психологияда дәлелденген. Сонымен қатар берілген мәтіндер ұлттық менталды мәдени бірліктерді ұғындырумен бірге «Мәңгілік елдің» идеясын жүзеге асыратын тілдік тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік туындайды. Жоғары оқу орнынан кейінгі мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық аспектісін модернизацияланған кезеңде қарастырып отырмыз.

Тіл мен адамның психикалық дамуы өзара байланыста, тілдің адамзат дамуында белгілі бір функциясы бар. Сондықтан психологтар тілде айтылғанды, сөзді қабылдау, адамға тән ойлаудан ауызша және жазбаша сөйлеуге ауысады. Ішкі және сыртқы сөйлеу механизмдері, қарым-қатынастың ауызша және жазбаша формалары, психикалық қасиеттердің дамуы тілге тікелей байланысты. Сондықтан магистранттарға ұсынылатын тілдік тапсырмалар ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің дамуын өзара бірлікте жетілдіру мақсаты көзделеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында мәтін арқылы оқытудың, көркем мәтіндердің лингвомәдени сипатын аша алуындағы түпкі мақсат – бұрын меңгерген лингвистикалық негіздерін талдаумен қатар, ұлттық санада бейнелетін «әлемнің тілдік бейнесін»

беретін тілдік тұлғаларды оқытудың әдіснамасын ұсыну, филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. Жоғары мектепте оқытудың әдістемелік негіздерін зерттеу нысаны етіп алған Ж. Сүлейменованың еңбегіне сүйенсек: «Оқытуда нәтижеге жетудегі басты мәселе – білім алушының жеке ерекшеліктерін, оқу-танымдық іс-әрекетін психофизиологиялық қырынан зерттеп білу, ал белсенді оқу әрекетінің нәтижесі – ғылыми-теориялық білім қалыптастыру. Бұл үдеріс оқу материалын ұғыну, оны тәжірибеде дұрыс қолдана білу, ойлау операцияларының жинақтау, талдау, салыстыру, дерексіздендіру, жалпы түрлерінің бірлескен қызметі негізінде жүзеге асады. Оқу әрекеті, негізінен, білімді игеруі, меңгеруі болса, екіншіден, оқытушының өз шәкіртінің білімге ынта-ықыласын оятып, белсенділігін көтеріп, дүниеге саналы көзқарасын қалыптастыру жолындағы әрекетінің тоғысы болып табылады» [152, 14], – деп көрсеткен. Сонда оқыту білім алушының бойында білім, білік, дағдыны, қалыптастыру мақсатында оның психикасына әсер етуі. Осы арқылы ғылым жолына қадам басушы магистранттың ғылыми көзқарасы мен жеке тұлға дамуы жүзеге асады. Бір жағынан біз бұл кезеңдегі жастың қалыптасқан, толысқан уақыты деп қабылдаймыз. Бірақ бұл болмыстың да әрқилы дамитынын ескеру қажет. Шынында да, магистранттың бұл кезеңде әлеуметтік жағдайды қабылауға бейім және шешуге талпынысы қалыптасқан болады. Сонымен қатар өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін көрсетуге талпынады. «Біз маңызды инновацияларды қамтамасыз ету шарттары және инновациялық кәсіптік білім беру қызметін ескеруіміз керек. Бірінші мәселе білім беру жүйесінде бірізді басқару үшін, екіншіден, қажетті инновациялық білім беру тәсілдері мен әдістерін кәсіптік білімде қолдану; үшіншіден инновациялық дамыту дағдыларын дамыта отырып, ЖОО-ның және инновациялық білім берудің ұжымдық формасын қолдану» [153, 71-75]. Бұл өз деңгейінде кәсіби білім алуына әкеледі.

Аз уақытта тиімді нәтиже беретін, психологиялық әсерді ішкі жағдайда алмастыра алатын топтық, жұптық әрекетте бірнеше мәрте дәлелденген белсенді оқыту әдісінің бір түрі – тренинг-семинардың магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда мәні зор. Тренинг-семинар сабағын өткізу әдістемесі ашық қарым-қатынаста жүргізіліп, тұлғаның ойын ашық айтуға жетелейді, мәселені шешудің жолы мен ойлау формасының оперативтілігін туындатады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық әдіснамалық негіздерінің шарттары төмендегідей болып тағайындалды:

- тұлғааралық өзара әрекеттестік, өзара түсіністік, өзара ықпал, өзара қатынас, қарым-қатынас процестерінің өтуі;
- оқытушы мен магистрант арасында теңдік, ынтымақтастық, серіктестік ұстанымдары бойынша оқу-кәсіби іс-әрекет;
- білім алушылардың мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілігінің қалыптасуындағы психологиялық ерекшеліктерінің ескерілуі;
- филолог-магистранттарға мазмұнды білім беру барысында өз беттерімен

ізденудің, танымдық тапсырмалар негізінде оқу үдерісінің мақсаттылығы мен нәтижелілігі.

### **2.3 Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы дамытудың дидактикалық алғышарттары мен моделі**

Көрші елдерде, соның ішінде Ресейде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде «магистр» дәрежесі ғылым кандидаты мен ғылым докторы дәрежелерімен қатар 1803 жылы қаңтарда императордың жарлығымен еңгізілген. 1884 жылы ғылым кандидаты дәрежесі жойылған. Сол уақыттан бері Ресейде екі ғылыми дәреже берілген – магистр және доктор дәрежелері. Ресейде магистр дәрежесі өте жоғары ғылыми әлеуетке ие болған [154].

Қазақстанда жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы ереже 2000 жылдың 1 қарашасында Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 7 маусымындағы «Білім туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 желтоқсандағы №1845 «Жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлі құрылымы туралы ережені бекіту туралы» қаулысына сәйкес дайындалған. Қазақстанның жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес «магистрант» – магистратурада білім алушы тұлға болса, «магистр» – жоғары оқу орнындағы көп деңгейлі білім берудің екінші сатысын тамамдаған соң, академиялық дәрежеге ие болған магистрант. Қазақстанның жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесімен Еуропа мен АҚШ елдеріндегі білім беру жүйесін салыстырғанда, айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мысалы, Қазақстанда бакалавр – бұл маман иесі болудың бастапқы баспалдағы болса, Еуропа елдерінде магистратурада білім алатын бакалавр жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесінде қызмет ете алады. Сонымен қатар, Ұлыбританиядағы философия мастері және философия докторы дәрежелерінің де мәні бөлек [154, 78].

Сонда да магистр дәрежесі барлық мемлекетте де магистранттың таңдап алған мамандығы бойынша теориялық білімдерді терең меңгеруі мен қазақстандық заманауи білім беру жүйесі жағдайында жоғары білімді мамандарды дайындау туралы мәселе бүгінгі таңда күн тәртібінде өзекті болып, біршама зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Сонымен бірге, жоғары оқу орындарында сапалы және тиімді білім беруді ұйымдастырудың әртүрлі әдіс-тәсілдеріне айрықша ден қойған шетелдік дидактиктердің зерттеулері әлі күнге өзектілігін жоймаған.

Жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктерін зерттеумен айналысатын дидактиктердің еңбектерінде мынадай зерттеу жасалған:

1. Көп жағдайда зерттеулер бакалавриат деңгейінде дайындалып жатқан студенттерге қатысты, ал магистратура сатысында білім алушы мамандарға қатысты мәселе әлі күнге толыққанды зерттелмеген. Осы ретте ғалымдардың диссертациялық зерттеулері, сонымен қатар соңғы кезде, яғни отандық жоғары білім жүйесі екі деңгейлі болған заманда жарық көрген бірқатар мақалаларды

атауға болады.

2. Жоғары білімді мамандарды тиімді әрі сапалы дайындау туралы мәселе өзектілігімен ерекшеленетіндіктен, біліктіліктің әрқилы типтерінің, соның ішінде кәсіби біліктіліктің қалыптасу жолдары мен тәсілдері туралы біршама зерттеулерде толыққанды әрі терең қарастырылған. Мамандардың құзыреттілігінің мынадай түрлері зерттелген:

- *бағдарламалық*: кәсіби қызметінде нақтылы әлеуметтік-педагогикалық шарттарды ескере отырып, теориялық білімді қолданудың дағдылары мен шеберліктері, пәндік, психология-педагогикалық және әдістемелік білім жүйесін игеру; педагогтың кәсіби міндеті, педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелеріне жауапкершілікпен қарау сезімдерін саналы түрде түсінуі;

- *пәнаралық*: интеграция теориясы бойынша білімді, алған білімін кәсіби міндеттерді шешуде әртүрлі пәндік салаларда интеграциялау дағдылары мен шеберліктерін игеру, әлеуметтік серіктестік пен ынтымақтастыққа қабілетті болу;

- *әлеуметтік*: адам құқығы (халықаралық нормативті-құқықтық актілер, ҚР Білім және балалық шақты қорғау туралы заңнамалары) бойынша білімді, өзінің құқықтары мен қызығушылықтарын, кәсіби атақ-абыройын қорғау дағдылары мен шеберліктерін игеру, сондай-ақ этика нормаларын сақтау, мамандығының әлеуметтік маңыздылығын саналы түрде түсіну;

- *дамытушылық*: жоғары білікті мамандардың тәжірибелерін меңгеру, жалпылау, тарату және қолдану дағдылары мен шеберліктерін, заманауи кәсіби білім салалары туралы білімді игеру, кәсіби қызметіне деген жоғары уәждемелікті меңгеру, өздігімен білім алу және сыни ойлауға талпыну;

- *креативтілік*: шығармашылық психологиясы саласы, шығармашылық әрекеттің теориялық негіздері бойынша білімді, кәсіби қызметін өзгерту дағдылары мен шеберліктерін игеру, авторлық жаңашыл идеяларын өндірісте жүзеге асыру, стандартты емес, балама шешімдер табу, жаңа идеяларды жалпыландыру және сыни ойлауға қабілетті болу;

- *ұйымдастырушылық*: нормативті және құқықтық құжаттар туралы, нұсқаулық құжаттарды білу, ағымды ұйымдастырушылық құжаттамаларды құрастыру дағдылары мен шеберліктерін игеру, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту, жоғары орындаушылық тәртін ережелерін көрсету.

Жоғарыда сөз етілген және қысқаша сипатталған құзыреттіліктер қазіргі заманғы қазақстандық жоғары білім берудің бағыттарын айқын сипаттайтын біліктілікті-бейімді білім беруді ұйымдастыру мәселесін өзекті ете түсті. Сондай-ақ гуманизация мен гуманитарлау ұғымдарын туындатты. Білім беру жүйесінде гуманистік дәстүр Ежелгі Грекия жерінде негізі қаланған-ды. Көне грек білім беру тарихының беттерін парактап отырып, педагогикалық гуманизмнің қайнар көздеріне шолу жасап, педагогикалық, тәрбиелеу және білім беру үдерісінің заңдылықтары айқындалды [155, 40].

Филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда осы аталған шығармашылық пен креативтілікті дамытуда мынадай оқыту қызметтерінің маңызы көрінеді: оқудағы жетістікті қамтамасыз ету, оқыту

формаларының түрлерін жетілдіру, тапсырмаларды жүйелеу, білімді меңгертудің әдіс-тәсілдерін онтайландыру, ғылыми зерттеушілік қабілетін арттыру.

Қайта өрлеу дәуірі гуманистері адам баласының табиғи күштерін дамытуға, баланың ересек өмірге қуанышпен әрі жарқын «енуіне», яғни тұлғаның жасампаздығына бейімделген оқыту-тәрбиелеу мекемелерін ашқанды. Ағартушылық кезең мәдениеті мен педагогикасында бұл мәселе қарқынды дамыды. Орта ғасырларда бірнеше ғасырлық гуманистік тәжірибелердің тамаша талдауы мен гуманистік дәстүрді дамытудың жаңаша бастамасы Я.А. Коменскийдің педагогикалық жүйесі болды. Бұл жүйе дамып келе жатқан адам баласының табиғи күштері мен қабілеттерін құндылықты-бағытты және толыққанды дамыту арқылы оқыту үлгісі ретінде танылды.

Ағартушылық кезеңде әрбір ел не мемлекет гуманистік идеялар мен өмірдің рухани бағытын ұйымдастыру тәсілдері мәселесіне өзіндік үлес қосқан. Бұл бағыт Д. Локк, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, И.Ф. Герbart секілді ғалымдардың еңбектерінде айқын көрініс тапты.

Педагог ғалымдар: «Адамзат тарихында қай кезеңде болмасын тәрбие, тәрбиенің тиімділігін арттыру ісі жүзеге асырылып келеді. Бұл істі жүзеге асыру үдерісінің әрбір қоғамдағы мемлекет қажеттігіне бағындырады. Өйткені мемлекет қажеттілігінің орындалуы оның экономикалық күш-қуаты мен саясатына тәуелді екендігі белгілі. Олай болса, тәрбие икемділігінің ең басты шарты – мемлекет мүмкіндігінен туындайтын қажеттілікке сай, тәрбиенің мақсатын нақты анықтау болып табылады», – деп атап көрсетеді [156, 70].

Қай ұлттың болса да тәрбиесінің діңгегі – гуманистік канондардан туындап, соны сақтауға арналатыны белгілі. Оны біз этнопедагогикалық технологиялардың мазмұны мен этнопедагогикалық тәрбиені зерттеген еңбектерден біле аламыз. Қазақ этнопедагогикасындағы іргелі еңбектердің авторлары – Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, С.Ұ. Ұзақбаева, Қ.Ж. Қожахметова, М.Х. Балтабаев, Ж.Ж. Наурызбаев сынды белгілі ғалымдардың пікірінше, «Ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан, ауыз әдебиетінен, халықтың салт-дәстүрінен, ұлттық педагогикалық ойлардан құралған бұл халықтық (ұлттық) ғылымның ғылыми-әдістемелік мәні өте зор» [156, 132].

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту арқылы Қазақстан Республикасының тарихы, мәдениеті, экономикасы, болашақ даму жолы, қазақ халқы мен ЖОО, ЖОО-дан кейінгі білім беруде адамдық, азаматтық тұлғасы, қалыптасу мәдениеті үлкен ықпал жасады. Қазақстан Республикасы дүниежүзілік алдыңғы отыз елдің қатарына кіру мақсатын алдына қойып отыр. Осындай мақсатқа жетудің бір қыры – үздіксіз білім беру концепциясын жүзеге асыру болып саналады.

Адам танымының көкжиегі кеңейіп, талаптар деңгейі жоғарылап, ойлау дәрежесіне осыған сай шеберліктер қажет болуы – оқу мен білім дамуының нәтижесі және оқу мен білімнің одан әрі жалғасын табуы деп білеміз. Ғалым Н. Құрман өз еңбегінде әр заман ұрпағының алдында мынадай міндеттер тұрады деп көрсетеді:

- біріншіден, адам баласы өзіне дейінгі игерілген білім мен мәдениет жетістіктерін игеруі тиіс;
- екіншіден, әрбір ұрпақ өзі өмір сүріп отырған кезде сол білім, мәдениет жетістіктерін қолдана білуі тиіс;
- үшіншіден, игерілген білім мен мәдениет жетістіктерін дамытуы және соған үлес қосуы тиіс;
- төртіншіден, жаңа заманына лайық жетістіктерді саралап қоса білуі тиіс;
- бесіншіден, өзінің бұрынғы игергені мен қосқан жетістігін келесі ұрпаққа қалдыру керек.

Осындай келелі міндеттердің шешілуінің басында, міндетті түрде оқу үдерісі болады. Дидактикалық ілім болса, соның шынайы түрде жүзеге асуына негіз болады [157, 94].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы шетелдік педагогикадағы гуманистік дәстүрлердің негізгі зерттеу бағыттары мыналар болды:

- реформаторлық (эксперименталды) педагогика (А. Лай, Э. Мейман, Э. Торндайк және т.б.);
- әлеуметтік педагогика (Г. Кершенштейнер);
- еркін тәрбие идеялары (М. Монтессори).

Бұларда табиғатпен үйлесімділік, тәрбиенің педагогикалық әрекет пен субъектілердің өзара байланысы, тәрбиеленушінің мәдениет әлеміне «енуі» туралы идеялары жаңаша сипатта бейнеленген. «Көзқарастар мен эксперименттердің әрқилылығына қарамастан, реформаторлық ізденістердің жалпы өзегі – гуманизм болып қала береді» [156, 103].

XX ғасырда гуманизм педагогикалық ойдың дамуының негізгі бағыты ретінде танылды. Сонымен қатар, осы ғасырда Дж. Дьюидың прагматикалық педагогикасы, Я. Корчактың демократ және гуманист педагогикасы, С. Френенің педагогикалық тәжірибелері мен идеялары дамыған. «XX ғасыр педагог-ағартушылардың гуманистік идеяларының жанаша мәдени-тарихи және әлеуметтік шарттары дамып, жалғасын тауып, олардың есімдерін толықтыра түсті. XX ғасырдың педагог-гуманистері адам баласының өмір тынысында және барлық салаларында, соның ішінде оқыту-тәрбиелеу саласында туындап отыратын әлеуметтік кереғарлықтар, адамгершілік пен руханилықтың құлдырауы туралы мәселенің ушығуына қарсы шығуға тырысты» [155, 117].

Шетелдегі гуманизм мәселесін қарастыра отырып, АҚШ және Жапония секілді дамыған елдердегі білім беру жүйесін зерттеу мәселесіне де ерекше назар аудару керек. Г.В.Микаберидзе осы елдердегі білім беру жүйесін былайша сипаттайды:

1) жапондық оқушылар табандылық, өжеттілік және білім алу үшін құрбандыққа бара білу секілді қасиеттерімен ерекшеленеді: табысқа жетудің кілті әркім үшін қолжетімді; оларды сәтсіздіктер тоқтата алмаған – қажет болса, жекеменшік репетиторлық мектептерге барады;

2) оқушылардың өзін көрсете білуі үшін барынша максималды жағдайлар жасалған; үлгерімі төмен оқушылары келесі оқу жылына қалады, оларға игермеген тақырыптарын үлгеру мүмкіндігі беріледі;

3) Жапониядағы оқу жылы 240 күнге, АҚШ-та – 180 күнге созылады [158, 14].

Қазіргі қазақстандық қоғам мамандарды дайындауға қойылатын талаптардың сапасына деген жоғары талабымен сипатталады. Азаматтардың білім алу құқығына кепілдік беретін басты құжаттар – ҚР Атазаңы, ҚР «Білім туралы» Заңы. Мұнда қоғамдық қатынастар белгіленіп, осы саладағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдары анықталып, ҚР азаматтарының білім алуына атазандық құқықтық қамтамасыз етуге бағытталған.

Жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясат мына ұстанымдарға негізделген:

- жоғары оқу орындары желісін тұрақты түрде жетілдіру;
- мамандар дайындаудағы Республиканың тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мамандықтарды жаңартып отыру;
- еліміздің аймақтарының жоғары білімді мамандарға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының жоғары білім алуына тең құқығы;
- үздіксіз білім беру үдерісінде сатылықтың сабақтастығын қамтамасыз ету;
- жоғары білімнің құқықтық және экономикалық бағыттылығы мен ғылыми сипатын қамтамасыз ету;
- жоғары білімнің гуманизациясы;
- оқытудың жекелігі мен дифференциациясы;
- жоғары білімнің, ғылым мен өндірістің интеграциясы.

Қазіргі таңда филолог-мамандарды дайындаудың критерийлеріне өзгеріс еніп, жоғары оқу орындарында білім беру үдерісінің мазмұны, формалары мен әдіс-тәсілдері жаңартылуда. Басты назар білім алушының жеке тұлғасына бейімделудің қайта туындауына бағытталған білімнің тұлғалық-бейімділік үлгісіне аударылды.

XX ғасыр еуропалық мәдениет дағдарысының ғасыры деп аталды. Аталған ғасыр Жаңа заман мәдениетінде қалыптасқан адамның ойлау ұстанымының алмасуымен ерекшеленді. Ойлау ұстанымы тиімділікке негізделген. Адамның міндеті – осы пәннің мәніне өзінің ойлау қабілеті арқылы барынша терең бойлау. Адам мен әлемнің өзара байланысын білуге бейімделген таным әрекеті туындады. Орыс ғалымы Л.А. Степашко қазіргі заманғы постиндустриалды мемлекеттік қондырғыға тән өзгерістер туралы сөз етеді: мәдениеттің адамның жан-жақты әрекетінің тәсілдері мен нәтижесі ретіндегі рөлінің өсуі, жеке тұлға маңызының артуы мен оның өзін-өзі көрсетуі, адам баласы қызметінің барлық саласында елдер мен мемлекет арасындағы ынтымақтастық пен «әлемдік білім беру кеңістігі» ұғымының қалыптасуы. «Бүгінгі таңда білім жүйесі XX ғасырдың соңына қарай қалай қалыптасса, сондай формада жалпы қабылданып

калды. Яғни өркениеттің дамуының жаһандық дағдарысына қарсы шыға алмайды, тіпті оны жеңу қабілеті де жоқ. Прагматикалық және тиімді білім дәстүрлі білім беруде адамзат ұрпағының рухани ізденістерін шеттетуде» [155, 10]. Яғни қалыпты білім беруден жаңа білім беру үдерісіне көшу үшін қандай да бір резалюция қажет болды. Осы мәселелерді шешуде білім беру стандарттарына өзгерістер енгізілді.

Аталған мәселені жоғары оқу орындарының аясында шешуді дидактиктер мамандықтардың оқу жоспарларында белгіленген жалпыға бірдей және негізгі циклдық пәндерді интеграциялық игеру жолын құрастыру арқылы іздейді. Интеграциялық білім беру міндеттерін жүзеге асыру бойынша күрделі әрі қиын жұмыстар күтін тұр. Жоғары оқу орны мен жоғары оқу орнынан кейінгі қазіргі ҚР МЖМББС оқу пәндерінің интеграциясына қойылатын талаптар көрініс тапты. *Пререквизиттер* (меңгеріліп отырған пәндерді игеру үшін қажетті білім, дағды және шеберліктің тізімінен құралған пәндер), *постреквизиттер* (белгілі бір пәнді меңгергеннен кейін білім алушының білім, дағды және шеберліктің тізімінен құралған пәндер) ұғымдары ендірілді. Мәселенің дәл осылайша күн тәртібіне қойылу мақсаты жүзеге асты: ғылымның әртүрлі салаларын интеграциялаудың белсенді үдерісі жүзеге асуда. Пәнаралық байланыстарды ұйымдастыру мен жүзеге асыру мүмкіндігі бүкіл пәндерге ортақ екендігі атқарылған талдауда дәлелденді. «6М011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6М020500 – Филология мамандықтарында оқытылатын пәндер бойынша бағдарламада пререквизиттер ретінде оқытушылар лингвистикалық циклдегі бакалаврда меңгерген пәндерін, постреквизиттер ретінде – мамандықтың оқу жоспарындағы кәсіби және негізгі пәндерді атайды. Өкінішке орай, бағдарламаларда оқытушы пәнаралық байланысты мазмұндық компонентті ескере отырып, ұйымдастырып жоспарлайтын нақты материалдың мазмұны сипатталмаған. Ынталандырушы фактор – жүргізілген бақылау нәтижелеріне сай жасалған қорытындылар болып табылады: тілдік сабақтардың әлеуеті пәнаралық дағдыларды қалыптастыруда белсенді қолданылады. Тілдің ғылыми стилінің ерекшеліктерін ескерін, конспектілер, тезистер, жоспарлар, аннотациялар, үлгілерді талдап, негізгі және кәсіби циклдегі пәндер бойынша тапсырмаларды орындап, өзінің таным әрекетінің нәтижелерін белгілей отырып, студенттер мен магистранттар тілдік сабақтарда алған және оқу әрекеттерін сапалы орындауға септігін тигізетін нұсқаулықтарды қолданады. Бақылаулар пәнаралық байланыстар білім алушыларда кәсіби біліктіліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға септігін тигізеді.

XX–XXI ғасырлар ширегінде ЮНЕСКО материалдары мен құжаттарында білім беру жүйесінің қажетті нәтижесі ретінде қаралатын құзыреттіліктердің шеңбері айқындалды. XXI ғасыр үшін білім бойынша «Білім: жасырын құндылықтар» атты халықаралық комиссиясының баяндамасында Жак Делор білім жүйесі сүйенетін төрт шарт (тануға үйрену, істеуге үйрену, бірге өмір сүруге үйрену, өмір сүруге үйрену) туралы сөз етін, жаһандық біліктіліктердің мәні туралы анықтама береді [139, 37]. Сөйтін, Жак Делордың пікіріне

сүйенсек, оның бірі – «кәсіби біліктілікті игеру үшін істеуге үйрену. Біліктілік, кең мағынасында, топта жұмыс істеуге және әртүрлі жағдайларда әрекет ету мүмкіндігін береді» [139, 37].

1996 жылы Берн қаласында Еуропа кеңесінің бағдарламасы бойынша өткен симпозиумда білім реформалары үшін негізгі құзыреттіліктерді анықтау туралы мәселе күн тәртібіне қойылды. Бұл құзыреттіліктерді жоғары білім алу және табысты жұмыс жасауы үшін білім алушы игеруі тиіс.

Негізгі құзыреттіліктерді негізінен, 15-25 жас аралығындағы жастар игеретіні айқындалды. Әрине, бұл – құзыреттіліктердің қалыптасу үдерісі осы көрсетілген жас арасында ғана жүзеге асады деген сөз емес: негізгі құзыреттіліктер сәби шақтан бастап қалыптасады, ал олардың жетілуі адамның бүкіл өмірінің соңына дейін жалғасады, яғни құзыреттілікті қалыптастыру – ешқашан аяқталмайтын үдеріс.

Негізгі құзыреттіліктер – қызметтің кең түрлеріне сәйкес келетін айқындаушы құзыреттіліктер, яғни сипаты мен қолданылу дәрежесіне қарай әмбебап болып келеді. Жекелік-кәсіби құзыреттілік – сипаты мен қолданылу дәрежесіне қарай берілген мамандыққа сәйкес келетін айқындаушы құзыреттіліктер.

Соған байланысты кәсіби филологиялық білім беру дегеніміз – арнайы құзыреттіліктердің қалыптасуы мен дамуы, сонымен қатар кәсіби филологиялық біліктілікті қалыптастыру мақсатындағы интеграция.

Сөйтін, кәсіби құзыреттілік – маманның білімі, шеберлігі, қабілеттері мен тәжірибесін, сонымен қатар тұлғалық адамгершілік көзқарастарын көрсететін оның кәсіби, тұлғалық, іскерлік қасиеттерінің интегралды сипаттамасы; нақтылы кәсіби әрекетті жүзеге асыру үшін жеткілікті қасиеттер сипаттамасы.

Жалпы құзыреттіліктер, жоғарыда сөз етілгендей, сәби шақтан бастап қалыптасады, алғашқы білім алу кезінде-ақ бекітіледі және жоғары оқу орнында одан ары дами түседі. Жеке-кәсіби құзыреттіліктер жоғары оқу орнында білім алу кезеңінде қалыптасады.

Сонымен, әрбір нақты мамандық немесе кәсіби әрекеттерді сәтті орындау мен бейімделу мүмкін болмайтындай құзыреттіліктердің жиынтығынан тұрады. Мұндай құзыреттіліктерді жеке-кәсіби немесе кәсіби маңызды біліктіліктер деп атайды.

Т.М.Балыхинаның пікірімен келісе отырып, филологтың жеке-кәсіби құзыреттіліктерін мынадай түрлерге жіктейміз [159, 52]:

1. *Лингвистикалық құзыреттілік* – филолог-маманның тіл, тілдің мәдениетпен және халықтың дамуымен байланысы туралы лингвистикалық білім кешені, лингвистикалық білімін кәсіби әрекетте қолдана білу шеберлігі;

2. *Әдебиеттанушылық құзыреттілік* – ұлттық әдебиет пен фольклорының тарихи дамуы мен қазіргі жай-күйі туралы *білімдер жиынтығы* мен әдеби үдерістің заңдылықтарын, көркем мәтіннің мәнін және оның қоғам мен мәдени дәуірдегі жағдайлармен байланысын түсіну *шеберліктері*;

3. *Мәдени-тілдік құзыреттілік* – сол ұттың әлем мәдениетіндегі рөлі мен орны туралы, мәдениеттанудың басты ұғымдары туралы *білім* мен осы білімді

кәсіби іс-әрекетінде қолдана алу мен мәдени өкіл функциясы қызметтерін орындау, әдеби-тарихи және мәдени-эстетикалық мәселелерге тұлғалық көзқарасын көрсету шеберлігі;

4. Педагогикалық құзыреттілік – оқыту мен білім теориясы мен тәжірибесі, тәрбие теориясы, педагогикадағы заманауи бағыттар, «нақтылы оқу пәндерінде тұлғаның шығармашылық ойлауын, білімі, адамгершілік тұлғасын қалыптастыру мен дамытуы үшін педагогикалық міндеттерді жүзеге асыру ерекшеліктері» туралы білім [159, 53] мен жоғары оқу орнында тіл мен әдебиетті оқытудың кәсіби-тәжірибелік дағдыларын игеру шеберлігі;

5. Психологиялық құзыреттілік – негізгі психикалық үдерістер, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктері мен олардың білім беру үдерісін дамыту заңдылықтары туралы білім және білім алушының тұлғалық даму деңгейін, олардың даму уәждерін анықтау; бақылау негіздеріне қарай тұлғалық қажеттіліктерін анықтау шеберліктері т.б. ;

6. Әдістемелік (лингводидактикалық) құзыреттілік – орыс тілі мен әдебиетіне, сонымен қатар, шет тілі мен шетел әдебиетіне оқыту әдістемесінің әдістемелік және теориялық негіздері туралы білім және алған теориялық білімін интегративті түрде әдістеме бойынша тәжірибеде қолдану шеберлігі;

7. Кәсіби-коммуникативті құзыреттілік – тілдің және әлеуметтік-мәдени білімдер көмегімен кәсіби (оқу, ғылыми, өндірістік және т.б.) қызметінде қолдану қабілеті мен өзінің серіктесіне қатысты қарым-қатынастың ыңғайлы түрін таңдай білу шеберлігі [159, 180].

Магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда оқыту ұстанымдарының рөлі ерекше. Себебі оқытудың дидактикалық ұстанымдары қазақ тілін игертудің теориялық негізі болып табылады. Оқыту ұстанымдарына сүйену оқу үдерісін тиімді жүзеге асыруға тірек болады.

Зерттеуші З. Бейсембаева «студенттің жеке тұлға, кәсіби маман болып қалыптасуына жоғары мектеп дидактикасын, оның құрылымын білудің» маңыздылығын, «дидактика білім берудің негізгі қағидаларын, әдіс-тәсілдерін, жолдарын» қарастыратынын, «оқытудың қандай түрі болмасын, дидактикаға, оның принциптеріне» негізделетінін, ұстанымның «негіз, басшы идея, талап, тәртіп, қағида» болып табылатынын айтады [160, 23]. Оқыту ұстанымдарын дұрыс таңдау мәтін арқылы қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік қоры мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығы мен әдеби тілінің нормасын меңгертуге, тілдік бірліктердің этномәдени сипатын таныту арқылы мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ф.Ш. Оразбаеваның тұжырымына сүйенсек: «Ұстаным» сөзінің мәнін бағыт-бағдармен тікелей байланыстыру, біздіңше, оның мағынасын толық аша алмайды. Өйткені жалпы оқытудың бағыт-бағдары мен жолдары әр түрлі және біреу емес, бірнешеу. Ал бірнеше бағытқа қатысты басты қағида болуы мүмкін. Оның сыртында принциптің ерекшелігінің өзі – адамның алдыға қойған мақсат пен міндеттерге сай бірнеше бағыттардың ішінен ең маңыздысын, тиімдісін сұрыптап, саралап алуға саяды.

Сонымен принцип қандай да болсын пәннің өзіне тән заңдылықтарына тәуелді, яғни оның заңына сәйкес айқындалады, бірақ принцип заңның өзі емес, сондықтан принциптің қызметін атқарушы заң деп тұжырымдау біржақтылық туғызады.

Қазақ тілін оқыту туралы принцип – осы саладағы заңдылықтарға, оқытудың мақсаты мен маңызына, міндеттің орындалу қажеттілігіне сай ережесіне, сол ереженің іске асуының жолдарына, оқытудың басты бағытына, тағы сол сияқты негізгі белгілердің барлығына сүйенетін ең тиімді, сұрыпталған ерекшелік [12, 302-303]. Олай болса, мәтін арқылы магистранттың мәдени-тілдік құзыреттілігін жетілдіруде оқыту ұстанымдары маңызды рөл атқарады. Сонымен магистранттың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптаструда *ғылымилық, жүйелілік, сабақтастық, оқыту мен тәрбиенің гуманизациясы, кәсіби бағыттылық, мобильдік, интеграциялық, білім беруді аксиологиялау, кәсіби білімнің фундаменталдығы, қатысымдық, когнитологиялық* ұстанымдары басшылыққа алынды.

*Ғылымилық ұстанымы бойынша* магистранттарға ұсынылатын білім мазмұны ғылымда дәлелденген, зерттелген қағидалар мен заңдылықтарды қамтиды. Тек ғылымға сүйенген пән ғана оларды жан-жақты тәрбиелеп әрі терең білім бере алады. Сондықтан оқытушының теориялық білімі терең болуы шарт. Мәтін теориясының ерекшеліктері мен заңдылықтарын, мәтін талдаудың тәсілдерін жетік білген білім алушы ғана оны практикада ұтымды қолдана алады. Мәселен, ғылымда мәтіннің көлемі туралы нақты пікірлер жоқ. Сондықтан мәтін бір сөйлемнен құрылуы керек пе, әлде мәтін бірнеше сөйлемдерден тұрады ма деген мәселе әлі де зерттелу үстінде. Зерттеушілер мәтіннің құрылымдық тұлға-бірліктеріне сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық және абзаңты жатқызады. Мәтін жай ғана сөйлемдердің тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық тұлға болып табылады.

Қазіргі таңда мәтін лингвистикасына қатысты қалыптасқан зерттеулердің мынадай бағыт-бағдарларын көрсетуге болады: негізгі қасиеттері тұтастық пен тығыз байланыстылық болып табылатын, ең жоғары жүйе ретіндегі мәтіндік зерттеулер; мәтін типологиясын коммуникативтік көрсеткіштері және соларға қатысты лингвистикалық белгі-қасиеттерімен бірге қарастыру; мәтінді құрайтын бірліктерді, ерекше мәтіндік категорияларды анықтау; мәтін әсерінен болатын тілдік бірліктердің сапалық дәрежелерінің жүзеге асырылуының әртүрлі деңгейлерін айқындау; фразеаралық байланыстар мен қарым-қатынастарды зерттеу [161, 6-7]. Міне, мәтін лингвистикасының теориясында жан-жақты қарастырылып, ғылыми дәлелдеген осы мәселелерге сүйене отырып, магистранттың мәдени-тілдік құзыреттілігін дамытуға болады.

*Жүйелілік ұстанымы* бойынша магистранттарға берілетін білім мазмұны логикалық жағынан бірізбен сатылай ұсынылды. Біріншіден, магистранттар мәтіннің зерттелу тарихын, оған тән белгілерді, логикалық ішкі заңдылықтарын, мәтінді талдаудың негізгі аспектілері мен деңгейлерін, лингвистикалық талдаудың негізгі принциптері, әдістері мен амалдарын меңгерін, тек содан кейін ғана оны талдауға көшеді. Мәтінді талдауды

жүйелілік ұстанымына сүйене отырып жүзеге асырады. Мәтін талдауда И.Р. Гальперин ұсынған мәтін талдаудың сатылы, деңгейлік түрі қолданылды. Бірінші, мәтіннің қандай функционалдық стильге жататыны, жанры айқындалады. Екінші, мәтін мазмұнын қысқаша тұжырымдап, аннотация түрінде айтады. Үшінші, мәтіндегі сөз, сөйлемдерге компоненттік талдау жасалады. Мәтіндегі тілдік бірліктердің байланысы анықталады. Яғни семантикалық әдіс арқылы талданады. Төртінші, мәтіндегі стильдік құралдар арсеналы стилистикалық әдіс арқылы анықталады. Ұйқас, ырғақ, аллитерация және т.б. стильдік құралдарға талдау жасалады. Бесінші, стильдік маркерлердің қызметі айқындалады. Тілдік құралдардың болмыс, қоршаған ортамен байланысы дәлелденеді. Алтыншы, автордың өзіндік қолтаңбасы, мәтінде көріктеуіш құралдарды қолдану ерекшелігі, мәтіннің өзіндік ерекшелігі талданады.

*Сабақтастық ұстанымы* магистрантқа үздіксіз білім беруді мақсат тұтады. Магистрант бакалавриатта мәтінге тек әдебиет теориясы мен тілдік тұрғыдан ғана талдау жасап үйренеді. Ал магистратурада «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» курсы аясында мәтінге жан-жақты талдау жасап үйренеді. Көркем мәтіндегі паремиологиялардың семантикасымен, әлемнің тілдік бейнесімен, көркем мәтіндегі тілдік тұлға мәселелерімен танысады. Олардың арасындағы сабақтастықты айқындайды. Мәселен, олар қазіргі тілтанымда жан-жақты қарастырылып жүрген тілдік тұлға туралы еңбектермен танысты. Олар зерттеу еңбектеріндегі тілдік тұлға мәселесі туралы пікірлерге талдау жасады, аннотация жазды.

*Оқыту мен тәрбиенің гуманизациясы* ұстанымы магистранттарды адам баласы жинақтаған рухани-адамгершілік құндылықтарды тәжірибеде қолдана алуды меңгертуді, олардың бойына «тұлғаның жеке қасиеттері мен ерекшеліктеріне деген құрмет» [162, 225] сезімін қалыптастыруды көздейді. Бұл ұстаным магистрантқа өзін білім беру үдерісінің жоғары дәрежегі құндылығы ретінде сезінуді үйретуде басшылыққа алынады. Оқытуды ізгілендіру мәселесі барлық кезеңде де өз маңызын жойған жоқ. Әсіресе қазіргі жаһандану заманында болашақ ұрпақтың бойына ізгіліктің нұрын себу, бірін-бірі құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу, көркем мәтін арқылы олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан «...біз мейірбанды адамдар болып, балаларды қаз-қалпында сүйеге тиіспіз, еркені де, тіл алғышты да, ақылдыны да, миғұланы да, жалқауды да, ынталыны да бірдей жақсы көруіміз керек. Оның үстіне тағы да біз өзіміздің жан шуағымызды әрбір нақты жағдайға сәйкес шәкірттерімізге алаламай, тең үлестіруіміз керек. Балаларға деген мейірімділігіміз мен махаббатымыз ішкі жан күйзелісіміздің көрінісі ғана емес, сонымен бірге баламен немесе бүкіл класпен қарым-қатынасымыздың педагогикалық қызметіміздің ең басты дәлелі, стимулы болуы тиіс. ... білім беріп тәрбиелей отырып, балаларды бұрынғы және қазіргі ұрпақтардың материалдық және рухани байлықтарымен таныстырамыз» [163, 11]. Оқыту мен тәрбиенің гуманизациясы ұстанымы көркем мәтіндегі ата-ана мен бала қарым-қатынасы, отбасы тәрбиесі, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор

болу, өз ұлтын, мәдениетін құрметтеу, өткен тарихын бағалау тәрізді ізгіліктерді магистранттың бойына сіңіруде тірек болады. «Мәселен, тарихта аты қалған шешендер мен билердің терең мазмұнды ойларының тереңне үнілдіру арқылы ізгілікті қатынас орнығады. Ал сөз әдебіне баулитын практикалық тапсырмалар арқылы сөздің адамдар арасын жалғастыратын басты өзек екенін түсіну, сөздің адам болмысын анықтайтын бірден-бір көрсеткіш екенін түйсіну, дискурста, пікірталастарда, ой-толғауларда әдепті сөйлеудің мәнін ұғыну, сөздің дара тұлға қасиетімен бірлігін тану ... оқытуда білім берумен қатар ізгілікке, әдеп пен адамгершілікке баулу міндеті жүзеге асырылатынының дәлелі» [164, 38]. Мысалы, төмендегі шешендік сөзде қазақ отбасындағы әрбір адамның атқарар рөлі, беделі айшықты сөзбен әдемі берілген:

*Қарашаш сұлу Жиренше үйде жоқта ауырып қаза болыпты. Әз Жәнібек хан: «Жиреншеге біз естірте алмаспыз, өзіне-өзі естіртсін, ешқайсың сездіріп қоймаңдар», – деп уәзірлерімен сөз байлап қояды. Бір күні Жиренше шешен елге қайта оралып, ханның үйіне түсіп сәлемдесіп отырады. Хан Жиреншеге:*

*– Ау, шешенім, әкесі өлген қалай болады? – депті. Жиренше шешен отырып:*

*– Әкесі өлсе, асқар тауы құлағанмен бірдей болады, – депті.*

*– Шешесі өлген қалай болады?*

*– Ағар бұлағы суалғанмен бірдей болады.*

*– Ағасы өлген қалай болады?*

*– Оң қанаты қайырылғанмен бірдей болады.*

*– Інісі өлген қалай болады?*

*– Сол қанаты қайырылғанмен бірдей болады.*

*– Ана-қарындасы өлген қандай болады?*

*– Ұзын өрісі қысқарғанмен бірдей болады.*

*– Қатыны өлген қандай болады?*

*– Ah!.. Менің Қарашашым өлген екен зой? – депті Жиренше. Ол күйініп қамшысын таянғанда, қамшының сабы ортасынан шарт сынып кетіпті. «Қатын өлді, қамшының сабы сынды» деген сөз содан қалған екен [165, 23].*

Білім алушылар мәтінге талдау жасау арқылы оның жанрын айқындайды.

Осы мәтінде әке мен ананың, аға мен інінің, апа мен қарындастың ер-азаматтың өмірінде қаншалықты рөл атқаратыны керемет айтылған. Қазақ халқының «Әке – асқар тау, ана – бұлақ, бала – жағалай өскен құрақ» деген мақал-мәтелдерінде де әкені асқар тауға, ананы бұлаққа теңеу жиі кездеседі. Бұл тәрізді мысалдар отбасының рөлін сезінуге, оларды құрметтеуге баулып, сөз сырына бойлай отырып, оның мәнін түсінуге итермелейді.

*Кәсіби бағыттылық ұстанымы* білім алушының кәсіби деңгейін көтеруде басшылыққа алынады. Білім алушының кәсіби біліктілігін арттыру, оны өз ісінің маманы ретінде даярлау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі таңда адамның көп білетініне емес, оны практикада ұтымды қолдана білуіне

басымдылық беріледі. Қандай да бір практикаға жауап бере алмаған теория нашар теория болып есептеледі. Сондықтан білім беруде кәсіптік оқыту мен магистранттың кәсіби білімін жетілдіруге мән беріледі. Кәсіптік білім – белгілі бір жүйеде кәсін бойынша алынған білім, білік, дағдының жиынтығы және оны практикада пайдалана білудің ережелері мен нормалар тәртібі, ал кәсіптік оқыту – білім алушы мен оқытушының белгілі бір кәсін бойынша ғылыми-әдістемелік білімді игеруі мен кәсіптік білік, дағды қалыптастырудағы бірлескен іс-әрекеті. Яғни магистрант өзінің мамандығы бойынша алған білім, білік, дағдысын практика жүзінде қолдана алуы тиіс. Сонда ғана ол кәсіби маман деңгейіне көтеріле алады. Кәсіби маман болу үшін магистранттың өзі таңдаған мамандығы бойынша ғылыми пәндерден терең әрі жан-жақты білімі болуы шарт, ол білім беру саласындағы нормативті құжаттарды, ғылыми-әдістемелік еңбектерді оқып, өзіне қажетті кәсіби білімін үнемі толықтырып, жетілдірін отыруы керек. Мәселен, көркем мәтінге талдау жасау үшін магистранттың қазақ тіл білімінің барлық салаларынан терең білімі болуы шарт. Сонда ғана ол мәтінді талапқа сай талдай алады. Егер оның фонетикадан хабары болмаса, ассонанс, аллитерация және т.б. құбылыстарды дұрыс талдай алмайды. Лексика, фразеологияны білмесе, мәтін ішіндегі тұрақты тіркестердің немесе сөздің мағынасын ажырата алмауы мүмкін. Сондықтан аталған ұстаным білім алушыны кәсіби тұрғыдан даярлауға негіз болады. Білім алушының кәсіби даярлығын арттыруда өздік жұмыстардың маңызы айрықша. Өздік жұмыс білім алушының кәсіби біліктілігін жетілдіруге көмектеседі. Мысалы, Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы фразеологизмдерді жинап, оған талдау жасау олардың мамандықтары бойынша білімдерін тереңдетуге ықпал етті:

*Еңсеп құдықтың аузын қара көлеңке көмген сайын қорқып қалады: ол қазынды топырақты сыртқа шығаратын емен күбішелек пе, әлде сырттан домалап кеткен кесек пе, жоқ, жер астында зарығып жалғыз отырған құдықшының онсыз да ойнақшумен болатын үркек жүрегін тас төбесіне шығаратын тағы бір көлденең кесапат па, қашан қасына жетіп, қолымен ұстағанша, сенбей, көктен көзін алмайды (Ә.Кекілбаев «Шыңырау»); Неге екенін білмейді, жасы ұлғайған сайын сол бір қас-қағым келте дәурен есіне тым жиі оралып, көз алдына дәл осы қазір көріп отырғандай бәрі сайрап, ап-айқын елестейтіндей болып жүр [166].*

Жазушы өз шығармаларында фразеологизмдерді шебер қолданған. Құдықшының жер астындағы бейнесін «үркек жүрегін тас төбесіне шығаратын» фразеологизм арқылы дәл бейнелеген. Екінші сөйлемде жасы келген адамның өткен өмірін есіне түсірген сәтін қас-қағым тұрақты тіркесі арқылы береді. Мұндай тапсырмаларды орындау білім алушының фразеологизмдерді жетік білуін талап етеді. Сондықтан да магистранттың кәсіби білімін жетілдіру бір күннің жұмысы емес, оны үнемі дамытып отыру қажет.

*Интеграциялық ұстаным.* Педагогикада интеграция ұғымы әртүрлі түсініледі. Педагогтардың бірқатары интеграцияны педагогиканың басқа ғылым салаларымен байланысы тұрғысынан түсіндірсе, енді бірі пәнаралық байланыс, үшіншілері салалар арасындағы байланыс, ал төртіншілері білім алушының әртүрлі біліктіліктері мен құзыреттіліктерін бір арнаға тоғыстыру деп санайды. Қалай десек те, интеграция бірнеше ғылым салаларының немесе бір ғылым саласындағы пәндерді өзара тоғыстыру дегенге әкеп саяды. Мәтін арқылы білім алушылардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда интеграциялық ұстаным басты орын алады. Мәтін ең жоғары қатысымдық бірлік бола отырып, ол бірнеше пәндерді тоғыстырады. Мәтін бірнеше аспектіде қарастырылады. Ол – коммуникативтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, психолингвистика, паралингвистика, прагмалингвистика және т.б антропоэзектілік ғылымдардың барлығының нысаны, ол – сонымен бірге тіл білімінің барлық салаларын бір-бірімен байланыстыратын тілдік бірлік.

Мәтін тілдік құралдар арқылы онтологиялық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік деңгейлердің белгілі бір жүйеде қызметі көрінетін, толығымен мәтінде көзге түсіп, қызмет ететін тұстарының өміршеңдігін байқататын – тілдік бірліктердің ұйымдасқан түрі. Мәтінге талдау жасау арқылы тілдің құрылысы, заңдылықтары мен қызметі танылады. ... Қоршаған ортаның өзіндік ұғымын оқушы философия, логика, психология салаларына қатысты түсініктерден табады. Егер мәтін адамның сөйлеу әрекетінің жемісі болса, онда мәтін тек лингвистикалық мағынамен қатар, ұғымдық категориялармен бірге (грамматика, логика), онологиялық (философиялық) категориямен байланысты. Сонымен, лингвистикалық категория деген ғылымның көптеген салаларымен байланысты [17, 22-23]. Олай болса, аталған ұстаным жетекші ұстанымның бірі болып табылады.

*Көп ұзамай әкесі шарыққа бұның өзін отырғызды. Көздің жсауын алатын әдемі құмыра жасауға саз топырақ пен су, қара көрік лапылдама маздатқан сексеуіл шогынан да басқа өн бойындағы бұлшық еттің бәрін солқылдата сорып шығатын қара күш, көз етіңді суырып алғанша міз бақпай қарайтын жіті жанар, тоқсан тарау жұлын-жүйкенің бәрін шүйкедей иіріп, түбіттей түтетін үміт пен күдік, ынта мен ыждаһат, соның бәрін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын қатыгез қанағатсыздық пен көнтері көнбістік керек екенін бала сонда ұқты (Ә.Кекілбаев «Ханша-дария хикаясынан» 210 бет).*

Осы мәтінде колөнерлікпен енді айналыса бастаған баланың психологиялық жай-күйі шебер суреттелген. Сонымен бірге мәтінде лингвомәдени бірліктер де жеткілікті қолданылған. Әдемі құмыраны жасаудағы балаға қажетті дағдыларды жазушы мәдени концептілер арқылы жеткізген. «Шүйкедей иіріп, түбіттей түтетін үміт пен күдік, ынта мен ыждаһат» қана құмыраны дайындауға көмектесетінін дәлме-дәл береді. Оқырманның көз алдына біресе жіп болып иірілген, енді бірде қайтадан түтілген жүн елестейді.

Бірақ бұл тіркесті халықтың тұрмыс-тіршілігімен таныс оқырман ғана сезіне алады. «*Маздатқан сексеуіл шогынан*» тіркесі сексеуілдің ұзақ жанатын, қызуы көпке жететін отын екенін де қазақ баласы ғана түйсінеді. Сондықтан мәтін талдау магистрантқа әрбір ғылым саласының өзіндік ерекшелігін танытуға мұрындық болады. Мәтін білім алушыны оны қоршаған шындық болмысты жете тану үшін ұлттық таным көкжиегінен көз салуға дағдыландырады. Оны ұлтының рухани құндылықтарын меңгерген, жетік білетін адам болуға итермелейді. Білім алушы халықтың тарихын, ұлттық болмысын, мәдени танымын және т.б. жан-жақты толық сақтап, ғасырдан ғасырға, атадан балаға аманат етіп, жеткізуші, өткені мен бүгінін бір-бірімен байланыстырушы тіл екенін түйсіне отырып, мәдени-тілдік құзыреттілігін дамытады. «Білімнің негізі зат пен құбылыстың өз табиғатынан алынсын. Ұстаз аз сөйлеп, шәкірт көп үйренетін болсын. Тәртібі жоқ мектеп сусыз диірменге ұқсайды. Білімнің негізінде әдемі зат, көркем текст, содан соң талдау, аяғында қорыту тұрады», – деген В.А. Каменскийдің пікірінің дұрыстығына көз жеткіземіз [167, 13].

*Білім беруді аксиологияландыру* ұстанымы кәсіби сауаттылығы мен біліктілігі қалыптасқан, зиялы, мәдениетті, ішкі рухани дүниесі бай, әлеуметтік және ұлттық құндылықтар арқылы қаруланған тұлғаны дайындауда басшылыққа алынады. Яғни білім алушының бойына тек кәсіби біліктілікті ғана емес, өмір, дүние бейнесі, әлеуметтік заңдылықтар туралы білімді де сіңіруді көздейді.

Дүние бейнесін қалыптастыруда адамның барлық психикалық әрекеттері қатысады: сезіну, қабылдау, түйсіну, түсіну, және ойлау, өзінше ұғыну, т.б. Дүниенің бейнесі дүниені танудың алғышарты болып табылады. Әрбір әлеуметтік жүйеде, әрбір қоғамның өркениеттік даму барысында дүние бейнесі өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылып отырады. Олар негізгі концептуалдық және сезімдік қабылдаулар негізінде адамның танып түсінген деңгейі дәрежесінде болады. Қоғам дамып, дүниенің қасиеттері одан әрі таныла бастаған сайын дүние бейнесінің мазмұны да өзгерін отырады. Демек ақиқат дүние бейнесі – өзгермелі құбылыс. Ал адам санасында қалыптасқан ақиқат дүниенің бейнесі арқылы тілдік қорды, тілдің ішкі мағыналық формасындағы өзгерістерді зерттеуге мүмкіндік жасалады [20, 14]. Сондықтан да қазіргі таңда білім берудің барлық саласында тілдің адамды таныту қасиеті мен адам арқылы тілді анықтау мәселелеріне мән беріліп отыр. Адам өміріндегі дүниелер тілде қалай көрініс тапқан, ол ұлттың мәдениетін, болмысын, тіршілігін қаншалықты дәрежеде танытады деген мәселенің жауабы мәтінде беріледі. Мысалы, «*Биікте Көк тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған*» деген «Күлтегін» ескерткішіндегі және тағы басқа көне ескерткіштер тіліне талдау жасау арқылы ежелгі түріктердің ислам діні таралғанға дейін Көк тәңіріне, Жер-су тәңіріне және Ұмай анаға сиынатыны халықтың адамның жаралуын аспан денелерімен байланыстырғаны дәлелденді. Сол сияқты «Алпамыс» жырындағы:

*Айналайын, жан ата,  
Өлгенде көрдің бір бота,*

*Кетерімде бермедің,*

*Ықыласпен ақ бата...* – деген өлең жолдары Алпамыстың зынданға түсуін оның ақ бата алмауымен байланыстырады. Бұл батаның халық өміріндегі маңызын көрсетеді. Мәтін оқырманға автордың өмірі туралы мәлімет те берін отырады. Мысалы, Шәкәрімнің *«Жүр едім сол екеудің ізін шалып, ГПУ-дың солдаттары келін қалып, «Қашқынмен хабарласып жүрсің зой?» деп, Әкетті Бақанасқа ұстап алып»* деген өлеңі арқылы оқырман Шәкәрімнің өмірімен танысады. Білім беруді гуманитарландыру бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары тек техникалық оқу орындарының білім алушылары ғана емес, филологиялық мамандықтағы білім алушының да гуманитарлық білімдері төмен екенін көрсеткен. Ол білім алушылардың қазіргі таңда көркем әдебиетті көп оқымайтынымен байланысты. Аталған ұстаным магистрантқа адамның таным-түсінігі, білімі мен тәжірибесі, арманы мен тілегі, қуанышы мен қайғысы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы тілде көрініс табатынын, ұрпақтан-ұрпаққа мәдени-тілдік бірліктер, құндылықтар, соның ішінде көркем мәтін арқылы жететінін байқатуға мүмкіндік тудырады.

*Қатысымдық ұстаным* білім алушының тілдік құзыреттілігін дамытуда негізге алынады. Бұл ұстаным тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгертумен тығыз байланысты. Мәтін білім берудегі негізгі дидактикалық бірлік болып есептелгендіктен, қазіргі кезде ол білім алушының тілін дамыту мен қатысымдық және тілдік құзыреттілігін жетілдірудегі басты фактор ретінде қолданылады. Мәтін адамның сөйлеу қызметінің жемісі болып табылатындықтан, қатысымдық бірлік ретінде танылады.

Бұл ұстаным бойынша, оқыту қағидалары сөйлесім компонентінің бес түрімен: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім негізіндегі білім нәтижелері мен оқушының ақпаратты қабылдау және өз ой-тұжырымдарын қорытып шығару әрекеттеріне сүйене отырып анықталады. Қазіргі өзгермелі дүние жағдайында адамдармен тіл табыса жұмыс істеуге төселдіретін, қоғамдағы бәсекелестікке бейім адамды тәрбиелеудің өзегі саналатын бұл әрекет – білім алушының дара тұлға ретіндегі әр түрлі қабілеттерінің де жетілуінің басты факторы. Сондықтан мұнда білім алушының қарым-қатынас мәдениетіне, көпшілік ортасында өзін-өзі ұстау әдебіне, пікірталас түріне лайық сөйлеу мәнеріне, этикеттік оралымдарды дұрыс қолдана білуге төселдіруге назар аударылады [168, 32]. Мәселен, магистранттарға төмендегідей мәтін ұсынылып, сөйлесім әрекеті бойынша тапсырмалар берілді:

*Қазір ойлаймын, егер қазақтың әйелдері атқарар бүкіл ісмерліктің қолөнер институтын немесе фабрикасын ашып, менің Апамды бастық сайласа, тұтас бір он саусағы өнерлі ұрпақ дайындап шығарар еді.*

*Иә, ол кісі тірі кезінде ешкім елеп-ескермеген алтын қолды құдіретті әйел еді. Қазақта осыншалық мықты, осыншалық ақылды ұлы әйелдер болғаны қандай жақсы. Бірақ біздер, жиырмасыншы ғасырдың азаматтары көп ретте осындай асылымызды байқамай, айналып өтер едік. Айырылып қалған соң гана айы өтіп, сан соға өкінер едік. Өзгені қойып, мықтысынып жүрген мына менің*

*өзім сол Апамның тірі кезінде неге зана бәр-бәрін: киіз басып, үй тігуді, арқан есуді, тері илеп, өңдеп, киім тігуді, алаша тоқып, өрнектен сырмақ тігудің, саба, сүйретпе, торсық істеудің бүкіл қыр-сырын тәптіштеп жазып алмадым. Енді міне... қолымызды мезгілінен кеш сермеп отырғанымыз. Енді міне, бұзауы өлген сиырдай тұлыпқа мөңіреп, жыртық астаудан Апамның алақанын, Апамның қауыздаған талқан-тарысын іздеп тамсанып отырғанымыз [169].*

### **Тапсырмалар кешені:**

*Оқылым: мәтінді оқып, түрін анықтаңыз.*

*Айтылым: мәтіндегі лингвомәдени бірліктерге талдау жасаңыз, «бұзауы өлген сиырдай тұлыпқа мөңіреп» деген тіркестің мәнін түсіндіріңіз.*

*Жазылым: мәтіндегі киіз басу, үй тігу, арқан есу, алаша тоқу, сырмақ тігу, саба, сүйретпе, торсық сөздерін түсіндірме сөздіктен қарап, оларды қалай дайындайтынын жазыңыз.*

*Тілдесім: мәтіннің бірінші ой бөлігіндегі автордың пікірі бойынша, көршіңізбен ойбөліске түсіңіз. Әрқайсыларыңыз өз ойларыңызды тілдік деректер арқылы дәлелдеуге тырысыңыздар.*

Сөйлесім әрекеті арқылы орындалатын бұл тапсырмалар білім алушының мәдени-тілдік құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Мысалы, «бұзауы өлген сиырдай тұлыпқа мөңіреп» деген сөйлем арқылы жазушы қазақ халқының мал шарауашылығында қолданатын ұтымды тәсілі туралы айтқан. Халық бұзауы өлін қалған сиыр иімей, оны сауу қиынға түсетін болғандықтан, өлген бұзаудың терісінің ішіне сабан тығып, сиырды алдаған. Сабан тығылған тұлыпты іскеп, одан баласының иісін сезген сиыр тез иіген. Бұл тәрізді тапсырмалар магистрантқа мәдени ақпаратпен танысуға мүмкіндік береді.

*Когнитологиялық ұстаным* білім алушыға дүниенің тілдік бейнесін, айналадағы өмірді танытуда негіз болады. Магистранттың тілі мен ойлауын дамытуда аталған ұстанымның маңызы зор. Өйткені бұл екеуі өзара диалектикалық бірлікте. Аталған ұстаным мәтіндегі тілдік бірліктердің табиғатын халқымыздың тарихымен, таным-түсінігімен байланыста қарастыруда басшылыққа алынады. Мәтіндегі халықтың ұлттық болмысын, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын көрсететін тілдік бірліктер арқылы білім алушының мәдени-тілдік құзыреттілігін дамытуды көздейді. Мәтіндегі тілдік бірліктерді ұлт тілінің табиғатымен байланыста зерделейді. Дүниенің тілдік моделі таным арқылы көрініс табады деген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, аталған ұстаным білім алушының танымдық қызметін дамытуда тірек болады. Әлемнің тілдегі бейнесі мәтін, мәтінді тудырушы суреткердің тіл шеберлігінен көрінеді. Көркем мәтінде әлем, дүние образ арқылы танылады. Ол адамның ойлау әрекетімен байланысты. Мәтінде ұлттың әлемді, дүниені қалай танитындығы туралы мәліметтер қамтылады. Білім алушы мәтінмен жұмыс істеу арқылы ондағы ұлттық болмыс, ұлттық ерекшеліктермен танысады. Сол арқылы оның аялық білімі тереңдей түседі. Мәселен, Шәкәрім

Құдайбердіұлының «Шын сырым» өлеңі ақынның айналасындағы дүниені терең танығанынан оқырманды хабардар етеді:

*... Кірпігің тізіліп,  
Миыма қадалар,  
Нұр көзің сүзіліп,  
Ойыма от салар.  
Сиқыр жүзің  
Ақылды байлап алып,  
Тор шашың шырмалып,  
Басымды ноқталар.  
... Күн батып жоғалды,  
Нұрыңнан ұялып,  
Жұлдыз бен Ай қалды  
Сәулеңнен нәр алып.  
Жетіқарақшы айналып,  
Сені іздеп жүр.  
Бәрі де сені ойлап,  
Мас болып сандалып.  
Үркер мен Таразы  
Шашылды шашуға,  
Шолпан да қарады  
Мауқын бір басуға.  
Темірқазық арқандап Қосбозатын,  
Жаратып, ойы бар  
Тойыңа қосатын.*

Осы өлеңде ақын өзінің жан сырын жұлдыздардың атымен әсем өрнектеген. «Басымды ноқталар», «арқандап Қосбозатын» тіркестері қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен ақпарат беріп тұр. Басына нөқта түскен мал жуасып, адамның ырқына көнеді, ал арқандалған мал алысқа ұзай алмай, бір жерді айналып жүреді. Ақын осы тіркестер арқылы өзінің ғашықтық сезімін, онсыз тұра алмайтынын, бар ойы тек ғашық болған адамында екенін дәл жеткізген. Мәтіндегі әрбір тілдік бірліктің табиғатын таныту білім алушының дүние туралы түсінігін кеңейте түседі. Сонымен қатар, Н.Ораздың «Жылқының көз жасы» әңгімесіне концептологиялық талдау жасағанда жылқыға байланысты концептілік өріс қазақ халқына ғана тән ұғымдарды береді. Қазақ ұлтында ғана «жылқыны білу, жылқыға үйір болу, шамасы келгенінше жылқыны танып өсу – ұлттық сана-сезімімізді сергітер, жасыған жадымызды серпілтер, тектілігімізбен табыстырар тағылым-танымдықтың ең қуатты құралының бірі болса керек» [170, 79].

Әрбір тіл иесінің өзіндік парасат-пайымын, таным-түсінігін, сана-сезімін, жалпы айтқанда, бүкіл мәдени болмысын оның туындысының тілі танытады. Белгілі бір суреткер тілі оның өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымының, яғни «тіл – сана – дүние» үштігінің негізінде қаланады, солардың барлығы тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Өзара мәндес тілдік бірліктердің

семантикалық және ассоциациялық өріс негізінде шоғырлануы ақынның жеке концептуалдық әлемін құрайды. Ондағы әрбір концептілік жүйеде жеке тұлғаның белгілі бір ұғым туралы нақты бейнесін танытатын жеке танымы да көрініп, жеке тұлғалық концептісі айқындалады [171, 142]. Олай болса, мәтіндегі тілдік бірліктер арқылы жазушының, ақынның, халықтың әлем туралы, дүние туралы ұғым-түсінігі айқын көрінеді. Сондықтан мәтіннің танымдық табиғатын терең меңгерту білім алушының дүние туралы аялық білімін тереңдете түседі.

*Мобильділік ұстанымы* ақпараттар ағымы толассыз келіп жатқан заманда жаңа білім, жаңашыл ақпаратты алу және үздіксіз өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайға жылдам бейімделу дегенді білдіреді.

Ақпаратты қабылдау және түсіну адам санасының белгілі бір білім қорының пайда болуына әкеледі. Қандай да бір ұғым-түсініктен бұрыннан хабардар адам оған қатысты жаңа мәліметтерді тереңірек қабылдауы заңды. Ал рецепиент үшін тың, бейтаныс оқиға-құбылыстар жөніндегі ақпаратты қабылдау белгілі бір дәрежеде қиындық туғызады. Бірақ қандай жаңалық қамтылғанына қарамастан, кез келген мәтінді адам бұрыннан бар білім қорына сүйене отырып, интерпретациялауға ұмтылады [172, 149]. Магистрант мәтіндегі жеке авторлық қолданыстағы потенциалды сөздерді таба алуға үйренуде аталған ұстанымға сүйенеді.

Мәтіннен кейбір көнерген сөздердің мағынасының кеңеюі арқылы неологизмге айналғанын дәлелдеп айтуға дағдыланады.

*Оқыту мен тәрбиенің дифференциациясы мен индивидуализациясы (жеке тұлғаны бағдарлап саралап оқыту)* ұстанымы білім алушының жеке, интеллектуалдық және психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып оқытуда негізге алынады. Аталған ұстаным қазіргі білім беру жүйесінде ең негізгі орындардың біріне ие. Өйткені бұл ұстаным негізінде білім беру үрдісі әрбір білім алушының мүмкіндігі мен қабілеттілігін ескере отырып, оның жеке іс-әрекет жасауына жағдай туғызып, олардың басқа білім алушылармен бірігіп жүзеге асыратын іс-әрекеттерін ұйымдастыруға бағытталады. Яғни білім алушының психикалық даму ерекшеліктері, есте сақтау, ойлау қабілеті, зейіні назарға алынады. Әр магистранттың әрбір сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны өзі игеріп, әрі пікір таластыру деңгейіне жетуіне мән беріледі. Білім алушыға сенімділік білдіріп, оның пәнге деген қызығушылығын арттыруды көздейді. Оның өз біліміне сенімінің болуын және оны әрі дамытуын, шығармашылық деңгейге көтерілуін қажетсінеді.

Бұл ұстаным жаңа тақырыпты білім алушы шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс деген қағиданы ұстанады. Сондықтан мұндай сабақтарда олардың ынтасын, белсенділігін арттыру үшін оларға проблемалық сұрақтар қойылып отырады. Мәселен, магистранттарға бірнеше деңгейден тұратын тапсырмалар ұсынылды. Әр деңгей тапсырмасына қойылатын балл мөлшері көрсетілді:

*1-тапсырма. Берілген терминдердің мағынасын түсіндіріңіз.*

*Ғылыми парадигма, құзыреттілік, паремнология, мәтін, мәдени бірлік.*

*2-тапсырма. Тілдік код және мәдени код дегеніміз не? Олардың бір-бірінен айырмашылығы бар ма? Мысал арқылы айтыңыз.*


*3-тапсырма. Көркем мәтіндегі әлемнің тілдік бейнесі дегенді қалай түсінесіз? Ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып дәлелдеңіз.*

Бұл тәрізді тапсырмалар білім алушының пәнге деген қызығушылығын тудырады. Олар алдарына қойылған келелі мәселені шешуге ұмтылады. Әрине олар неғұрлым көп балл жинауға тырысады.

Қорыта келгенде, жоғарыда сөз болған оқытудың ұстанымдары білім алушылардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы жетілдіруде басшылыққа алынады. Бұл өз кезегінде білім алушыларға пән мазмұнын терең игерте отырып, олардың кәсіби біліктілігін арттыруға, олардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға көмектеседі [173, 284]. Магистранттың танымдық қабілетін дамытып, креативті ойлауын жетілдіреді. Оны жеке тұлға ретінде даярлауға септігін тигізеді. Мәдени тілдік бірліктердің мағынасын терең түсінуге, оны күнделікті қарым-қатынаста ұтымды қолдануға дағдыландыра отырып, кәсіби білімдерін тереңдетеді.

Тұжырымдай келе, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде филолог-мамандардың тәуелсіз мемлекетіміздің нығаюы барсында бәсекеге қабілетті маман ретінде қарастыруда, болашақ ұрпаққа бағыт беретіндігі ескеріле отырып, қоғам талабы мен оқыту жүйесінің бірлігі, интеграция, жүйелілік, когнитологиялық, білім беруді аксиологияландыру лингвомәдениеттілік ұстанымдары алға қойылып міндеттелді. Бұл білім берудің жаңа деңгейіндегі тұлға-қоғам қатынастарындағы жалпыадамзаттық өркениет пен ұлттық құндылықтарды сабақтастыру мақсатына да сай келеді.

Айтылған және ұсынылған ұстанымдардың интеграциясы негізінде филолог-магистранттардың тұлғасын дамыту мен өз бетімен дамыту үшін қолайлы жағдайлар қалыптасады: ол кәсіби қалыптасуға негіз болып, филолог-магистранттың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескереді. Сөйтін, өздігінен дамуға және жетілуге дайын бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасады. Осы орайда магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда білім беру мазмұнының мақсаты танымдық, тілдік, дидактикалық болып қарастырылды. Оқыту үдерісінің білім беруді аксиологияландыру (құндылықтар), когнитологиялық (танымдық), ғылымилық ұстанымдары негізінде білім беру мазмұнының ұйымдастыру жолдары ұсынылды. Қосымша оқу пәнінің әр дәріс пен практикалық сабақтардың жүргізу әдістері мен тәсілдері болады. Мысалы, филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың құрауыштары ретінде мәтіннің концептілік пен лингвомәдени сипаты тұрғысынан талдай отырып, тұлға санасында көркем мәтінді тану дағдысы дамиды. Ал бұл жолдарды дамытуда әртүрлі интербесенді әдістер ұсынылады.



Сурет 4 – Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі

Сонымен, жоғарыда талданған кәсіби дайындық ұстанымдарын алға тарта отырып, филолог-маманның кәсіби құзыреттілігін және оқыту жүйесінің құрылымды және функционалды бөліктерін ескере отырып, біз филологиялық мамандық магистранттарын оқытудың, яғни жоғарыда аталған ұстанымдар негізінде филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға апарар жолының үлгісін құрастырдық (Сурет 4). Оны құрастыру барысында зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты – филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру болып табылады.

## **Екінші бөлім бойынша тұжырым**

XXI ғасырда білім беру үдерісіне көптеген жаңалықтар енгізілуіне және «Мәңгілік Ел идеясын» жүзеге асырушы тұлға даярлаудың талабына орай тәуелсіз елде жоғары біліммен қаруланған мамандар талап етіледі. Сондықтан ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру, білім жүйесіне қатысты ұлттық ой-сананың дамуына мән берілу керек. Ол қазақ философиясының білім философиясымен байланыстыра білім беру әдіснамасын қарастыруды қажет етеді. Осы орайда филолог-маманның мәдени-тілдік қалыптасуын философиялық аспектіде қарастырдық. Адам баласының қоршаған ортаға, қоғамға қатынасын философиялық тұрғыдан әл-Фараби қарастырды, «адам бар жерде тіл бар» қағидасын Вильгельм фон Гумбольдт, «өзіңді тану – дүниені тану» ұстанымын Сократ ұстанды. Филолог-маман осы уақытқа дейін дүниетанымы қалыптасқан жеке тұлға болып саналады. Ал олардың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамасы философиялық теориямен астасып жатыр. Бұл теорияда өмірді тану, рухани баю логикалық таныммен іске асады. Логикалық танымды, тіл мен ойды ұлтымыздың жыр сүлейлері толғауларында мәдени өнермен, сөз өнерімен жеткізді. Рационалды таным тіл арқылы жүзеге асса, тілде сол халықтың өне бойы мұрасы жатыр.

«Адам бол!» ұстанымын ұстанған Абай адамгершілік қатынастар аясында сананың туу мәнін де түсінуге мүмкіндік береді, адамгершілік әрекет тек сыртқы жағдайларға, нормаларға, дәстүрлерге ғана емес, саналы түрде өз санаңа бағынған ішкі қалауына, ниетіне сәйкес болуы керек.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушы – қоғамның ең белсенді әрі тез бейімделгіш, ойлаудың акмеологиясына жеткен тұлға болғандықтан, олар әлеуметтің ең маңызды қозғаушы күші ретінде қарастырылады. Психологтардың пікірінше, қоғам алдында өзіне жауапкершілікті мақсат тұтатын, өзінен кейінгі кезең жастарына үлгі боларлық қай салада болмасын дағдыларды меңгеруге дайын болады. Оқытушы мен білім алушы арасындағы педагогикалық қарым-қатынас барысында бір-бірімен ынтымақтастық, келісушілік орнату жағдайында және тұлға бойында мәдени-тілдік құзыреттілікті игеруде топтық, ұжымдық формада белсенді әдістерді қолдану арқылы танымдық тапсырмаларды арттырып, оқу үдерісіне енгізуге болады.

Филолог-мамандардың білімді өздігінен игеруіне жол ашу, оқу үдерісін кредиттік технологиямен ұштастыру, дамыған елдердің әдістерін меңгеру,

мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыра оқытудың басты талабы болды. Өйткені білім беру мазмұнын мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілік құрайтындықтан ғылыми зерттеулерді қарастыра отырып, жүйелі білімге негізделді. Ал оны меңгеруде филолог-мамандардың өздігінен білім алуына мүмкіндік беретін, олардың санасында «әлемнің тілдік бейнесін» жасайтын шығармашылық, ғылыми жобалардың мақсатын аша алуына негізделген қабілеттерге басымдық берілді. Осы нәтижеге қол жеткізу үшін ғылымилық, жүйелілік, сабақтастық, оқыту мен тәрбиенің гуманизациясы, кәсіби бағыттылық, интеграциялық, білім беруді аксиологияландыру, қатысымдық, когнитологиялық ұстанымдарға сүйендік.

Филолог-маман іс-әрекетінің психологиялық мазмұны мен құрылымының өзіндік айрықша ерекшелігі бар және әлеуметтік статусқа ие тұлға болып табылады. Сол себепті магистрант іс-әрекетінің ерекшеліктері қатарына мыналар жатқызылады:

- мақсаттың және нәтиженің ерекшелігі (білім, дағды іскерлікті меңгеру, жеке тұлғалық қасиеттердің дамуы);

- оқу нысанындағы ерекше өзгешеліктер (ғылыми білім, болашақ еңбек туралы);

- маңызды іс-әрекет құралдары (әдебиеттер, ақпараттық технология) ортаға бейімділігі, рухани құндылықтарды бойна сіңіруі.

Сонымен қатар, филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыруда педагогикалық, психологиялық негіздерін қарастырдық. Тұлға дамуы мен сыртқы байланысты қабылдау психология ғылымымен байланысты. Тілдік тұлға мәселесін қарастыруда Ю.Н. Карауловтың терминін қолдандық. Біз бұған сүйене отырып, филолог-маманның тілдік тұлғасы (филологиялық тұлға), кейіпкер (көркем шығарманың), нақтылы тарихи тұлға, ұлттық тілдік тұлғамен байланыстырдық. Осы құрылымдар негізінде «лингвистика» және «әдебиеттану» ұғымдарын интеграциялауды, «филология» ұғымын 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M0205 – Филология мамандықтары бойынша магистранттарды дайындаудың бағытын сипаттап, тілдік тұлға бойында мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру туралы мәліметтерді ендіру қажеттілігін дәлелдейміз.

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесін беруде аталған мамандықтарға «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» атты қосымша оқу пәнін қажет деп танып, филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыруда көркем мәтінді концептуалды талдаудың моделін ұсындық.

Қазіргі уақыт пен кеңістікке қарай филолог-маман осы құзыреттіліктерді игеру барысында функционалды сауаттылыққа қол жеткізеді. Ал, мұның өзі магистранттың гуманитарлық білім аясында бірнеше ғылым салаларын бойына сіңіруі қажет екенін көрсетеді.

### 3 МАГИСТРАНТТАРДЫҢ МӘДЕНИ-ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН МӘТІН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСЫ

#### 3.1 Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудағы талдаудың түрлері мен мазмұны

Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратурада кәсіби пәндер (КП) циклінің көлемі типтік оқу жоспарының жалпы көлемінің 53%, оның ішінде 11% міндетті компонент пәндеріне және 89% – таңдау бойынша компонент [174] пәндеріне бөлінетіндіктен, алға қойған мақсатымызға жету үшін таңдау курс бағдарламасын дайындадық.

Оқытылуға алынған мәтіндер қазақ халқының бай мәдениетіне толы көркем шығармалар. Сабақта пайдаланылатын мәтін ғылыми тұрғыда сұрыпталған, өңделген болуы керек. Мұндай мәтіндерді сұрыптауға зерттеушілер әр қырынан келін, көптеген талаптар қояды: «Мәтін шартты түрде екі қырынан: мазмұндық-әдістемелік және лексика-синтаксистік, стильдік жағынан тексеріліп, бағаланады».

Мазмұндық-әдістемелік сипатына: ғылыми мазмұны, оның қажеттілігі, қайталаусыз, жүйелі баяндалуы, теориялық абстракциялық деңгейі, өткен материалмен сабақтастығы, күрделірек деңгейі, магистранттардың білімі мен логикалық ойлау деңгейіне сәйкестілігі, терминологияның бірізді қолданылуы, түрлі ақпараттық және фактілік материалдардың мөлшері т.б. мәселелер жатады.

Ал лингвистикалық-стильдік сипатына: магистранттардың лингвистикалық әзірлік деңгейінің ескерілуі, сөйлемдердің тым ұзын, шұбалаңқы немесе кілең тақ-тұқ қысқа да болмауы, оқылуы мен жазылуы қиын көп буынды сөздердің сирек қолданылуы, абстракт мағыналы және бейтаныс сөздердің қажетті мөлшерде әрі мағынасы мәтін ішінде түсінікті болатындай етіп жұмсалыуы, сөздердің бір мәтінде екіұшты мағына беретіндей қолданылмауы жатады.

Лингвомәдениеттанудың термині ретінде мәдени-тілдік құзыреттілік өркениетте, қоғамдық ғылымдармен қатар дамуын тілдік тұрғыдан пәннің зерттеу объектісін нақтылай түседі. Осы жайт тұрғысында, сондай-ақ, көне тіл деректері лексикамызда сөзжасам саласының қызметін арттыруда халқымыздың мәдени өмірімен байланысты екенін тілші *А.Салқынбайдың* мына пікірі толықтырады: «Тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпыадами гуманитарлық, мәдени, өркениеттілік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт – бәрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырады» [73, 41].

А.Сейсенова этикет формаларына лингвомәдениеттану аспектісінде салыстырмалы талдау жасаған халық мәдениеті мен ұлттық менталитеттің

бірлік қызметіне ерекше тоқтай келін, «лингвомәдениеттану – мәдениеттің тілдік жүйеге қалай әсер ететінін, яғни фактор мен адам бойындағы тілдік факторлардың байланысын қарастырады» деп түйіндейді [175, 19]. Ал профессор А.Алдашева бұл пәннің зерттеу көздерін ғылыми тұрғыдан анықтап, әрі лингвистика ғылымымен ортақтығын: «лингвомәдениеттанудың ауқымы соңғыларға қарағанда өте кең, ол әрбір тілдік единицаның белгілі бір халықтың төл элементі, халық тілімен бірге жасасып келе жатқан өз сөзі, өзгелерден ауыс-түйіс емес, өз меншігіндегі сөз, сөз тіркесі, афоризм, мақал-мәтел екендігін дәлелдейтін белгі қайсы; ұлттық «бет-ишіні» бар деп есептелген сөз (өзге де тұлғалар) ұлттық әлеуметтік, этникалық, саяси-адамгершілік, тұрмыстық нормалары мен қағидаттарынан қандай мәлімет жеткізе алады дегенді зерттеуге назар аударады», - деп тұжырымдайды [127, 121].

Көркем мәтіндердің ерекшелігі мәселесіне көптеген лингвистикалық жұмыстар арналған. Көркем мәтіндердің ерекшелігі олардың лингвомәдени әлеуетінің ерекшеліктерін және көркем мәтіннің лингвомәдени сипаттамасын қарастырады.

Барлық зерттеушілер көркем мәтін ерекшеліктерінің сипаттамасын анықтау барысында ортақ үш түрлі көзқарасты қолдайды:

- көркем мәтіннің ерекше функциясы – эстетикалық;
- көркем мәтіндегі сөздің ерекше рөлі;
- көркем мәтінді түсіну мен қабылдау барысындағы оқырман-интерпретатордың ерекше рөлі [176].

Философия мен эстетика тұрғысынан көркем мәтін «көркем ойлаудың логикалық заңдылықтарына» қарай ерекшеленеді. Сөз өнері – даму мен өнердің ең жоғары деңгейі, себебі «өнердің мыңдаған жылдық тарихында тіл өнердің әртүрлі формаларының туындауына және оның қалыптасуы мен дамуына қатысып отырған» [177, 97]. Сонымен қатар, сөз өнері – тарихи тұрғыдан, логикалық тұрғыдан – тілге қатысы жағынан екіншілік орында. А.А.Потебняның ойынша, поэтикалық (көркем) сөз «өн бойына халықтың эстетикалық өмірін жинақтап, басқа да өнер түрлерінің тууына дән болып» табылады [157, 39]. Осы айтылғандардан, көркем сөздік туындылар өнер туындылары иерархиясында күрделі саналады.

Көркемдік-бейнелілік тілдік нақтылау ұғымы – көркем туындының тілін сипаттаудағы маңызды әрі орынды сипаттама саналады. Бұл ұғым біздің тұжырымымыз үшін маңызды, себебі ол «тілдің құрамындағы тартілдік көзқарастарға» емес [103, 587], сөйлеу әрекетіне, бір жағынан, сөйлеу субъектісі ретіндегі оқырманның бейнелі шығармашылық ойлау ерекшелігіне; екінші жағынан, сөз өнерінің туындысы оқырманның бейнелі қабылдауы мен қиялының ерекшелігін белсенді ету мақсатында оқырманның көркем мәтінді қабылдауына негізделеді.

Көркем мәтіндегі сөздік бейненің екіжақтылығы (В.В. Виноградов), көркем мәтіннің бейнелі жүйесінің эстетикалық функциясы туралы түсінікке негізделін, қазіргі заман зерттеушілері көркем шығарманың бейнелі

құрылымының когнитивті сапасын ерекше атап көрсетеді. Көркем бейне – шындықты танудың ерекше формасы, нақтылық пен жалпылықтың, эмоционалдылық пен логикалықтың бірлігі, үлгілеу тәсілі, көркем бейне. Әдістемелік тұрғыдан бұл ескертудің рөлі маңызды. Көркем бейнелер әлемді осы туындыны жасаған суретшінің сөзі арқылы тануға септігін тигізеді. Демек, оқыту үдерісінде көркем мәтіннің бейнелі құрылымдарымен жұмыс жасау білім алушылардың әлемді танудың эстетикалық формасын, автордың ішкі идеясымен үйлесімді әрі одан өзгеше өзіндік көзқарасты қалыптастыруға септігін тигізеді.

Көркем бейне белгілі бір шындықты сипаттай отырып, «суретшінің әлемге деген жеке тұлғалық және эмоционалды қарым-қатынасы органикалық түрде бірігіп кеткен құндылықты-рухани мазмұнға ие» [178]. Біздіңше, көркем мәтіннің мәдениеттегі берік орнығуы туралы Г.О. Винокур: «Өзінің үйлесімді гүл бағына дән еге отырып, ақын сөз-гүлімен бірге оның тамырын да тереңдетіп, одан туған жердің топырағының иісін шығарады» деп жазады [179, 55].

Осы ережелерге сүйене отырып, біз мынадай тұжырым жасаймыз: көркем мәтіннің бейне элементтерінің құрамында оның лингвомәдени әлеуеті тұнып тұр, бұл әлеует автор мен тыңдармен не оқырман арасында «дәнекер» болып, автор тарапынан өзінің ішкі идеясын жеткізуге, ал оқырман не тыңдарман тарапынан – мәтінді түсіну мен концептологиялық талдау жасауға септігін тигізеді.

Филологиялық талдауды орыс филологтары И.В. Арнольд, Н.С. Болотнова, Н.А. Николина, Ю.М. Лотман, Н.М. Шанскиймен және т.б. зерттеушілермен қатар отандық ғалымдар Р. Сыздық, Б. Шалабай, А. Әділова, көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің көрінісін талдауды Қ. Алпысбаев, Г. Смағұлова, Ш. Елемесова, Т. Есенбеков, Ж. Мұхамбетов, Ә.Әлметова қарастырды.

Көркем әдебиет мәтінін зерттеуде кешенділік идеясын қолданған ғалымдар көркем мәтін семантикасы, оның идеясы белгілі бір деңгейде мәтін орналасқан мәтіннен тыс құрылымдарға тиесілі болады деп есептейді. Мұндай құрылымдардың бірқатарының белгілі бір мағыналары болады, оларға тарихи-әлеуметтік сипат тән, сондықтан белгілі бір ортаға және оның авторына қолжетімді болуы тиіс. Байланыстардың бірқатарына жекелік-психологиялық сипат тән. Бұл қасиет замандастарға және бүкіл ұрпаққа түсінікті және қолжетімді болады немесе мүлдем қолжетімсіз болады. Оқырмандар (әсіресе, кейінгі дәуірлердегі) мәтінді автор тура атап көрсетпеген мәтіннен тыс құрылымдармен сәйкестендіре алады. Соның негізінде қабылдау айқындалмайды, автор мен адресат уақытпен немесе ұлттық мәдениеттер айырмашылығымен ерекшеленеді. Мәтін талдаудың түрлеріне қарай 100-ге жуық орыс ғалымдары арнайы ғылыми зерттеулер жүргізген. Біздің төл әдебиетімізде көркем мәтінді лингвистикалық талдауды жеке қарастырған зерттеулер аз болды.

М.П. Брандестің «Стиль мен аударма» монографиясында шығарманы талдау ретінде ғалым түсіну әдісін ұсынады. Әдіс «тек сыртқы ғана емес, ішкі

факторларын да толыққанды ескереді» [180, 17]. М.П.Брандес шығарманы семантикалық – синтаксистік – прагматикалық бірлікте, яғни жан-жақты талдауды, атап айтсақ: шығарманы лингвистикалық, стилистикалық жағынан сипаттауды, оның туындауының тарихи факторларын айқындауды, мағынаны анықтаудың психологиялық тәсілдерін қолдануды ұсынады. Шығарманы зерттеу, автордың ойынша, бұрынғы өткен талдаулар нәтижесін рационалды жалпылау мен оның терең мағыналарын жоғары деңгейде түсінумен аяқталады.

Мұндай көзқарасты В.Е. Хализев [181] те қолдап, сөздік-көркемдік шығарманы оның авторға ғана емес, қабылдаушы санаға, яғни оқырман мен оқырман көпшілікке қатысы жағынан талдауды ұсынады. Бұл жағдайда ғылым «түсінік» пен «интерпретация» ұғымдарының герменевтикасына сүйенеді. Автордың ойынша, шығарманы түсінудің күрделі герменевтикалық үдерісі рационалды әдебиеттанушылық және контекстуалды талдауға сүйенеді (әдеби шығарманы оның сыртқы факторлармен, яғни мәтіннен тыс және көркем әдебиеттен тыс факторлармен).

Шығарма «форма мен мазмұнның, тәрбиелік ақпарат мен бейнелі жүйелердің эстетикалық бірлігі эстетикалық қанағат беретін, сезімдерді тәрбиеліп, ойлауды дамытатын, сана мен жүректі дір еткізетін ақпараттық және бейнелі бірбүтін ретінде айқындалады» [182, 6].

Әдіскерлер «жүйелі сөйлеудің айқын өнімі ретіндегі мәтінге талдау жасау сөйлеу әрекетінің түпкі ойынан нақтылы сөйлеуде жүзеге асыруға дейінгі динамикасын» көруге болатынын [183, 73], мәтінге талдау жасау «тілді оның бүкіл деңгейлері мен функциялары және оқушылардың бойында өзінің сөйлеу тілін жетілдіруге деген қажеттілігін қалыптастырудың бірлігінде көпәспектiлi зерттеуді» қамтамасыз ететінін дәлелдеп көрсетті.

Л.А.Ходякова мәтінге талдау жасау ең тиімді тәсілдердің бірі екенін дәлелдей отырып, оны сипаттайтын бірнеше тәсілдерді атап көрсетеді: «Мәтінге талдау жасаудың түрін анықтау, оны зерттеудің мақсат-міндеттерін айқындау, талдау барысында сұрақтар қалыптастыру, әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктер мен бейнелі-көркемдеуіш құралдарды анықтау, құрылымын, композициясын, мәтінді байланыстыру тәсілдерін, оның тақырыбын, басты идеясын, авторлық көзқарасты, сөйлеудің типі мен стилін, сөздіктерді пайдалануды анықтау бойынша тапсырмалар құрастыру» [184, 33]. Сонымен қатар, автор «мұғалімге мәтінді талдау үдерісін ұйымдастыруға, оқушының бойында сәйкес шеберліктерді (тақырыпты анықтай білу, басты идеяны табу, авторлық көзқарасты анықтау, мәтіннің типі мен стилін анықтау, байланыс тәсілдерін анықтау, мәтіннің құрылымдық элементтерін анықтау, әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктерді (фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, мәдениеттанушылық), бейнелеу құралдарды (троп, фигуралар, метафоралар т.б.) анықтау) қалыптастыруға көмек беретінін» дәлелдеді [184, 33].

Қазіргі таңда білім беру үдерісінде жалпыға бірдей және кең таралған формалар – мәтінді талдаудың *лингвистикалық (тілдік), лингвостилистикалық, филологиялық, концептуалды* талдау түрлері.

**Лингвистикалық немесе тілдік талдау.** Мәтінді талдау тілдік құралдарды талдау ретінде қарастырылады. Бұл атауды автор осы мәтінде «жазушының сөйлеу құралдарды тандау уәждемелерін түсіндіру, оларды «орналастыру, бастапқы мәтінде қолдану тәсілі» деген белгілі бір мақсатқа жету үшін пайдаланған.

Талдаудың бұл түрі тарихи тұрғыдан мәтінге қатысты қолданылған грамматикалық талдау негізінде қалыптасты. Ғалымдар лингвистикалық зерттеудің мынадай үш әдісін көрсетті: синтетикалық, құрылымдық, статистикалық [185, 11].

Әдістемеде *грамматикалық талдау, яғни лингвистикалық* дегеніміз – «білім алушы орындау барысында мұғалімнің нұсқаулығын орындап, мәтіндегі белгілі бір грамматикалық құбылыстарды (толық сөйлемдер мен оның жекелеген бөліктері, сөйлем мүшелері, жекелеген морфемалар т.б.) тауып, оларды белгілі бір белгілеріне қарай белгілі бір топқа жатқызып, оған толық грамматикалық сипаттама (жаттығудың мақсатына қарай) беретіндей етін құрылған сабақтар» түсініледі [186, 75]. Грамматикалық талдау тілдік бірліктерді өзіне тән барлық параметрлеріне сәйкес сипаттап, «білім алушылардың игерін қойған грамматикалық мәліметтерді қайталап, таңдалған үзіндіге сәйкес толық жүйеге ендіруге» мүмкіндік береді [187, 253]. Әдіскер-ғалым Ж.Қ. Балтабаева грамматикалық талдау жасау арқылы студенттердің тілін дамытуды қарастырады [27].

Мәтін лингвистикасының дамуымен ХХ ғасырдың ІІ жартысында (И.Р. Гальперин, Г.В. Колшанский, Л.М. Лосев, Т.М. Николаева, Е.А. Падучев, Р. Сыздық, Ш. Бердібек және т.б.) тілді оқыту әдістемесінде *мәтінге лингвистикалық талдау* ұғымы енді.

Кең мағынасында, мәтінге лингвистикалық талдау – «мәтіннің тілдік құрылымы» ғана емес, жеке бірлік ретіндегі мәтін, яғни бейнелілік категорияларының лингвистикалық көрінуі және көркем шығармадағы тілдік бейне арқылы жүзеге асқан тілдік эстетикалық функциясы» [188, 11].

Мәтінге лингвистикалық талдау жасау әдістемесінің дамуына Н.М.Шанский үлкен үлес қосқан. 1962 жылы жарық көрген мақаласында ғалым мәтінге лингвистикалық талдау негізі ретінде «бір жағынан, әдеби тілдің нормативтілігін, тарихи өзгерімпаздығын ескеру; екінші жағынан, жеке тұлғалық-авторлық және жалпы тілдік факторларды айқын шектеу мен дұрыс бағалауды ұсынады» [189, 140]. Н.М.Шанскийдің жұмыстарындағы мәтінді талдаумен байланысты айтылған басты ой – қазіргі заманда орыс тілін оқыту үдерісінде өте өзекті – мәтінге лингвистикалық талдау мәтіннен белгілі бір тілдік құралдармен көрініс берген қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік берін, оны түсінуге негіз болады. «Көркем мәтінде қолданылған тілдік құбылыстар мен олардың қолданыстағы мән-мағынасын қарастыруды» [189, 141] ғалым өзінің лингвистикалық талдауының басты мақсаты деп біледі.

Ғалымның зерттеулерінде көркем мәтінді лингвистикалық талдаудың айқын мысалдары берілген. Мәселен, М.В.Ломоносовтың «1747 жылғы Елизавета Петровнаң таққа отыру күніне арналған Ода» атты мәтінді

карастыра отырып, Н.М.Шанский көнерген тілдік фактілердің көптігін, оларға түсіндірме беру керектігін айтады. Оларға жіктеу жасай отырып, автор осы мәтіннен құбылыстардың үш тобына түсініктеме береді:

- стилистикалық архаизмдер;
- поэтикалық «еркіндік»;
- уақыт архаизмдері.

Көркем мәтінді лингвистикалық талдау теориясы мен тәжірибесі Н.М.Шанский тарапынан орыс тілін ана тілі және шет тілі ретінде оқыту аясында құрастырып, «Мәтінге лингвистикалық талдау» кітабында жинақтаған (1984).

Мәтінді аналитикалық талдау идеясын дамыта отырып, Н.М.Шанский лингвистикалық талдауды филологиялық мәтінді талдаудың бірінші иерархиялық деңгейі ретінде түсіндіреді. Келесі деңгейлер ретінде ғалым әдебиеттанушылық, лингвопоэтикалық тәсілдерді көрсетеді [189, 3]. Н.М.Шанский өзі сипаттаған мәтінді талдау түрлерінің иерархиясы лингвистикалық талдау жасаудың ең қажетті формасы болып табылатынын айтып, концептуалды талдаудың кезеңдері табиғи жолмен жүзеге асатындай көрінетінін де ескертеді. Алайда бұл факт «әдебиеттанушылар ғана емес, мұғалімдерді айтпағанда, стилистика саласында еңбек ететін лингвисттер мен әдіскерлер тарапынан да» ескерілмейді.

Қазіргі тіл білімінде лингвистикалық талдаудың үш түрі қолданылады:

- лингвистикалық түсіндірме беру;
- толық деңгейлік және жартылай лингвистикалық талдау;
- мәтінге лингвопоэтикалық талдау жасау (Данилевский Н.В. [190], Тымболова А. [191]).

*Лингвистикалық түсіндірме беру* мәтіндегі түсінуге қиын үзінділерді анықтап, оларды түсіндіруге мүмкіндік береді. Талдаудың бұл түрі үстірт талдау деп аталады.

*Деңгейлік лингвистикалық талдаудың* мақсаты – мәтіннің мазмұнмен байланысты жеке ерекшеліктерін шығарманың тілдік деңгейлеріне (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік) толық немесе жартылай талдау жасау арқылы түсіндіру (Р. Сыздық, Н.В. Данилевский). Толық деңгейлік талдау, жартылай талдауға қарағанда, «мәтіннің барлық тілдік деңгейлерін бірлікте, өзара байланыста және мазмұны, тақырыбы, бейнелі және идеялық мағынасына сәйкес» қарастыруға мүмкіндік береді.

*Мәтінге лингвопоэтикалық талдау* – «өлең түріндегі шығармаларды ондағы тілдік бірліктерді құрастырудың ерекшелігі, сонымен қатар поэтика тұрғысынан талдау». Поэтикалық формадағы бұл талдау мағынаның уәждемелік интерпретациясына негіз болады (Сыздық Р., Тымболова А.). Лингвопоэтикада көркем шығарманың сыртқы құрылымын дәстүрлі түрде сипаттап қоюдан мүлдем бөлек, көркем шығарманың ішкі және сыртқы табиғатын ашуда автор-суреткер, автордың түпкі ойы, автордың интенционалды әлемі дейтін мәселелер лингво-антропологиялық, эстетикалық, стилистикалық тұрғыдан үнемі талданып отыруды көздейді [191, 33].

Н.М.Шанский көрсеткен мәтінге лингвистикалық талдау логикасына сүйене отырып, оның әдістемесін тереңдете отырып Л.А.Новиков «мәтінді толық лингвистикалық талдау» әдістемесіне сипаттама береді [192, 25]. Оның басты тәсілі ретінде, автор, «мәтінді оның бейнелі поэтикалық құрылымын мазмұнымен және тілдік бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдар жүйесімен бірлікте ашу арқылы қарастыру» деп береді. Мәтінді талдаудың негізі болатын категорияларды сипаттай отырып, Л.А.Новиков мәтінге филологиялық талдау жасауды («көркем мәтінді кешенді филологиялық талдауды») [192, 25] сипаттап, «синтезді талдаудың негізі ретінде автор бейнесінің категориясын жатқызады». Бұл талдау мәтіннің поэтикалық (композициялық) құрылымын ашып, бейнелер жүйесін бір-бірімен байланыстырмайынша, мүмкін болмайды.

Ең алдымен, көркем мәтінді, яғни талдау пәні ретінде мәтінде қолданылған бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдары мен мәтіннің стильдік ерекшеліктерін талдау қажеттілігін түсіну мәтінді лингвистикалық және лингвостилистикалық талдау ұғымдарының трансформациясына әкелді. Бұл «ұйымдағы әртүрлі деңгейдегі тілдік құралдардың рөлін толық әрі тыңғылықты талдау және шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұны» ретінде түсіндіріледі [190, 195]. Мәтінді талдаудың бұл түрі А.М. Пешковскийдің («Ана тілі, лингвистика және стилистика әдістемесінің мәселелері», 1930 ж.), Л.В. Щербаның («Өлеңдерді лингвистикалық түсіндіру тәжірибелері», 1922 ж.), В.В. Виноградовтың («Көркем проза тілі туралы», 1930 ж.) еңбектерінен және мәтін лингвистикасының XX ғасырдың екінші жартысында қарқынды дамуымен байланысты (Л.А. Новиков, В.В. Одинцов, Н.М. Шанский, Р. Сыздық т.б.) қаралады. Мәтінге лингвистикалық талдау жасау барысында мәтін зерттеудің құрамдас бөлігі ретінде қаралады. Талдаудың бұл түрі «тілдің барлық деңгейлерінің бірліктерін қамтиды», «мәтін өндірісінің экстралингвистикалық негіздерін ескеру арқылы жүзеге асырылады», «толық мәтінді талдау деңгейіне қарай көтеріледі» [190, 195].

Лингвостилистикалық талдау функционалды стилистиканың негізін қалаушы ұстанымдарға сүйенеді: мазмұн мен форма бірлігі ұстанымы; жалпы мен жекені біріктіру ұстанымы және нақты-тәжірибелік тәсілдер немесе әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Олар:

1) жалпы ғылыми (тікелей бақылау тәсілі, сипаттама әдісі (бақылау, жалпылау, салыстыру, жіктеу, эксперимент, реконструкция, интерпретация әдістері), үлгілеу тәсілі;

2) жалпы филологиялық (тілдік материалдарды интерпретациялау және салыстыру талдаудан тұрады);

3) жалпы лингвистикалық (құрылымдық // құрылымдық-семантикалық талдау, статистикалық талдау, лингвистикалық парадигмаларды құрастыру тәсілі, өрістік құрастыру тәсілі, кешенді талдау);

4) жартылай лингвистикалық, соның ішінде стилистикалық тәсілдер (дискурсты талдау, дистрибутивті талдау, компоненттік талдау // контекстологиялық талдау, прагматикалық талдау, семалық талдау, құрылымдық-мағыналық талдау, дискурс-талдау және т.б.) [190, 225].

Зерттеушілердің іңкірінше, көркем мәтін «бейнелілік, форма мен мазмұнның бірлігі, қарым-қатынас аясындағы тілдің эстетикалық функциясын жүзеге асыру» ұстанымдарын мойындау негізінде қарастырылуы тиіс. Көркем шығарма мәтіндерімен жұмыс жасаудағы басты тәсіл – «жеке көркем шығарманың тілдік құрамы мен оның тілдік және мәтіндік бірліктері шығарманың идеялық-бейнелік мазмұнын көрсетуге септігін тигізін, мәтінде «автор бейнесін» жүзеге асырады [190, 227]. Оның әдістемеде қолдануының тарихы тереңде. Айталық, Ф.И. Буслаев білім алушылардың бойында мәтін-бейнелермен жұмыс жасау негізінде «сөздің туа біткен дарынын» дамыту қажеттілігі туралы айтады. Бұл дарында тіл грамматикасы стилистикалық жаттығулармен сәйкеседі. Мәтінмен грамматикалық және стилистикалық жұмыстардың бірлігі идеясы XIX ғасырдағы бірқатар әдіскерлер тарапынан дамыған: И.И. Срезневский, К.Д. Ушинский, Н.Ф. Бунаков, В.Я. Стоюнин, Л.И. Поливанов т.б. Мәтін негізінде грамматикалық-стилистикалық жұмыстар жүргізу мәселесіне XX ғасырдағы бірқатар ғалымдар ерекше назар аударады. Мәселен, А.М.Пешковский көркем мәтіннің стилистикалық ерекшеліктеріне талдау жасау оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауын белсендендіреді [193, 59] Е.И.Никитина мәтінге талдау жасаудың стилистикалық-грамматикалық басты тәсілі болып табылатынын айтқан. Оның басты мақсаты – мәтінде белгілі бір грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдар қандай мағыналық және стилистикалық рөл атқаратынын және өзінің ойын жеткізу үшін автор неге басқаларын емес, дәл соларды таңдап алғанын белгілеу болып табылады [194, 24]. К.К. Еңсебаева лингвостилитстикалық талдауға тілдік ерекшеліктер, сөздің лексикалық құрамына тоқталып, мәтіндер береді.

«Орыс тілінің стилистикалық энциклопедиялық сөздігінде» «лингвостилистикалық талдау дегеніміз – шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнын көрсету және ұйымдастырудың барлық деңгейлеріндегі тілдік құралдардың рөлі мен функцияларын тыңғылықты әрі толық талдау» деп берілген анықтамаға сәйкес жасалған [190, 195]. Яғни, шығарманың көркемдік, эстетикалық қасиетін анықтау лингвостилистикалық талдаудың көрінісі деп білеміз.

Келесі талдаудың түрі – филологиялық. Бұл талдау түрі әдебиеттанушылық және лингвистикалық талдау міндеттерін біріктірген көркем мәтінмен жұмыс жасау түрі ретінде айқындалады. Оқыту үдерісінде көркем мәтін филологиялық ілімнің негізгі білімін қолдану мен қиылысу өрісі ретінде қаралады. Оқу мәтіндік әрекеттің бұл тәсілі ана тілін оқыту әдістемесінде қалыптасқан бай дәстүрге негізделген. Ана тілін оқыту барысында көркем мәтінді пайдалану қажеттілігін XIX және XX ғасырлар ғалымдары жазып қалдырып, көркем мәтінді талдауға ерекше назар аударған. Л.В. Щербаның еңбектеріне сүйене отырып, А.В. Текучев талдаудың бұл түрін «әдеби-лингвистикалық» деп атап, оның әдеби туындының түпкілікті мазмұнын ашуға көмектесетінін ерекше айтады. Ғалымның ойынша, аналитикалық мәтіндік әрекет автордың қолданған белгілі бір грамматикалық құралдарын осы құралдар арқылы берілетін мазмұнмен сәйкестендіруге мүмкіндік беретінін айтады. Мәтіндік әрекет тәсілдерін сипаттай отырып, А.В.Текучев көркем

шығарманың тілін зерттеу барысында оның «бейнелілік көркемдеуіш тәсілдеріне», сондай-ақ оның лексикалық және грамматикалық құрылымына талдау жасап, олардың әрбір үзіндінің мазмұнын беруге қалай көмектесетініне назар аудару керектігін айтады. Сондай-ақ, ғалым маңызды әдістемелік ескертулер жасайды: «Әрбір меңгерілетін әдеби шығармада белгілі бір сыныптың бағдарламасында қарастырылуы тиіс құбылыстар бірден айқындалуы міндетті емес; әртүрлі шығармаларда айқын грамматикалық құбылыстар зерттелін, қайталануы тиіс. Жаңа шығарманы қарастыру барысында бұрын меңгерілген маңызды құбылыстар қайталануы тиіс» [186, 78].

Н.М. Шанский мәтінді филологиялық талдау әдістемесін түбегейлі құрастырып, басты ұстанымды екі аспектіде қарайды:

1) көркем әдебиеттің дамушы тілін айқындайтын микрожүйе ретінде өзгерін отыратын әдеби тілі фондында;

2) белгілі бір ақпаратты құрылымдық-ұйымдасқан «бейнелік жоспары» ретінде [189, 4].

Ғалым Н.М.Шанский көркем шығарманың идеялық-эстетикалық мазмұнын саралау үшін филологиялық талдау үлгісін құрастырады: оқиғалық деңгейде мәтінмен жұмыс істеу (тірек сөздер мен тіркестерді анықтау); бейнелі деңгейде мәтінмен жұмыс істеу (тірек сөздер мен тіркестерді анықтау); идеялық-адамгершілік деңгейде мәтінмен жұмыс істеу (тірек сөздер мен тіркестерді анықтау).

Қазіргі таңда көркем мәтінді филологиялық талдау мәселелеріне Н.А. Николина, Л.Г. Бабенко, Н.С. Болотнова, А.Т. Грязнова, Н.А. Белова, Т.У. Есембеков, Қ. Алпысбаев, Б. Сманов, Г. Смағұлова т.б. ғалымдардың еңбектері арналған.

Б.Сманов орта буын білім алушылардың көркем мәтінді талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жүйеледі. Қазіргі таңда көркем мәтін талдаудың тұтастай; образдар бойынша; проблемалық-тақырыптық желісімен қатар, шығарманың жазылу тарихына, танымдық сұрақ-тапсырмалар, композициялық-тілдік ерекшеліктерін анықтауды қосады [195].

Осы жоғарыдағы оқу құралдары мен оқулықтарды зерделей келе оқыту үдерісінде мәтінмен қарқынды жұмыс істеу үшін әдістемеде *мәтінге концептологиялық талдау* тәсілі құрастырылды. Бұл жүйені оқушылар қарым-қатынас барысында үнемі қолданып отырады. «Тілдің өмірі» қатаң жүйелі заңдылықтарға бағынады. Оларды қарастыра отырып ғалымдар мектеп оқулығында кездесетін ережелерді ендіреді; оқушылар тілдің құрылымының ерекшеліктері мен сөйлеудегі функциялануын түсінуі керек» [196, 57].

Мәтінге концептуалды талдау мәтінді «параметрлері, кешендері мен бірлігі қосылып, айқындайтын» сипаттама ретінде анықтайды [196, 20]. Осы арқылы мәтіннің баланың оқуына деген эмоционалды ықпалы көрінеді. Талдаудың басты логикасы – «мәтіннің мазмұнынан – тілдік құралдарға» қарай бағытталуы, В.В. Бабайцева мәтінге кешенді талдау жасау білім алушының тұлғасының интеллектуалды дамуына ғана емес, эмоционалды дамуына да

септігін тигізетінін айтады. Е.И.Никитина мәтіндік әрекеттің зерттеушілік, шығармашылық сипатын ерекше атап, «қатаң шеңберлер» мен «қатаң тәртіп» бұл жерде орынсыз болатынын, әрбір классикалық сипаттағы көркем мәтін – айрықша әрі қайталанбайтынын ескертеді [194, 23].

Тілді оқыту әдістемесінде мәтінмен жұмыс істеудің көп аспектілігін Т.М.Пахнова мәтінмен кешенді жұмыс (талдау емес) ұғымынан көреді. Оны автор «лингвистикалық, стилистикалық, әдебиеттанушылық (филологиялық) талдаудың элементтерінен тұратын көп аспектілі әрекет, сөйлеуді дамыту сипатындағы тапсырмалар, талдаудың әркілы түрлері, орфография мен пунктуация бойынша сұрақтар, мәнерлеп оқуға дайындық, бірқатар жағдайларда – мәнерлеп айтып беру, мазмұндау бойынша тапсырмалар» деп түсіндіреді [197, 11-12]. Ғалым мәтінмен жұмыс істеудегі кешенді жұмыстар барысындағы тапсырмалардың белгілі бір логикасы болатынын ескертеді: «Алдымен, мазмұнды түсінуге, мәтіннің мазмұнын оқырманның қабылдауына бағытталған сұрақтар мен тапсырмалар. Содан кейін – «мәтін», «стиль», «тақырып», «басты ой», «тәсілдер мен байланыс құралдары» секілді ұғымдардан тұратын сөйлеу сипатындағы тапсырмалар». Оқырмандық қабылдау ақырындап тереңдейді: интуитивті деңгейде қабылданған енді саналы түрде қабылдана бастайды. Сөйлеу тапсырмаларынан кейін тілдік сипаттағы тапсырмалар жалғасын табады. Бұл тапсырмалар тілдің жүйесін, фонетика, лексика мен грамматиканы қарастыру дегенді білдіреді... Соңынан – орфография мен пунктуация бойынша, талдаудың әркілы түрлері, құрмалас сөйлемдердің бірінің кестесін құрастыру бойынша сұрақтар. Мәтінмен жұмыс істеу барысындағы ең соңғы тапсырмалар – «Мәнерлеп оқуға дайындалыңыз». Кешенді жұмыстардың ішіне бірқатар жағдайларда, мәдениеттанушылық түсіндірмелер кіретіндігін айтады.

Мәтіннің мәдениеттанушылық бағытта талдауды Л.А. Ходякова *лингвомәдени талдау* секілді түрін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Оны автор «мәтінді тіл мен мәдениеттің өзара байланысына қарай талдау: мәтіннің семантикалық-құрылымдық элементтерін, барлық деңгейдегі тілдік бірліктерді анықтау; мәтіннің коммуникативті, әлеуметтік-мәдени, кумулятивті және эстетикалық функцияларын анықтау, мәтіннен мәдени лексикада бейнеленген тарихи-мәдени ақпаратты алу» деген анықтамамен түсіндіреді [198, 5]. Ал, Ә. Әлметова *лингвомәдени талдау* жасауды мәтіндегі негізгі мағынаны ұстап тұрған тірек сөздер мен сөз тіркестерін, мәтіндегі аллюзияларды, лингвокультуремаларды шығарма авторының көздеген, дйттеген мақсатына сай көрсете білуге, соған сай интерпретациялай алуға дағыландыру дегенді көрсетеді [21, 211]

Мәтінді талдаудағы мақсат – тілдік және коммуникативті біліктілігін қалыптастыруға бейімдеу. Себебі бұл мәтіннен барлық деңгейлердің тілдік бірліктерін көруге, тілдің бейнелеуіш-көремдеуіш құралдары мен олардың авторлық көзқарастарын бейнелеудегі рөлін анықтауға үйретеді. Мұндай аналитикалық мәтіндік әрекет мәтіннің тілдік және құрылымдық бөліктерін анықтауға бағытталып, мәтінді тереңрек түсінуге септігін тигізіп, тілдік

тұлғаның тілін жетілдіру үшін негіз құрайды. Мәтінді талдаудың әдістемелік жолдары, содан кейін, басқа салалардың интегративті білімін қатыстыра отырып, мәтінмен концептуалды талдау жасау тәсілдері мәтінді талдаудың сөйлеу, коммуникативті бағыттылығымен қатар, ұлттық санада көрініс беретін мәдени-тілдік бірліктердің концептісін анықтауды, соған сәйкес тұжырымдауды және қосымша мағыналарын ашуға мүмкіндік береді.

Осы күнге дейін көркем мәтін лингвистикалық және стилистикалық аспектілердің бірлігі тұрғысынан талданып келді, яғни әдебиетпен өзара байланысы, тарихи және мәдени, психологиялық, аксиологиялық талдауға негізделді. Яғни шығарма тарихи-әдеби ескерткіш ретінде, қоғамдық ой-сананың фактісі, ерекше ұйымдастырылған құрылым ретінде қарастырылған.

Сонымен қатар қазіргі тіл біліміндегі антропологистикалық бағытқа сәйкес көркем мәтін құрылымындағы тілдік сананы, нақты идеологиялық бағытын, поэтикалық құрылымын, ассоциативтік байланыс негізінде туындайтын сөздің лексикалық-семантикалық қосымша мағынасын табуы қазіргі мәтін талдау методологиясының негізін құрайды.

Мұндай талдауды біз концептологиялық талдау деп атауымызға болады. Себебі құрамында барлық білімдер мен тіл білімі, стилистика, әдебиеттану, мәдениет тарихы мен философия, психология т.б. ғылымдардың жетістіктерін синтездеп, көркем мәтінді оның құрылымдық-формалды бірбүтіндігі, тілдік құралдардың айқын жүйесі ретінде талдаудың құралы мен танудың тәсілі болып табылады.

Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Білім беру жүйесінің негізгі және бағдарлы мектеп сатыларындағы «Қазақ тілін» оқытудың мақсаты – ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу», – деп анықталған [199]. Бұл талаптарды орындау барысында қазақ тілін оқыту бағдарламалары жасалды. Қазақ тілін оқытуды бағдарламада былай көрсетеді: «Қазақ тілі» пән арқылы тілдің үш түрлі қызметін жалпы адамзат жинаған тарихи-мәдени, рухани мұраларды тіл арқылы меңгеруге болатынын және өз ойын жеткізудің, өзін-өзі тану мен өзгені танудың бірден-бір құралы тіл екендігіне көз жеткізетін танымдық қызметін, алған білімді тәжірибелік тұрғыда қалай қолдану керектігі мен іскерлігін жетілдіруге бағыттайтын қатысымдық қызметін таниды» [199]. Бұл міндетті орындау үшін оқу бағдарламасының мазмұнына: «Әдеби тіл және мәтін. Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрі. Әдеби тілдің орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары. Мәтіннің түрлері. Мәтіндерге тілдік талдау. Мәтіндерде әдеби тіл нормаларының сақталу калпы» туралы мәселелерді оқыту енгізілген.

Әдеби тіл мен мәтін бойынша біліктілігін: – ауызша және жабаша тілде әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлей алу; – мәтіннің тақырыбын, идеясын, ажырата білу; – мәтінге лингвистикалық талдау жасай білу; – ұсынылған тақырып бойынша мәтін құрай білу, – деп бекітеді [199]. Бұл талаптар оқыту үдерісіндегі білім берушінің құзыреттілігін де анықтамақ. Өйткені маман мұнда

білім алушының икемділігі мен дағдысын қалыптастыру үшін өзінің де шеберлігі осы талаптарға сай байқалады.

Бүгінгі таңда бастауыш оқушыларынан бастап студенттерге дейін мәтін арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік зерттеу еңбектері бар. Мысалы, М. Мұқамбетқалиеваның «Оқу мәтіндері арқылы қазақ тілін үйрету әдістемесі», С.А. Аленникованың «Бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық сөйлеу икем-қабілетін мәтін арқылы қалыптастыру», А.В. Шубаеваның «Мәтін арқылы бастауыш мектеп оқушыларының байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту», Ә. Жұмабаеваның «Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде жүргізілетін тіл дамыту», А. Кенжеғұлованың «Вариативтік авторлық ана тілі оқулықтарындағы интеграциялық ұстанымның ғылыми-әдістемелік негізі», Ж.Т. Дәулетбекованың «Жалпы орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері», Ж.Қ. Балтабаеваның «Жоғары оқу орындарында студенттердің тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» және т.б. ана тілімізде сөз мәдениетін дамыту аясында еңбектері бар. Бұл зерттеулерде бастауыш сыныптан бастап жоғары сынып оқушыларына дейінгі қазақ тілін мәтін арқылы оқытудың лингвистикалық, психологиялық-педагогикалық негіздері мен үйрету әдістемесі қаралған. Бірақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде мәдени-тілдік құзыреттілік арқылы оқытатын әдістемелік жүйе қалыптаспаған.

Қазіргі тіл білімінде мәтін лингвистикасын антропоцентризм бағытымен байланыстырып, мәтінді соңиолингвистика, психолингвистика, мәдени, этнолингвистика жағынан қарастыруда. Ал, қазақ тіл білімінде Н. Құрбанова, К. Мухлис «Текст теориясы және текстті талдау әдістемесі» (2000 ж.), Г. Смағұлова «Мәтін лингвистикасы» (2002 ж.), «Көркем мәтін лингвистикасы» (2007 ж.), Б. Шалабаевтың «Мәтін лингвистикасының негізгі мәселелері» (2002 ж.) еңбектері жарияланды.

Жалпы білім беру мазмұнында білім алушының пәндік және тұлғалық нәтижелерінде тілдік және мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыру талабы көрсетілгенімен, оны құрайтын компоненттер сөз, сөз тіркестері, сөйлем құрай алу, мәтіннен тілдік құралдарды (троптың, айшықтаудың түрлері) таба алуымен, мәтіннің тақырыбы мен идеясын, негізгі мазмұнын, мәтіннің құрылымына талдау дағдыларын игерумен, оқылым бойынша мәтіннен өзіне керекті мәліметті бөлін алумен, айтылым бойынша мазмұны мен тақырыбы туралы ойларды таба білумен жас ерекшеліктеріне қарай көрсетілген [200]. Сонымен қатар магистрант оқу барысында филологиялық ғылымның негізгі тапсырмаларын, ҚР-дағы филологиялық зерттеулердің негізгі бағыттары мен мәселелерін білуі керек [201, 313]. Ал жоғары оқу орындарында білім алушылардың білім беру мазмұнында жалпы мәдени құзыреттілік, ауызша және жазбаша сөйлемді логикалық дұрыс жолға қою қабілеті, ал пәндік құзыреттіліктерінен көркем мәтінге лингвистикалық талдау жасай алуымен шектеледі. Жоғарыда көрсетілген талдауларға сүйенсек, ғалымдардың «Көркем мәтін лингвистикасы» оқулықтарында мәтін талдаудың лингвомәдени сипаты тек тараушаларда ғана беріліп, сипаттама түрінде келтірілген (Г. Смағұлова).

Осы пәннің жалғасы ретінде ЖОО-дан кейінгі білім беру үдерісінде тіл мен әдебиет интеграциясында көркем мәтінге концептуалды талдау, мәтіннен мәдени-тілдік бірліктерді анықтай алу, мәтіннен тілдік тұлға мәселесін зерттей алуы, өзіндік ғылыми жоба бойынша тұжырым жасауына, зерттеушілік қабілетінің дамуына көңіл бөлінеді.

Жоғарыда талдаулардың түрлерін қарастырғанымыздай және тұлғаның оқушы – студент – магистрант үш тағанының даму бағытына тұлғаның тілдік сипаттамасын, яғни игерілуі тиіс тілдік дағдыларының өзіндік талдау үлгісін ұсынамыз (Сурет 5).



Сурет 5 – Білім алушылардың беру беру сатылары бойынша мәдени-тілдік құзыреттеліктері

Қазіргі таңда концептуалды талдауды жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде барлық пәндердің жиынтығы ретінде филологтарды дайындау тәжірибесіне ендіру қажеттілігі артып отыр. Ол туралы біз жоғарыда кеңірек тоқталдық. Мұндай талдаудың әдістемесін анықтаудың маңызы – талдау мақсаты эстетикалық талғам мен тілдік мәдениеттің (мәдени-тілдік

құзыреттілігі), мәтіндік құзыреттілікті негізгі құзыреттіліктердің (лингвистикалық және әдебиеттанушылық) интеграциясы ретінде тәрбиелеу болып табылады. Демек арнайы ЖОО-дан кейінгі филологиялық мамандықта білім алушылардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырады.

Концептуалды талдаудың басты мақсаты – ғалам туралы білім моделін құру және ғаламның тілдік бейнесін түсіндіру. Әр халықтың өмір тәжірибесінің күрделілігіне, қалай, неіні басынан өткергеніне қарай тілдік білімі де өзгеріске түсіп отырады.

Көркем мәтінді талдау функциясы филологиялық мамандықтар үшін сөйлеуді дамытуға ғана емес, сөздердің, мағыналар мен грамматикалық формалардың стилистикалық және эмоционалды реңктерін білуге септігін тигізеді. Көркем мәтінді талдау филолог-мамандарға зерттеліп отырған көркем шығармалардың мәдени-тілдік ерекшеліктерін білуге, мәдени бірліктің тұлға санасында өңделіп, «әлемнің тілдік бейнесін» құрайтын мәдени-тілдік бірліктерді тануға мүмкіндік береді.

Филологиялық ғылым көптеген гуманитарлық ғылымдардың қауымдастығымен, яғни бірігуімен сипатталады. Бұл жоғары кәсіби білім берудегі гуманитарлық-мамандарын дайындаудың көп деңгейлі жүйесі үшін маңызды. Мұндай жоғары білім жүйесінде филологиялық пәндер туралы мәліметтерді алу емес, алынған білімді тәжірибеде синтетикалық қолдауға назар аударылады: көркем шығарманы талдай отырып филолог рухани мәдениеттің тарихы мен мәнін зерттеп, оқырмандар мен жазушылардың ұрпақтарының басымдықтары жүйесін құрып, ұлттық сөздік-көркемдік мәдениетті байытып, әлемдік мәдени үдеріске үлес қосады.

Концептуалды талдаудың кең өріс алуы мен оны көпшіліктің қарқынды игеруі біздің заманымызда жүзеге асып жатқан интеграциялаумен, яғни ғылымдарды жақындастыру үдерісімен тығыз байланысты. Интеграция дегеніміз – өзара араласу, ғылыми ақпарат, ұғымдар, әдістер мен теориялардың бір ғылымнан екінші ғылымға өзара ауысуы. Қазіргі антропоцентристік бағытта тіл мен мәдениеттің байланысындағы талдау философия, эстетика, тарих, әлеуметтану, психология, лингвистика, әдебиеттану т.б. ғылымдардың мәліметтерін қолдану барысында байып, нақтыланып, тексеріліп отырады.

Көркем мәтінді концептуалды талдау филолог-маманның интегративті кәсіби әрекетін жүзеге асырудың шынайы мүмкіндіктері болып табылады. Себебі көркем мәтінді кешенді зерттеуде филология ғана емес, аралас ғылымдардың ғылыми білімдері де біріктіріледі.

Сонымен қатар, зерттеушінің тұлғалық қасиеттерін суреттейді, яғни магистрант оқыту үдерісінде игерген жалпы, пәндік құзыреттіліктерін қолданады. Осылайша, оның тәжірибелік әрекеті көркем мәтінді интегративті зерттеуде көрініп, оның кәсіби біліктілігін қалыптастыру көрсеткіші болып табылады.

Көркем мәтінді концептуалды талдауды филологтарды дайындау жүйесіне жоғары оқу орындарының контекстінде ендіру қажеттілігін филологтар да, әдіскерлер де, оқытушылар да мойындаған. Алайда оларды жүзеге асыру

тәжірибелері оның әдістемесінің толыққанды зерттелмеуіне, яғни жоғары оқу орындарында оқыту мүмкіндіктерінің аясы тар болуына байланысты мүмкін болмай келеді.

Қазіргі таңда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіне көп көңіл бөлінін жатқандығы, оған қойлатын талап та жоғары екендігі белгілі. Филолог-мамандар болашақ оқытушы болғандықтан, олар оқытушылықпен қатар білім беруші, тәрбиеші, зерттеуші, ұйымдастырушы, бағыт беруші, бағалаушы, бақылаушы, жобалаушы, құрастырушы т.б. міндеттерді де алып жүруі тиіс. Осы ретте жан-жақты тұлғаны қалыптастыру міндеті оларды дайындайтын әр оқытушы мен әр пәнге жүктелуі орынды. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде оқытуға арналған «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» таңдау пәнінің модулі жасалынды. Көркем мәтінді алуымыздың себебі, неміс жазушысы Л.Фейхтвангер: «Жас баланы саяси қайраткерге дейін тәрбиелейтін – көркем әдебиет» деген-ді. ЖОО-дан кейінгі білім беру үдерісінде тілдік тұлғаның тезаурусы жоғары болу керектігіне қарай, оқытудың ғылыми-әдіснамалық негізінде төмендегідей қосымша пәннің мазмұнын құрастырдық.

Жоғары оқу орындарында мемлекеттік стандарт, бағдарлама негізінде оқу жоспары жасалатыны белгілі. Ұсынылып отырған таңдау пәніне 2 кредит беріледі.

Кесте – 4 – «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» қосымша оқу пәнінің модулі

№	Дәріс тақырыбы	МОӨЖ тапсырмалары	МӨЖ тапсырмалары
1	2	3	4
1-модуль. Курстың теориялық-әдістанымдық негізі			
1	Пәннің мақсаты мен міндеті	Пәнді игерудегі дағдылар	Концептуалды талдаудың мақсаты
2	Ғылыми парадигмадағы – мәдени-тілдік құзыреттілік	Филолог-мамандардың пікіріндегі қайшылықтарды қарастыру	Н.Уәли зерттеуіндегі мәдени-тілдік құзыреттілік
3	Тіл мен мәдениет байланысы	Лингвомәдениеттанудағы тіл мен мәдениет бірлігі туралы ой қорытындылары	«Тіл мен мәдениет бірлігі» тақырыбына баяндама
4	Көркем мәтіндегі тілдік бірліктердің ұлттық танымы	Көркем мәтіндегі тілдік бірліктердің ұлттық таным тұрғысынан талдау	Ә.Кекілбаев шығармаларындағы ұлттық таным
5	Көркем мәтін – ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісі	Берілген мәтіннен мәдени бірліктердің тілдегі көрінісін сипаттау	Н.Ораздың «Долана» әңгімесіндегі ұлттық көрініс

4-кестенің жалғасы

1	2	3	4
2-модуль. Көркем мәтіннің лингвомәдени тілдік бірліктері			
6	Көркем мәтіндегі лингвомәдени бірліктер	Көркем мәтінде берілген антропонимдердің семантикасын анықтау, Ж.Манкееваның еңбегіне талдау жасау	Көркем мәтінге лингвомәдени талдау
7	Көркем мәтіндегі әлемнің тілдік бейнесі	Фольклорлық шығармалардан әлемнің тілдік бейнесін анықтау	Асан қайғы толғауларының әлемнің тілдік бейнесі
8	Көркем мәтін кеңістігіндегі концепт	Концепт ұғымы. Оны мәтіннен таба білу, әлемнің тілдік бейнесімен байланыстыру	И.Сапарбаев өлеңдеріндегі «туған жер», «атамекен» концептісі
9	Мәтін кеңістігіндегі символ	Символ ұғымы. Оны мәтіннен таба білу, әлемнің тілдік бейнесімен байланыстыру	И.Сапарбайдың «Атамекен» өлеңіндегі символдың көрінісі
10	Көркем мәтіндегі қосымша мағына (коннотация)	Коннотацияның контексте берілуі	Махамбет өлеңдеріндегі коннотациялар
3-модуль. Көркем мәтінді лексика-стистикалық тұрғысынан талдаудағы тілдік құралдар мен тілдік тұлға			
11	Көркем мәтіндегі тілдік тұлға	Тілдік тұлғаға қатысты ғылыми еңбектерді тұжырымдау	Г.Шойбекованың тілдік тұлғасы
12	Көркем мәтіндегі тілдік құралдардың стильдік қызметі	Көркем мәтіннен тілдік құралдардың көркемдеуіш қызметін анықтау	Қ.Әбілқайыр әңгімесінің көркемдік ерекшеліктері
13	Көркем мәтін талдаудың түрлері	Мәтін талдаудың түрлеріне оқу құралдарын пайдалана отырып саралау	Көркем мәтінге концептуалды талдау
14	Көркем мәтіндегі тілдік құралдар	Тілдік құралдарды мәтіннен табу	Көркем мәтіндегі тілдік құралдардың мәні

Магистранттың белсенді іс-әрекетке тартылуы – тұлғаның дамытушылық педагогикалық жағдаятты құруы болып табылады. Жоғарыда келтірілген тапсырмалар топтық, жұптық, ұжымдық формада орындалып, интерактивті

түрде өтілді. «Сөйлеу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясының стратегиялары жоғары деңгейдегі алгоритмдерді шешуге оң нәтиже берді. Блум таксономиясы негізінде жұмыс жасау әрекеттің алгоритмін және танымдық қызмет мақсатын айқындап берді (Кесте – 8).

Кесте 5 – Филолог-маманның Блум таксономиясы бойынша тұлғаның сын тұрғысынан ойлауды дамыту жолының бірлігі

Деңгейлер	Анықтама	Тұлғаның іс-әрекеті
Білім	Берілген жаңа түсінікті ұғу, есте сақтау, бұрынғы білімді еске түсіру	Тыңдайды, қабылдайды, есте сақтайды, ойлайды
Түсіну	Жаңа материалда берілетін білімді түсіну, өзінше түсіндіру немесе болжам жасау	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады
Қолдану	Жаңа білімді жіктеу, саралау, ең негізгі түйінді таба білу, бүтінді бөліктерге жіктеу, арасындағы байланысты айқындау	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, талдайды, ашады, іздейді
Талдау	Осы уақытқа дейінгі білімді жіктеу, саралау, ең негізгі түйінін айту	Бұрынғы білім негізін пайдалана отырып, жаңа мәселені қарайды, талдайды
Жүйелеу	Жеке бөлшектерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау	Өзіндік тұжырымдар жасайды, жүйелейді, шығарады, сабақтастырады
Бағалау (сын, пайымдау)	Жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын, керектігін анықтау	Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады

Кесте 6 – Әр жаңа дәрісте СТ-дың кестесін толтыра отырып, сабақ басталады

Білемін	Білгім келеді	Білгенімді дамыту
Көркем мәтінді лингвистикалық талдауды, яғни тілдік қабаттардың негізінде талдауды білемін	Көркем мәтінді талдауды тіл мен әдебиеттің бірлігі негізінде лингвомәдени сипатын тауып, концептуалды талдауды білгім келеді	Көркем мәтіннен кез келгенін ұлттық танымда саралай отырып, тіл мәдениетін дамыту

Іс-тәжірибелік, дәріс сабақтарында магистранттарға пайдаланатын әдебиеттер тізімімен қатар кестелер, сұрақтар, басқа да шығармашылықпен орындалатын тапсырмалар берілді. Сонымен қатар шығармашылық жұмысқа бағытталған тапсырма маманның танымдық, мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Модульдік технология білімді белгілі бір көлемде ғана берін, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейді. Ол филолог-маманның кәсіби дамуын, ойлау, есте сақтау қабілетінің артуын да көздейді. Магистранттың оқытушының басшылығымен жүргізілетін өздік жұмысы (МОӨЖ) тақырыбы бойынша таңдау курсына мынадай семинар түрлері арқылы жүргізіледі: проблемалы семинар, тақырыптық семинар, танымдық семинар, іскери ойын семинары, филологиялық талдау семинары, пресс-конференция, семинар-тренинг, «дөңгелек үстел» семинары. Проблемалы, танымдық семинарда кез келген көркем мәтінді лингвомәдени сипатта оқытуда қолданудың маңызы зор. Мұнда проблемалық сұрақтар қойылады, танымды ой-жүгіртулер болады, магистранттар сұраққа жауап іздеп, шығармашылық қабілеті де дамиды. Берілген ғылыми еңбектерді қарап, ғылыми баяндамалар дайындайды. «Ғылыми парадигмадағы – мәдени-тілдік құзыреттілік» дәрісі оқылған соң, филолог-мамандарға зерттеушілер пікірлеріндегі қайшылықтарды анықтап, тезис түрінде жазып келіп, түсіндірулері тапсырылды. «Тіл мен мәдениет байланысы» дәрісі баяндалған соң, лингвомәдениеттанудағы тіл мен мәдениет бірлігі туралы ғылыми мақала жазу беріледі. Бұл – филолог-мамандардың ғылыми жоба дайындаудағы өзіндік дайындығын одан әрі жетілдіреді.

Танымдық семинардың мақсаты мәтіннің лингвомәдени сипатын ашу пәнінің мазмұнын құрайтын терминдер мен ұғымдардың табиғатына, семантикасына тоқталу. Бұл семинар магистранттардың пәннен алатын білімін тереңдетеді, терминдерді ажыратуға қолдануға мүмкіндік жасайды. Семинар барысында терминдердің түсіндірме сөздігін жасайды. Бұл семинар түрі «Көркем мәтіндегі әлемнің тілдік бейнесі», «Мәтін кеңістігіндегі символ», «Мәтін кеңістігіндегі символ» «Көркем мәтіндегі қосымша мағына (коннотация)» тақырыптарын меңгертуге жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Интеллектуалды семинар. Бұл семинар интеллектуалды футбол түрінде өтеді. Топ екіге бөлініп, өзара қақпашы, қорғаушы, шабуылшыға бөлінеді. Бір топтың шабуылшысы келесі топтың қақпашысына семинар тақырыбына қатысты сұрақ қояды, ол жауап бере алмаған жағдайда немесе толық жауап бермесе, қорғаушы жауапты толықтырады. Кейін екінші топтың шабуылшысы бірінші топ қақпашысына сұрақ қояды. Курста бұл семинарда «Көркем мәтін кеңістігіндегі концепт» тақырыбы бойынша төмендегідей өлең жолдары берілді:

*«Шыдай алмай шайқалыпты шаңырақ,  
 Майыстырып тіреу қылған бақанды.  
 Желтоқсанның желі сапты аңырап,  
 Бұрын-соңды естілмеген мақамды».*

Шабуылшы «шайқалған шаңырақ» десе, қақпашы «отбасы, Отан, атамекен, мемлекет» деген концептілерді тізбектейді. Допты лақтыра отырып, «Желтоқсан желі» дегенге қақпашы «тәуелсіздік, алаң, күрес, патриот, жстардың мақсаты» және тағы сондай концептілік өрісті жалғастырады. Әр сөзге дәлелдер келтіріп, мағынаны ашады. Сонымен қатар бұл курста «koast mastering» технологиясы қолданылды. Бұл технология бойынша 1 минут ішінде осы өлең жолдарының мағынасын аша алатындай тұжырым жасайды. Нәтижесінде магистрант интеллектуалды шешен сөйлей алуына және ұтымды тұжырым жасай алуына дағдыланды. Бұл жердегі концептілік жүйенің қызметі – ұлттық нақыштағы күрделі ұғымдарды бір мазмұнға реттеп топтастыра отырып, жүйелеу.

Пәнаралық семинар. Бұл семинар бірнеше пәндердің зерттеу аумағын қамту арқылы өткізіледі. Курс лексикология, стилистика, риторика пәндерінің тоғысқан тұсын қамтитындықтан, әр сабақ пәнаралық байланыста өтеді. Бұл пәнде «Көркем мәтіндегі тілдік бірліктердің ұлттық танымы» дәрісі бойынша когнитивті лингвистика, лингвоелтаным, әлеуметтік лингвистика сынды лингвистиканың жаңа бағыттары тіл салаларымен байланыстырылып өткізіледі. Дәрісбаяндар – қарама-қарсы ұғымдар қолданыла отырып берілген ақпарат, деректер, қызықты мысалдар т.б. негізіндегі дәрісбаяндар магистранттардың ынта-ықыластарын тудырып, қыр-сырын ұғынуға, қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Көркем мәтіндегі тілдік құралдардың стильдік қызметі» тақырыбын өткен кезде магистранттарға өздері қалаған тақырыпта дәрісбаян дайындау тапсырылды. Оларға дәрістерінде қызықты деректермен қатар, қайшылықты ұғымдардың болуы талабы қойылды.

Ғылыми баяндама. «Көркем мәтіндегі тілдік құралдар» тақырыбы бойынша өткен терминдердің анықтамаларын сөздіктерден қарап, зерттеу еңбектердегі талдануымен танысу тапсырылды. Зерттеушілердің еңбектерін пайдалана отырып, өз тұжырымын жасап, ғылыми баяндама дайындады.

Лингвомәдени талдау. МОӨЖ тапсырмалары ретінде антропонимдерге де лингвомәдени талдау жасауға болады (Кесте 6).

Кесте 6 – Лингвомәдени талдауға арналған тапсырма үлгісі

<b>№</b>	<b>Антропонимдер</b>	<b>Лингвомәдени сипаты</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>2</b>
1	Тұрсынбала (Д.Досжан. Келіншек асуы)	
2	Күшікбай (Ғ.Мүсірепов. Ұлпан)	

## 6-кестенің жалғасы

3	Артықбай (Ғ.Мүсірепов. Ұлпан)	
4	Тілеуімбет (Ғ.Мүсірепов. Ұлпан)	
5	Рамазан (Н.Ғабдуллин. Алма апай)	
6	Тасболат (Қ.Жұмаділов. Тағдыр)	
7	Демежан (Қ.Жұмаділов. Тағдыр)	
8	Көпжасар (Д.Досжан. Келіншек асуы)	
9	Ділдәбай (Д.Досжан. Жігіттің бір жұрты)	

Дебат – екі топ бір-біріне қарама-қарсы пікірлерін, ой-толғаныстары мен шешімдерін ортаға салып, өз жобаларын қорғайды. «Мәтін және дискурс» деп бөліп алып, ұқсастықтар мен айырмашылықтарын табуға тырысады.

Сыр-сұхбат – фольклорлық және тарихи шығармаларды салыстыра отырып, көркем шындық пен тарихи шындық арасындағы қыл-көпір сөз етіледі. «Көркем мәтіндегі тілдік бірліктердің ұлттық танымы» тақырыбы бойынша жүргізілетін МОӨЖ-де филолог-мамандар жұп-жұбымен фольклорлық және тарихи шығармалардың мәдени-тілдік сипатын, ұлттық танымын, қазіргі қолданылып жүрген әдеби нормаға сәйкес тілдік бірліктермен салыстыра келе, өзара тұжырымдарын жасап, пікір алмасады. МӨЖ тапсырмасы бойынша «Асан қайғы шығармаларын жаңа әдіспен оқыту» тақырыбында дайындалған материал магистранттарға беріліп, соның ішінен ең маңызды мәселеге көңіл аудару, мысалы, мәтіннің қазіргі таңда 4 аспектіде түзілісінде теория мен практиканы ұштастырып, осы негізде жыраулар поэзиясын өз бетінше талдайды.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында білімді де білікті маманды даярлауда курстың өз нәтижесін беру үшін интербелсенді әдістерді қолданудың қажеттілігі болып тұр. Осы тұрғыда курста әдіскер ғалым Асхат Әлімовтің болашақ мамандарды даярлауға арналған оқу құралына сүйене отырып, мындай кестелерді қолдандық.

Салыстырмалы кестелер. Білімгерлердің алған білімдерін жинақтау мен тиянақтаудың тиімді тәсілдеріне түрлі кестелерді құрастыру жатады (Кесте 7):

## Кесте 7 – Кесте тапсырмаларының үлігісі

<b>Концептілік жүйенің ішкі құрылымдары</b>	<b>Концептілік жүйенің сыртқы құрылымдары</b>

Сабақ аяғында (немесе басында да болады) шағын топ ішінде орындалады. Кестелердің негізінде салыстыру жатыр. Мәселен, кестелерде бүтіннің құрамдас бөліктерін немесе жеке объектілерді нышандары, ерекшеліктері мен қасиеттері тұрғысынан салыстыруға болады, яғни үлкен көлемді тарихи шығармаларды филологиялық талдау барысында лингвомәдени сипатын анықтауда қолдануға болады. Концептуалды жүйенің ішкі құрылымдарын фрейм, сценарий ойсуреттерді тауып салыстырады, осындай ретпен концептуалды жүйенің сыртқы құрылымдарын табуға тырысады [202, 83].

Филолог-маманның кез келген жағдайда, уақытқа байланысты кеңістікте аялық білімін жетілдіру мен қолдануда келтірілген кесте бойынша шығарманың құрамдас бөліктерін әртүрлі тұрғыдан салыстырып, шығарманың біртұтас идеясы мен стилінде олардың алатын орны мен қызметтері жайлы өз түсініктерін келтіруге болады.

*Үлкен шеңбер* – топ ішінде бірлесе жұмыс жасаудың тиімді үлгісі.

Бұл тәсіл бойынша, магистранттардың жұмысы үш кезеңде өтеді.

1) Дәрісханада магистранттар үлкен шеңбер құрады. Оқытушы талқыланатын тақырып бойынша қандай да бір проблеманы айқындайды.

2) Уақытпен санаса отырып (2-7 минут), әрбір магистрант жеке жұмыс жасайды: берілген мәселе төңірегінде ойланып, дәптеріне аталмыш проблеманы шешудің өзі ұсынған шараларын жазады.

3) Сағат тілімен әрбір магистрант кезекпен өз ұсыныстарын оқиды. Топ әр магистрантты оның сөзін бөлмей, сын айтпай мұқият тыңдайды. Содан кейін айтылған әрбір ұсыныс талқыланады (бұл жерде сын емес, пікір айтылады: магистранттар бір-бірінің көзқарасын сыйлау керектігін әрқашанда ескеріп отырады) және олар дауысқа салынады. Маңыздылығы тұрғысынан таңдалып алынған ұсыныстар бүкіл топтың ортақ пікірін білдіретін тізім қатарына енгізіледі. Бұл тізімді тақтаға оқытушы немесе магистранттың біреуі жазып тұрады.

ЖОО-дан кейінгі білім беру жүйесінде мәтіннің лингвомәдени сипатын анықтауда магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруды МӨЖ тапсырмалардың түрлері мен оны орындаудың келесі кезеңдерін топтастырдық:

1. Мәтінді түсінуге бағытталған тапсырмалар.
2. Мәтінді интерпретациялауға бағытталған тапсырмалар.
3. Мәтінді бағалауға бағытталған тапсырмалар.

Бірінші бағыт бойынша мәтінді түсінуге бағытталған үш түрлі тапсырманы қарастырайық: семантикалық, когнитивті және концептуалды, мәтіндегі тілдік бірліктердің астарын ашуға арналған тапсырмалар берілді.

Семантикалық-фактуалды тапсырмалар филолог-маманның мәтіннен нақты ақпараттарды мүшелеу біліктілігін қалыптастыруға арналған. Семантикалық – бұл мәтіннің лексикалық қабатын түсінумен байланысты. Сондықтан көркем мәтіндердегі бір оқығанда түсінуге келмейтін тілдік бірліктердің лексикалық қабатын ашу, оны түсіндіруге бағыттаймыз. Бұл бағытта түсіндірмелі сөздіктермен жұмыс жүргізіледі. Мысалы, Ә.Кекілбаевтың «Тасбақаның шөбі» әңгімесінен «көсік», «шаңдақ», «шабан құла» есімдердің лексикалық мағынасын анықтаңыз. Олардың қолданыстағы қызметін анықтаңыз.

Когнитивті-концептуалды тапсырмалар. Бұл бағыттағы тапсырмалар магистранттың мәтіннен концептуалды ақпараттарды бөлін алу мен таныммен байланысты сөздерді анықтау болып табылады. Когнитивті түсінік мәтін мазмұнын жалпы семантикалық тұрғыдан талдау барысында, абстрактілі ойлау қабілетінің жоғары деңгейінде дамиды. Когнитивті-концептуалды тапсырмалар мәтіннің концепциясын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы тапсырмалар мәтіндегі тірек сөздерді тауып, олардың концептуалдануын және мәтін құрылымын дұрыс көре білуді көздейді. Мысалы, Н.Ораздың «Долана» әңгімесінде берілген мәтіннен тілдік білім мен тілдік емес бейнелерді тауып, тілдік бірлік болу себебін түсіндіріңіз. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, таныммен байланыстырыңыз. Шығармадағы «Меннің» автор позициясына сәйкес келуі.

Мәтінді интерпретациялауға бағытталған тапсырмалар мәтіннің мағынасын ашумен қатар, әңгіменің стилі мен типі және олардың ерекшеліктерін (композициялық, тілдік) анықтауға арналған. Мәтінді мағынасына қарай бөлімдерге бөлін, тақырып қою, суреттеуді дамыту қандай тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады деген сияқты тапсырмалар берілді.

Мәдени тапсырмаларға шығармалардан ментальді мәдени бірліктерді анықтауларды енгіземіз. Мәтінмен мәдени жұмыс – бұл мәтінді концепті-ассоциативті және бейнелеуіш құралдардың мәдени талдауы.

Магистранттардың өзіндік жұмыс тақырыптары төмендегідей берілді (Кесте 8):

<b>МӨЖ</b>	<b>Тексеру формасы.</b>
<b>1</b>	<b>2</b>
<b>Мәтінді түсінуге бағытталған МӨЖ тапсырмалары</b>	
Ә.Кекілбаевтың «Тасбақаның шөбі» әңгімесінен есімдердің лексикалық мағынасын анықтаңыз	Реферат
Н.Ораз шығармаларындағы ұлттық таным	Конспект
И.Сапарбаев өлеңдеріндегі «туған жер», «атамекен» концептісі	Талдау жұмысы

8-кестенің жалғасы

1	2
Қ. Жұмаділовтің «Тағдыр» романындағы ұлттық коннотациялар	Зерттеу жұмысы
Мәтінді интерпретациялауға бағытталған МӨЖ тапсырмалары	
Көркем мәтін тіліне тән сипаттарды саралаңыз	Реферат
Қазақ поэзиясында мәтін түзілісінің алғашқы үлгілерін көрсетіңіз	Ауызша баяндау, талдау
Әбіш Кекілбаев шығармалары тіліндегі фразеологизмдердің мәні	Баяндама
Перифраза құбылысының поэзия тіліндегі қызметі	Конспект
Мәтінді бағалауға бағытталған МӨЖ тапсырмалары	
Асан қайғының «Бұл заманда не ғарін» шығармасындағы уақыт кәдірі	Талдау жұмысы
Концепт дүниенің тілдегі көрінісі ретінде	Жобалау жұмысы
Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романындағы этномәдени бірліктердің маңызы	Баяндама

Жоғары оқу орындарының оқыту үдерісінде филолог-мамандарды кәсіби дайындау барысында кешенді талдаудың мәнін түсіну мүмкіндігі туындайды. Ең алдымен, бұл филологиялық білім беру сапасын көтеруден, білім алушылардың сәйкес білімі, дағдылары мен шеберліктерін кездейсоқ жинақтауы тәжірибелік әрекеттерде көрініс тауып жатады.

Білім алушылардың көркем әдебиеттерді зерттеуінің арқасында тілге деген саналы қызығушылық туындап, тілдік сезімдері мен тіл және стиль туралы білімдері дамып, ойлау қабілеті жетіле түседі. Сонымен қатар, бұл тілдің барлық салаларында тереңдеп, әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің рөлі мен қызметін бақылауға, сол арқылы мағыналық және стилистикалық белгілерді көркемдік тәсілдері мен мағынаны айқындау тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Көркем мәтінді зерттеу ізденушілерді де жалпыға бірдей білім беруге дайындауда, атап айтсақ, әдеби туындыларды қабылдауды тереңдетуде және көркем талғамды дамытуда маңызды рөл атқарады.

Көркем мәтінді концептуалды талдау көркем шығармаға сөз өнерінің туындысы ретінде қарап қоймай, болашақ филологтың кәсіби дағдыларын дамытып, көркем мәтінді түсіндіру шеберлігін қалыптастырады. Кешенді талдау әртүрлі деңгейдегі тілдік құбылыстарды жан-жақты зерттеу үшін мүмкіндік болып саналады. Білім алушы концептілік талдауға ғана емес, алынған білімдерін сөйлеу тілін дамыту үшін, сөйлеу мәдениетін жоғарылату

үшін, көркем сөзге деген ерекше назарын қалыптастыру үшін, сөйтіп кәсіби қалыптасуы үшін қолдану әдістемесіне үйренеді.

Сонымен қатар, көркем мәтінді концептуалды талдау әдебиет шығармаларын оқу мақсаттарында максималды қолдану үшін барынша тиімді мүмкіндіктерге жол ашады. Себебі ол бірқатар педагогикалық мақсаттарды шешуге мүмкіндік береді: оқыту, тәрбиелеу және дамыту.

Көркем мәтінді концептуалды және лингвомәдени талдауды филолог-мамандарды оқыту бағдарламасына ендіру қажеттілігін сөз ете отырып, филологиялық мамандық магистранттарының құзыреттілікті оқыту үрдісін жобалау мәселесіне тоқталайық. Ол үшін «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» таңдау курсына мысалға алып көрелік. Біз Г.Н. Тараносованың концептуалды талдау ұстанымдарына сүйене отырып [203, 223-224] білім мазмұнына тәжірибеге ендіреміз:

- *бірбүтіндік ұстанымы* шығармамен жұмыс істеудің құрамына филологиялық интерпретация, психологиялық аспект, әдістемелік саралау мен педагогикалық түсініктеме енеді;


- *жүйелілік ұстанымы* шығарманы көркемдік жүйе ретінде талдау, оның ішкі құрылымдық қатынастары арқылы талдауға бағытталған;

- *концептуалды ұстанымы* филологиялық ғылымдар жүйесін мәтінге адамзаттық мәдениет феномені ретінде қатынасы арқылы талдауды білдіреді.

Аталған ұстанымдарды Б.Г.Бобылевтің ізімен жоғарылау ұстанымымен толықтырғымыз келеді. Оның мәні – абстрактіліктен нақтылыққа өту, яғни жоғарылауда, оның құрамына синтездеу үдерісі кіреді. Осы ұстанымға сай «көркем мәтін контекстер иерархиясы ретінде қаралады. Иерархиядағы әрбір жоғары деңгей төмен деңгейлерге қарағанда мағыналық энергияның дереккөзі болып саналады» [204, 58].

Сөйтін, көркем мәтінді лингвомәдени және концептуалды талдаудың талданған ұстанымдары негізінде жоғарыда сөз етілген мәселелерді және жоғары оқу орнында филологиялық білім берудің құрастырылған үлгісін ескере отырып, біліктілікті тәсіл негізінде (12-кесте) біз ЖОО-дан кейінгі білім беру жүйесінде оқытудың үлгісін құрастырдық. Оны «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» таңдау пәнін мысалға ала отырып, филолог-мамандардың кәсіби дайындығының сапасын көтеру мақсатында құрастырдық (Сурет 5).

Жоғарыдағы көркем мәтінге лингвомәдени және концептуалды талдау моделін жүзеге асыру үшін мындай кезеңдерін ұсынамыз. Сабақ барысында әдеби көркем мәтіннің лингвомәдени сипаттамасы жүзеге асырылған. Сондықтан да, мұнда бұл туралы түсініктеме қысқаша берілетін болады. (Қосымша)



Сурет 6 – Көркем мәтінді концептуалды талдау моделі

Болжамдаушы кезең – мәтінде тақырып болса ғана қолданылады.

Қабылдау кезеңінде – мәтін оқылып, оқушылар мәтінмен алғашқы танысқандағы өзіндік эмоционалды көзқарасын қалыптастырады. Себебі көркем шығарма «адамның қажетті (әрдайым нақты) эмоционалды жай-күйін туындатады» [ 189, 63]. Оны құрастырып қоймай, басқаларға жеткізу – білім алушының осы кезеңдегі міндеті.

Келесі кезең сипаттама әдеби мәтінге берілуінің белгілі бір ерекшеліктерінен тұрады.

Аналитика-семантикалық кезеңде мәтінге композициялық және тілдік талдау жалпы сызба бойынша жүргізіледі. Бірақ әрбір жағдайда, жұмыс мәтіннің мазмұны мен мағынасына қатысты болады. Мәтінді бөліктерге бөлуде

оның мағыналық мүшеленуін басшылыққа алу керек. Әрбір жағдайда тілдік деңгейлерді анықтау мәтіннің мазмұнымен байланысты екендігін көрсету қажет.

Құрылымдық-семантикалық талдау мәтіннің тірек сөздерімен жұмысқа негізделеді. Тірек сөздер «ақпаратты жинақтау қасиетіне ие» [205, 181] болып, мәтінді оны интерпретациялау арқылы түсінуге қызмет етеді. Мәтіндегі тірек сөздерді айқындау – оның «мағыналық өзегін» анықтау (А.Р.Лурия). Алғаш рет қабылдағанда немесе оқығанда, мәтін желілі сипатта болса, мәтіндегі тірек сөздерді анықтау керек болады, көлемді құрылымға ие болады: «бір-біріне жақын орналасқан семантикалық ұқсас «нүктелер» (белгілер) желілі кеңістікте бір-бірінен алыс тұрып, және керісінше, семантикалық ұқсас нүктелер бір-бірінен алыс тұрып, желілі кеңістікте жақын тұр». Мұндағы шешуші рөлде семантикалық байланыстар тұрады. Міне, осыны семантикалық құрылым деп атаймыз. Яғни «белгілі түрде ұйымдастырылмаған және семиотикалық байланыстармен реттелген мәтіндік белгілердің көптігі» [205, 173].

Демек, мәтіннің лингвомәдени сипаттамасы барысында оның көп қабаттылығын ескеріп, мағыналық құрылымын анықтау керек. Оқу мақсаттарында мәтіннің лингвомәдени сипаттамасы нәтижесінде әрдайым мәтінде көптеген мағыналар жинақталғаны туралы қорытындыны жеңілдетейік. Фактілі ақпараттарға негізделген объективті мағына болады. Ол мәтінді субъективті қабылдаудан туындайды. Сондықтан, авторлық көркем мәтіннің мағыналық құрылымын анықтау барысында алдымен, фактілі ақпараттық мағынаны тужыратын сөздерді қарастырып алу керек. Бұл сөздер жалпы мағынасында, тірек сөздер деп аталады. Бұлар – сөз-ұғымдар. Көркем мәтіндегі басты мағыналық жүкке ие сөздер көркемдік-тілдік конкретизация құбылысымен байланысты. Көркем мәтіннің бейнелі жоспарын ұйымдастыраты тірек-сөздер – сөз-бейнелер. Олар тірек сөз-ұғымдарға толық сәйкес келіп, ұғымдық деңгейде де, бейнелілік деңгейде де қабылдана алады. (Тірек сөздер туралы іңкірлер)

Сөйтіп, көркем мәтін – қоғамдық ой-сана тарихындағы белгілі бір факт ғана емес, сөз өнерінің белгілі бір фактісі, яғни тіл құралдары арқылы бейнеленген бейнелі жүйе. Авторлық көркем мәтіннің семантикалық құрылымын анықтау үдерісін екі компонентті деп қарастыралық:

- 1) тірек сөз-ұғымдарды анықтау;
- 2) тірек сөз-бейнелерді анықтау.

Әдеби көркем мәтіннің лингвомәдени сипаттамасының ерекшелігі – тірек сөз-ұғымдарды аналитикалық әрекеттің бірінші кезеңінде анықтау әрі маңызды әрі қажет. Тірек сөз-бейнелермен жұмыс аналитикалық әрекеттің соңғы кезеңдерінде жүзеге асады, себебі мәтінді лингвистикалық немесе лингвостилистикалық талдаудан кейін сөздің көпмағыналығын, оның ауыс мағынада жұмсалыу мүмкіндіктерін, яғни мағыналық көпжақтылығын түсінуге болады. Одан кейін алынған ақпаратты талдау барысында синтездеуге болады.

Талдаудың осы айтылған ұзақ мерзімді түрі оқушылардың мәтінді түсінуде шешуші болған, ол мәтінді лингвомәдени сипаттауға негіз болған.

Екінші жағынан, лингвистикалық талдау мәтін мазмұнының тілдік ерекшеліктермен байланысын анықтауға, екінші жағынан, оның эстетикалық маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Лингвистикалық талдау мәтінге жекелік талдау жасаумен байланысты болуы мүмкін. Белгілі бір грамматикалық тақырыппен жұмыс істеу үшін қарастырылып отырған тілдік құбылыс (тілдік бірліктер, грамматикалық категориялар) айқын көрінген мәтін таңдалуы тиіс. Міне, осы мәселеге оқушылардың назарын аудару керек.

Екінші тарауда келтірілген мәтіннің лингвомәдени сипаттамасының мысалына қарасақ, мәтіндегі сөздердің төрттен бірі есімдіктер екендігі айқындалады. Мәтіннің мұндай ерекшеліктерін анықтау оқушыларға осындай ерекшеліктердің кездейсоқ еместігі туралы ой түйюіне септігін тигізеді.

*Мәтінге мәдени талдау жасау* – лингвомәдени талдаудың ажырамас бөлігі, сондықтан лингвистикалық талдау мәдени талдауға ауысады. Оқу мақсаттарында бұл мәселе әрине, жеңілдетілген. Осындай жұмыстар барысында бейнелеуіш құралдарда жасырынған мәдени мағыналар анықталады. Талдаудың осы түрі, біздің ойымызша, тірек сөз-ұғымдарды тірек сөз-бейнелер түрінде қабылдауға сеп болады. Аталған кезеңде сөздердің ұлттық-мәдени мағыналары анықталып, мәтіндегі фразеологизмдер мен символдардың мәдени қолданысына түсініктемелер беріледі.

Мәтіннің лингвомәдени сипаттамасы үдерісінде мәтінге ассоциативті талдау жасау элементтері қолданыла алады. Біз бұл талдауды жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде қалыптастыратындықтан күрделі формада өтілуі тиіс. Ол не жалпы талдауда, немесе жекелей қолданылады. Көп жағдайда автор өз туындысын оқырманының белгілі бір ассоциациясын тудырып, оның мазмұнын өздігімен саралай алуы үшін ерекше етін құрады. Магистранттардың фондық мәдени білімдер оларға аллюзияның, интертексттің осындай ерекшеліктерін қабылдауға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайда мәтінге тарихи-мәдени, мәдени түсініктемелер беріледі. Сонымен қатар, мәтін нақты оқырманның белгілі бір жеке тұлғалық ассоциациясын тудырып, олардың мәтінді байытып немесе түсінуге септігін тигізеді.

Мәтінді талдаудың әрбір түрі оның мазмұнына тереңдеу, оның ішкі мағынасына енумен жалғасын табады. Сөйтіп, біртіндеп оқушылар ақпаратты жалпылауға ауысады. Негізгі нәтижелері: мәтіннің тілдік ерекшеліктері айқындалды, оның мазмұнмен өзара байланысына түсініктеме берілді, тірек сөз-ұғым айқындалып, олардың сөз-бейнелерге айналу себептері ашылды.

*Интерпретациялық, мағына құрастушылық кезеңі.* Интерпретация – білім алушылардың мәтін негізіндегі шығармашылық әрекететінің шығармашылық кезеңі болып, өте күрделі үдеріс ретінде танылады: «Менталды әрекеттер саласына жатып, интерпретация – түсінікпен тікелей байланысты үдеріс пен тілдік туындыны шығармашылық түсіну үлгісі ретінде танылады» [206, 199].

Магистрант мәтінді интерпретациялай отырып, ең алдымен мәтіндегі автордың ойын тауып, авторлық түркі ойды анықтап, содан кейін басқаларға жеткізін, автор ойының негізінде өз ойын қалыптастыруы тиіс.

Мәтін интерпретациясы барысында мұндай сүйеніштер ретінде, біріншіден, автор қолданған тіл бірліктері, оның грамматикалық ерекшеліктері, стилдік меншіктілігі мен стилдік бейнелігі; екіншіден, авторлық көзқарас пен авторлық түпкі ойды түсінуге септігін тигізетін осы мәтіндегі тілдік бірліктердің қызметі; үшіншіден, мәтіннің лингвомәдени элементтері (метафоралар, символдар, концептілер, прецедентті элементтер т.б.) жұмсалады. Ақпаратты талдау барысында алынған синтез оны интерпретациялау үшін объективті негіз бола алады.

*Рефлексия, бағалау кезеңі.* Бұл кезеңнің мәтінмен жұмыс істеудегі маңыздылығы – тұлғалық бейімді білім беру парадигмасының аясында ғана жүзеге асады. Бұл үдеріс мәтінді саралау және оны эмоционалды қабылдау ретінде қалыптасады.

Мәтіннің лингвомәдени сипаттамасының осы аталған кезеңінде магистранттар авторлық түпкі ойды анықтап, мәтін мазмұнына деген өзінің ой-пікірін қалыптастырады.

Бұл кезең білім алушылардың сабақ барысында және тілдердің қарым-қатынасы нәтижесінде білген жаңа білімдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Себебі классикалық көркем мәтіннің мағыналық ішкі құрылымын түсіне отырып, оқушылар құндылықтардың жалпыадамзаттық және ұлттық жүйесіне тәрбиеленеді.

Өнімді әрекет кезеңі. Магистранттар мәтінге лингвомәдени сипаттама берудің барлық кезеңдерінде «*Автор – Мәтін – Қабылдаушы*» тізбегінде Қабылдаушы және белсенді зерттеуші, интерпретациялаушы рөлдерінен өткеннен кейін мәтінмен жұмыс істеудің келесі тізіміне өтеді: «*Автор – Метамәтін – Қабылдаушы*». Ол автор ретінде метамәтінді құрастырады. Егер алдыңғы кезеңдердің барлығы – мәтінді лингвомәдени сипаттау үдерісі болған болса, магистрант құрастырған метамәтін – оның нәтижесі болып шығады.

Қорытындылай келе айтарымыз:

- лингвомәдени сипаттауға тек көркем мәтіндер ғана түсе алады;
- көркем мәтіндерді лингвомәдени сипаттау барысында фольклорлық және әдеби мәтіндер қолданылады.

### **3.2 Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін дамытудың әдістері мен тәсілдері**

Әдістеме ғылымындағы жаңа үдерістер оқытушының алдына қазіргі лингвистика ғылымына сәйкес келетін оқыту әдістерін айқындау міндетін жүктеп отыр. Бұл өз кезегінде білім беру үрдісінде білім алушының түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін алға шығарды. Оқытуды құзыреттілік тұрғысынан ұйымдастыру білім мазмұнын жаңартуда, оны жеткізудің амал-тәсілдерін жетілдіруге басымдылық берін отыр. Қазақ тілін оқытуды білім алушының тілдік-мәдени құзыреттілігімен тығыз байланысты қатысымдық бағытта іске асыруды талап етуде. Өйткені білім алушының

сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оның мәдени-тілдік құзыреттілігін жетілдіру ұтымды әдістерді сұрыптап алумен айқындалады.

Мәтін арқылы білім алушының мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда тек тілдік, лингвомәдени, этнопсихологиялық факторлар ғана назарға алынбайды, тілді меңгерту біртұтастықта, яғни тілдің құрылымы мен семантикасы, өзара сабақтастықта нысанға алынады. Себебі тілдік фактілер оның мәдени қызметімен байланысты талданады. Сондықтан ең ұтымды деген әдістерді жүйелеп, таңдап алудың маңызы зор.

«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру», – деген А.Байтұрсынұлының қағидатын басшылыққа аламыз [207, 336.].

Оқыту әдісін білім алушыны қажетті білім негіздерімен қаруландырып, тиісті дағды, шеберлікке үйретуде және олардың өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, танымдық қабілетін дамытуда қолданылатын оқытушының амал-жолдарының жиынтығы деп айтуымызға болады. Оқыту әдісінің төмендегідей ерекшеліктері бар:

- оқыту әдісі оқытушының сабақ беру үрдісіндегі жетекшілік қызметін айқындауға көмектеседі;

- білім алушылардың мақсатты түрде және жоспарлы білім алу жолындағы іс-әрекеттерін жүйелі әрі нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады;

- білім алушылардың білім мазмұнын терең игере отырып, құзыреттіліктерін жетілдіруге ықпал етеді;

- білім алушының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, білім, білік, дағдыларын арттыруға септігін тигізеді.

Кез келген оқыту әдісі оқытудың мақсаты мен міндеттеріне, білім алушының жас ерекшеліктеріне, қабілетіне байланысты түрленіп, өзгеріп отырады.

Мәтін арқылы оқыту кезінде тұлға тілдік материалды талдап, синтездеп, нақтылай отырып, өзі жаңа ақпарат алады. Бұрын меңгерген білімімен салыстыра отырып, тереңдете түседі. Мәтін арқылы оқыту – тілдік жағдаят проблемасы тек логикамен ғана емес, интуиция, сана, қиял арқылы да шешіледі. Мәтін арқылы ситуациядан шығуда проблемалық тапсырмалар беріліп, күрделенеді.

Психология ғылымында мәтін арқылы оқытуда адамның танымдық жүйесі былай жүзеге асырылатынын көрсеткен: мәтін-тілдік жағдаят-проблемалық жағдаят – проблема – проблеманы шешу. Білім философиясы педагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық заңдылықтарымен сәйкестендіріліп қарастырылатындықтан, көркем мәтін арқылы оқытуда оқылым, айтылымнан бастап тұлғаның ойлау процесі жұмыс жасайды, яғни танымдық іс-әрекеті шығармашылық сипатқа ие болады. Сонда салыстыру, талдау, синтездеу,

интерпретациялау, нақтылау, жүйелеу сияқты ой – іс-әрекетінің жолдарынан өтеді.

Тілдік жағдаят адамды сөйлеуге мәжбүр етеді, тілдесімге түсіреді. Тілдік жағдаят - мәтінді білдірудегі қарым-қатынастың сыртқы шарты мен қатысым әрекетіне түсушілердің ішкі реакциясын білдіретін кешенді құрайды. Тілдік жағдаят бір немесе бірнеше бағытталуы мүмкін. Тағы бір нәрсе уақыт пен жағдаяттың өтетін орны, тақырыбы сыртқы жағдаятқа жатса, мақсаты мен себебі – сөйлесім әрекетіне жатады.

Мәтіннің мазмұна қарап, баяншының әлеуметтік рөлін, кім екенін, мәтін қай мақсатта жазылғанын я айтылғанын білуге болады. Сонымен қатар тілдесімдік қарым-қатынастың өткен орнын стандартты мәтіндер, стереотип арқылы да білуге болады. Тілдік жағдаяттағы қарым-қатынаста тілдесім уақыты, өткен шақта өтсе де, келер шақтың да ісі қаралады.

Сөйлеушінің мақсаты мен сөйлеу әдебі сөйлеушінің қатысымдық мүддесін тудырады. Бұл жайында Н.И.Фермонавская «Речевая ситуация – это действительно сложный, единый конгломерат и внешних обстоятельств, и внутренних психических реакции, которое побуждает нас осуществлять свою потребность обмениваться текстами в процессе трудовой, общественной, личностной деятельности», – дейді [119].

Р. Сакенованың пікірінше, проблемалық тілдік жағдаятты сабақтың барлық бөлімінде қолдануға болады және тіл мәдениеті құбылыстарына, заңдарын көре білуге үйретеді [119].

Профессор Т.С. Сабыров та проблемалық оқыту сабақтың барлық кезеңінде іске асыруға болатынын айтады. Ал, кейбір авторлар И.Я.Лернер [208], М.И. Махмутов [209] проблемалық оқытуды оқытудың өз алдына ерекше әдісі және жаңа жүйесі деп қарайды. Себебі проблемалық оқыту басқа әдістер (баяндау, өздігінен бақылау, іздену әдісі, талдау) арқылы да іске асады. Проблемалық оқыту тек проблемалық жағдай туғызып қана қоймай, оны дұрыс шеше білу тәсілдерін меңгеруді де қажет етеді.

Білім алушының тілдік-мәтін құзыреттілігін қалыптастыруда *салыстыру әдісінің* алатын рөлі зор. Дәстүрлі білім беру жүйесінен бастау алған бұл әдіс осы күнге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Себебі кез келген дүниенің өзіндік ерекшелігі басқа нәрсемен салыстырғанда кеңірек ашылып, айқындала түсетіні белгілі. Ж. Аймауытов өзінің еңбектерінде пәнді екінші бір пәнмен салыстыра отырып меңгертуге мән берген. Ғалым тарихпен сабақтастыра өткізуге айрықша тоқталған. Қазіргі ақпараттар ағымы заманында ғаламтор желісінің, электронды поштаның өсуі күнделікті тұрмыста қолданысқа енуі білім алушыдан қажетті ақпаратты салыстырып, таңдап алуына мүмкіндік тудырып отыр.

Зерттеуші С. Рахметова: «Салыстыру. Мұнда заттар мен құбылыстардың ұқсастық, айырмашылық қасиеттері айқындалады. Белгілерді тапқан сияқты, бұл да ақыл-ойдың аналитикалық жұмысы. Бірақ салыстыру күрделі, мұнда синтез, жалпылау, қорытындылау элементтері іске асады», – деп, салыстыру әдісінің маңызын анықтап берді [210, 30]. Салыстыру мәтінмен жұмыста

ерекше маңызға ие болады. Мысалы, білім алушыларға ақындардың өлеңдері беріліп, ондағы ұқсастық пен айырмашылықты тауып, талдау берілді:

*Қапамын мен қапамын,  
Қуаныш жоқ көңілде.  
Қайғырамын, жатамын,  
Нені іздеймін өмірде?*

*Қайтты ма көңіл бетімнен,  
Яки бір қапыл қалдым ба?  
Өткен күйге өкінбен,  
Әм үміт жоқ алдымда.*

*Іздегінім тәтті ұйқы,  
Дүниені ұмытып.  
Өлімнің суық дым сыйқы,  
Тұрсын өмір жылытып ... (А.Құнанбаев).*

*Сұм көңілге разы емен мен,  
Тез жанар да, тез сөнер.  
Бір тілегін істесең сен,  
Өған басқа ой келер.  
Жас баладан артық жеңсік  
Мұндай нәрсе көрмедім.  
Тұрағы жоқ шайтан секек,  
Тіпті-ақ сырын білмедім.  
Бір жар іздеп, болса әуре,  
Таптым, бардым қасына.  
«Аш құшағың – дедім, – сәуле!  
Шомылып көз жасыма» (М.Жұмабаев)[221].*

*1-тапсырма. Мына лирикалық мәтіннен тақырып ұқсастығын табыңыз.*

*2-тапсырма. Абай өлеңіндегі адамның көңілі мен Мағжандағы көңілдің қандай айырмашылығы бар? Дәлелдеп айтыңыз.*

*3-тапсырма. Ақындардың тілдік қолданысын талдаңыз. Мәтіннен символ болып табылатын екі өлеңге де ортақ тілдік бірлікті анықтаңыз. Өны ассоциациялайтын сөздермен байланыстырыңыз.*

*4-тапсырма. Екі ақынның өлеңдеріндегі тірек сөздерді тауып, өрісін анықтаңыз.*

Салыстыру методы магистранттардың бақылауына және одан қорытынды шығарып, тиянақты ұғуға үйретеді: логикалық тұрғыдан дұрыс ойлауға, айтайын деген пікірін дәл айтып үйренуге дағдыландырады. Ұсынылып отырған материалдарды салыстыра түсіндіру материалдардың өзіндік сырын

ашып, басқа материалдардан айырмашылығын танытады. Соның нәтижесінде оның ғылыми мазмұны мен өзіне тән ерекшеліктері оқушыларға ұғымды, тартымды болып келіп, олардың саналы түсінуіне, өздігінен зерттеп білуіне жол ашады [211, 75].

*Проблемалық әдіс* білім алушыларға ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін меңгертуге және нәтижеге жету жолын да үйренуге көмектеседі. Білім алушының танымдық дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ойлау қызметін арттыруға ықпал етеді. Проблемалық оқытуды қарастырған ғалымдар оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді. А.М.Матюшкиннің пайымдауынша, «оқытудағы ойланудың негізгі қызметі тек қана жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігінде. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы» [212]. Яғни білім алушы алдына қойылған проблеманы шешуде тек білім мазмұнының игерін қоймайды, оны шешудің жолдарын үйренуге дағдыланады.

Ал Л.Ақтанова проблемалық әдістің төмендегідей мақсат көздейтінін айтады:

- тыңдаушылардың бойында жаңа қасиет пен іскерлік қалыптастыру;
- әртүрлі проблеманы талдау және оларды шеше білу қабілетін дамыту;
- тыңдаушының өз бетінше шешім қабылдауы үшін ақпарат іздеу;
- ақпаратпен жұмыс жасауды (сұхбат беру, жүйелеу, талдау) үйрету;
- тыңдаушы белгілі бір мекеме немесе елде болған инцидент туралы ақпарат алуы;
- тыңдаушылар ақпараттың аздығына қарамастан, проблема және оны шешу үшін нені білу керектігін анықтайды [213, 35].

Проблемалық оқыту проблемалық сұрақ, проблемалық жағдаят және проблемалық сабақтан тұратыны белгілі. Проблемалық жағдай белгілі тақырыпқа негізделгенімен, білім алушының іздене отырып шешуіне мүмкіндік беретін қиыншылық тудырады. Проблемалық мәселе туындаған кезде оның танымдық белсенділігі артып, шығармашылық әрекеті дамиды. Осы мәселелер теориялық жағынан ғана емес, практикалық өмір тәжірибесін қамти отырып, түсіндіруді қажет етеді. Проблема тудыру, соны шешуге қатысыру белгілі бір жүйелілікі талап етеді. Мысалы, көркем шығарманы талдау барысында я оған дейінгі меңгерген білімін анықтауда магистранттар арасында «Тілдік тұлға мен мәдени тұлғаны ажырата аламыз ба?», «Тілдік код пен мәдени код бір-бірімен синонимдес пе?», «Паремиологизм мен фразеологизмнің айырмашылығы неде?», «Мәдени-тілдік құзыреттілік компоненттері болып табылатын тілдік бірліктерді білеміз бе?» және т.б. проблемалық сұрақтар туындаған кезде білім алушылар өздігінен жауап іздеп, мысал келтіре отырып, оны шешуге тырысады. Қайшылықтың пайда болуы – проблеманың тууына, оны шешу үшін ойдың тікелей қатысуына жағдай жасай отырып, затты, құбылысты дербес алып қарауға мүмкіндік беретін алғашқы бастама. «Мына мәтіндегі мәдени

эталондарды бөлін қарастырыңыздар» деген сұрақтар негізгі проблеманы айқындайды. Бұл жағдайда болашақ маманның бұрын меңгерген біліміне сүйене отырып, өз шешімін проблемалы жағдайға жеткізуі керек. Егер ол біраз ойланудан соң барып тығырықтан шыға алса, нәтижеге жеткені.

Білім алушылар проблемалық жағдайды тудырып тұрған мәселелерді дұрыс аңғарып, өздігінше пікір ұсынып, оны шешудің жолдарын тандап ала білуі қажет.

Қойылған проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін білім алушы фактілер, ережелер мен заңдылықтарға сүйенеді. Теориялық мәліметті іріктеп, керектісін алуға дағдыланады. Проблемалық жағдаят құрып, мәселе қоя алады, оны шешудің жолдарын қарастырады. Болжамдарды ұсынып, мәселені шешу жолдарын іздестіреді, олардың дұрысын тандап алу үшін ізденеді. Болжамдарының дұрыстығын тексеру, қағидаларды дәлелдеу үшін деректерді іздейді. Жана материалды алған білімімен салыстырады, оны есінде сақтауға тырысады.

*Танымдық әдіс.* Қоғамдық өмірдің тез қарқындап дамуы және ондағы толассыз өзгерістер мен ақпараттық ағымының көптігі танымдық әдістің ұтымдылығын алға шығарып отыр. Ақпараттардың көптігі адамның танымдық қызметін жетілдіруді, практикалық тұрғыдан сөйлеу қабілетін дамытуды талап етін отыр. Танымдық әдістің мәні магистранттың оқу материалын түсіне білуімен тығыз байланысты. Білім алушы білім мазмұнын өзі саналы түрде игеруі тиіс. Ол түрлі ақпарат көздерінен алынған материалды өзі тандап, сұрыптап қолдана алуы қажет. Яғни оқу материалдарынан, ғаламтордан, түрлі сөздіктерден және т.б. дереккөздерінен алынған ақпаратты өз қажетіне қарай ұтымды қолдана алуы тиіс.

Ғалым-әдіскер Р.С.Рахметова танымдық әдістің синтаксисті меңгертудегі рөлін талдай келе, оның мынандай сатыларын атап көрсетеді:

Танымдық әдіс мынандай сатыларды қамтиды:

- ереже сатысы (ережеге байланысты сөйлеу әрекеттерін орындау);
- мағыналық саты (қолданыстағы тілдік бірліктерді түсіну және сезіну);
- сөйлеу қызметін орындау сатысы (баяншының өз ойын жеткізуі, бұл деңгейде неден бастайды, немен аяқтайды, қандай мысалдар келтіреді т.с.с . қамтылады);

- әлеуметтік саты (сөйлемнің қандай мағыналық қызмет атқаратындығын түсіну);

- мәдени саты (сөйлем және сөз құрылымы білім алушының мәдени нормаларына сәйкес келетіндігі);

- студент жұмысының танымдық сатысы (студенттің өзінің қалай оқитындығын, қандай әдістер қолданатындығын және ол әдістердің тиімділігін анықтап, тілді меңгеруіне байланысты өз деңгейін өзі бағалауы) [28, 233].

Әдіскер танымдық әдістің магистрантта «оқу әрекетінің психологиялық сипаттары қалыптасуына, оқуға, білуге деген жағымды уәждер мен қызығушылықтың тууына, алдағы оқу жұмысының мақсат-міндеттерін анықтай білуіне, оны орындаудың тиімді тәсіл-амалдарын белгілеуіне, өз жұмысының

барысын өзі бақылап отыруына әсер» ететінін, аталған әдістің магистранттың «өз жұмысын жоспарлай білуге дағдыландыруға» итермелейтінін дәлелдейді [28].

Білім алушылар көркем әдебиеттерден «өмір» концептісіне байланысты мысалдар жинап, концептілік құрылымдарға (фрейм, сценарий, схема, ойсурет) талдау жасады. Мысалы:

*Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,  
Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.  
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,  
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп (Абай).*

*Жүреміз сол тірлікте жайда небір,  
Жан едім, жүрегі адал, майда көңіл.  
Сен мені еркелетші, еркіндетші,  
Онсыз да шолақ мінез – қайран өмір! (Ғ. Қайырбеков).*

*Өмір-тағдыр, не деген тартыс еді,  
Көндіреді заңы мен салты сені.  
Қызық күндер орнына қиындық кеп,  
Қызыл гүлдер орнына қар түседі (К.Ахметова).*

*Өмір ылғи тәтті арман, шекер емес,  
Өтер күндер...  
Өтер ән...  
Өтер елес...(Н.Оразалин).*

*Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған,  
Жан сусының көз жасымен қандырған.  
Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсым-ды  
Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған (М.Жұмабаев).*

Бұл тапсырма бойынша түрлі авторлық қолданыстағы «өмір» концептісіне талдау жасау арқылы ұлттық санамызда адам өмірінің мерзімі түрліше өлшенетінін бағдарлайды. Өмірдің ұзындық // қысқалықпен (қамшының сабындай қысқа ғұмыр); уақыт көрсеткіштері арқылы (бес күндік жалған, қасқағым сәт); Құдайдың жазғаны, басқа салғаны (мандайындағыны // пешенесіндегіні көрді); бар//жоқ (дәм-тұзы таусылу) ұғымдары арқылы таңбаланатынын да түйсінеді.

Қазіргі білім беру үрдісінде жиі қолданылып жүрген әдістер – оқытудың *интербелсенді әдістері*. Интерактивті әдісте, жоғарыда айтылғандай, мұғалім ұйымдастырушы, бақылаушы деңгейінде ғана көрінеді де, оқушы белсенділігі арта түседі. Интеракция кезінде мұғалім жұмысқа тікелей басшылық етеді, бірақ ол әр білім алушының белсенді болуына жағдай туғызуға қажетті

шарттарды жүзеге асырады. Дәлірек айтқанда, тілді үйренуде маңызды болып табылатын субъект пен субъект арасында болатын интеракцияны қалыптастыруға алғышарт жасауы керек. Оқытушының интеракция кезіндегі әрекет жүйесін бес сатыға бөлуге болады:

- 1) мақсат қою;
- 2) жұмысты жоспарлау;
- 3) тапсырманы бөлу;
- 4) білім алушылар әрекетін бақылау;
- 5) бағалау.

Белсенді оқыту әдістері ешкімді де танымдық әрекеттен тыс қалдырмайтындай оқу үрдісін ұйымдастыруға жол ашады. Білім алушыларды оқу үрдісіне тартуға белсенді оқыту амалдарының мынадай ерекшеліктері себеп болады [25, 206].

Интербелсенді әдістің бірі – пікірталас әдісі. Бұл әдісті проблеманы жан-жақты қарастырып, талқылауда пайдаланған ұтымды. Пікірталас білім алушының теориялық және практикалық білімдерін өздерінің көзқарастарын қорғау кезінде қолдануға мүмкіндік береді.

Пікірталаста қатысушылар жаңалық ашуға ұмтылмайды, олар өздері үшін маңызды бір пікір қабылдайды. Ал бұл пікір басқа бір пікір мен көзқарастардың тоғысуы мен қақтығысынан пайда болады. Алғашында қандай да болмасын сипатта болған үйренушілердің пікірі талас пен сайыста көтерілген өзге тұжырымдардың ықпалымен өзгереді, яғни олардың қасиеттерін белгілі бір дәрежеде қабылдайды, өзіне сіңіреді.

Пікірталастың басты мақсаты – әр үйренушінің қарастырылған проблема бойынша өзіндік пікір, көзқарасты қабылдауы, бір байлам мен шешімге тоқтауы [214, 280]. Магистранттар «Мәтін және дискурс: айырмашылығы мен ұқсастығы» деген тақырыпта пікірталас өткізді. Пікірталастың жоспары алдын ала дайындалды. Онда талқылауға ұсынылатын сұрақтар қамтылып, пікірталасқа қатысушылардың мақсат-міндеттері айқындалды. Қандай көрнекі құралдар дайындайтындары ескертілді. Пікірталастың бірінші кезеңінде әр топ өздерінің позициясын айқындап, оның өзектілігіне тоқталды. Пікірталас барысында ғылымда соңғы жылдары жан-жақты қарастырыла бастаған дискурс мәселесі мен мәтіннің аражігін фактілер арқылы ажыратып көрсету мәселесі талқыланды. Осы кезеңге дейін жазылған мәтін формалды дүние емес, сол тілді пайдаланатын адамның қабылдау, ойлау, түсіну, өзгеге жеткізу қабілеттерімен байланыстыра қарастырылатын тілдік құрылым ретінде қабылданатыны сөз болды. Әр топтан спикерлер сөйлеп, оған басқа топтан сұрақтар қойылды. Жауап беру кезінде топтың басқа мүшелері де белсене қатысты. Бірінші топ мүшелері мәтін, мәтінге тән белгілер, қазақ ғылымындағы мәтіннің зерттелуі, мәтін талдау туралы мәселелерге тоқталса, екінші топтағылар дискурстың экстралингвистикалық факторларды, яғни оның тілді қолданушының әлем туралы білімін, көзқарасын, айтушының мақсаты мен бағытын қамтитын күрделі коммуникативтік құбылыс болып табылатынын, дискурста коммуникативтік ситуация мен интеракцияға қатысушылар және тілдік

материалдардың тоғысып жататынын, дискурстың көпдеңгейлі үдеріс болып табылатынын тілдік фактілер (талдауға алынатын тілдік фактілер этномәдени бірліктерді қамтуы тиіс екендігі алдын ала ескертілуі тиіс) арқылы дәлелдеуге тырысты. Мәтін – сөйленімдердің қатары, ал дискурс – бір-бірімен байланысқа түскен мәтіндердің жиынтығы деген көзқарастар айтылды. Нәтижесінде білім алушылар мәтін мен дискурс туралы толыққанды мәлімет алды.

Пікірталас әдісі магістранттардың өз көзқарасын айқындауына, ойларын жүйелі, әрі дәлелді айтуға дағдыландырады. Пікірталаста сөйлеу мәдениетіне басты мән беріледі. Бұл да өз кезегінде білім алушыларды бір-бірінің пікірлерін бағалап, өзара сыйластық орнатуға итермелейді. Пікірталастың түрлерін (диспут формасындағы пікірталас, кезектескен пікірталас, дөңгелек үстел, форум және т.б.) оқытушы тақырыпқа қарай таңдап алады.

*Ойбөліс* – пікірталас түрлерінің ішіндегі ең бір бейбіт түрде жүргізілетіні. Мәселе оның мақсатында, яғни пікір алмасу бір мәселе төңірегінде әр түрлі көзқарастарды тоғыстыра отырып, ортақ шешім жасауды көздейді. Оған қатысушылардың өздері де бұл мәселенің оң шешілуіне мүдделі болғандықтан, бірін-бірі құрметтеуге, мұқият тыңдайға тырысады [168, 173]. «Көркем мәтінді лингвистикалық талдаудың қай түрі оның негізгі ерекшеліктері мен қызметін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді?», «Мәтіндегі диалект сөздер сөздік қорды байытуға ықпал ете ме?» деген тақырыптардағы ойбөліс мәтін талдаудың негізгі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туғызды. Білім алушылар мәтінді лексика-семантикалық талдау, стилистикалық талдау, лингвостилистикалық талдауларға жан-жақты тоқталып, олардың әрқайсының көркем мәтінді талдаудағы қызметіне тоқталды.

*Жобалау әдісінің* мақсаты білім алушының шығармашылық-зерттеушілік қабілетін арттыру болып табылады. Болашақ маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін жобалау әдісі олардың танымдық, креативтік қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Жеке тұлғаның өздігінен білім алуына, болжам жасауына, өз бетінше ізденуіне бағыт береді.

Жалпы жоба әдісін пайдаланған кезде білім алушыларға бірнеше жоба тақырыптары ұсынылды. Оларға оның ішінен өздеріне ұнаған, жандарына жақынын таңдап алуларына мүмкіндік берілді.

Ж.Т. Дәулетбекова жобалау технологиясы аясында орындалатын жұптық жұмысқа төмендегідей талаптар қояды:

- жұптық жұмыс түрінде орындалуы тиіс;
  - жұмыстың кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдері болуы ескерілсін;
  - этикеттік сөз орамдары (сәлемдесу, өздерін таныстыру, сұрақ-жауап тәсілдерін қолдану; қоштасу) қолданылсын;
  - жұмыс ауызша қорғалуы керек;
  - жұмыста танымдық қызықты фактілер, мәліметтер қамтылуы қажет;
  - ең кемі он слайдтық материал дайындалуы қажет;
  - жұмысты екі оқушы бір-біріне кезек бере отырып таныстыруы тиіс, т.б.
- регламент – 5-7 минут [25].

Жобалау әдісінде білім алушыға тек тақырыпты ғана емес, серіктесін де таңдауға мүмкіндік берілгені дұрыс. Олар өздері қалаған адаммен бірігіп, таңдаған тақырыптары бойынша жүйелі ізденіс жұмыстарын жүргізеді. Оқытушы жоба жұмысының мақсат, міндетін анықтауға, мазмұнын құруға бағыт-бағдар береді. Магистранттар материалдарын жүйелейді, тақырып аясында тұсаукесер дайындайды. Оқытушы материалдардың қызықты әрі танымдық мәні болуы қажеттігін ескерткені дұрыс.

Бұл әдіс бойынша магистранттың сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын арттырумен бірге, олардың ғылыми-ізденушілік қабілеттерін жетілдіреді. Олар өз беттерімен ізденіс жұмыстарын жүргізу арқылы тек қана мәдени-тілдік құзыреттіліктерін ғана емес, танымдық, қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерін де жетілдіреді. Алға қойылған мәселені өздіктерінен шешуге үйренеді; тақырыпқа қажетті ақпарат көздерін таңдауға, сол көздерден тапқан материалдарды саралап қолдануға, алған мәліметтерді жүйелеп, қорытуға, оларды өз мақсатына лайықтап жұмсауға төселеді; бар материалдарды жинақтап айтуға, өзгелерді қызықтыруға, өз пікірлерін қорғауға, өз ойын түсінікті әрі дәйекті етіп айтуға бейімделді. Филолог-мамандарға «Қ. Жұмаділовтің «Тағдыр» романындағы фразеологизмдердің лингвомәдени сипатын анықтау», «Г. Шойбекованың тілдік тұлғасы», «Концепт дүниенің тілдегі көрінісі ретінде», «Тілдегі символ, ұғым және мағына», «Т. Әбдік шығармаларындағы ұлттық дүниетаным негіздері» деген тақырыптарда жоба жұмыстары ұсынылды. Жоғарыда айтқандай тұсаукесер түрінде қорғап, дәлелдеп берді. Бұл ретте филолог-мамандарды болашақ зерттеуші ретінде әрбір тақырыптың тірек сөзіне қарай отырып, жоба жұмысында өзіндік тұжырымдар, ой-пікірлер қалыптастырды.

*Зерттеушілік әдіс* көп жағдайда білім алушылардың өзіндік жұмыстарды орындауы арқылы іске асты. Зерттеушілік әдіс магистрантты ғылыми ізденіске жетелеуге жол ашады. Көркем мәтінге филологиялық талдау жасау үшін магистрант ізденеді. Себебі талдаудың бұл түрі оның өткен білімін еске түсіре отырып, оны ары қарай дамытуды қажет етеді. Сонымен бірге кластер түзу, реферат, конспект, баяндама, жоба жұмыстарын және т.б. дайындау, оны қорғау тәрізді тапсырмалар олардың ізденушілік қабілетін жетілдіріп, мәдени-тілдік құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді. Мысалы, Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романынан қазақтың ұлттық ерекшелігіне байланысты мәтіндер жинап, ондағы этномәдени ақпарат бойынша талдау жасады:

*Манағы аран ішінен сүйреп шығарылған қисапсыз құланның көпшілігі түйе-түйе қылып ауылға арттырылып жіберілді. Қалғандарын қасатшы жігіттер бесін ауа осы мортыз, ебелегі көп қар жонға келген соң терілерін сытырып, ішек-қарындарын аударып тастап, жіліктеп бұзып, әлекке түсіп жатпай-ақ, шіліктің сабау бұтақтарымен қайтадан бүрген-ді. Қаз-қатар жарыстырылып төрткүл шұңқырлар қазылған-ды. Сол шұңқырларға әлгі бүгілген құландар салынған-ды. Үстін топырақпен мықтап көмген-ді. Көмбенің бетіне тау-тау қып отын үйіліп алаулатып от жағылған-ды.*

*Лапылдаған алаудың жалыны басылды. Орнында жайнаған шоқ қалды. Ол бірте-бірте қоламтаға айналды. Қоламта бозара-бозара күлге айналды. Күлді жігіттер аулағырақ лақтырып тастады. Соның өзінде оттың орны қол апармай өртеніп тұрды. Топырақтың бетінің қызуы басыла шұңқыр ашылды. Жер астының ыстық табы бет шарпыды. Қарулы жігіттер оған қарамастан, ақ тер, көк тер болып көмбені аршып бақты. Бір уақыттарда барып буы бұрқыраған көмбе де көрінді. Оны киіз қолғап киген жігіттер жер астынан суырып алып, анадай жердегі алаңқай көгалдың үстіне апарды. Бұтамен бүрген көмбе жарылды. Пышағы бар сүйгенін жейді, пышағы жоқ тигенін жейді. Өз буына өзі піскен семіз малдың жас еті таңдайды жұлады. Құныға түсесің (Ә.Кекілбаев).*

Қазақ халқы үшін астың орны бөлек. «Астан үлкен емессің», «Ас – адамның арқауы», «Асы бар аяқтан аттама» және т.б. деген секілді ескертпе сөздер, мақал- мәтелдер осының дәлелі. Қазақ халқы қандай уақытта болсын асты әзірлеудің, дайыдаудың жолын білген. Мәтінде қазақ халқының ұлттық тағамының бүкіл дайындалу процесі суреттелген. Көшпелі өмір тұрмысындағы қазақ халқының ең сүйікті тағамының көркем суреттелуі білім алушыны бейжай қалдырмасы анық. Көркем әдебиеттерден мұндай мысалдар жинап, оған талдау жасау магистранттың ізденушілік қабілетін дамытып, ұлттық мәдениет туралы аялық білімін тереңдете түседі. Яғни магистрант белгілі бір тақырыпты зерттеу арқылы мынадай қабілеттерінің қалыптасуына мүмкіндік туады:

- мәліметтерді өзара салыстыра алу;
- ғылыми зерттеудің сипатын аша алу;
- ғылыми зерттеудің қазіргі парадигмада өзектілігін анықтау;
- ғылыми зерттеудің негізгі объектісін табу;
- ғылыми зерттеудің жаңалығын пайымдау;
- ғылыми зерттеудің өзіндік тұжырымдарын шығару.

*Кейс-стади әдісі* оқытудың нақты жағдаяттар әдісі дегенді білдіреді. Бұл әдіс ХХ ғасырдың басында Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған.

Case-study – таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Ол нақты ситуацияларды (жағдаяттарды) практикалық тұрғыдан талдау мен оларды өмірде кезігетін түрінде қайталауға, «ойнап» шығуға негізделеді. ...Кейс-стади практикалық мәселелерді жан-жақты қарастыру арқылы пәннің теориялық мазмұнын толықтырады. Кейс-стади әдісінің көмегімен өмірде туыдайтын проблемаларға жауап іздеу арқылы студенттер ертеңгі өмірде кездесуі мүмкін жағдайлар мен мәселелердің дұрыс шешімін табуға жаттығады [214, 318].

Магистранттарға ойын тиянақтау, мәселені күрделендіру мақсатында алдын ала М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан үзінділер ұсынылып, мәтін бойынша бірнеше сұрақтар мен тапсырмалар берілді:

*Әжесі ұқты да, күрсініп, Абайдың бетіне таман төніп кеп маңдайынан*

ұзақ іскеп отырды.

– Айналдым, қарашығым, қоңыр қозым! – деп алып: – Аямайды, аямайды ол! – деп келіп, көзін жұмыңқырап, басын жоғары көтере берді.

– Иә, құдай, зар тілегім болсын. Бейуақтағы тілегім. Осы қарағыма әкесінің осы ит мінезін бере көрме!.. Тас бауырлығын бере көрме!.. Иә, жасаған! – деп құрысқан әлсіз қолдарымен ажымды, мейірімді жүзін сипап, бата берді. Ұлжан да ішінен «әмин» деп бата қылды (М.Әуезов).

Ал, осы қуаныштың екінші бір тарауы тағы бар. Ол өзіміздің елдігіміз үшін қуаныш, жақсылық үшін бірігіп, ынтымақ тілек қосып дегеніне жеткен адал, момын ел үшін қуанбасқа бола ма? Бұл анық елдік жол еді, әмісе осындай елдіктің жолы болсын! Әмин! – деді.

Айнала жұрт бұл сөзге қатты сүйсінді. Қарт ақынды қостап дауыстап «Әмин, әмин» десін бет сипап, мәз болып күлісіп, қатты қошырасып қалған көңілді дабырлар естілді (М.Әуезов).

Кейсті талдау үшін магістранттар шағын топтарға бөлінді. Кейс бойынша сұрақтар мен тапсырма берілді.

Сұрақтар: Қазақ халқы үшін батаның рөлі қандай? Ақ бата мен теріс батаның айырмашылығы неде? Бата мен тілектің айырмашылығы бар ма? Мәтіндегі асты сызылған сөздердің мағынасы қандай? Не себепті бата-тілектер суггестикалық лингвистиканың аясында қарастырылады? Бата-тілектер қандай лексика-семантикалық топтарға жіктеледі? Оның мәтін түзудегі ерекшеліктері қандай?

Тапсырма: Қазіргі таңда бата беру қаншалықты дәрежеде сақталған? Қазақтың осы дәстүрін сақтаудың қандай жолдарын ұсынар едіңіздер?

Бірінші, білім алушылар топтарға бөлініп, әр топ кейсті талқылап, жоспар құрып, оны жүзеге асырудың жолдарын ұсынды. Екінші, барлық топтар жиналып пікірталастырды. Әр топтан спикерлер шығып, топтың пікірі мен көзқарастарын дәлелдеуге тырысты. Үшінші, топтар бір-біріне сұрақ қойып, проблеманы шешудің басқа жолдарын ұсынды. Яғни кейспен жұмыс кезіндегі оқытушы мен білім алушының орындайтын іс-әрекетін былайша ұсынуға болады (Кесте 9):

Кесте 9 – Кейс-стади әдісі бойынша оқытушы мен білім алушының атқаратын іс-әрекеті

Іс-әрекет кезендері	Оқытушының әрекеті	Білім алушының әрекеті
1	2	3
Сабакқа дейін	1. Кейсті дайындайды. 2. Магістранттарға қажетті негізгі және қосымша материалдарды әзірлейді. 3. Сабактың сценарийін құрады.	1. Кейсті және қажетті әдебиеттер тізімін алады. 2. Сабакқа жеке дайындалады.

9-кестенің жалғасы

1	2	3
Сабақ уақытында	1. Кейсті алдын-ала талдауды ұйымдастырады. 2. Топты шағын топтарға бөледі. 3. Шағын топтардағы кейсті талдауға жетекшілік етеді. Білім алушыларға қосымша ақпараттар береді.	1. Кейсті тереңірек түсіну және проблеманы шешу үшін сұрақтар қояды. 2. Басқалардың пікірлерімен санаса отырып, мәселені шешудің түрлі нұсқаларын дайындайды. 3. Шешім қабылдайды немесе оны қабылдауға қатысады.
Сабақтан кейін	1. Білім алушылардың білімін бағалайды. 2. Олардың істеген жұмыстарына баға береді, қорытындылайды.	Берілген нұсқа бойынша сабақтың жазбаша есебін дайындайды.

А.Әлімов кейс-стади әдісінің төмендегідей артықшылықтарын атап көрсетеді:

1. Білім алушылар білім алу процесінде таңдау еркіндігіне ие болып, оқытушы, пәндерді, оқу тәсілдерін, тапсырмаларды және оны орындау жолдарын таңдай алады.

2. Оқытушы білім алушыға теориялық материалды толығымен «бермей» тек негізгі ұғымдарға тоқталып, студенттердің теорияны практикалық тұрғыдан қолдануын қадағалайды.

3. Білім алушыларда өзін-өзі басқару дағдылары қалыптасады, олар ақпаратпен тиімді түрде жұмыс жасауды үйреніп, оның орасан зор көлемінен өзіне қажеттісін таңдап, шешім қабылдауға, сол арқылы жауапкершілікке, өз іс-әрекеттерін жоспарлауға үйренеді.

4. Оқытушы мен студенттер арасында тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастық нығаяды, оқытушы әрбір студенттің қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескереді, студенттің жағымды қасиеттеріне көңіл аударады.

5. Студенттер абстракциялы біліммен айналыспай, нақты нәтижеге әкелетін мәселелерді қарастыру арқылы өмірде (кәсіби практикада) кездесетін ситуацияларды зерттеу және талдау дағдыларын қалыптастырады.

6. Студенттер өз шешімдерін дәлелдеуге машықтанады, шешімдердің барлық баламаларын дұрыс бағалап, басқа пікірлерді ескеріп, олармен санасуды үйренеді.

7. Студенттер проблемаларды шешуде қажетті көрнекі материалдармен камтамасыздандырылады (ғылыми әдебиет, мақалалар, бейне және аудиокассеталар, CD дискілері) [214, 320].

*Ойлан. Жұптас. Пікірлес* тәсілі бойынша магистранттарға «Концепт пен символды не үшін тілдік метафора деп атайды?», «Символ мен концептінің аражігін табындар?» деген сұрақтар кеспе қағаздарда беріледі. Магистранттарға өз ойларын жазуға 4 минут берілді. Әр магистрант өз жұптарымен талқылады. Әр жұп пікірлерін дәйектеп, топқа айтып берді.

*Терминдер кестесі* тәсілі бойынша семинар сабақта көп қолданылатын кесте. «Мәдени-тілдік бірліктерге жататын терминдер» тақырыбы бойынша «концепт, символ, тілдік тұлға, әлемнің тілдік бейнесі» терминдер жазылып, түсінік беріледі. Бұл терминдердің мағынасы мен мәтіннен табу тапсырмасы көзделеді.

Кесте 10 – «Терминдер кестесінің» үлгісі

<b>Концепт</b>	<b>Символ</b>	<b>Әлемнің тілдік бейнесі</b>	<b>Тілдік тұлға</b>
Концептіге берілген анықтамалар, қазіргі өмірмен байланысы	Символдың жасалуы, ақындардың өлеңдерінен мысал келтіру	Адам санасында бейнеленуі, ғалымдардың тұжырымдары	Тілдік тұлға туралы түсініктері, қатыстыра сөйлем құрай алуы

Магистранттар алдымен әр терминге түсініктеме берін, топ ішінде талқылады. Талқылаудан соң қазіргі қазақ шығармаларындағы мәтіндерден тауып, өз пайымдауларында жеткізді. Әр термин бойынша әр магистрант жеке-жеке тоқталып, тіл мәдениетіндегі адам бейнесіне тоқталу алдында ғылыми көзқарастарды айтты. «Адамзаттың әлемді қабылдауының және сөз түрінде көрініс табуының ерекшеліктері» деп қорытты.

*Ықтималдылық* тәсілі бойынша көркем мәтінді концептуалды талдаудың ең бірінші жүйелі, реттік тәсілі болып саналады. Бұл тәсіл сандық бірлікпен тығыз байланыстағы тәсіл. Бұл тәсіл бойынша, «берілген мәтінге концептуалды талдау жасай отырып, сандық жүйемен белгіле» деген тапсырмалар беріліп, тілдік тұлғаның шапшаңдығы, ойлау жүйесіндегі тілдік көріністің тез берілуі, білім алушының қандай ақпарат болса тез қабылдай алу қабілеті дамыды.

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған әдістер білім алушыны мәтінмен жан-жақты жұмыс істеуге дағдыландырады. Оларға көркем мәтінді талдаудың жолдарын үйретеді, мәтіндегі лингвомәдени бірліктердің өзіндік ерекшеліктерін танытуға ықпал етін, мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға көмектеседі. Құзыреттілік адамның іс-әрекетін және оның жеке тұлғалық шекараларын, мотивациясын, әлеуметтік, мақсаттық сияқты ұғымдарды камтиды. Құзыреттілікті қалыптастыру дегеннің өзі жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың аксиомасына жету,

болашақ педагог маман ретінде кейінгіге білім берудің еркіндігі және тереңдігіне бағытталған нәтижелердің жемісі болмақ [215, 6]. Рухани, мәдени біліммен қаруланған, таным процесі дамыған, логикалық ойлауы жетілген, яғни жеке тұлға болып қалыптасуына бағытталған құзырлылық.

### **3.3 Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың эксперименттік-тәжірибелік жұмыстардың нәтижесі**

ЖОО-дан кейінгі білім беру үдерісінде тілдік тұлғаның тезаурустық қорын анықтау барысында мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың өзекті мәселелерін анықтап, оны шешуде ұсынылған әдістемелік жүйені сыннан өткізу мақсатында эксперимент жұмыстары жүргізілді. Экспериментті теориялық тұрғыдан ұйымдастыру жұмысына Р. Сыздық, Н. Уәли, Ф. Оразбаева, Г. Смағұлова, Ә. Әлметова т.б. зерттеулер негіз болды. Зерттеу нысаны бойынша ұйымдастырылған эксперимент жұмыстары үш кезеңге бөлінді: анықтау, қалыптастырушы, қорытынды.

Бұл экспериментті жүргізу үшін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің және Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің 6М0511700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6М020500 – Филология мамандықтарының магистранттары қатыстырылды. Анықтау эксперименті барысында жұмыс түрлері төмендегідей жүргізілді:

- магистранттарға арнайы құрастырылған сауалнама ұсыну;
- магистранттарды оқыту экспериментіне дейінгі білім деңгейін анықтау;
- бақылау мен эксперимент топтарына бөлу;
- эксперименттік оқытуға қажетті материалдарды дайындау.

Бірінші анықтау кезеңінде М.Әуезов атындағы ОҚМУ, АИУ-дің 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 6М020500 – «Филология» мамандықтарында оқитын магистранттардан сауалнама алынды.

Анықтау кезеңінің мақсаты – магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілікті қалай түсінетінін, көркем мәтінмен жұмыс жасау әдістемесін және оқу-тәрбие үрдісінде қандай ұлттық элементтер қолданылып жүргендігін, өз ойын жеткізе алу мәдениетін, олардың теориялық дайындық деңгейін байқау. Ол үшін магистранттар арасында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, тестілеу әдістері пайдаланылды. Осы анықтау эксперименті кезінде біз магистранттардың «мәдени-тілдік құзыреттілік» ұғымын қалай түсінетіндігін, «мәтіннен мәдени-тілдік бірліктерді таба отырып, тілдік тұлға мәселесімен байланысын» білу көзделді.

Анықтау экспериментінде оқытушылар мен магистранттарға сауалнама жүргізілді.

Жаңа кезеңдегі оқыту жүйесінде жаңа бағыттардың жүзеге асырылуын анықтау мақсатында оқытушылардың мәдени-тілдік құзыреттіліктің мәнін түсіне деңгейін, оның пән мақсатымен бірлігін қалай шешетіндігін, оқыту үдерісінде мәдени-тілдік құзыреттілікке қатысты мәселелерді қай бағыттарда

пайдаланатынын зерттеу мақсатында арнайы дайындалған сауалнамалар таратылды. Пікірлескен оқытушылардың 50%-ы «Мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру дегенді қалай түсінесіз?» деген сауалға «магистранттардың ұлттық болмысты меңгеруі, сауатты сөйлеуі, сөз саптау деңгейінің жоғары болуы, ұлттық мәдени-құндылықтарды игеруі» деп жауап берді. «Білім алушының білімін қандай ұстанымға сүйеніп бағалайсыз?» деген сауалға «пәннің оқудағы мақсатына жете алса, балдық жүйемен бағалаймын, белсенді қатысса, өзіндік ойымен жауап беруіне қарай» т.б. түрлі жауаптар болды. «Мәтін талдауда қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?» деген сауалға 40%-ы «диалог, сұрақ-жауап, пікір алмасу» деген жауаптарын білдірді.

Ал магистранттарға төмендегідей сұрақтар тізбесі жасалынып, таратылды. (Қосымша 2)

1. Мәтіннің лингвомәдени сипатын анықтай аласыз ба?
2. Мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру дегенді қалай түсінесіз?
3. «Әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын қалай түсінесіз?
4. Мәтінде берілген мәдени ақпараттарды интерпретациялай аласыз ба?
5. «Концепт» ұғымын түсінесіз бе?

6. Әр түрлі мәдени феномендерден құралған сөздерден мәтін құрастыра аласыз ба?

7. Мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда арнайы тәсілдер қолдануды қажет деп санайсыз ба?

Сауалнама бойынша жүргізілген жүйелі зерттеу жұмыстары көркем мәтін арқылы магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру жұмыстары жүргізілмейтіндігі, мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру барасында қандай тілдік білімдері болу керектігін білмеуі және мәтінмен жұмыс мәтіннің теориялық мәселелері шеңберінде қалып қоятындығы, «Әлемнің тілдік бейнесі» мен «концепт» ұғымын түсіне алмауы байқалды. Сауалнама нәтижелері магистранттардың құзыреттілік ұғымын түсіну деңгейінің төмендігін, мәдени-тілдік құзыреттілік ұғымына және бұл мәселеге аса мән бермейтіндігін, болашақ кәсіби қызметінде тікелей маңызы бар екеніне, мәдени құзыреттілік қажет деп есептегенімен, оны жүзеге асыру әдіс-тәсілін, көркем мәтінге концептуалды талдау жасауды жетік білмейтіндігін көрсетті. Берілген сауалнамалық тест мынадай нәтижелерді көрсетті (Кесте 11):

Кесте 11 – Анықтау экспериментінің пайыздық көрсеткіші

Сұрақ	Анықтай алатындар (пайыздық көрсеткіш)	Анықтай алмайтындар (пайыздық көрсеткіш)
Қарым-қатынас барысында тілдік құрал семантиканың ұлттық-мәдени компоненті болатынын түсінуі	25%	75%
Мәтіннің лингвомәдени сипатын анықтай алуы	30%	70%

## 11-кестенің жалғасы

Мәдени-тілдік құзыреттілікті түсіне алуы	40%	60%
«Әлемнің тілдік бейнесін», «концепт» ұғымын ажырата алуы	31%	74%
Әр түрлі мәдени феномендерден құралған сөздерден мәтін құрастыра алуы	30%	70%
Концепт пен символдың аражігін ажырата алуы	36%	64%

Бұл кестеден көркем мәтінге талдауды толық жүргізе алмайтындарына және мәдени-тілдік бірліктерді ажырата алмайтындарына көз жеткіздік.

Алайда магистранттардың өзі-өзі бағалауы бойынша берілген сұрақтарға көпшілігі, яғни 48%-ы мәдени-тілдік құзыреттілікті дамытудағы басты рөл өздеріне десе, 26%-ы оқытушыларға, 12% ата-аналары мен жақындарына, 14% достарына, бірге оқитын жолдастарына байланысты деп ойлайды. Мәдениеттің тілдегі көрінісін анықтауда магистранттар ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр, ырым-тыйымдар, шешендік, бата сөздермен байланыстырғаны-мен, көркем мәтін ұғымына бойламайды. Сонымен қатар көркем мәтіндерді меңгеру барысындағы талдау түрлеріне тілдік, композициялық, әдеби-теориялық, жанрлық, стильдік талдау түрлерін атап өткен.

Анықтау кезеңінде жүргізілген жұмыстар отандық және шетелдік білім беру жүйесіндегі озық идеяларды басшылыққа ала отырып, филолог-мамандарға мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыра оқытудың мынадай жүзеге асыру керек деген мәселелердің қажеттігін көрсеттік:

- ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды бойына сіңіре отырып, «Мәңгілік Ел идеясын» жүзеге асырушы тұлға дайындаудың түпкі мақсаты мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру деп белгілеу;
- білім берудің мотивациялық сипатын арттыру;
- көркем мәтінге концептуалды талдау жасау арқылы лингвомәдени сипатын оқытудың әдістемелік жүйесін (оқыту мақсаты мен міндетін, білім мазмұнын, оқыту әдістерін) жаңа бағытқа лайықтап оқытудың жаңа бағыттарымен байланыстыру.

Біз жүргізген анықтау эксперимент нәтижелері аталған мәселені шешудің тиімді жолдары мен құралдарын анықтау, оларды қорыту және оқу- тәрбие процесінде магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруды педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етудің үлгісін жасау, оны тәжірибеге ендіру, оның тиімділігіне көз жеткізу қажеттігін көрсетті. Магистранттардың мәдени-тілдік құзыретін қалыптастырудағы басты ұстанымдарды талқылай

отырып, эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарында түрлі әдіс-тәсілдерді сараптадық. Білім беру мазмұнын оқытудың ұстанымдарына алдыңғы тарауда кеңінен тоқталдық.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында магистранттардың бойында мәдени-тілдік құзыреттілікті көркем мәтін негізінде қалыптастырудың жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталды:

*Жоғары деңгей:* рухани ұлттық құндылықтарға негізделген мәдени-тілдік құзыреттілік сапаларын мәтінмен жұмыс барысында анықтай алады, оларға деген қызығушылығы мен сыйлы қатынасы жоғары, ұлттық құндылықтардың дұрыс ықпалының бар екенін жақсы түсінеді, ұлттық дәстүрлер жайлы білімі терең, оларды мәдени-тілдік құзыреттілік тұрғысында пайдалана біледі және өзінің өмірін мәдени құндылықтарға бағыттай отырып, мәтінмен жұмыс барысында дүниелік білімін көрсете алады.

*Орта деңгей:* ұлттық құндылықтарды, ұлттық әдебиетті оқиды, оған қызығушылығы мен сыйлы қатынасы болғанмен, бірақ оның мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы рөліне мән бермейді, өз тарапынан оны түсінуге, талдауға ниеттенбейді. Мәтінмен жұмыс барысында лингвистикалық, композициялық талдаумен шектеледі.

*Төменгі деңгей:* мәтінмен жұмыстың мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы маңызын түсінбейді. Ұлттық құндылықтарға, шығармаларға қызығушылығы мен сыйлы қатынасы болғанымен, оның мәдени-тілдік құзыреттіліктің қалыптастыруындағы ықпалын жете түсінбейді.

Зерттеу барысында бірыңғайлықпен айқындалатын мәдени-тілдік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлері оқу-тәрбие процесінде магистранттардың адамгершілік сезімі, ұлттық санасы, еркі, рухани мәдениеттілігі мен мінез-құлқына, өмірлік бағдарының дұрыс қалыптасуына жүйелі, ықпалды әрекет жасауға мүмкіндік туғызады. Бірқатар ғылыми ізденіс нәтижелерін талдап, зерттеуді қорытындылай келе біз ұлттық құндылықтар негізінде магистранттардың мәдени құзыреттілігін қалыптастырудың мынадай жолдарын анықтадық:

- ұлттық көрініс сипатталатын көркем мәтін негізінде магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруды жоғары оқу орнынан кейінгі оқу-тәрбие үдерісіне енгізу мүмкіндігін бағалау;

- Филолог-мамандардың мәдени құзыреттілігін көркем мәтін негізінде қалыптастыру бойынша әдістемелер ұсыну және оларды жүзеге асыру құралдар жүйесін тиімді пайдалану.

Магистранттардың қазіргі білім берудің озық үлгілеріне сәйкес кәсіби мамандығына дайындығын көтерудің, ұлттық құндылықтар негізінде толық адам деңгейіне көтерудің негізгі бағыттарының бірі – олардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. Магистранттар болашақ зерттеуші ретінде, жас ұрпақты тәрбиелеуге үлес қосатын маман ретінде олардың ізденушілік қабілетін арттырудың, кез келген көркем мәтінге концептуалды талдау жасай алатын дағдысын жетілдіруде өзіміз ұсынып отырған таңдау пәнінің мазмұнына сәйкес қалыптастыру кезеңін жүргіздік.

Қалыптастыру кезеңінің мақсаты – филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру бағытындағы ұсынылып отырған әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік бақылау арқылы анықтауды айқындайды.

Қалыптастыру эксперименті кезінде магистранттардың көркем мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруды сынақтан өткізу және оның тиімділігін дәлелдеу мәселесі жүзеге асырылды. Ол үшін төмендегідей педагогикалық жұмыстар жүйесі жасалынды:

- құзыреттілік және оны қалыптастырушы факторлар айқындалды;
- мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың қоғам, ұлт үшін маңыздылығына талдау жасалынды;
- арнайы курс бағдарламасы дайындалып, сынақтан өткізілді;
- педагогикалық практика бағдарламасына мәтінмен жұмыстың кейбір элементтері қамтылды;
- лингвопоэтикалық, концептологиялық, филологиялық мәтін талдау түрлеріне арнайы тапсырма жұмыстары берілді.

Қалыптастыру экспериментінің алғашқы кезеңінде оқытуда басшылыққа алынатын ұстанымдар, мәтін талдау түрлері, әдіс-тәсілдері, қажетті тапсырмалар, шығармалар іріктелінін алынды. Осы кезеңдегі оқыту эксперименті арнайы бағытталған жұмыс бағдарламасына сай жүргізілді.

#### 1. Жұмыс бағдарламасына:

- магистранттардың көркем мәтіннен «әлемнің тілдік бейнесін», «концептілер жүйесін», яғни мәдени-тілдік құзыреттілік құрамына енетін компоненттердің теориялық мәліметтері енгізілді.

- әр теориялық дәріс бойынша семинар сабақтарында берілетін тапсырмаларға көбірек мән берілді.

- семинар сабақтарында берілетін тапсырмаларды орындау кезіндегі әдіс-тәсілдерге көп көңіл бөлінді.

- МООЖ, МӨЖ тапсырмалары түсінуге, интерпретациялауға, бағалауға арналаган бағыт бойынша концептуалды талдау жасау ескерілді.

#### 2. Оқыту әдістемесінің талдамасы:

- мәдени-тілдік құзыреттілікті айқындайтын теориялық материалды жеткізудің әдіс-тәсілін анықтау;

- мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыратын тапсырмалар жасалып, оқыту үдерісіне енгізуге мән берілді.

3. Ұсынылған әдістеменің тиімділігін эксперимент арқылы нәтижеге қол жеткізу.

Берілген оқу материалдарын игеру үдерісінде магистрант әртүрлі ойлау операцияларын орындайды, проблемалық жағдаятта таным арқылы шығудың жолдарын қарастырады. Қалыптастыру кезеңінде берілетін қосымша оқу пәнінің мазмұны жоғарыда толық көрсетілген.

Қосымша оқу пәнінің мазмұны бойынша магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру бағытында көркем мәтіннің мынадай түрлері қарастырылды:

#### 1. Халық ауыз әдебиетінің үлгілері;

2. Поэзиялық мәтіндер;

3. Прозалық мәтіндер.

Көркем мәтінді концептуалды талдауда ғалым Г. Смағұлованың еңбегіне жүгіндік. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен әр отбасының тоқшылығы мен берекесінің белгісі болып «қазан» тілдік бірлігі қолданылған ауыз әдебиетінің үлгілері тандалып алынып, бірнеше тапсырмалар берілді. Қазан – әр отбасының күнде тамақ дайындайтын ыдысы. Қазанға пісірілген ас дәмді, әрі берекелі болған. Халқымыздың айбалта жырлы жауынгер ұлы Махамбет те елдің қамын ойлағанын, ел тоқтығы мен берекесі үшін күреске шыққанын «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік», – деп көрсетеді. Сондықтан қазақ халқында қазан – ұрпақ жалғасуы мен отбасының берекесінің символы. Н. Уәлиұлы: «Қазан мен қара мылтықтың «қасиетті жетінің» қатарында алынуы тегін емес», – деп айтуы оның символдық мәні бар екендігінің айғағы [15].

Осы бағытта халық ауыз әдебиетінен құрастырылған тапсырмалар беру арқылы «қазанның» халық ұғымында берекенің белгісі екендігін дәлелдеп шығуға болады.

**1-тапсырма.** «Қазанның құлағын қазу», «қара қазанда қайнап өсу», «қазан бұзбау», «қара қазан», «қазан төңкертпеу» сөз оралымдарының беретін мағынасын анықтаңыздар.

*Мақсаты:* Тіліміздегі фразеологіялық оралымдардың, семантика арқылы «қазан» мәдени-тілдік бірліктің мәнін айқындау.

*Тапсырма нәтижесінде* фразеологизмдердің стильдік әлеуетіне, халық ұғымындағы атауларға талдау жасайды.

**2-тапсырма.** Жырдағы «қазан» сөзінің контекстік, символдық мәнін анықтаңыздар.

*Сөз тыңда, құлақ салып, балам, маған,*

*Астында дарияның алтын қазан.*

*Әкелсең сол қазанды ерлік қылып,*

*Беремін Күнсұлуды қосып саған...*

(«Құламерген» жыры).

*Мақсаты:* «Құламерген» жырының идеялық-тақырыптық мазмұнын анықтау.

*Міндеті:* Жырдың сюжетіне сүйене отырып, «шаңырақ», «қазан» сындырып, кек алу сынды салт-дәстүрлерді молынан жинақтап, талдау жасау.

*Нәтижесінде* «шаңырақ», «қазан» сөзіне қатысты тұлға санасында танымдық дағдысы қалыптасты.

**3-тапсырма.** Қаз дауысты Қазыбек бидің баласы Бекболаттың Абылай ханға айтқан сөзінен символдық мәнге ие тілдік бірлікті табыңыз.

*... Сонда үйде отырып Абылайдың ханымы айтады:*

*- Хан, дәнеме білдіңіз бе?*

*- Не білейін, – депті.*

*- Білмесеңіз, Қаз дауысты Қазыбектің аруағын шақырып, баласы Бекболат: «Осыдан, Абылайдың басын алмасам, қатынын ат көтіне салмасам, қара қазанын қақ жармасам, әкем Қазыбектің аруағы өзімді*

ұрсын», – деп қарғанып, атқа мінді. Ашулының алдында тұрма деген, көшіңіз, ақыры қазанды асулы бойында жұртқа қалдырыңыз. Өздері келер де, даяр асулы қазанға тамақ қылып ішер. Ішінен дәм таттық қой, не жазығы бар мұның деп жаруға көзі қимас, батылы бармас. Сонан соң, қара қазанын алдық қой деп, ашуы басылар да көңілі тынар...»

(«Абылай аспас Арқаның сары белі» аңызы).

*Мақсаты:* Халық ұғымындағы «қазан» мәдени-тілдік бірліктің аңыз мазмұнында қалай көрініс тапқанын анықтау.

*Міндеті:* Мәтіннің баяндалу формасына талдау жасау.

*Нәтижесінде* мәдени-тілдік бірлік туралы білімі дамыды.

Бұған қосымша халық ауыз әдебиетінен төмендегідей тапсырмалар берілді:

**4-тапсырма.** Тілек-бата сөздерінің мәтіндік табиғатын анықтаңыз.

1. *Шадияр болсын достасың,*

*Мұхаммед болсын қостасың,*

*Қызыр болсын жолдасың,*

*Лұқпан болсын құрдасың.*

2. *Кербаланың кемесі*

*Шөл даланың көнесі,*

*Түліктің бір төресі,*

*Ойсыл қара баласы*

*Түйе бассын үйіңді.*

3. *Ай көрдім, аман көрдім,*

*Ақыретте иман көрдім.*

*Баяғыдай заман көрдім.*

*Ескі айда есірке,*

*Жаңа айда жарылқа.*

4. *Жас баланың күлкісін бер,*

*Жас ананың ұйқысын бер,*

*Жомарттың қолын бер,*

*Сапарлының жолын бер,*

*Бүркіттің жүрегін бер,*

*Нағыз достың тілегін бер.*

*Мақсаты:* Әрбір тілек-бата сөздерінің өзіндік ерекшелігін айқындау.

*Міндеті:* Бата-тілектердегі айтылған ойды таным тұрғысынан сипаттау.

Прозалық шығармалармен жұмыс барысында композициялық, кешенді талдау жұмыстары жүргізілді. Баяндалу формасына қарай әңгімелеу, сипаттау, ойталқы мәтіндері бойынша тапсырмалар берілді.

**1-тапсырма.** Мәтіндегі ұлттық мәдени-тілдік бірліктерді семантикалық топтарға жіктеңіз. Тілдік емес дүниенің берілуін сипаттаңыз.

*Ұлжан Абайдікіне көп қазына әкелді. Келген жылқы, түйеден басқа, жыртыстың бұл матасының өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді. Оның ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, дүрия, шағи бөлек салынған. Бірер сандық осы қымбаттарға толы болса, өзге теңдері құда-құдағилар*

сыбағасы. Шапан, кемзал, көйлек, шаршы. Және толып жатқан ырымдар бойынша төленетін сый-сипат [216].

*Қалыңмал басы Алышынбайдың өзіне арналған кесек күміс бесік жамбы. Бұл ілу деп аталып еді.*

*Екі жамбы да мәлім ілу киітке орай.*

*Осыдан он жыл бұрын Алышынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділданы Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіт деп, Алышынбай аулы күміс тартқан. Ол күмістің аты – тайтұяқ. Тегінде есептесіп келсе, әдет бойынша ілу мен киіт құн жағынан қарайлас болатын...*

*Сол үйлердің қонақасысы: қысырдың семіз тайынан, құнан қой, ту қойлардан, үйіткен марқадан басталады. Алышынбай Ұлжан отырған үйдің есігін аштырып, тысқа семіз асау құла тайды көлденең ұстап тұрып, қонақтардан бата тілетті... [216, 158-159].*

*Мақсаты:* Көркем мәтінді мәдениеттің феномені ретінде қарастыру.

*Міндеті:* Ұлт мәдениетіне қатысты прецеденттік мәтіндерді талдау арқылы мәтіннің ұлттық мәдениеттегі рөлін анықтады. Тілдік емес дүниенің берілуін сипаттады.

Нәтижесінде тілдік дүние туралы білімін байытты.

**2-тапсырма.** Мәтінде қандай салт-дәстүр көрініс тапқанын анықтаңыз. Мәтін байласымындағы тілдік кодтарды ашыңыз.

*Хандардың аңға шығуы ежелден-ақ үлкен мереке. Жұрттың жақсы ат, қыран құс, салтанатты қару-жарақ, ер-тұрмандарын көрсететіні осы жер. Ердің ерлігі, ептілігі, мергендігі де байқалатын осы жер... Той-думан жарыста жамбыны бір атқаннан жарқ етіп жерге түсіретін мергендердің, аяқ астынан зу етіп, қашқан қыр қоянынан сасып қалып, қолындағы садақ жебесін құла жонға жіберіп, күлкі болатыны да осы ара [217].*

*Жәнібек енді аңға шығуды қамти бастады. Ол Дешті Қытшақтағы атақты құсбегінің бірі болатын. Ақ Ордасының жанында бүркіт, қаршыға, лашын, түйгын, ителгілерге арнап тігілген қараша үйлері іргелес тұратын. Өзге құсбегідей емес, бүркітті ол балапан күнінде емес, әбден қанды балақ боп ержеткен кезінде торға түсіретін [217, 19].*

*(І.Есенберлин. Көшпенділер. Алмас қылыш.)*

*Мақсаты:* Құсбегілік өнерін, бүркіт баптау салтын сипаттау.

*Міндеті:* Есімдіктің мәтінтүзімдік қызметіне тілдік талдау жасау білімін дамытты.

**3-тапсырма.** Мәтіндегі мәдени-тілдік бірліктерді тауып, стильдік қызметіне тоқталыңыз.

*Жазғытұрғы майдың айы бітер-бітпесте, шала-шарпы егін салып, жаулауға барып қондық. Жаңбыр көп. Шөптің шығысы да жақсы еді. ...Бір күні қызойнаққа барып, таң ата келін жатсам, ұйықтап қалған екенмін, әжем оятады:*

*– Жаппас келін қонып жатыр. Базарбаймен көрісіп, қарағымды сүйіп келдім, – дейді.*

*Жалма-жан тұра сала далаға шықсам, сәске түс болып, күн ыси бастаған екен. Мен келсем менен әлдеқашан бұрын жұрт жиналып қалған екен. Тоқты сойылып, қазан асылып, қайнап та жатыр. Есімбектің үлкен үйі лық толған адам, қымыз ішіп әйдәй қызды-қызды болып жатыр екен. Мен тегіс араладым. Бір отауда Шұға кездесті. Үстінде шетін кестелеген ақ көйлек, омырауын неше түрлі ілгіштермен безеп тастаған қызыл пүліш камзол, басында үкі таққан түлкі бөрік, өзі сұлу адамды мүлде одан жаман жандандырып, құбылдырып тұрды [218, 31-32].*

*(Б.Майлин. Шұғаның белгісі.)*

**Мақсаты:** Мәтіннің баяндалу формасына, көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктерге тоқталу.

**Міндеті:** Суреттеу мәтіндегі мәдени-тілдік бірліктерді табу.

**Нәтижесінде** мәтін түрлері туралы білімін толықтырып, стильдік қызметін табуға дағдыланды.

**4-тапсырма.** I. Есенберлиннің «Алтын Орда» трилогиясының бірінші кітабының бірінші тарауындағы «бүркіт» сөзінің қолданысына назар аударыңыз. Бүркітке қатысты қандай мәдени-тілдік бірліктер бар? Мәтінде қолданылған мәдени-тілдік бірлікті **символмен** байланыстырыңыз.

*Шөкімдей бұлты жоқ, айнадай ашық көк аспанда бағанадан бері дәл төбесінде айнала ұшқан қыран жерде тұрған Бату ханға осы тұстан түлкі, әлде қоян, не бір бөтен аңды көзі шалып қалып, соны аңдып жүргендей көрінді. Әйтпесе дала бүркіті бостан-босқа бір жерді шарықтай бермесе керек-ті. Бату хан өзі тұрған төбеде төмен қарады. Ешбір аң не құс көзге түспеді...*

*Көз ұшында қыран әлі қалықтап жүр. Нені көрді екен? Неге түспек? Бату хан ақырын күрсінеді.*

*... Аспанда жалғыз қыран әлі қалықтап жүр. Бес жасар кенжесі Барақ шегіртке қуып, әлі томпаң-томпаң жүгіруде.*

*Алып қыран әлі көк бетінде қалықтап жүр [217].*

*(I.Есенберлин. Алтын Орда).*

**Мақсаты:** «Бүркіт» сөзінің лингвомәдени аясын айқындау.

**Нәтижесінде:** Мәтіндегі мәдени-бірлікті символмен байланыстыра алу қабілеті дамыды.

**5-тапсырма.** Берілген мәтіннен тілдік емес дүниенің тілдік бірлікте берілу сипаты мен фразеологиялық тіркеске айналғандағы мәнін ашыңыз.

*Манағы аран ішінен сүйреп шығарылған қисапсыз құланның көпшілігі түйе-түйе қылып ауылға арттырылып жіберілді. Қалғандарын қасатшы жігіттер бесін ауа осы мортығы, ебелегі көп қар жонға келген соң терілерін сыпырып, ішек-қарындарын аударып тастап, жіліктеп бұзып, әлекке түсіп жатпай-ақ шіліктің сабау бұтақтарымен қайтадан бүрген-ді. Қаз-қатар жарыстырылып төрткүл шұңқырлар қазылған-ды. Сол шұңқырларға әлгі бүгілген құландар салынған-ды. Үстін топырақпен мықтап көмген-ді. Көмбенің бетіне тау-тау қып отын үйіліп алаулатып от жағылған-ды.*

*Лапылдаған алаудың жалыны басылды. Орнында жайнаған шоқ қалды. Ол бірте-бірте қоламтаға айналды. Қоламта бозара-бозара күлге айналды. Күлді жігіттер аулағырақ лақтырып тастады. Соның өзінде оттың орны қол апартпай өртеніп тұрды. Топырақтың бетінің қызуы басыла шұңқыр ашылды. Жер астының ыстық табы бет шарпыды. Қарулы жігіттер оған қарамастан ақ тер, көк тер болып көмбені аршып бақты. Бір уақыттарда барып буы бұрқыраған көмбе де көрінді. Оны киіз қолғап киген жігіттер жер астынан суырып алып, анадай жердегі алаңқай көгалдың үстіне апарды. Бұтамен бүрген көмбе жарылды. Пышағы бар сүйгенін жейді, пышағы жоқ тигенін жейді. Өз буына өзі піскен семіз малдың жас еті таңдайды жұлады. Құныға түсесің.*

*(Ә.Кекілбаев).*

Көркем мәтін – әдеби тілдің көрсеткіші. Жоғарыда біз зерттеу объектісі ретінде үш көркем мәтіннің түрін анықтадық. Алғашқы екі түріне тапсырмалардың үлгісі берілді. Соңғысы – поэзиялық туындылар. Мәдени-тілдік бірліктердің поэзияда тындаушыға эмоционалды, бейнелі, эстетикалық әсер ету функциясы ерекше байқалады. Поэзияда ең белсенді, ең жиі қолданылатын көркемдеуіш құралдар синонимдер, семантикалық дифференцияға ұшыраған омоним сөздер, контрарлы және комплементарлы антонимдер, антитеза, анафора, аллитерация, т.б.жатады.

**1-тапсырма.** «Мәдениет пен тіл – ұлттың келбеті» екендігін толғау мазмұнын талдау арқылы дәлелдеңіз.

*Құладың құстың құлы еді,  
Тышқан жеп жүнін түледі.  
Аққу – құстың төресі,  
Ен жайлап көлді жүр еді.  
Желмая мініп жер салсам,  
Тапқан жерге ел көшір.  
Қилы, қилы заман болмай ма?  
Суда жүрген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма?  
Мұны неге білмейсің?*

(Асан қайғы. Ай, хан ием, мен айтпасам, білмейсің) [219]

**Мақсаты:** Қазақ халқының XV ғасырдағы жағдайын Асан қайғының тілдік тұлғасы арқылы анықтау.

**Міндеті:** Мәтінге кешенді талдау жасау.

**Нәтижесінде** мәтін түзетін бірліктерді байланыстыратын амал-тәсілдерді анықтады. Түсіндірме сөздіктің көмегімен тілдік бірліктерге талдау жасау дағдысын дамытты.

**2-тапсырма.** Төмендегі «Түркістан» сөзінің этимологиясына тоқтала отырып, мәтінге кешенді талдау жасаңыз [220].

*Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің Тәңірі берген несібесі зой.*

*Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Қазығұрт қасиеті тау болмаса,  
Топанда Нұх кемесі тоқтар қалай?  
Тұранның жері де жат, елі де жат,  
Құйындай бастан кешкен күн де жат!  
Тұранды түгелімен билеп тұрған  
Ертеде ертегі хан Афрасияб.  
Ежелден жер емес ол қарапайым,  
Білесің, тарихты ашсаң Тұран жайын.  
Тұранға қасиетті құмар болған  
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.  
Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?  
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?  
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,  
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!  
Тұмайды адамзатта Шыңғыстай ер,  
Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер.  
Шыңғыстай арыстанның құр аты да  
Адамның жүрегіне жігер берер.  
Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле  
Атаға тартып туған бәрі бөрі.  
(М.Жұмабаев. Түркістан) [220].*

*Мақсаты:* Түркістанның түркі халықтары үшін маңызын мәтін бойынша дәлелдеу.

*Міндеті:* Өлеңдегі мәдени-тілдік бірліктердің қызметін анықтау.

*Күтілетін нәтиже:* Түркістан шежіре, ескінің көзі, жәдігер, сонау ғасырлар қойнауынан жеткен тірі тарих екендігін автор қолданысы арқылы дәлелдейді. Түркі халықтарының ұғымындағы «бөріні» сипаттайды. Түркі халықтары үшін Түркістанның орны бөлек. Бүкіл түркілердің рухани орталығы! Онда тақуалардың тақуасы, түркі халықтары арасында кең қанат жайған сопылықтың негізін салушы Қожа Ахмет Йасауидің, сонымен қатар казак хандары, сұлтандары, қол бастаған батырларының, қысқасы, жақсылары мен жайсандарының да сүйегі жатыр. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген қағиданы берік ұстанған халықпыз. Мағжан осыны дәл тауып, бейнелеп айтқандай:

*«Түркістан – екі дүние есігі зой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі зой!»*

Осындай мағлұматтарды бере отырып,, өзіндік ой-пікірін қалыптастырды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында магистранттар өз жетістіктерін, қателіктерін, сәтсіздіктерін өзі сараптауға, халық ұғымындағы этно-мәдени атауларды анықтауға, түсіндіруге, мәдени-тілдік құзыреттілігін арттыруға үлес қосатын тапсырмалар орындады.

**1-тапсырма.** Мәтіннің тұтасымы мен байласымын көрсетіңіз. Мәтіннің әр құрылымдық-прагматикалық бірлігіндегі (абзац) мәдени атауларға сипаттама беріңіз.

*Жалғыз әйнек жаман үй, төсеніші – жалаң ши. Жаман шидің төр жағы- ала сырмақ, текемет, текеметте Күнікей, жалғыз әйнек түбінде. Алты көзден үшеу жоқ, лақтар ойнап сындырған. Қалғаны аман қалсын деп, әйнекті жүдә жүлдырған. Күн жылыды не керек? Бала- шаға, қозы- лақ жол қып алды әйнекті. Лақ ойнақтап көрпеге, жығып кетеді шәйнекті...* [221, 235].

*Әйтеуір көктің көлемі зой, бір жағынан, Құлтума мен Жұматайдың еңбегін емін, бір жағынан, қызымен екеуі байлардың жібін иіріп, алашасын, бауын тоқып, сырмағын сырып, кестесін тігіп, ұрттап-жалап жаз бойы тамақтан кенде болған жоқ...* [221, 260].

*Күнікейге камзол, көйлек, өзіне кебіс, шапан, Жұматайға күні керек. Құлтуманы қойшы, о түгілі Күнікейге жаңа көрпе, жастыққа тыс, кестелі орамал, ақ шымылдық, сары қол сандық, қызыл сал керек. Тұяқ: «Есік көрсет, малыңды алып, қалыңдығымды бер», – деп қыңқылдағалы қашан. Қысқы азығы, соғымы тағы келеді. Үш қанат желкөз баспананың туырлығы – жүлдыз: бүктеумен, жазумен, артумен, тігумен, сұрғылданып, өзі үлдіреп тозығы жеткен құрымға қой сүйкеніп, лақ секіріп, сиыр мүйіздей, сау тамтығын тастамады. Бір жағынан бозбаласы түскір іргенің сиқың кетіріп бітті: шиде қирамаған аяқ, үзілмеген бау қалған жоқ» [221, 267].*

*(Ж.Аймауытов. Күнікейдің жазығы)*

**2-тапсырма.** «Қыз Жібек» жырын толық оқып шығып, мәдени-тілдік бірліктерді лексика-семантикалық топтарға жіктеніз.

*Заттық мәдениет лексикасы:* оймақ, шар болат, мырза, бәйбіше, уық бау, домбыра, жібек, шатыр, қосақ, көш, орамал, бөз, күйме, ақ балдақ қылыш, бөрі, қалыңмал, қымыз, берен, бек, шашақты қара ту, ақ сауыт, қорамсақ, қозыжаурын оқ, саржаның кірісі, ақ сырық мылтық, жорға, ақ найза, тал оқ, ақ сүңгі, дулыға, шідер, масақты оқ, қоян, үзбелі сапты жете, алқа, алтын түйме, бедеу, сәукеле, белбеу, бет моншақ, қоңыраулы найза, шарайна, қорамсақ, қозы жауырын оқ.

*Рухани мәдениет лексикасы:* жеті енеңді ұрайын, барымта, салауат, сүйінші, әулие, бата, киесі, киітке киіп жөнелді, хат, елші, хожа, алла, бояқ, қарабасым, саумал, күзек, той бастау, айтыс, неке қияр хат, тұл т.б.

*Халық метрологиясы:* сәске, бие саумал, бір шоқ қара, таң сарғайып атқанда, көш-жөнекей, асқар төбе, таң атқанша, қос уыс, сәрсенбі күні сәскеде, уысы толып, бір сайлау жер, бір шыбын жан, тастай маң қараңғы, азан, сексен аршын, жеті қабат жерасты, мойны қырық кез қара атан, алты құлаш, қоңыр дам жерлер толады, нан піседі деміне және т.б.

*Нәтижесінде лексикалық қоры байытылды.*

**3-тапсырма.** Мәтіннің баяндау формаларының түрлеріне қарай мәдени-тілдік бірліктерді қолдана отырып, микромәтін құрастырыңыз. Мысалы:

- Әңгімелеу;
- Сипаттау;
- Ойталқы.

**4-тапсырма.** Көркем мәтіннің негізгі идеясы тірек сөз арқылы анықтап, халық ұғымымен байланысты талдау жасаңыз.

*Күн сәулесіне шомылған көштің беті күнгей тұс. Көш басында тең үстіне қызыл ала масаты кілем жабылған күлсары атан жетектеген, солғын реңді кәрі шал. Астында тобылғы күрең ат, үстінде қоңыр түйе жүн шекпен, басында төрт салалы пұшпақ бөрік. Оның соңынан тізбектелген аттылы, түйелі қалың керуен. Кейбір қомды түйелерде азараңдаған әйел кимешектері көрінеді. Шаңырақ доңғалақты екі аяқ шиқылдақ арбаларда кемпір-шал, балашаға... Қыз-келіншек, бозбала ат үстінде. Бірақ бұлар әдеттегідей ән шырқап, әзілдесе сөз қағысып, бірін-бірі қуып жарыспайды. Үн-түнсіз тұнжырап қалған. Көштің оң жағында қалың жылқы. Қырқаны бүйірлей тасыр-тұсыр жіті басып келе жатыр. Көш соңында қара мал, одан әрі жүре жайылған қотан-қотан қой-ешкі.*

*Көш жүрісі шұғыл. Пысқырған жылқы, анда-санда боздаған түйе. Үстіне қауырт келіп қалған мал тұяғынан сасып, қияқ пен ши түбінен пырылдай ұшқан бөдене мен жапалақ [217].*

(І.Есенберлин. Көшпенділер. Қаһар)

Нәтижесінде магистранттар І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан алынған бұл үзіндіге талдау жасау арқылы көштің бейнесі берілгендігін анықтайды. Мәтіндік үзіндіде ең жиі қолданылған да «көш» сөзі екендігін дәлелдеді. Көш сөзі мәтін бойынша *көштің беті, көштің басында, көштің оң жағында, көштің сол жағында, көш жүрісі* сияқты синтагмалар құрайды. Көшпенділер өркениетіндегі, соның ішіндегі қазақ халқы үшін «көш» атауының маңызын түсіндіруге дағдыланды.

**5-тапсырма.** Екі үзіндінің өзара байланысын анықтап, барымташылық, камшы ұстау өнері туралы баяндаңыз. Мәтінге концептуалды талдау жасаңыз. Мәтіннен тілдік құралдарды табыңыз. Мәтіннің ұлттық танымын сипаттаңыз.

1) *Керегеде салбырап ілулі тұрған бұзау тіс он екі өрім қамшының ұшынан сүт ағып тұр..? Сүт тамшысы тұп-тура төрде жатқан жігіттің көз ұясына құйылады. Жып-жылымышы әрі саумалдай дәмді мәйектің қайдан гана шыпылдап шығып тұрғаны беймәлім. Әйтеуір, жезбен орамдап, тас қып түйіп тастаған ұшынан мөлт етіп ағады да, жігіттің көзіне сырт етіп үзіліп түседі. Бір қызығы, бағанағыдан бері сорғалап тұрғанымен, көзін дымдап ашытқан емес. Құмға сіңген судай жоқ болады... Не де болса дәмін татып көрейін деп аузын ашып еді, қып-қышқыл қан дәмі таңдайына тақ ете қалды. Адамның қаны ма, малдың қаны ма, айыра алған жоқ. Өне бойы мұздап салды.*

2)...Садақбайдың қарысып қалған күрзідей жұдырығын Қаратайдың мұқым жігіті болып аша алмаған. Қамшысын білемдеп ұстаған күйі көкпеңбек болып қатып жатыр. Жұмылған жұдырықтың түбіне тақалған тұсынан кесіп, қамшының былайғы жағын алайық деп еді, Қамқа рұқсатын берген жоқ.

*-Артында қалған баласы бар ма, қамшы ұстау қатынның ісі емес. Жан досы зой, бірге әкетсін өзімен,— деді.*

*Шаригаттың заңы бұзылып, Садақбайдың қамшысы ақиретке өзімен бірге оралды.*

*(О.Бөкей. Қамшыгер)*

*Нәтижесінде магистранттардың мәтінмен жұмыс барысында өзіндік ойы мен пікірі қалыптасып, ұлттық болмысты сипаттайтын мәдени-тілдік бірлік аясында жұмыс жасау дағдысы қалыптасты.*

**6-тапсырма.** Мәтіннен символды табыңдар. Символ немен ассоциацияланады? Оның берілу жолдарын түсіндіріңдер.

*Қақ төрде бір аспанмен таласқан көк сырық, енді байқады – мұнара. Оны бұрын бұл шаһардан көрмеген сияқты еді. Көк масаты көйлек киген әлдебір арудың алыстан арып-ашып келе жатқан жарына сағына қол бұлғап, көкке көтерген білегіндей жұп-жұмыр, сымбатты мұнара жақындаған сайын жалт-жұлт ойнап жарқырай түседі. Әнекей, көк мұнара күлімдеп шыға келді. Көзің түскенде-ақ, бірден көңілің жадырап қоя береді. Әншейінде әрі кетіп өңсізденіп тұратын шілде аспанына да көк тіл қайта оралғандай, әсіресе мұнара төбесіндегі аспан ала бөтен мөлдірей көрінеді. Мұнара бұлар жақындаған сайын биіктей берді. Күлім қағып тұрған өңі бірте-бірте сұрлана түсті. Дәл іргесіне келгенде зеңгір көкті төбесімен тіреп, шалқайып жатып алды. Көк мұнара көзіңді жіберер емес. (Ә. Кекілбаев. Аңыздың ақыры)*

Білім алушылардың тапсырмаларды орындау қабілеті бірдей болмайтындығын педагог ғалымдар анықтап, деңгейлік тапсырмалар берін отырған. Осы тұрғыдан В.П. Беспалько, яғни міндетті, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деген сияқты 4-ке бөлсе [222], Ж. Қараев танымдық белсенділік деңгейлерін: білімнің минималдық шегі, мемлекеттік стандарт талабына сай; эвристикалық және шығармашылық деңгейлер деп 3 деңгейді көрсетеді. Осы деңгейлік тапсырмалар негізінде Ж.Абилхаирова білім алушылардың тіл мәдениетін жетілдіруде 3 деңгейлік тапсырмалар береді. Осы аталған деңгейлерді қамтитын танымдық, шығармашылық, сұхбаттасымдық тапсырмалар берілді.

*Бірінші деңгей.* Танымдық тапсырмалар осы пәннің тірек сөзі ретінде беріліп, магистранттың бұрынғы білімімен ұштастыра отырып орындалады.

*1-тапсырма:* Төмендегі бір-біріне мәндес болып келетін нақыл сөздерді өз орнымен қолданып, шағын мәтін құрастырып көріңдер. Бұл сөз тізбектерінің дәл мағынасында жұмсалып тұрғанына өз ойларыңмен талдау жасап, әр сөйлемнің стильдік реңктерін түсіндіріңдер.

а) ...Қазанға не түссе, қасыққа сол ілінеді, не ексең, соны орасың;

б) Жалаң болмайын десе, теңіз де суалып қалады, сұмырай келсе, су құриды;

в) Желсіз жапырақ та желбіремейді жел болмаса, шөптің басы қимылдамайды;

г) Ертеңгі тауықтан, бүгінгі жұмыртқа артық аспандағы тырнадан, қолдағы торғай артық;

д) Өлім қаупін туғызды – ажал отын шаша бастады;

е) Үріп ауызға салғандай – жүзіктің көзінен өткендей;

ж) Соқырға таяқ ұстатқандай – тайға таңба басқандай;

з) Ит терісін басына қаптады – жер-жебіріне жетті.

*Екінші деңгей.* Шығармашылық тапсырмалар берілген тілдік бірліктерді өз біліміне қарай жалғастырады. Өз ойларын қағазға түсірген соң ұлы тұлғалардың өз сөздерімен салыстырады.

*2-тапсырма:* Ақын-жазушылардың, данышпандардың, ұлы адамдардың даналық сөздерінің жалғасын төмендегі тірек сөздерді негізге ала отырып, тиянақтап көріңдер.

а) Бәлеқор жанында болса, ... (Ж.Баласағұн).

б) Қорқақтық, ездік, аяншақтық, көнбістік - ... (Ғ.Мүсірепов).

в) Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу - ... (Б. Момышұлы).

г) Жарғанат жарықты сүймейді, ... (С.Сарай).

д) Ізденсе, талаптанса, қолдан жасалмайтын шарт жоқ. Құнттамаған, ізденбеген, соңына түспеген адамның ... (Ж.Аймауытов).

е) Өмір жолы қандай қызықты, қандай қиын, үңіле қараған адамға оның қызығы мен қиындығында емес пе? Өмір жолы үлкен қозғалыс: ол қозғалыс әрқаша да алға, алысқа құлаш сермейді, ... (М.Ғабдуллин).

ж) Мен де қазақтың жаралған сүйек-еттен, Менде ар бар, менде ой бар жан тебіrentкен, ... (Б.Момышұлы).

з) Балаға сіңірген ата еңбегін бала өмірі ақтап бола алмайды. Балаға деген махаббатына ешбір махаббат теңдесе алмайды, ... (Ғ.Мұстафин).

й) Шын махаббат, шынайы махаббат өтірікпен әсте сыйыспайды. Ондай махаббат қорлыққа да, зорлыққа да риза болып шыдайды, ... (С.Мұқанов).

к) Адам дүниеге тек қана келін, әншейін ғана аттана бермейді, ... (Б.Бұлқышев).

*Тірек сөздер:* Ол артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады; сүйген жүрек, адал жүрек есептесуді білмейді; ол өле-өлгенше суынбайтын махаббат; Халқымның қарапайым бір ұлымын, жанымды арым үшін құрбан еткем; бәледен бас алмассың; құлдықтың ең жаман түрі; сатқындық; күншіл ғылымды сүймейді; жұмысы еш уақытта берекелі болмақ емес; талай өркешті толқындарды да кездестіреді.

*Үшінші деңгей.* Сұхбаттасымдық тапсырмалар арқылы теориялық білімін тілдік қолданыста көрсете алуымен байланыста болады.

*3-тапсырма:* «Ұяла білу де – әдептілік» тақырыбына арналған төмендегі мәтіндегі сөйлемдердің орны ауыстырылып берілген. Ой дәлдігіне байланысты сөйлемдерді өз орнына қойып, мәтінді тиянақта. Осы тақырыпқа байланысты ой толғап, сұхбаттасып көріңдер.

а) Ұят – адам қасиетін бағалайтын сезім. Ол сезім отбасында ересек адамдардың әңгімесін есту арқылы бала кезден адам бойына сіңеді. Бедел мен абыройға қарапайым еңбегің арқылы, байыпты сөзің арқылы, мейірімді мінезің

арқылы, әдеп сақтауымен, жөнсіз әрекеттерден бойынды аулақ ұстауымен, үлкенді тыңдау, сыйлау, құрметтеуімен жетесің. Ұят – ең нәзік сезім, ол адамның беделімен, абыройымен тығыз байланысты.

Тапқыр ойымен, қатар-құрбыларыңның алды болуымен, достық-жолдастық қарым-қатынасыңмен, ибалылығыңмен, ынта-жігер, талабыңмен, тындырымдылығыңмен, жақсыны жаманнан айыра алуыңмен, оларға деген игі де ізгі ниетіңмен, жек көру, жақсы көру ләззатыңмен ие боласың» (М.Тілеужанов).

б) «Ұяты барлар яғни, арлы, ожданлы, парасатты жандар жаман әдеттерден бойын аулақ салады. Ал өтірік пен ұрлыққа үйір болу – нағыз ұяттың ұяты. Көрсеқызарлыққа салынбайды, ащы судан қашық жүреді, темекі-шемекі дегендер тентектердің ісі деп, олардан бойын аулақ ұстайды. Олардың зияндылығы адамды орға жығуы мүмкін» (М.Тілеужанов).

Тапсырмаларды орындау кезінде оқытушы білім алушыларға білімін шыңдай түсу үшін қосымша сұрақтар қоюға болады. Яғни қосымша сұрақтар арқылы магистранттардың тапсырмаларды өз деңгейінде орындауына, білім, білік, дағдыларын дамытуға жағдай жасалады.

Сонымен қатар, «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» таңдау пәнінің модуліне сәйкес магистранттарға төмендегідей өзіндік жұмыс тақырыптары берілді:

1. Тілдік дәстүр ұғымына түсініктеме беріңіз.
2. Асан қайғы шығармаларына концептуалды талдау жасау.
3. Көркем мәтін тіліне тән сипаттарды саралаңыз.
4. Қазақ поэзиясында мәтін түзілісінің алғашқы үлгілерін көрсетіңіз.
5. Әбіш Кекілбаев шығармаларының лингвомәдени сипаты.
6. И.Сапарбаев өлеңдеріндегі «атамекен», «туған жер» концептісі.
7. Көркем мәтіндегі тілдік емес бірліктердің тілдік бірлікке айналуы.
8. Н.Ораз шығармаларындағы ұлттық таным.
9. Тілдік құралдардың поэзия тіліндегі қызметі.
10. Г.Шойбекованың тілдік тұлғасы
11. Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романындағы ұлттық коннотациялар

Қалыптастырушы кезеңде магистраттардың танымдық, қатысымдық қызметін анықтайтын мәтіндер мен тапсырмалар ұсынылды. Негізгі нәтиже алған теориялық білімдері негізінде мәтінді әр қырынан талдауды меңгергендігін көрсетті. Өздік жұмыста магистранттың ғылыми әлеуеті артатындай тапсырмалар берілгендіктен, зерттеушілік қабілеті артқандығы байқалды.

Қалыптастыру экспериментінде өзіміз ұсынып отырған әдістемелік жүйеге байланысты материалдар эксперимент топтарында тәжірибеден өткіздік. Тәжірибе барысында оқытудың мақсаты, білім мазмұны, оқытудың әдістері мен тәсілдері филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға негізделді. Оқу материалдарының базалық бөлігінде тілдік тұлғаның теориялық білімдерін жетілдіретін, пәнге деген қызығушылығын оятатын, сапалы білім берудің жолдары нақтыланды.


Қорытынды эксперименттің мақсаты – зерттеу нәтижелері бір жүйеге түсіріліп, жинақталды. Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыратын «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» қосымша оқу пәнінің негізінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік дағдылары қалыптастырылды.

Қорытынды эксперименті кезінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың даму көрсеткіштері төмендегідей:


Кесте 12 – Көркем мәтінді концептуалды талдауда филолог-мамандардың мәдени-тілдік дағдыларының даму көрсеткіші

<b>Мәдени-тілдік дағдылар көрсеткіші</b>	<b>БТ</b>	<b>ЭТ</b>
Кез келген көркем мәтінге концептуалды талдау жасай алуы	45 %	85%
«Әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын меңгеруі	56 %	79%
Көркем мәтіндегі мәдени-тілдік бірліктерді ажырата алуы	60%	95%
Мәдени код пен тілдік код арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты жете түсінуі	45%	87%
Мәтіннен символды тауып, ассоциациялау талдауын жүргізе алуы	35%	80%
Тірек сөздер мен нақыл сөздерді пайдалана отырып, мәтін құрай алуы	40%	91%

Қорытынды экспериментте берілген тест нәтижесі төмендегідей көрсеткішті көрсетті (Сурет 7; Сурет 8):



Сурет 7 – Бақылау тобының көрсеткіші



Сурет 8 – Эксперименттік топтың көрсеткіші

Қорытынды экспериментте эксперимент пен бақылау тобындағы магистранттардың жетістіктері мен білім көрсеткіштері бағаланды, білім дағдысының деңгейі анықталды. Магистранттардың қорытынды емтиханының сандық, пайыздық көрсеткіші төмендегідей :


Кесте 13 – Қорытынды эксперименттің пайыздық көрсеткіші

Топ түрі	Магистрант саны	Тәжірибе алдындағы нәтижелер		Тәжірибелік нәтижелер	
		Тапсырма нәтижелері	Сауалнамалық тест нәтижелері	Тапсырма нәтижелері	Сауалнамалық тест нәтижелері
БТ	40	21,6 %	46,6%	61,7 %	64,5%
ЭТ	40	20%	50%	93,3 %	84,5 %

Нәтижесінде тест жауаптары 20 %-ға өскен, тапсырмалар орындауы 31,6%-ға өскен. Екі топтың эксперимент алдындағы және эксперименттен кейінгі бақылау қорытынды төмендегі суретте берілген (Сурет 9).

Екі топқа бірдей тест пен талдау жасауға тапсырма берілді (Қосымша 3). Эксперимент тобына жаңа интербелсенді әдістер арқылы мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру бойынша ілгері тұр. Себебі эксперимент тобы берілген білім мазмұны бойынша оқытылып, дәрістер мен семинар сабақтары инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы жүргізіліп, тапсырмамен сауалнамалық тест барысында өздерінің мәдени-тілдік құзыреттілікті жетік меңгергенін көрсетті.

Көрсетілген диаграммада эксперимент тобы мен бақылау тобын салыстыра отырып, мәдени-тілдік құзыреттіліктерінің қалыптасқандығы туралы пайыздық көрсеткіштер берілді.



Сурет 9 – Қорытынды эксперимент нәтижесінің диаграммасы

Қорытынды эксперименттің мақсаты – зерттеу нәтижелері бір жүйеге түсіріліп, жинақталды. Сонымен, зерттеу барысында жасалған теориялық талдаулар нәтижесінде алынған тұжырымдар мен қағидалар, магистранттың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісі мен әдістемесінің тиімділігінің жоғары екендігін көрсетті.

Анықтау мен қалыптастыру эксперименттерінің нәтижесінде сандық және сапалық талдау жасалынды. Зерттеу негізінде таңдау пәнінің мазмұны әзірленді. Зерттеу жұмысының қорытындылары диссертация түрінде жинақталды.

Ғалым Ә.Табылдыев: «Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін білімді болу – міндет. Білімді болғанмен, ұлттық мәдениетті игермеген болса, ондай тұлға ұлт алдында «мәңгүрт», мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Кәсіптік-мұрагерлік әдеп (мәдениет) сақталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді», – дейді [223, 304]. Расымен де, ұлттың рухани уызы дарымаған ұрпақтан ұлттың, елдің қамқорын, болашағын күтуге болмайтыны белгілі. Ұлттық құндылықтар, ұлттық символдар, мәдени-тілдік бірліктер көркем мәтінмен ұштастырыла меңгерілсе, өз жемісін береді. Ұлтымыз ұлт болуы үшін бес түрлі шарт сақталуы тиіс. Ол – ұлттың территориялық және тілдік, мәдени-экономикалық, генетикалық бірлігі және тарихи-мәдени дәстүр жалғастығы. Әр халық өз мәдениетін жасаушы және оны ұрпақтан ұрпаққа сақтап жеткізуші екендігі ақиқат.

Қазақ тілінің сөз байлығын үйрену немесе игеру өмірді, өмірдегі сан-алуан құбылыстың өзін, оның сын-сипатын ұғумен қатар жүретіні белгілі. Көркем шығарма тілінің көркемдігін, жазушының тілдік шеберлігін терең түсінеді. Ондағы әрбір лингвомәдени бірліктің мағынасын түйсіну арқылы халықтың

тұрмыс-тіршілігі, тілдегі сөз байлығының шексіз молдығын, ал олардың сан алуан мағынаға ие екенін түсінді.

### **Үшінші бөлім бойынша тұжырым**

Қазіргі білім беру парадигмасының өзгермелі тұсында филолог-мамандардың толық тілдік тұлғасын қалыптастыруда оқыту әдістері дұрыс таңдалуы тиіс. Білім беру жағдайында магистранттарды зерттеуші, болашақ ЖОО-ның оқытушысы ретінде кәсіби мамандығын жоғары деңгейде меңгертудің, мәдени-тілдік құзыреттілігі қалыптасқан, кез келген көркем мәтінді ұлттық құндылықтар негізінде концептуалды талдай алу дағдысын дамытудың маңызы зор. Жұмыста филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру үшін дайындалған қосымша оқу пәні интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, тілдік тұлғаны дамыту үшін тапсырмалар танымдық қырынан қарастырылды.

Пікірталас, жобалау, ойтолғау, проблемалық жағдаятта оқыту әдістері топтық, жұптық және жеке жұмыстар негізінде магистранттардың бір-бірімен, оқытушымен өзара байланыс жасау әрекетіне бағытталады да, сол арқылы ұжымдық жұмыста ұйымдастырушылық, жобалауда ізденушілік дағдылары қалыптасады.

Интерактивті әдістер магистранттарға жаңа сабақты меңгертуде де, білімін бекітуде де тиімді болып келеді. Магистрлерді дайындау үдерісінде ғылыми ақпараттарды шеше алу дағдысы, шығармашылық қабілетін арттыру мәселесі, кез келген мәтінді танымдық қырынан тани алуы бірінші орынға шығады.

Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру үшін «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» қосымша оқу пәнін оқыту арқылы олардың тезаурустық қорын байытып, тілін дамытады, шығармашылық қабілетін арттырып, ғылыми ізденушілігіне жол ашылады. Мәдени-тілдік бірліктерді меңгертуге бағытталған курсты жоспарлауда басшылыққа алынған ұстанымдар, білім мазмұнын жан-жақты игере отырып, рухани құндылықтарды лингвомәдени және концептуалды тани алуына көмектеседі.

«Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» қосымша оқу пәнін магистратурада модульдік технология арқылы оқыту мәдени-тілдік бірліктерді танымдық қырынан меңгертуге мүмкіндік береді.

Бұл пәнде берілген дәрістерді түрлендіріп өткізілуі магистранттардың қосымша ақпараттарды ұтымды қолдануларына мүмкіндік берін, теориялық білімдерін жүйелейді. Практикалық сабақтарда әртүрлі семинарлар түрінде өткізу, әртүрлі бағыттағы берілген тапсырмалар магистранттардың білік-дағдыларын жетілдіре отырып, ойлау қабілеттерін арттырады.

Филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» пәнін оқыта отырып, төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Көркем мәтіннің басты стильдік белгісі – бейнелілік, ол әртүрлі тілдік

құралдар көмегімен әзірленеді. Оған көркем шығарманың лексикалық, синтаксистік, сөз жасаушы ерекшеліктері жатады. Оның үстіне, көркем мәтінде басқа мәтіндегідей, мәдениеттанушылық қабат болады. Ал мәдениеттанушылық қабат ұлттық-маркерленген бірліктерге (лингвокультуремаларға) бай.

2. Көркем мәтінді концептуалды талдауға, мәтіннен ұлттық болмысты сипаттайтын символды таба алу мен өзіндік пікірін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесіне алдын ала қалыптасқан интерпретациялау дағдылары мен шеберліктерінің дамуына арналған жаттығулар кіреді. Сонымен қатар бұл жаттығулар мәтінді интерпретациялау бойынша кешенді дағдыларды жетілдіру әрекеті кіреді.

Бұл оқыту барысында көркем мәтінге концептуалды талдау филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырды. Осы ережелер зерттеудің басында ұсынылған болжамды нақтылай түсті.

Тұжырымдай келе, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде филолог-мамандардың тәуелсіз мемлекетіміздің нығаюы барысында бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптастыруда, болашақ ұрпаққа бағыт беретіндігі ескеріле отырып, қоғам талабы мен оқыту жүйесінің бірлігі, интеграция, жүйелілік, когнитологиялық, білім беруді аксиологияландыру, лингвомәдениеттілік ұстанымдары алға қойылып міндеттелді. Бұл білім берудің жаңа деңгейіндегі тұлға-қоғам қатынастарындағы жалпыадамзаттық өркениет пен ұлттық құндылықтарды сабақтастыру мақсатына да сай келеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық технологияларды эксперименттік-тәжірибелік апробациялаудың алынған нәтижелері концептуалды ережелердің дұрыстығын дәлелдеп, мынадай жалпылама қорытындылар жасауға сеп болды:

Философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде мәдени-тілдік құзыреттіліктің көпаспектілігі айқындалды. Білім алушының кәсіби-интеллектуалдық әлеуетін дамыту тұрғысынан тілдік-мәдени құзыреттіліктің сипаттамасы мен мән-мағынасы айқындалды. Мәдени-тілдік құзыреттіліктің құрамына білім алушының мәдениет туралы біртұтас білім жүйесі енеді. Бұл жүйе белгілі бір ұлттық тілде көрініс беріп, осы білімге сай қалыптасқан дағдылар негізінде жүзеге асырылады. Көркем мәтінді кешенді талдау жолымен филолог-мамандарды дайындау сапасы арттырылады, кәсіби біліктіліктің құрамдас бөлігі ретінде білім алушының мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Көркем мәтінді интерпретациялау арқылы филолог-мамандардың мәдени-тілдік кәсіби біліктілігін қалыптастырудың үлгісі жасалып, жүзеге асырылды. Мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінде филологиялық мамандықты бітіруші филолог-маманға қажетті құрылымды біліктіліктер мен дағдылар басымдылыққа ие болады. Жұмыста лингвистикалық, мәдени-тілдік, танымдық құзыреттіліктердің аражігі ашылып көрсетілді.

Көркем мәтінмен жұмыс жасау барысында қалыптастырылатын тілдік және мәдени, танымдық дағдылары айқындалып, қалыптастырылды. Бұл дағдылар филолог-мамандарға мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың алғышарты ретінде дәйектелді. Тілдік-мәдени құзыреттіліктердің құрауыштары ретінде мәтіндегі тірек бейнелерді анықтау қабілеті; сөздің коннотативті мағынасын анықтау қабілеті; мәтіннен мәдени-тілдік бірлікті анықтау дағдысы; ұлттық-маркерленген бірлікті ақиқаттың белгілі бір үзіндісінің толыққанды бейнесіне қатысты қалыптастыру үшін бос орын құрылымын толтыру дағдысы сараланды.

Эксперименталды зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мәдени-тілдік құзыреттілікті құрайтын дағдыларды көркем мәтінді лингвомәдениеттану аспектісінде интерпретациялау мен арнайы сұрыпталған жаттығулар жүйесі негізінде жүзеге асыру нәтижелі болды. Бұл филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін тиімді қалыптастыру мүмкіндіктерін кеңейтті.

Филолог-маманның кәсіби біліктілігінің құрамдас бөлігі ретіндегі мәдени-тілдік құзыреттіліктің рөлін айқындау мақсатында көркем мәтінге лингвомәдениеттану аспектісінде талдау жасатудың инновациялық технологиялары сараланды. Осы тұрғыда білім алушының тілдік-ойлау әрекетінің өнімі вербалды, бейвербалды құралдармен тығыз тұтастықта қарастырылды. Тілдік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың моделі ұсынылды. Нәтижесінде тәжірибелік-эксперименталды оқыту жүйесінде зерттеу болжамының дұрыстығы дәлелденді.

Филолог-мамандардың мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда *ғылымилық, жүйелілік, сабақтастық, оқыту мен тәрбиенің гуманизациясы, кәсіби бағыттылық, мобильділік, интеграциялық, білім беруді аксиологияландыру, кәсіби білімнің фундаменталдығы, қатысымдық, когнитологиялық* ұстанымдары басшылыққа алынды.

Сонымен, магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруды филолог-маман дайындаудың маңызды мақсаттарының бірі ретінде қарастыру олардың кәсіби-интеллектуалды әлеуетінің өсу деңгейін әдістемелік тұрғыдан негіздеуде, зерттеу жұмысымыздың маңыздылығын айқындай отырып, төмендегідей тұжырымдар жасалды.

«Мәңгілік елдің мәңгілік тілін» ұлықтау, «Ұлы Дала Елі» имиджін қалыптастыру үдерісінде болашақ филолог-мамандардың кәсіби-интеллектуалды әлеуетін арттыру білім беру жүйесінде мәдени бірліктерді игерту және зерттеу мәселелерін біртұтастықта қарастырып, енгізген жағдайда өзінің жемісін беретіні анықталды. Сондықтан да болашақ мамандардың орақ тілді, өр мінезді, заман ағымына қарай талабы мен мақсаты жоғары болуы шарт.

Бүгінгі білім беру үдерісінің ең басты міндеті білім алушының өзіндік қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін көтеруге, дамытуға, жетілдіруге мүмкіндік беру екендігі ескеріліп, кәсіби-интеллектуалды деңгейі жоғары филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін дамытудың ғылыми-әдістемелік жолдары сарапталды.

Мәдени-тілдік құзыреттіліктің ұлттың мәдени құндылықтар жүйесімен бірлігі филолог-маманның тілдік тұлғасы – мәтін – ұлттық тілдік тұлға үштігінде зерделеу нәтижесінде дәйектелін берілді.

Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру теориялық білім мен мәдени-тілдік дағдыларды өзара бірлікте жүзеге асыру фрейм, ойсурет, сценарий; синхронды және диахронды сипаттағы мәдени қондырғылар жүйесін меңгерудің концептуалды негізі болып саналатыны туралы тұжырым жасалды.

Осы білім мазмұнын меңгертуде отандық білім берудегі озық дәстүрлер мен оқытудың инновациялық бағыттарын ұштастыру жолдары кешенді қарастырылды. Білім алушылардың кәсіби-интеллектуалды әлеуетін арттыруға, филолог-маманның мәдени-коммуникативті қабілеттерін дамытуға, аксиологиялық қабілеттерін шыңдауға ықпал ететін белсенді әдістерді қолданудың артықшылықтары дәйектелді.

Білім алушылардың тезаурустық қорын дамытуға, мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін біртұтас әдістемелік жүйе берілді.

Біздің ұсынған зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі зерттеуде көрсетілген әдіснамалық және теориялық тұжырымдардың шынайылығымен, зерттеудің ғылыми аппаратының мазмұнға сай болуымен, зерттеу пәніне сәйкес әдістерді қолданумен, эксперимент бағдарламасының педагогикалық мақсатқа сәйкестігімен, теориялық тұжырымдардың практикадан алынған

нәтижелерімен үйлесімділігін тәжірибе жүзінде тексерумен, оны практикаға ендірумен дәлелденді.

Осы тұжырымдар негізінде мынадай ұсыныстар туындады: егер жоғары оқу орны білім алушыларына «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Лингвомәдениеттану», «Қазақ тілінің семантикасы» таңдау пәндерінің жалғасы ретінде филолог-мамандарды қазіргі білім беру жүйесіне бейімдеуде, кәсіби-тұлғалық қабілетінің дамуына үлес қосатын, ана тіліміздің ішкі ресурстары арқылы қалыптасқан мәдени-тілдік кодтарды ажыратып талдай алуына септігін тигізетін «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» қосымша оқу пәнінің мазмұны оқу жоспарына міндетті пән ретінде енгізілсе, сонымен қатар тіл мен әдебиетті оқытудың әдістемесі пәнін өтуде жұмыста берілген әдістер мен тәсілдерді пайдалануға болады.

Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру дағдысы ретінде алынған қлттық құндылықтарды сипаттайтын көркем мәтіннің ішкі сырына үңіліп, оны лингвомәдени және концептуалды талдау тұрғыдан жүйелі зерттеу, басқа қырынан да толық ашу алдағы зерттеу жұмыстарының еншісінде деп ойлаймыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2014.
- 2 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – М.: «Гнозис», 2004. – 390 с.
- 3 Матровская О.В. Вторичная номинация концепта в современном английском языке (на материале пословиц и загадок): дисс. ...канд. филол. наук. – Красноярск, 2001. – 178 с.
- 4 Минченков А.Г. Дискурсная частица: анализ переводческих соответствий в английском и русском языках: дисс. ... канд. филол. наук. – СПб., 1999. – 192 с.
- 5 Саксонова Ю.Ю. Прецедентный интекст: проблема межъязыковой эквивалентности в художественном переводе (на материале английского, немецкого и русского языков): дисс. ... канд. филол. наук. – Екатеринбург 2001. – 194 с.
- 6 Слышкин Г.Г. Лингвокультурные концепты прецедентных текстов: дисс. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 1999. – 174 с.
- 7 Тимко Н.В. основные проблемы лингвокультурной трансляции в процессе перевода (на материале переводов английских немецких и русских художественных текстов): дисс. ... канд. филол. наук. – М., 2001. – 196 с.
- 8 Телия В. Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986. – 141 с.
- 9 Хайруллин В.И. Культура в парадигме переводоведения // Тетради переводчика. Вып. 24. – М., 1999. – С. 38-45.
- 10 Чес Н.А. Функционирование метафорических концептуальных систем в текстах современной англоязычной прозы (на материале художественной литературы): дисс. ... канд. филол. наук, М., 2000. – 193 с.
- 11 Эртнер Д.Е. Метафорический концепт в поэтических текстах Роберта Бернса и их русских переводах: дисс. ... канд. филол. наук, Тюмень 2004. – 192 с.
- 12 Оразбаева Ф. Тіл әлемі. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 368 б.
- 13 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
- 14 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 282 б.
- 15 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил.ғыл.док. ... дисс.– Алматы, 2007. – 321 б.
- 16 Қосымова Г. Қазақ эпосындағы тұрақты сөз тіркестері. – Алматы: Рауан, 1997. – 80 б.
- 17 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 112 б.
- 18 Сагидоллақызы Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. – Алматы, 2003. – 148 б.

- 19 Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: филол.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2003. – 107 б.
- 20 Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 204 б.
- 21 Әлметова Ә. Лингвомәдениеттану негіздері. – Алматы, 2014. – 316 б.
- 22 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2006. – 30 б.
- 23 Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: филол.ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2004. – 229 б.
- 24 Жиренов С.А. Когнитивтік лингвистика. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 110 б.
- 25 Даулетбекова Ж. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2008. – 290 б.
- 26 Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдеріне қазақ тілі мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2002. – 327 б.
- 27 Балтабаева Ж.Қ. Жоғары оқу орындарында студенттердің тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2009. – 253 б.
- 28 Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисі: коммуникативтік-танымдық аспект. – Алматы: Ұлағат, 2010. – 270 б.
- 29 Абилхаирова Ж.А. Филолог-студенттердің тіл мәдениетін жетілдіру әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2010.
- 30 Мұқамбетқалиева М. Оқу мәтіндері арқылы қазақ тілін үйрету әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2001. – 280 б.
- 31 Оразбаева Ф., Қасым Б., Балтабаева Ж. және т.б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Қарағанды: Medet Group ЖШС, 2016. – 424 б.
- 32 Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: Контекстный подход. – М., 1993. – 273 с.
- 33 Таубаева Ш. Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы: дисс ... докт. пед. наук. – Алматы, 2001. – 376 с.
- 34 Краткая философская энциклопедия. – М.: Прогресс-Энциклопедия, 1994. – 576 с.
- 35 Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 384 б.
- 36 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 396 с.
- 37 Маслова В.А. Языковая картина мира и культура. Когнитивная лингвистика конца XX века. Материалы международной конференции (в трех частях). Ч.1. – Минск. 1997. – С. 33-40.
- 38 Леви-Стросс К. Структурная антропология. *Anthropologie structurale*. – М., 2001. – 512 с.

- 39 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, 1993. – 656 с.
- 40 ҚР МЖМБС. Жогары оқу орнынан кейінгі білім. Магистратура. Астана, 2011.
- 41 Абалкова Б., Игібаева А.К. Интерактивті әдіс арқылы тіл мәдениетін дамыту // Абалкова, А.К. Игібаева // С. Аманжолов атындағы ШҚМУ -дың жас ғалымдары конференциясының баяндамалары. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2004. -392 б.
- 42 Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері / М.Балақаев. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 186 б.
- 43 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 119 б.
- 44 Пузанкова Е.Н. Проблема развития языковой способности учащихся при обучении русскому языку: Материалы к спецкурсу. –М., 1996. –144 с.
- 45 Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. Монография. – Алматы: ҚБТУ, 2010. –240 б.
- 46 Мұхамбетов Ж.И. Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні: филол. ғыл. канд. ...автореф. – Алматы, 2001. – 31 б.
- 47 Телия В.Н. Экспрессивность как проявление субъективного фактора в языке и её прагматическая ориентация / В.Н. Телия // Человеческий фактор в языке. Языковые механизмы экспрессивности. – М.: Наука, 1991. – С. 36-66.
- 48 Богданович Г.Ю. Языковая компетенция личности в поликультурной ситуации // Гуманитарные исследования. – 2004. № 3. – С. 5-11.
- 49 Красных В.В. Коды и эталоны культуры (приглашение к разговору) // Язык, сознание, коммуникация. Отв ред В.В.Красных, А.И.Изотов: – М., – 2001.
- 50 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 476 с.
- 51 Болотнова Н.С. Художественный текст как единица культуры и проблема его изучения / Н.С. Болотнова // Культурологический подход: его реализация в школьном и вузовском курсах русского языка. Доклады и тезисы докладов участников Всероссийской научно-практической конференции, посвященной 100-летию со дня рождения академика А.В. Текучева (11-12 марта 2003 г.) // Составители проф. А.Д. Дейкина, проф. Л.А. Ходякова. – М.: МПГУ, 2003. – С. 57-64.
- 52 Лотман Ю.М. Семиотика культуры и понятие текста / Ю.М. Лотман // Русская словесность. Антология / Под ред. В.П. Нерознака.– М.: Academia, 1997. – С. 202-205.
- 53 Мыщбаева А. Мәтіннің әдебиеттану мен лингвистикадағы мәдени бірлігі // «Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары/Құраст.: С.Құлманов. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2016. – 388-392 бб.
- 54 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред.басқ. А.Қ.Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2007. – 256 б.

- 55 Ожегов С. Толковый словарь русского языка. М., – 2015. – 1376 с.
- 56 Абсатова М.А. Аманжол Ж. Құзыреттілік мәселесінің теориялық аспектілері. «Қазақстан, АҚШ және Еуропа елдерінің жаһандық дүниенің мәселелеріне қарсы тұратын білім жүйелерін жақындастыру мен үндестіру процестері» Қазақ-Америка университетінің 15 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. – Алматы, 11.09.2012ж. 28-б.
- 57 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003, №5. – С. 34-42.
- 58 Оразбаева Ф., Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. «Қазақ тілі» оқу пәнінің білім беру бағдарламасы (6-12 сыныптар). – Астана, 2007. – 68 б.
- 59 Агапова С.Г. Основы межличностной и межкультурной коммуникации. – Ростов н/Д: Феникс, 2004. – 288 с.
- 60 Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М.: ИРПО, 1995. – 336 с.
- 61 Дуйсенова М. Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша): PhD дәрежесін алу үшін дайындалған дис. ... А., - 2016ж. – 174б.
- 62 Шкатова Л.А. Текстовая деятельность и лингвокультурологическая грамотность // Текст и языковая личность. – Томск: Из-во НЦНТИ, 2007. – С.332-336.
- 63 Воробьев В.В. Лингвокультурология: Монография.-Москва: – РУДН, 2008. – 336 с.
- 64 Keluckholm C., Kelly W.H. The Concept of Cultur//The Science of a Man in the World Crises, ed.By Ralph Linton-New York, 1945.-p 97.
- 65 Мыцбаева А. Қазіргі білім беру парадигмасының негізі – мәдени-тілдік құзыреттілік // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы, Филология сериясы, №2/2 (160) 2016 ж., 128-134 бб.
- 66 Пассов Е.И. Коммуникативное иноязычное образование как развитие индивидуальности в диалоге культур (Доклад на IX Международном конгрессе МПРЯЛ в Братиславе) // Русский язык в центре Европы. Ассоциация русистов Словакии. – Банска Быстрица, 2000. – 17-18 с.
- 67 Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1992. – 248 б.
- 68 Исаева Г.С. Көшпелі мәдениеттің тілдегі көрінісі // Тілтаным. – Алматы, 2005. - №4. – 177-180 бб.
- 69 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 493 б.
- 70 Саади А. Тіл, әдебиет, язу әм олардың өсулері / А.Саади. Қазан: Татгосизд, 1926. – 127 б.
- 71 Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні: филол. ғыл. канд. ...автореф. – Алматы, 2001. – 28 б.

- 72 Мырзаханова К. Түркі тілді студенттерге қазақ тілін лингвомәдениеттанымдық үйретудің әдістемелік негіздері. пед.ғыл.кан. дисс... . – Көкшетау, 2010. – 124 б.
- 73 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
- 74 Смагулова Г., Карымсакова Р. Казахский язык. Страноведение через фразеологизмы. – Алматы: Жібек жолы, 1997. – 67 б.
- 75 Алдашева А. Қазақ тілі. Қазақ тілін жетілдіре оқытуға арналған оқу құралы. – Алматы, 1997. – 240 б
- 76 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность / Ю.Н. Караулов. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 264 с.
- 77 Дуйсенбаева Г., Мынбаева А.П. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудағы тіл мен мәдениет бірлігі // ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Білім және ғылым саласындағы инновациялық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. I том. Алматы, – 2016. – 350-354 бб.
- 78 Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы: Оқулық. – Алматы: Триумф «Т», 2007. – 152 б.
- 79 Қасым Б.Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі (Ғылыми мақалалар). – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 371 б.
- 80 Елемесова, Ш. М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша): филол. ғыл. канд. дис. ... : 10.02.02 [Мәтін] / Ш. М. Елемесова – Алматы, 2003. - 128 б.
- 81 Имашева Г.Е. М.Дулатұлы шығармаларындағы ғаламның тілдік бейнесі: Филол. ғыл. канд. дисс. ...10.02.02 [Мәтін] / Г.Е.Имашева. Автореферат. – Алматы, 2007. – 31 б.
- 82 Ораз Н. Түнгі жалғыздық. – Алматы: Атамұра, 2008. – 370 б.
- 83 Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: Фил. ғыл. канд. дисс. ...: 10.02.02. – Алматы: А.Байтұрсынұлы ат-ғы Тіл білімі институты, 2002. – 192 б.
- 84 Қасым Б. «АЛА» түсінің танымдық, символдық негіздері / /Язык и культура: проблемы и соотношения и взаимодействия в полиэтническом пространстве. Ч. I. – Уфа, РИЦ БашГУ, 2015. – С. 124-129.
- 85 Лихачев Д.С. О филологии: Сборник / Д.С. Лихачев. – М.: Высшая школа, 1989. – 206 с.
- 86 Хализев В.Е. Теория литературы: Учебник. 3-е изд., испр. и доп. /В.Е.Хализев. – М., 2002. – 437 с.
- 87 Лотман Ю.М. Семиосфера. СПб., М.: - 2000. – 704 с.
- 88 Мурзин Л.Н. Язык, текст и культура / Л.Н. Мурзин // Человек –Текст – Культура: Коллективная монография/ Под ред. Н.А. Купиной, Т.В. Матвеевой. – Екатеринбург, 1994. – С. 160-169.
- 89 Левитская Н.А. Изучение текстов художественной литературы как одно из условий формирования языковой личности / Н.А. Левитская // Русская литература в формировании современной языковой личности. Материалы конгресса. Санкт-Петербург, 24-27 октября 2007г. Современная языковая

личность: проблемы и функционирование. Языковая личность в иноязычной среде: литературные традиции и новации / Под ред. П.Е. Бухаркина, Н.О.Рогожиной, Е.Е.Юркова. – 2-х частях. – Ч. II. – СПб.: Издательский дом «МИРС», 2007. – С. 117-119.

90 Шалабай Б., Ахметова М. Мәтін лингвистикасының негізгі мәселелері // Тілтаным, 2002. – № 1. – 44-45 бб.

91 Болотнова Н.С. Художественный текст как единица культуры и проблема его изучения / Н.С. Болотнова // Культурологический подход: его реализация в школьном и вузовском курсах русского языка. Доклады и тезисы докладов участников Всероссийской научно-практической конференции, посвященной 100-летию со дня рождения академика А.В. Текучева (11-12 марта 2003 г.) // Составители проф. А.Д. Дейкина, проф. Л.А. Ходякова. – М.: МПГУ, 2003. – С. 57-64.

92 Арнольд И.В. Стилистика получателя речи (стилистика декодирования) / И.В.Арнольд. Семантика. Стилистика. Интертекстуальность: сборник статей / Науч. редактор П.Е. Бухаркин. – СПб.: Изд-во С.-Петербургского ун-та, 1999. – С. 124-131.

93 «Махамбет» энциклопедиясы – Алматы: Өлке, 2004. – 610 б.

94 Волков А.А. Язык и мышление: Мировая загадка. – Москва, 2007. – 240 с.

95 Быкова И.О. Образная составляющая как релевантный признак этноконнотата//Вестник ВГУ. Серия «Лингвистика межкультурная коммуникация», 2005. №1.

96 Лотман Ю.М. Семиосфера. СПб., М.: – 2000. – 704 с.

97 Маяковский М.М. Лингвистическая генетика: Проблемы онтогенеза слова в индоевропейских языках. Изд. 2-е, испр.и доп. М., – 2007 г.

98 Алефиренко Н. Ф. Поэтическая энергия слова. Синергетика языка, сознания и культуры / Н. Ф. Алефиренко.– М.: Academia, 2002.

99 Ақпарат көзі: <http://egemen.kz/2014/10/21/40633>

100 Ахтанов Т. Шырағың сөнбесін. Роман. Алматы: – Жалын, 1992.-398 б.

101 Мыңбаева А. Тұлғаның мәдени-тілдік коды // Хабаршы. АГУ Филология сериясы. №4 (54). 2015. – 72-76 бб.

102 Minbayeva A., Shahanova R., Zhanaikhan B. Methods of Forming Linguo-Cultural Competence in Postgraduate Education System // Mediterranean Journal of Social Sciences. – Italy, Vol 6 No 4 Supplement 1 of MJSS July 2015. – P. 172-176.

103 Кожина М.Н. Художественно-образная речевая конкретизация / М.Н. Кожина // Стилистический энциклопедический словарь русского языка / [Л.М. Алексеева и др.]; Под ред. М.Н. Кожинной. – М.:Флинта: Наука, 2003. – С. 585–594.

104 Мынбаева А.П. Компетенция – высший критерий достижения профессионализма // Материали за X международна научна практична конференция «Настоящи изследвания и развитие-2014». Том 18. Филологични науки. – София, 17-25 януари. 2014. – С.10-14.

105 Руднев В.Н. Словарь культуры 20-го века – электронды нұсқа.

- 106 Дридзе Т.М. Текстовая деятельность в структуре социальной коммуникации. – М.: Наука, 1984. – С. 31.
- 107 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. Изд. 4-е, стереотипное. М.: КомКнига, 2006. — 144 с. (Лингвистическое наследие XX века.)
- 108 Брудный А.А. Психологическая герменевтика. – М.: «Лабиринт», 1998. – 145 с.
- 109 Әнес Ғ. Мәтін кеңістігі: семантикалық, этимологиялық аспект: фил. ғыл. док. дисс... – Алматы, 2010. – 240 б.
- 110 Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі: Оқу құралы / Т. М. Әбдікәрімова. – Алматы : Ғылым, 2002. – 312 б.
- 111 Мынбаева А.П. ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы, №3, 2015 ж., 49-52 бб.
- 112 Кекілбайұлы Ә. Тәуелсіздік толғауы // Егемен Қазақстан. – Алматы, 23.02.2001.
- 113 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (17 қаңтар, 2014ж).
- 114 Птушенко А.В. Культура речи-культура мышления. – М., 2004. – 284 с.
- 115 Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты / Перевод с арабского. – Алма-Ата, 1987. – С. 96.
- 116 Аль-Фараби. Логические трактаты / Отв. ред. А.М.Кунаев. – Алма-Ата, 1975. – С. 470.
- 117 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2015.21.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). Астана. Ақорда.
- 118 Алефиренко Н.Ф. Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка. Учебно пособие. – М., 2010. – 288 с.
- 119 Сакенова Р. Қазақ тілінің сөз мәдениетін оқытудың пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру әдістемесі (10-сынып). Пед.ғыл.канд. дисс. ... – Алматы, 120 б.
- 120 Төрекұлов Н. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жалын, 1993. – 393 б.
- 121 Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 395 б.
- 122 Ерғалиев І. Рухани қажеттіліктер және жеке адам. – Алмаы, 1986. – 18 б.
- 123 Косиченко А.Г. Духовный путь: от существования к осмысленному бытию. – Алматы: Ақыл кітабы, 1998. – 259 б.
- 124 Бәшірова Ж.Р. Студенттердің дүниетанымы және рухани-адамгершілік құндылық дүниесі // Хабаршы. – 2006.-№1 – Б. 57-63.

- 125 Ергалиев И. Формирование духовности человека и философия // Казахстанская философия в канун XXI века. – Алматы, 1998. – С207-299.
- 126 2030 бағдарлама
- 127 Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 243 б.
- 128 Сыздықова Р. Сөз құдыреті. – Алматы: Санат, 1997. – 112 б.
- 129 Маркова А.К. и др. Формирования мотивации учения. – М., Просвещение, 1990. – 191 с.
- 130 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б
- 131 Балли Ш. Французская стилистика / Перевод с фр. К. А. Долинина; Под ред. Е. Г. Эткинда; вступ. статья Р.А. Будагова. – М.: Изд-во иностр. лит, 1961. – 394 с.
- 132 Скляревская Г.Н. Метафора в системе языка / Г.Н. Скляревская. – 2-е изд., стер. – СПб: СПб.ГУ, 2004. – 166 с.
- 133 Қайырбаева Қ. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 1997. -29 б.
- 134 Мамыт А., Мыцбаева А.П. Фольклорлық санадағы мәдени-тілдік бейнелер // Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана Science and life of Kazakhstan. №2 (36). 2016, 141-145 бб.
- 135 Әженов М.С., Бейсенбаев Д.Э. Социальная стартификация в РК. – Алматы: Білім, 1997. – 450 с.
- 136 Убниязова Ш.А. Оқыту үдерісінде интеграция негізінде толеранттылықты қалыптастыру: пед.ғыл.канд. автореф....А., 2013. – 32 б.
- 137 Сарыбаев Ш.Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
- 138 Аймауытов Ж. Ана тілін қалай оқыту керек? Жаңа мектеп. – 1925. – №2, 13 б.
- 139 Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании, авторская версия.- М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. - 381с.
- 140 Эльконин, Б. Д. Понятие компетентности с позиций развивающего обучения // Современные подходы к компетентностно ориентированному образованию. – Красноярск, 2002.
- 141 Шишов С.Е., Кальней В.А. Мониторинг качества образования в школе. М., 1998. – 176 с.
- 142 Современные подходы к компетентностно-ориентированному образованию: Материалы семинара / Под. ред. А.В. Великановой. – Самара: Изд-во Профи, 2001. – 60 с.
- 143 Реан А.А. (общ.редакция) Психология человека от рождения до смерти. – СПб.: Прайм-Еврознак, 2001. – 656 с.
- 144 Абульханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности. – М., 1980. – с. 3.

- 145 Якимович Н.В. Процесс понимания текста и диагностика его развития. Автореф. Кан.психол.н. – М., – 1996. – 30 с.
- 146 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы, 1994.-271 б.
- 147 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Оқулық. – Алматы: Атамұра, 2002. – 378 б.
- 148 Талызина Н.Ф. Теоретические проблемы разработки модели специалиста. – М.: Современная высшая школа, 1986. – 83 с.
- 149 Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192 б.
- 150 Нурланбекова Е.К. Қазақ ақын-жазушыларының шығармалары арқылы студенттердің танымдық белсенділігін дамыту (ағылшын тілі пәні негізінде): пед. ғыл. канд. дисс. ... Алматы, 2006. – 154 б.
- 151 Деркач А.А., Исаев А.А. Педагогическое мастерство тренера. – М., 1981. – 118 б.
- 152 Сүлейменова Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2005. – 50 б.
- 153 Mukhamejanova Gulmira, Mynbayeva Akbilek, Belassarova Zhaidarkul, Imankulova Meruyert and Duisenbayeva Gaukhar. Innovative Methods in Education Biosciences Biotechnology Research Asia (Индия, Scopus, (ISSN 0973-1245 SJR (2013 год) = 0,109) April 2015. Vol. 12 (1), - P. 133-139.
- 154 Магистратура в вузах России : Текст. /В.В.Балашов, Д.К. Захаров, Г.В.Лагунов и др. -М.: Экономическое образование, 1999. – 132 с.
- 155 Степашко Л.А. Философия и история образования. – М.: Флинт, 1999. – 272 с.
- 156 Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. Тіл комитеті, Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіргіші-әдістемелік орталығы, 2008. – 160 б.
- 157 Потебня А.А. Теоретическая поэтика: Учеб. пособие для студ. филол. фак. высш. учеб. заведений / Сост., вступ. ст. и коммент. А.Б. Муратова. – 2-е изд., испр. – СПб.: СПбГУ; М.: Академия, 2003. – 384 с.
- 158 Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития. Инновационный курс. Казань: Из-во Казанского университета, 1998. – 318 с.
- 159 Балыхина Т.М. Структура и содержание российского филологического образования. Методологические проблемы обучения русскому языку, научное издание. – М., 2000. – 400 с.
- 160 Бейсембаева З. Қазақ тілін модуль негізінде оқыту. – Алматы: Білім, 2001. – 174 б.
- 161 Медетбаева М.Ә. // Әңгімелеу мәтінінің тілдік-стилистикалық сипаты. Филол.ғыл.канд. автореф. – Алматы, 2008. – 24 б.
- 162 Мыңбаева А.П. Филолог-мамандардың құзыреттілігін арттырудың дидактикалық алғышарттары мен ұстанымдары // Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(49), 2016ж. 221-226 бб

- 163 Амонашивили Ш.А. және т.б. Педагогикалық ізденіс. – Алматы: Рауан, 1990. – 31,77 б.т.
- 164 Қасенов Е.С. Тілдің қатысымдық және танымдық табиғаты (І.Жансүгіров поэзиясының тілі бойынша). – Алматы: Ғылым ордасы, 2013. – 248 б.
- 165 Адамбаев Б. Қазақтың шешендік сөздері. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 160 б.
- 166 <http://alashainasy.kz/proza/absh-keklbaev-shyinyirau>
- 167 Коменский Я.А. Ұлы дидактика. – Алматы: Педагогика, 1981. – 27 с.
- 168 Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті және шешендік: оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Нұрай Принт Сервис, 2014. – 210 б.
- 169 <http://dereksiz.org/oralhan-bokej-kerbfi>
- 170 Мынбаева А.П. Н.Ораз шығармаларындағы ұлттық және мәдени таным // Materialy XI miedzynarodowej naukowi-praktycznej konferencji. PERSPEKTYWICZNE OPRACOWANIA SA NAUKA I TECHNIKAMI-2015, 07-15 Listopada, Volume 8. Filologiczne nauki.:Przemysl. Nauka I studia-104str, 77-82 str.
- 171 Қасенов Е.С. Тілдің қатысымдық және танымдық табиғаты (І.Жансүгіров поэзиясының тілі бойынша). – Алматы: Ғылым ордасы, 2013. – 248 б.
- 172 Мұсатаева М.Ш., Тымболова А.О., Есенова Қ.Ө. Лингвокогнитологияның өзекті мәселелері. – Алматы, 2014. – 258 б.
- 173 Mynbayeva A. Problems of professional training of specialists-philologists //Science, Technology and Higher Education. Canada, - 2014. – 282-286 pp.
- 174 Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура) ГОСО, Астана, 2011.
- 175 Сейсенова А.Д. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларына салыстырмалы талдау: Филол.ғыл.канд. авторефераты. – Алматы, 1998. – 30 б.
- 176 Мынбаева А.П. Мәтін талдаудың мәдени-тілдік сипаты // ҚР тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған ХІХ Аханов оқулары «Тіл-құрал – қуатты күш» халықаралық ғылыми-теориялық конференция. 29 сәуір 2016 ж. – Алматы. – 111-114 бб.
- 177 Мечковская Н.Б. Семиотика: Язык. Природа. Культура: Курс лекций: Учеб. пособие для студ. филол., лингв. и переводовед. фак.высш. учеб. заведений / Н.Б. Мечковская. – М.: Академия, 2004. – 432 с.
- 178 Эстетика: Словарь/ Под общ. ред. Беляева А.А. и др. – М.: Политиздат, 1989. – 447 с.
- 179 Винокур Г.О. О языке художественной литературы/ Г.О. Винокур /Сост. и примеч. Т.Г. Винокур; Предисл. В.П. Григорьева. – Изд. 3-е. –М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 328 с.
- 180 Брандес М.П. Стиль и перевода (на материале немецкого языка). Учеб.пособие. – М.: Высшая школа, 1988. – 127 с.

- 181 Хализев В.Е. Теория литературы: учеб. 2-ое изд. – М.: Высшая школа, 2000. – 398 с.
- 182 Шанский Н.М. Лингвистический анализ художественного текста по спец «рус. яз. и лит. в нац школе» - 2-ое здание, - Ленинград «Просвещение», 1990. – 414 с.
- 183 Еремеева А.П. Роль образцового художественного текста в обучении связной речи / А.П. Еремеева // Русская словесность. – 1999. – №4. – С. 72-76.
- 184 Ходякова Л.А. Анализ текста как эффективный метод развития творческих способностей студентов-филологов / Л.А. Ходякова // Язык, культура, личность: развитие творческого потенциала учащихся средствами русского языка: Материалы Международной научно-практической конференции (17-18 марта 2011) / Сост. И науч. ред. А.Д. Дейкиной, А.П. Еремеевой, Л.А. Ходяковой, О.Н. Левушкиной. – М.: МПГУ; Ярославль: РЕМДЕР. – 2011. – С. 32-37.
- 185 Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 184 б.
- 186 Текучев А.В. Методика русского языка в средней школе. Учебник для студентов пед. ин-тов / А.В. Текучев. – М.: Просвещение, 1980. – 413 с.
- 187 Ушинский К.Д. О первоначальном преподавании русского // Избранные педагогические сочинения: в 2-х т. /К.Д. Ушинский. – М.: Педагогика, 1974. – Т. 2. – С. 251-268.
- 188 Купина Н.А. Смысл художественного текста и аспекты лингво-смыслового анализа / Н.А. Купина. – Красноярск: Изд-во Краснояр. ун-та, 1983. – 160 с.
- 189 Шанский Н.М. Филологический анализ художественного текста: книга для учителя / Н.М. Шанский, Ш.А. Махмудов. – М.: ООО «ТИД «Русское слово – РС», 2010. – 256 с.
- 190 Данилевская Н.В. Лингвостилистический анализ художественного текста) / Н.В. Данилевская // Стилистический энциклопедический словарь русского языка / [Л.М. Алексеева и др.]; Под ред. М.Н. Кожинной. – М.: Флинта: Наука, 2003. – С. 221-230.
- 191 Тымболова А. Көркем мәтінді лингвопоэтикалық тұрғыдан талдау ерекшеліктері [Текст] / А.О. Тымболова // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы//Вестник КазНУ. Серия филологическая. 2014. №1. – 33-36 бб.
- 192 Новиков Л.А. Художественный текст и его анализ. – М.: Русский язык, 1988. – 304 с.
- 193 Пешковский А. М. Избранные труды / А.М. Пешковский. / [Подгот. к печати, вступ. статья и примеч. И. А. Василенко и И. Р. Палей] – М.: Учпедгиз, 1959. – 252 с.
- 194 Никитина Е.И. Связный текст на уроках русского языка / Е.И. Никитина. – М.: Просвещение, 1966. – 328 с.
- 195 Сманов Б. Көркем шығарманы талдау әдістемесі: Монография, - Алматы: Ұлағат баспасы, 2011. – 344 б.

- 196 Бабайцева В.В. Комплексный анализ текста на уроке русского языка: [VIII-XI кл.: При изучении синтаксиса по учеб. комплексу для VI-XI кл.] / В.В. Бабайцева, Л.Д. Беднарская // Русская словесность. – 1997. – № 3. – С. 57-61.
- 197 Пахнова Т.М. Развивающая речевая среда как средство приобщения к культуре/ Т.М. Пахнова // Русский язык в школе. – 2003. – № 4. – С. 8-23.
- 198 Ходякова Л.А. Лингвокультуроведческий анализ текста на уроке-проекте / Л.А. Ходякова // Русский язык в школе. – 2012. – № 4. – С. 3-10.
- 199 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2009.
- 200 ҚР орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2012, 23 тамыз, №1080.
- 201 Мыщбаева А.П. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде филолог-мамандарды даярлау // «Профессор Ә. Құрышжанұлы және түркі дүниесі. Тіл. Тарих. Руханият.» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция.- Алматы, 2015. – 384 б.
- 202 Gabit K.Hasanov, Akbilek P.Mynghbayeva, Gaukhar Zh.Duisenbayeva, Gulmira T.Mukhamejanova, Kamar S.Aldasheva Kalzhan T.Kongyratbay «Fundamentals of Cognitive Metaphor» Asian Social Science // (ISSN 1911-2017 E-ISSN 1911-2025, көрсеткіштері: H-Index – 4, SJR – Impact Factor 2015: 0.14) – 2015.-Vol. 11.- No. 18. – P. 82-85.
- 203 Тараносова Г.Н. Анализ художественного текста в профессиональной подготовке филолога. // Учебное пособие. – Тольятти: ТГУ, 2004. – 238 с.
- 204 Бобылев Б.Г. Теоретические основы филологического анализа художественного текста в национальном педвузе: дисс...док.пед.наук. – М., 1991. – 402 с.
- 205 Лукин В.А. Художественный текст: Основы лингвистической теории. Аналитический минимум / В.А. Лукин. – 2-е изд., перераб. и доп.. – М.: Издательство «Ось-89», 2005. – 560 с.
- 206 Васильева В.В. Интерпретация в образовании. В помощь учителю словесности //В.В. Васильева. – Пермь, ЗУУНЦ, 1998. – 32 с.
- 207 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 208 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика, 1981. – 285 б.
- 209 Махмутов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. Алматы: Мектеп, 1981. – 243 б.
- 210 Рахметова С. Тағлымды тарих. Алматы, 2016. – 196 б.
- 211 Әлімжанов Д. Ы.Маманов. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1965. – 248 б.
- 212 Проблемное и программированное обучение Под ред. Т.В. Кудрявцева и А.М. Матюшкин. М.: Советская Россия, 1973.
- 213 Ақтанова Л. Қазақ тілін проблемалық әдіс арқылы оқытудың ерекшеліктері // С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы. – 2013. – № 2 (77). – 30-35 бб.

- 214 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 448 б.
- 215 Мынбаева А. Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың кейбір мәселелері // Prospects of world science-2014 of XI international research and practice conference. – UK.2014, P. 3-6.
- 216 Әуезов М. Абай жолы. Алматы, – 1961, 1-т., – 383 б.
- 217 Есенберлин І. Көшпенділер. Алматы -2004. – 340 б.
- 218 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. А., «Санат», 1997.
- 219 Жұмабаев М. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық жинақ. Алматы: Жазушы. – 2013. -340 б.
- 220 Майлин Б. Шұғаның белгісі. Қазақ совет әдебиетінен факультативтік хрестоматия. – Алматы: Мектеп, 1985. 326-б.
- 221 Аймауытов Ж. Ақбілек ( роман, повесть, әңгіме). – Астана, 1998.-325 б.
- 222 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. – М.: Педагогика, 1989. – 190 с.
- 223 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001. – 304 б.